Баршаға аяң сөздік қорды байытудың қайнар бұлағы болып табылатын көркем әдебиет туындыларын оқу екендігін ескерте отырып, тіл үйренушілерге оқуды оңай, әрі тілі жеңіл әдеби шығармалардан бастауды ұсынамыз. Оқып-үйреніп жатқан шетел тілінде фильмдерді көру - сөздік қорды байытудың тиімді жолдарының бірі ғана емес, сонымен қатар сөйлеу тіліндегі оқудың төрт аспектісін (тыңдалым, оқылым, сөйлеу және жазу) қатар дамытудың пайдалы жолдары екендігін батыл сеніммен айта аламыз. Мәтінді шетел тілінде оқығанда сөздікке қарайлай бермей, сөздің мағынасын болжау арқылы, таныс емес сөздің нені білдіретіндігін түсінуге тырысу керек, яғни мәтіндегі сөз мағынасын контекстік белгілерді пайдалану арқылы түсінген дұрыс. Оқытушы оқушыға белсенді лексиканы дамытуға тікелей көмектесуі тиіс.

Топтық және жұптық жұмыс тіл үйренушілерге шетел тілінде сөйлесіп, пікір алмасу арқылы шетел тілін меңгеруге жақсы мүмкіндік береді. Көбінесе тіл үйренушілер оқытушымен диалогқа түскеннен гөрі, бір-бірімен сөйлесу кезінде, яғни диалог барысында шетел тілін еркін пайдаланады. Оқушы көп жағдайда оқытушысының кедергісіз өзінің серіктесіне сұрақтар қойып, өзі серіктесінің сұрақтарына жауап бергенді ұнатады. Диалог барысында тіл үйренушілердің шетел тілін меңгеру дәрежесін ескере отырып, оларға жұпты дұрыс таңдауға көмектесіп отыру керек. Мәселен, әлсіз бен тілі жүйрікті бір жұп жасасаңыз, тілді өзінің жұбынан жақсырақ меңгерген оқушы әлбетте әлсіз оқушыға көмектесе алады.

Ағылшын тілінің курстарға арналған белгілі бір деңгейді қамтитын оқулықтарының саны көп болғандықтан, ішінен тіл үйренушінің қабілетіне сай оқулық таңдау ешқандай қиындықты туғызбайды.

Кейінгі кездері орыс тілін оқып үйренуге деген шетел азаматтарының сұраныстарының артуына байланысты, орыс тілінде де жоғарыда аталған талаптарға сай оқулықтар саны көбейіп келеді. Алайда қазақ тілі пәнінен әзірге шетел азаматтарына оқып үйренуге арналған оқулықтар саны жоқтың қасы.

Тіл үйренудегі қиыншылықтардың бірі - әр тілдің өзіндік айтылу ерекшеліктері. [3, б.349] Алдыңғы қатардағы қазіргі замани технологияның дамыған кезінде тілдің айтылу ерекшеліктерін дамытудың негізгі көздері толып-ақ жатыр. Олар - теледидардағы арнайы оқыту бағдарламалары, интернет, радио, ән тыңдау, әдеби шығармалар және тағы басқалары. Әсіресе тілді дамытудағы зертханалардың рөлін атап өткен зор.

Тіл үйренушілер үшін топтағы адам санының аз болуы да естерілуі тиіс. Оқытушының бұл жағдайда әр тіл үйренушіге көбірек уақыт тауып, жеке-жеке түсіндіруге мүмкіндігі мол болады. Тіл үйренушілерді топ топқа тілді меңгеру деңгейлері арқылы бөлгеннің өзінде, бір топтағы әр оқушының білім дәрежесі әртүрлі болады, сондықтан оқытушының әдістемелік шеберлігі оқу барысында әрдайым қажет.

Ересектерге тіл үйрену жастарға қарағанда қиын әрі күрделі. Сондықтан шетел тіліндегі дәрістер бірінші күннен-ақ оқушыға қызықты әрі тартымды болуы керек. Оқытушы тіл үйренушіге қолдау көрсетіп, ынталандырып, оқытушы мен оқушы арасында достық атмосферасын құра білсе, оқушының тілді тез меңгеруіне көмектесе, онда тіл үйренуші табысты оқушылар қатарынан орын алатыны даусыз.

Көптілділік – қазіргі жаһандану процесіне байланысты жаңа заман талабы. Біріншіден, қанында түрлі тілдер араласқан жас ұрпақ, екіншіден дамыған елдермен тығыз қарым қатынастар орнату саясаты, үшіншіден өмір сүріп отырған мемлекетінің тілдік бағдарламалары және тағы басқа толып жатқан қоғамдық және жан-ұялық факторлар оны талап етіп отыр. Қандай процесті алсаңыз да оның жағымды және жағымсыз жақтары қатар жүреді. Көптілділіктің жағымсыз жағының бірі - көп тілде сөйлеу тілдің шұбарлануына алып келсе, пайдалы жақтарының бірі - адамның ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын молайтуы.

Көптілді адам когнитивті икемді, проблемаларды шешуге және жаңа идеяларға бейімделуге қабілетті болады. Әр адам әр түрлі болғандықтан, оқыту барысында әртүрлі мәселелер сөзсіз туындап отырады. Оқыту барысында туындайтын мәселелер бір біріне ұқсамайтыны аян, сондықтан оларды шешу жолдары әртүрлі тәсілді қолданып оқу әдістерін түрлендіруді қажет етеді. Туындаған мәселенің дұрыс шешімін табу, мәселенің түп төркінін білу - ұстаз шеберлігін талап етеді. Оқытушының тікелей міндеттерінің бірі - шетел тілін үйрету барысында оқушысының біліктілігін арттыруға жол ашуы, ой-қабілетін дамытуы, жеңіл қарым-қатынас жасауға бейімділігін арттыруы болып табылады. Шетел тілдерін оқыту төрт түрлі мақсатты қамтитыны белгілі жайт. Олар - коммуникативтік қарым-қатынастың мақсаты, оқу жоспарының мақсаты, білім бере отырып тәрбиелеу. Осы мақсаттардың барлығы коммуникативтік қарым-қатынастың мақсаты арқылы жүзеге асады, өйткені шетел тілі байланыс құралы ретінде меңгеріледі. Шетел тілін меңгеру - тіл үйренушілердің дүниетанымдық өрісін кеңейтіп, байкампаздығын арттырып, оларды өзара сыйластыққа үйретеді.

Оқыту барысында тіл үйренушінің тілді меңгеруге ынтасын арттырып, оның тілге деген сүйіспеншілігін оята білу - тіл мамандарының төл міндеті болып саналады.

#### ӘДЕБИЕТ

- 1 Westbrook F. Lessons from the Other Side of the Teacher's Desk // English Teaching Forum. - 2011. - № 49 (1). – 3 p.
- 2 Macaro E. Analyzing student teachers' codeswitching in foreign language classrooms // The Modern Language Journal. – 2001. - № 85 (4). - P. 531-548.
- 3 Morin R. A neglected aspect of the standards // Foreign Language Annals. – 2007. - № 40 (2). – P. 342–360.

УДК 37.022:004.056.53

**Есенбай Б.Ж.**

курсант Академии КНБ РК  
Научный руководитель: Турдиева Г.Т.  
доцент Академии КНБ РК, Алматы, Казахстан  
e-mail: esenbay.bahytzhan@gmail.com

#### СПЕЦИФИКА ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИСЦИПЛИН ПО ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

**Аннотация:** В статье рассматриваются проблемные вопросы, возникающие при изучении дисциплин по защите информации. При подготовке статьи проведен анализ путей решения этих проблем в других государствах, выделены и описаны те пути, которые применимы в нашей стране. Одним из методов изучения профессионального иностранного языка является изучение при помощи специально подобранных текстов.

**Ключевые слова:** иноязычное образование, многоязычие, специальные тексты, существенные характеристики иноязычной подготовки, защита информации.

**Yesenbay.B.G.**

cadet of the Academy NSC RK  
Scientific adviser: Turdiyeva G.T.  
docent of the Academy NSC RK  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: esenbay.bahytzhan@gmail.com

#### SPECIFICS OF THE FOREIGN LANGUAGE EDUCATION IN THE STUDY OF DISCIPLINES ON INFORMATION SECURITY

**Abstract:** The discusses the problematic issues that arise at the study of disciplines on information security. In preparing the article, the ways to solve these problems in other countries was analyzed, the ways that are applicable in our

country are highlighted and described. One of the methods of studying a professional foreign language is to study with the help of specially selected texts.

**Keywords:** foreign language education, multilingualism, specially texts, essence of the characteristics of foreign language training, information.

В современной жизни трудно представить себе мир без информации, следовательно, информацию без соответствующей защиты. Информация в наше время является одним из самых ценных ресурсов и не зря порой становится предметом торгов, что делает ее похожей на некое богатство.

Владение нужной и полезной информацией часто равносильно получению большой власти над массами людей. Единоличное обладание такой информацией часто оказывается решающим преимуществом в любой борьбе и определяет, тем самым, высокую цену наличия информации у одной из сторон.

Информация стала одним из основных ресурсов развития общества. Развитие информационных технологий (информатизация общества) ведет к созданию единого мирового информационного пространства, происходит постоянная гонка вооружений в информационном мире, увеличивается количество угроз, а соответственно развиваются методы защиты информации.

В целях достижения и поддержания уровня защищенности электронных информационных ресурсов, информационных систем и информационно-коммуникационной инфраструктуры от внешних и внутренних угроз в Республике Казахстан разработана и внедрена Концепция кибербезопасности «Кибершит Казахстана» (далее – Концепция), которая призвана обеспечить единство подходов к мониторингу обеспечения информационной безопасности государственных органов, физических и юридических лиц, а также выработку механизмов предупреждения и оперативного реагирования на инциденты информационной безопасности, в том числе в условиях чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, введения чрезвычайного или военного положения. Концепция основана на оценке текущей ситуации в сфере информатизации государственных органов, автоматизации государственных услуг, перспектив развития «цифровой» экономики и технологической модернизации производственных процессов в промышленности, расширения сферы оказания информационно-коммуникационных услуг и определяет основные направления реализации государственной политики в сфере защиты электронных информационных ресурсов, информационных систем и сетей телекоммуникаций, обеспечения безопасного использования информационно-коммуникационных технологий [1, с.3]. Концепция разработана в соответствии с Посланием Президента Республики Казахстан «Третья модернизация Казахстана: Глобальная конкурентоспособность» с учетом подходов Стратегии «Казахстан-2050» по вхождению Казахстана в число 30-ти самых развитых государств мира. В Послании говорится «предстоит адаптировать систему образования, коммуникации и сферу стандартизации под потребности новой индустриализации» и поднимается вопрос о введении в образование трехязычия [2, с.3].

Иноязычное образование – это не только необходимость в сферах информации и информационной безопасности, но и в повседневной общественной, политической и экономической жизни. Изменения в данных сферах оказывают заметное влияние на развитие образования, на определение роли и места иностранного языка в нем.

Многоязычие продолжает оставаться преобладающей характеристикой современных государств. Актуальной и устойчивой является сегодня потребность общества в овладении наряду с родным языком двумя и более иностранными языками.

Характерные для современности интеграционные процессы в образовательной сфере с неизбежностью выдвигают требования создания единых международно-принятых программ для каждой ступени непрерывной и преемственной системы образования с соотносимой системой содержания, структур, стандартов и форм сертификаций. Ускорение интеграционных процессов в мире в области систем образования, сближение разных образовательных систем обеспечивается, в первую очередь, выработкой единой образовательной парадигмы, способной снять существующие принципиальные расхождения на уровне структурной организации и содержательных основ образовательных систем стран мира, гарантирующих адекватность и совместимость их деятельности. Данные интеграционные процессы и активизация взаимодействия стран в условиях открытого и взаимосвязанного мира выдвигают иностранные языки в образовательные приоритеты, в обязательную компетентностную составляющую модели современного специалиста по защите информации. Поступательное развитие иноязычного образования в последнее десятилетие было также обусловлено ростом профессиональных сфер жизнедеятельности Казахстана. Ведущие специалисты в области языка и межкультурной коммуникации рассматривают языковое образование как важный резерв социально-экономических преобразований

в стране; основной инструмент успешной жизнедеятельности человека в поликультурном и мультилингвальном сообществе людей; фактор культурного и интеллектуального развития и воспитания личности, обладающей общепланетарным мышлением; отмечают необходимость приведения языковой политики к новым реалиям общества, важность разработки новой образовательной технологии.

На данное время при подготовке специалистов по информационной безопасности основными являются проблемы, связанные с недостаточностью и отсутствием отечественной (на русском и казахском языках) специальной литературы. На сегодняшний день область использования терминов по защите информации существенно увеличилась. Существенное расширение предмета исследований и круга исследователей стало источником появления в сфере защиты информации новых понятий и терминов, используемых в научных публикациях и в докладах на конференциях. В результате одни и те же объекты стали обозначаться различными терминами, в том числе и экзотическими. Многие публикации по данной тематике на русском языке появляются как переводы или обзоры англоязычной литературы. При этом не всегда имеет место адекватный перевод понятий, допускаются терминологические неточности, порой проявляется недостаточное знание соответствующей предметной области.

Анализ проблем перевода и использования терминов информационной безопасности показал, что один и тот же термин может по-разному трактоваться в различных открытых источниках информации (статьи, доклады, книги, пособия и т.д.). Причем проблемы начинаются на уровне основных терминов.

Внедрение и развитие в нашей стране иноязычного образования для студентов технических специальностей даст существенный сдвиг в сторону решения этой проблемы. Студенты, обучаясь, к примеру, на английском языке имеют доступ к получению знаний из англоязычной литературы, т.е. из первоисточников. Большая часть материалов и новинок сферы информационной безопасности публикуется на английском языке, следовательно, англоязычное образование значительно избавит от разности трактовки одних и тех же специальных терминов.

Вопрос иноязычной подготовки студентов неязыковых ВУЗов на данное время является актуальным как показывает тенденция. Этот вопрос поднимают многие ученые и специалисты сферы образования. В работе «Оптимизация профессиональной ориентированной иноязычной речевой подготовки студентов неязыковых вузов» [3, с.6] рассматривается вопрос о значимости профессионально ориентированного иноязычного текста в качестве одного из средств оптимизации профессионально ориентированной иноязычной речевой подготовки студентов неязыковых вузов. Так же отмечено, что использование специально отобранных текстов позволяет снять трудности в профессионально ориентированной иноязычной речевой подготовке студентов за счет коррекции и совершенствования навыков употребления тезауруса специальных терминов.

Основным из показателей сформированности вторичной языковой личности студента неязыкового вуза является владение без барьеров иноязычной речью, необходимой для профессионального языкового общения. В процессе овладения профессией студентам неязыковых вузов в преподавании иностранного языка должны быть расставлены новые акценты в определении «информативно-образовательного пространства, или гипертекста предметной образовательной области». Определение такого пространства позволяет систематизировать речевые ситуации профессионального общения. И основным средством в данном контексте является корпус профессионально ориентированных иноязычных текстов. Текст как учебное средство обеспечивает мотивацию обучения иностранному языку; содержание текста определяет учебную задачу и роль средств иностранного языка всех уровней; текст формирует умения определять ситуацию общения и речевое поведение.

Будучи основной дидактической единицей, текст помогает студентам овладеть средствами языка, характерными для профессионально ориентированной иноязычной речи; сформировать навыки профессионально ориентированной речи как в процессе иноязычной подготовки в вузе, так и в будущей деятельности специалиста.

При выборе профессионально ориентированных текстов целесообразно учитывать конкретные акты коммуникации, которые охватывают информативно-образовательное пространство специальности:

а) профессионально ориентированный иноязычный текст имеет особенные параметры, исходя из характера специальности, в том числе специальные термины;

б) профессионально ориентированный иноязычный текст передает информацию, необходимую для будущего специалиста и отвечающую всем потребностям профессионального общения;

в) основным средством передачи информации является иностранный язык, но информация профессионально ориентированных иноязычных текстов может передаваться не только вербальными, но и невербальными средствами иностранного языка.

Комплексный подход к обучению профессионально ориентированной иноязычной речи предполагает

такую организацию учебного процесса, которая:

- является одним из перспективных направлений учебного процесса формирования общеречевых навыков и навыков профессионально ориентированной речи при обучении иностранному языку;
- представляет собой единый комплекс взаимосвязанных интеллектуальных, языковых, речевых компонентов, языковых способностей, межфункциональных связей и отношений;
- ставит своей целью сформировать профессионально ориентированную речевую деятельность в определенных видах, формах, сферах на основе знаний о языке и его уровнях в необходимом объеме;
- мотивирует к учебной деятельности студентов неязыковых вузов, расставляя профессионально ориентированные коммуникативные задачи;
- опирается на сформированное речевое поведение, обусловленное коммуникативными функциями профильного иноязычного текста;
- учитывает особенности профессионально ориентированных иноязычных текстов с дифференцированным языковым материалом;
- опирается на упражнения в зависимости от задач и целей обучения профессионально ориентированной иноязычной речи, его этапа, уровня, информационного значения текста;
- использует профессионально ориентированный иноязычный текст как средство иноязычной подготовки на разных стадиях освоения профессионально ориентированной речи и др.

При таком комплексном подходе все языковые и речевые задачи решаются в тесной взаимосвязи, имеют одинаковые параметры анализа, зависящие друг от друга и выполняющие основные и вспомогательные функции. Помимо этого, значительно экономится учебное время. Комплексный подход способствует оптимизации обучения за счет системных знаний о многообразии языковых средств профессионально ориентированной иноязычной подготовки.

Такой комплекс педагогического обеспечения способствует не только интенсивности и эффективности образовательного процесса, но и совершенствованию воспитательной работы – важному фактору, способствующему повышению роли профессионально ориентированной иноязычной речевой подготовки студентов неязыковых вузов в ходе формирования и совершенствования речевых знаний, умений и навыков, необходимых студентам в процессе их профессиональной подготовки.

1. А также в работе «Сущность иноязычной профессиональной подготовки будущих специалистов в области информатики и вычислительной техники как педагогического процесса» [4, с.10] раскрываются основные сущностные характеристики иноязычной профессиональной подготовки будущих специалистов в области информатики и вычислительной техники (унифицированность, открытость, профессиональная комплементарность, непрерывность и многоступенчатость), ее протекание в компьютерно ориентированной среде. Рассматриваются подробно каждая из указанных сущностных характеристик, которые надо непременно учитывать при изучении дисциплин по защите информации. Так, унифицированность (синонимы: идентичность, тождественность, схожесть, подобие, близость) иноязычной профессиональной подготовки заключается в возможности ее реализации для обучения любому иностранному языку в вузе специалистов любого направления благодаря унифицированности ее целей, методов, этапов и содержания. Что касается последнего, то содержательными блоками иноязычной профессиональной подготовки являются: общеупотребительный иностранный язык, подязык специальности, язык для делового общения и язык для академических целей. Такая структуризация учебного материала является идентичной и одинаково необходимой для получения иноязычного образования на всех неязыковых факультетах. Единственный блок, которым отличается иноязычная профессиональная подготовка специалистов различных направлений, – это подязык специальности (специальная терминология). Однако следует заметить, что для адаптации предложенной структуры изучения иностранного языка с целью подготовки студентов других специальностей необходимо не полностью заменить данный блок, а лишь дополнить его в части специализации. Что же касается изучения общетехнической терминологии, языка информационно-коммуникационных технологий и сети Интернет, то, по мнению центра распространения английского языка Британского совета, эта часть языка является глобальной, и владение ею сегодня является жизненно необходимым для специалистов в любой сфере деятельности [ «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан».Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Ақикат.2013 жыл.

2. Тер-Минасова С.Г.Язык и межкультурная коммуникация.Слово/2008.Б-264-270.

3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» мақаласы, 2017 жыл 12 сәуір.

4. Кенжебаева Л.Т. Көптілділік қазіргі тіл білімінің аспектісі ретінде «Ғылым» халықаралық ғылыми журналы, 2012 жыл.

Исмаилова Ф.К., Серикова А.С.,  
Шетел филологиясы мамандығының  
II курс магистранттары  
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ  
E-mail: akniet.serikova@bk.ru

### КОГНИТИВТІ ҮЛГІЛЕР МЕН ДИНАМИКАЛЫҚ ФРЕЙМДЕР

**Түйін:** Мақалада тіл мен сана, тіл мен ойлаудың мәселе-лингвистиканың философиялық негізі қарастырылған. Табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, қолдану және оны түсіну моделін құру тұрғысына талдау жасалды. Осының негізінде санада концепт түзеуші оқиға бірліктерінің бірінен кейін бірін жүйелі тәртіпке сай өткізілуін, концептілік жүйенің құрылымдық элементтері танытылады.

**Тірек сөздер:** когниция, фрейм, динамикалық фрейм, когнитивті үлгі, тіл механизмі, ғаламның тілдік бейнесі

Ismailova F, Serikova A.  
Postgraduate of Foreign Philology of  
Ablai Khan KazUIRandWL  
Almaty, Kazakhstan  
E-mail: akniet.serikova@bk.ru

### COGNITIVE MODELS AND DYNAMIC FRAMES

**Abstract:** The article provides a philosophical basis for problem-linguistics in language and consciousness, language and thinking. An analysis of the mechanism of the collection, use and model of understanding of the natural language mechanism was analyzed. In this context, consciousness is defined in consciousness as one of the components of the conceptual sequence, and the structural elements of the conceptual system.

**Keywords:** cognition, frame, dynamic frame, cognitive model, language mechanism, linguistic image of the universe.

Қазіргі таңда антропоцентрилік бағыт аясында тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз болып, оны тіл мен танымның, тіл мен адамның, тіл мен ойдың, тіл мен сананың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның бірлігінде зерттеу қажеттігі туып деп отыр. Тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы. Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қоймай, келер ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Адам баласының таным түсінігі толысқан сайын санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі. Ақиқат дүниенің кез – келген үзігінің денотаты мен жағдаяттары тіл арқылы санада таңбаланып сақталады және жұмсалады. Тілді когнитивтік бағытта зерттеуші ғалымдардың пікірлері «тіл мен таным арақатынасы адамға қатысты мәселені шешумен түйінделеді» деген қорытындыға әкеледі. Лингвистердің басты мақсаты – тілдік құбылыстардың табиғатын жүйелі зерттеуді дамыту. Бұл бағыттың негізгі арқауы тілді сол тілде сөйлеуші халықтың рухани дүниесінің қалыптасуымен тығыз байланыста қарау болып табылады. Когнитивтік лингвистиканың жеке пән ретінде жоғары оқу орындарында оқытылуы оның жалпы тіл білімі мәселелерімен де, сондай-ақ жеке тіл білімі мәселелерімен тығыз байланысты жеке ғылым саласы ретінде танылуымен байланысты. XX ғасыр ғылымының тарихында аса маңызды да, қызықты да құбылыстардың бірі – когнитология немесе когнитивтік ғылым болып табылады. Бұл ғылым сананың барлық жақтарын зерттеуге арналған ғылым. Ол XX ғасырдың орта шенінен бастап бір емес бірнеше негізгі ғылымдардың арасында байланыс құра бастаған. Оған жасанды интеллект, тіл білімі, психология мен неврология, физиология, психолингвистика мен математика жатады. Когнитивтік ғылымның негізгі пәні – адам санасы мен оның технологиялық ойлауы. Бұл пәнаралық ғылым адам санасының белгілі бір жақтарын, ең алдымен оның жүйелі түрде ойлауымен және дүниені тану үдерістерімен байланысын зерттеуге арналған.

Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады. Когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысанына сондай-ақ концептілер жатады. Олар концептілік жүйе құрап, өзіндік белгілермен ерекшеленетін концептуальды кеңістікті құрайды.

Қазіргі таңда когнитивтік лингвистиканың тұжырымдамасы, өзіндік ерекшеліктері, ғылыми аспектілері, ғаламның тілдік бейнесі мәселесі бойынша оқу - әдістемелік құралдағы дәріс курсының мәтінін құрастыруда жалпы тіл білімінде ұлттық тілді онтологиялық зерттеудің түпқазығын зерттеген ғалымдар – В.Ф.Гумбольдт, И.Гендер, Г.Пауль, Г.Штейнталь, А.А.Потебня, Э.Сепир, Б.Уорф зерттеулері мен орыс ғалымдары М.Минский, В.А. Маслова, Е.С. Кубрякова, Ю.Н. Караулов, И.В. Черемисина,

т. б.қазақ лингвистері Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Қ. Жаманбаева, Б.Тілеубердиев, Э. Оразалиева, А.Б. Әмірбековалардың ғылыми тұжырымдарына сүйендік.

Фрейм-санада концепт түзеуші оқиға бірліктерінің бірінен кейін бірінің жүйелі, тәртіпке сай өтілуін қадағалайтын ақпараттар жинағы, концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым нобай.Лингвистикада фрейм ұғымының негізін қалаған ғалым – Ч.Филлмор. Фреймге „концептуалдық жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым формасы” деген анықтама беріліп, басты өзгешелігі ретінде „концептінің ең жақын семаларынан құрылуы және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табуы” өзектеліп отыр. Сана. В.А.Маслова бұл танымдық бірліктің шеңберінде „адамның құндылықтарды, заттар мен құбылыстардың универсалды байланысын тану мүмкіндіктерін әрі сол сабақтастық негізінде әрекет ету өзгешеліктерін” қарастырады. Когнитивтік ғылымның негізгі пәні – адам санасы мен оның технологиялық ойлауы.Бұл пәнаралық ғылым адам санасының белгілі бір жақтарын, ең алдымен оның жүйелі түрде ойлауымен және дүниені тану үдерістерімен байланысын зерттеуге арналған. Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысанына сондай-ақ концептілер жатады. Олар концептілік жүйе құрап, өзіндік белгілермен ерекшеленетін концептуальды кеңістікті құрайды. Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды қарастырумен қатар, адам санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесінің құрылымын, сондай – ақ тілдік және тілдік емес ақпараттарды игеру, өңдеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуын қарастырады. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпаратты ашып немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құзырына жатады. Тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың қайнар көзі, шығу арнасы Еуропада В.Гумьболдтың линго-философиялық тұжырымдамаларынан, ал Америкада Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л.Уорфтардың көзқарастарынан бастау алады. Ресейлік филологиялық және тілтанымдық дәстүрді жалғастырушы Н.И.Толстой, Н.Топоров,В.В.Иванов, В.А.Аврорин, В.Н.Телия, В.В.Воробьев, А.Вежбицкая, Е.М.Верещагин,В.Г.Костоморов, Ю.С.Степанов, А.Д.Арутюнова, В.М.аслова т.б ғалымдардың зерттеулерінде ақиқат шындық болмыс, халық тарихы, ел тарихы, дүниетаным, рухани және материалдық мәдениеттің құрамдас бөліктерін құраушы ұлттық құндылықтар жүйесі тіл құрылымының танымдық астарымен,таңбалық сипатымен,тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасымен тығыз байланыста сарапталады. Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды және адамға қатысты үдерістерді, яғни жүйелі сипаттау және адамның тілді қабылдауын түсіндіру механизмін және осы механизмдердің құрылу ұстанымдарын қарастырады. Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды .А.Маслова когнитивтік лингвистика нәтижеге жету үшін оның міндеттеріне ғаламды тану, ғалам туралы ақпарат алу, қайта өңдеу, білімді концептілеу, концептілер жүйесін суреттеу, ғаламның тілдік бейнесі мәселелерін жатқызады . Е.С.Кубрякова когнитивтік лингвистика міндеттерін « есте сақтау, елестету, қабылдау, ойлау арқылы тілдік үдерістердің, тілдік бірліктердің және категориялардың арақатынасын зерттеу ретінде анықтап сипаттайды .Когнитивтік лингвистиканың пәні – тіл мен сөйлеуде пайда болған нақты тұжырымдарды ( концептілерді) білдіретін тілдік құралдарды ( сөз, сөз тіркесі, мәтіндерді) зерттеу. Қаламгердің тілдік тұлғасындағы таным ерекшелігін, семантикалық өрісін ұлттық санадағы шынайы, ақиқат дүниенің құндылықтарын таңбалайтын кейбір концептілерге талдау жасау арқылы когнитивтік лингвистика шеңберінде зерттей отырып, Адам мәніне бойлай аламыз.

Осы бағыттағы концепт мәні қазақ тіл білімінде Г.Смағұлова, Қ.Жаманбаева, А.Ислам, Э.Оразалиева, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапақов, Б.Ақбердиева, Б.Тілеубердиев, Ш.Ниятова, Ш.Елемесова, Ф. Қожахметова т.б. зерттеушілер еңбектерінде әр қырынан зерттеліп келеді. Концептілік талдау арқылы нақты бір социумның лингвомәдениеттанымдық жүйесінде жинақталған дүниенің ұлттық сипат, ұлттық ерекшелік иеленген бейнесімен «жүздесуге» мүмкіндік аламыз. Когнитивтік тіл білімінің басты мақсаты ойда әмбебеп модель қалыптастыруға, тілдің құрылымында когнитивтік модель тудыруға негізделеді. Сөйлеу әрекетіндегі когнитивтік модельдердің дамуы мен түрлерін зерттеген Г.Гиздатов өз еңбегінде американ тілші ғалымдары көрсеткен когнитивтік лингвистиканың өзекті мәселелері деп мыналарды атайды: 1. Білім жүйесі дегеніміз не? 2. Тілде, сөйлеушінің санасында нелер сақталады? 3. Білім жүйесі санада қалай сақталады? 4. Бұл білімді сөйлеу барысында қалай қолданады? Шынында да, когнитивтік ғылымның басты мәселесі – адамның білімін жүйелеу.Сондықтан да, осы мәселені шешетін фактор ретінде ішкі құрылымдарды тереңінен басқаратын ойлау әрекеті негізгі қызмет атқарады. Ғалым когнитивтік модельді бірнеше сатыларға жіктеп танытады: «Когнитивтік модель үш түрлі сатыдан тұрады: біріншісі – ойлау дәрежесі. Онда сана әрекетінің дәрежесі көрініс табады. Екіншісі – алдын-ала ойлау дәрежесі. Мұнда логикалық ойлаудың бастапқы үлгілерін білдіретін сана әрекетінің дәрежесі



көрініс табады. Үшіншісі – ойлаудың төменгі дәрежесі. Онда сезім арқылы бейне қалыптастыру әрекетінің дәрежесі көрініс табады (Сонда). Демек, когнитивтік лингвистика мен дәстүрлі құрылымдық-семантикалық тіл білімі ғылыми ойлардың баламалы ағымы емес, олар – өзара тілдік ақиқатты танудың екі түрлі бағыты. Когнитивтік даму - адамның когнитивтік ортасының, атап айтқанда оның қабылдауының, есте сақтауының, ойының, тілінің, қиялының қалыптасуы мен дамуы процесі. Когнитивтілік теориясына алғаш көңіл аударған шетел ғалымдары болатын. Олардың пікірінше ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап дүниеге келген ақпараттар теориясының симпозиумдық легі деп аталған. Осындай ғылыми тұжырымдардың нәтижесінде когнитивтік зерттеу орталықтары ашыла бастады. Адамның танымдық әрекетінің күрделі құбылыс екені ғылыми жаңалықтардың жаңа легін тудырады. Ендеше когнитивтілік антропоцентристік парадигмадағы базалық ілімнің жаңаша бастамаларын тануға жол ашары сөзсіз. Сондықтан когнитивтіліктің теориялық бағыттары жетіліп, түрлі зерттеулердің легін тудырады. Ғалымдар тіл білімінің жаңа принциптеріне мыналарды жатқызады: экспансионизм (басқа ғылымдарға шығудың белседі жолы), антропоцентризм, функционализм және экспонаторлық (тілдік жағдайларды түсіндіруге талпынудың тиімдісі). Аталған принциптердің ішінде біздің зерттеулеріміз үшін ең маңыздысы функционализм болып табылады. Антропоцентризм принципі бойынша кез келген ғылыми зерттеу объектісі біріншіден адам үшін, оның өмірінің маңыздылығына байланысты зерттелінді. Адам барлық ғылыми теориялық таралымдардың алғышарты ретінде басында тұрады. Қазақ тіл ғылымында когнитивті лингвистика теориясы этнолингвистика, лексикология, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан зерттелуінде. Қазақ тіл ғылымында адам санасындағы жинақталған білім арқылы көрініс табатын ақпараттар жүйесі жеке сөздер арқылы көрінуін зерттеуге үлкен көңіл бөлінуде. Когнитивтік лингвистикада когниция ұғымы маңызды орынға ие болып есептелінеді. Когниция адам миының көп уақытта жинақталған білім қорының негізгі өзегі болып табылады. «Когниция» интеллектуалдық және «ментальдық» деген атаулардан гөрі когниция өте күрделі, ал қалған екеуі оны толықтырушы атаулар деп таныған жөн. «Язык представляет собой инструмент, орудие, средство, ... механизм для осуществления определенных целей и реализация человеком определенных намерений как в сфере познания действительности ее описания, так и в актах общения, социальной интеракции, взаимодействия с помощью языка» (Кубрякова Е.С.) Ғалымдар айтқандай, «тіл-құрал, қару ... белгілі мақсатқа жетудің және адам жасаған ойларды қарым-қатынас актісінде, сондай-ақ әлеуметтік интеракцияда танудың, тілмен өзара байланысты механизмі» функционалдық тіл білімінің постулаты болып табылады. Е.С.Кубряков функционалдық қатынас барлық лингвистикалық білім категориясы үшін негізгі мойындауға тұрарлық маңызды ролі бар деп санайды. Когнитивтік ғылымда зерттелінетін процестер емес, осы процестердің түп негізінде қалыптасқан жасырын болмысы қарастырылады. Қазіргі таңда когнитивизм, ең алдымен когнитивтік ғылыммен байланыса тұрып когнитивтік психология, когнитивтік философия, лингвистика және жасанды интеллект сынды өзінің мақсаты ретінде адамды әмбебаптық сипаттау мен танымдық іс әрекетті түсіндіретін ғылымдармен табысады. Когнитивтік ғылымның негізгі сұрақтары адам санасындағы білімнің сақталуы мен белгілі бір жағдайдағы олардың жұмыс істеуі болып табылады. (Шварц 1995: 359). Көптеген зерттеушілердің пікірінше, когнитивтік ғылымның негізгі теориясының фактісі – метальдық репрезентациялардың (өмір) болуы адам танымының анықталатын қасиеті болып есептелінеді. Когнитивтік лингвистиканың жетістіктерін когнитологтар былайша көрсетеді: когнитивтік лингвистика – тіл тануды адам арқылы көрсету; сан алуан жағдайлардағы қарым-қатынасын кең түрде ашу, оның интеллектісі мен санасын, барлық танымдық және ойлау процесімен, сондай-ақ олардың негізіне жататын механизм мен структуралардың байланысуы. «Репрезентация» сөзі когнитивтік ғылымды көптеген пікір таластыруға әкеп соқтырады. Репрезентация дегеніміз не? Ол адам ой-санасында қандай роль атқарады? деген сұрақтарға жауап іздейді. Когнитологтар когниция жүйесіндегі бекітілген репрезентацияларды ақпараттық болмыс деп түсінеді. Бұл ақпараттық блоктар ұзақ уақыт есте сақталатын когнитивтік структуралар ретінде қолданылып, адамдық фактор мәселелерінің шешілуі, тілді түсіну сынай ой – туғызушылық операцияларды жасауға жол ашады. 1. Когнитивтік білім тарихында адам психикасымен қарым-қатынасымен жалғасып келеді. А.А.Потебня, Г.Штейндаль, В.Аундт пікірінше тіл біліміне психологиялық бағытталу болып саналады. Когнитивтіліктің лингвистика саласындағы негізгі бағыты тіл мен адам санасын біртұтас бүтін жүйе тұрғысынан қарастыру деп санайды. Адам миында кодталған тілдік жүйе белгілі бір ретпен танымдық тұрғыдан жүйеленіп күрделі құрылым ретінде зерттелінер бағыт деп таниды. Когнитивті грамматиканың принциптері психоллингвистиканың дәстүрлі бағдарламасының инверсиясы болып табылады. Когнитивті лингвистика тіл білімін психологиялық гипотезалар арқылы түсіндіреді. 2. Когнитивті лингвистикалық семантикадан когнитивті грамматикаға дейінгі бағыттар американ лингвистері Л.Талми және Р.Лангакер еңбектерінде көрініс тапты. 3. Ол жасанды интеллект сияқты ұғымдардың дамуы нәтижесінде тұрғаланды. Когнитивті ғылымның аясында 70 жылдың

жартысынан бастап лингвистикалық зерттеулерде кең ауқымда таныла бастады. АҚШ-та бұл бағытты көбіне «когнитивті грамматика», ал Ресейде «когнитивті семантика», яғни лингвистиканың тарихи бағытын білдірілуімен осы ұғымдар пайда болған. Когнитивті лингвистиканың ғылымға келуі 50 жылдардағы бүкіл методологиялық дамуының іргетасын генеративті грамматикада Н.Халискидің, лингвистикалық семантикадағы ашылған жаңалықтардың, лингвистикалық прагматиканың, мәтін теориясының қосындысынан қаланған. Көптеген зерттеулердің бастамасы тілдік фактілер сияқты бағыттаушы тілден тыс факторлармен де түсіндіріліп отырған. Когнитивті лингвистикада үлгі ретінде когнитивті құрылым және адам санасының түсіну процесі мынадай:Фрейм (Минский, лингвистикада Ч.Филлмарға бағытталған), когнитивті үлгі (Д.Ж.Лакофф) немесе табиғи түсініс (Ж.Фоконье), 2S өлшемді белгілі (Р. Джакендофф), семантика-грамматикалық категория (Л.Талми), когнитивті операция концептуалды қолданыс ретінде (Р.Шенк, Ч.Ригер), «білім сатысы» деген негізгі білім системасын жан-жақты үйретуде (А.Ньюэлл) т.б. болып табылады. Ең негізгі когнитивті лингвистикалық публикациялық бөліністі жасау үшін Р.Лангакердің «когнитивті грамматика негіздері 1987, 1991». «Біз күткен метафоралар» (Г. Лакофф, Н.Джансон 1980), «Семантика және когниция» ( Р.Джакендофф1983) «Жаңа заманғы метафора теориялары» (Г.Лакофф 1993) когнитивті лингвистика көптеген бастаулардың негізгі көзі ретінде қаралуда. Қазргі тіл ғылымында концептуалды зерттеулерге үлкен назар аударылуда. В.А.Маслова бұл туралы былай дейді: «материал поэзии, выбравший в себя индивидуальные авторские интенции, становится благодатной почвой для лингвокультурологической и филологических изысканий» ( 2006. С206). Олай болса концепт лингвистиканың және филологиялық зерттеулерді басшылыққа алады. Д.Әлкебаеваның концепт туралы ғылыми пікіріне зерделі көз салсақ концепт сөзінің мәні тіл ғылымының көптеген басқа ғылым туындыларының байланысы сипатын толық танытады екен. Атап айтқанда, адамтану, мәдениеттану, этнография, танымдық философиялық, логикалық қисындылық арналардың негізін құрайды. Тіл туралы мәдениеттің қайнар көзі болғандықтан, тілді адам санасы арқылы зерттеу үлкен жаңаша зерттеулердің бастауы болды. Тілді зерттеудің жаңа ұстанымдарын зерттеушілер экспансионизм деген ұғыммен байланыстырады. Тілді зерттеу басқа ғылымдармен байланыста жаңаша зерттеулерге негізделеді екен. Қоғам дамуы арқылы тіл де дамитыны белгілі. Бірақ тілдің даму деңгейі оның барлық саласына бірдей тән емес. Оның белгілі бір қабаты өзгеріс, өзгеріске онша көне бермейтіні бар. Ал оның кейбір қатпарлары жаңалыққа иін беріп, жаңа мағыналық ұғым түсініктер әкелуге ыңғайлы болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткіштерінің бірі – оның терминдік жүйесінің саралануы болып табылады. Тілдің қоғамдық қызметі орта тіпті, дамыды десек, осылай дегізетін де терминологиялық лексика.Себебі қоғам дамуы әлеумет өміріне алуан – алуан жаңалық әкеледі.Ондай өзгерістер, түрлі дүмпулер ең алдымен елдің сауатын ашып, білімін жетілдіреді, қоғам мүшелерініңөрісін биіктетіп, қоғамдық ой – сана мен дүниетанымды кеңейте түседі. Сауаты ашылып, көзқарасы көрегендене бастаған жұртшылық біртіндеп ғылымды игеруге бет түзеп, техниканың құлағын ұстай бастайды. Мәдениет пен өнерге құштарлық күшейіп, жаппай білім мен жарақаттану кезеңі басталады.Қоғамның ілгері басуына байланысты мәдени өміріміздің әр күні жаңа іс, жаңа әрекетке толы болатын. Сауатсыздыққа қарсы шабуыл, неше алуан мектептердің ашылып, газет – журналдардың шығуы, қызыл бұрыш, қызыл отаулар т.б. саналы өзгерістер қазақ сөзі мен жазуына жаңаша өріс берді. Осы ұлы өзгерістер тұсынан бергі жердегі қазақ тілінің болмысына көз салсақ, оның ұлттықсипаты ғана күшейіп қоймай, сонымен бірге халықаралық ауқымы кеңейіп, қуаттана түскенін байқауға болады. Қазақтың ұлттық тілі сөздік құрамының қатарына комитет, парламент, радио, министр, интернационал,коммунизм, социализм, т.б.тәрізді толып жатқан кірме сөздермен бірге, терминдеу нәтижесінде сапалық өзгеріске душар болған, қызмет аясы кеңейген, тұрақтанған, нақтылана түскен еңбек, екпінді, күрес,жарыс, іс, тап,жиналыс, жоспар, құн, белсенді сияқты сөздер жаңаша қолданысқа түсіп,өрісі кеңейді.Бұл қазына қатары күні бүгінге дейін толықсып, молайып келеді. Тіліміздің терминдеу сапасы әлі жүріп жатыр. “Термин”сөзі о баста латын тілінің “шек”, “шекара” деген сөздерінен пайда болған. Термин мәселесіментікелей белгілі лингвист профессор Қ.Жұбановтаайналысқан. Ол аударуға болмайтын ( психология, геометрия) кейбір терминдерді аударуды қостамаған. Жеке адамның ойлау қабілеті ой ісінің өнімділігі оның тілдікбелгіге тәуелді ұлттық ойлау, ұлттық тіл негізінде жүзеге асып соның мүмкіндігімен анықталады. Мысалы: А. Байтұрсынұлы қалыптастырған жүздеген термин белгілі. Мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес бүгінде қазақ тілінің қоғамдық қызметін жан – жақты жетілдіру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осыған байланысты ұлттық тілдегі терминдік жүйесінің қоғам алдындағы бұл салада көптеген міндеттерді жаңаша шешуді көздейді. Атап айтқанда, ол мемлекеттік тілдің жан – жақты қоғамдық қызметіне “жан беретін” терминдертабиғатын тану мен байланысты. Осыған орай термин табиғатты түсіндіруді оның қалыптасу, дамуын жалпы тілдік жүйеден, сол тілде сөйлеуші ұлт нанымынан тыс қарамау көп мәселелердің шешіміне тиімді әсер етпек. А.Байтұрсынұлы

қалыптастырған көсемше термині. Көсем сөзінің қазақ танымындағы мәні белгілі. Ал оның лингвистикалық, грамматикалық қызметіне сай мәндік сабақтастығы дәлдігі дау тудырмайды. Демек мағыналық дамудың нәтижесінде терминдегі сөздердің табиғатын талқылау және қабылдау танымға қатысты кейбір маңызды мәселелерге тоқталуды қажет етеді. Яғни осымен байланысты психолінгвистикалық, философия, логика, лингвистикамен т.б. Шындықтың бейнелеу нәтижесі іспетті терминдердің қалыптасуы олардың көбірек немесе азырақ нақты ұйымдастырылған топтарына, категорияларына бөлу арқылы тәртіптеледі, ал қабылданатын мәнді әдепті топтарға жатқызу процесі арқылы ұғынуда осы жаңа мәнде жазылатын мүшелердің сипаттамасы ұғымның әр түрлі деңгейінде білімнің қорытындысы ретінде ескеріледі. Бұл процесс когнитивтік лингвистикада категоризация деп аталады. Психолінгвистикалық тұрғыдан жоғарыда айтылған процестердің кез – келгені тілдік сөйлеу механизмдерінің ерекше қызметті тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Олай болса сөз мағынасының өзектелуі мағына аспектісінің дәл осы сәттегі ең өзекті тұсынан санада бейнелеу мүмкіндігін көрсетеді. Осы кезде қалғандарының бәрі сол немесе басқа жағдайда оны қажет түсінусіз – ақ ескерімді немесе еленбейді.

Қоғам өміріндегі өзара қарым – қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрқашан өте жоғары бағалаумен бірге ондағы өзгерістерді үнемі қадағалап отырады. Қоғамдық құбылыстың бірі ретінде тіл сол қоғам құрылысын айнаға түсіргендей өрнектейді. Қоғам өмірінде болған, болып жататын құбылыстардың бәрі тілден орын тебеді де, тіл көмегі арқылы халық қазынасына айналды. Сонда, тіпті кейде тілдегі сөздер арқылы ел басынан өткен кезеңдерді көзге елестете аламыз да, қоғамдамуының белестері арқылы тіл дамуын сүзіп шығуға мүмкіндік алып отырамыз. Сөйтіп қоғам мен тіл бірінсіз бірі күн кеше алмаса керек. Ендеше халық тарихынануға мүмкіндік аламыз.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: Театра Системе, 2004.
2. Оразалиева Э, Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы; Алматы, 2007.
3. Садирова К. Тілді зерттеуді когнитивтік тұрғыдан түсіндірудің кейбір мәселелері./ Тілтаным, 2007, №1.
4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998ж.
5. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. – Тілтаным, Алматы, 2002ж. - №4

ӘОЖ 811.512.122.

Қоянбекова С.Б.

профессоры, ф.ғ.д.,

ҚР ҰҚК Академиясы, Алматы, Қазақстан.

#### ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫНДА КӘСІБИ МАМАННЫҢ ТІЛДІК МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Түйін:** Мақалада білім беру саясатына байланысты үштілді меңгерту мәселесі жан-жақты қарастырылған. Үштілді меңгерген кәсіби маман дайындауда тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың парадигмалары ғылыми еңбектер негізінде талданып, жүйеленген.

Сондай-ақ, лингвистикалық капиталдың мақсат міндеттерін жүзеге асыруда ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында міндеттелген білім сапасының мазмұнын арттыру мәселесі зерделеніп, толерантты тілдік ортаны қалыптастырудың өзектілігі көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы Тіл саясатындағы басым бағыттарды орындау негізінде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырумен қатар бәсекеге қабілетті көптілді кәсіби маман дайындау мақсатында орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерту мәселелері ұсынылған.

**Тірек сөздер:** бәсекеге қабілеттілік, тіл саясаты, лингвистикалық капитал, білім беру траекториясы, үштілділік, парадигма, кәсіби маман, тілдік модел, құзыреттілікті қалыптастыру.

Koianbekova S.B.

d. of Philol. sc., Professor

The Academy of the National Security

of the Republic of Kazakhstan

Almaty, Kazakhstan

#### FORMATION OF A LANGUAGE MODEL OF A QUALIFIED SPECIALIST IN THE TRILINGUAL EDUCATION PARADIGM

**Abstract:** Trilingual mastering in education policy is considered widely in the article. The article deals with the problem of the formation of paradigms of language competence in preparing trilingual mastered qualified specialist were discussed and systematized on the basis of scientific researches.

It is also obliged in the article «The orientation to the future: Spiritual renaissance» of the President of the Republic of Kazakhstan in realization of the objectives of linguistic capital and the problem of increasing the quality of content of education was considered, the importance of the formation of a tolerant language environment is emphasized.

On the basis of the implementation of the main directions of language policy of the Republic of Kazakhstan increasing the status of the state language, also preparing a competitive trilingual (Russian, English languages) frequently mastered qualified specialist problems were presented.

**Keywords:** competitiveness, language policy, linguistic capital, educational trajectory, trilingualism, paradigm, qualified specialist, language model, to form competence.

Еліміздегі негізінде «Үштұғырлы тіл» саясатының мақсаты әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу негізінде көпұлтты елімізде ұлтаралық татулықты сақтау, ұлттық-мемлекеттік біртұтастықты қалыптастыруға бағытталған. Қазақстандық патриотизмді дамыта отырып, өркениеттер тоғысында бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өздерінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп, ұтымды қолдануда нәтижелі табыстарға жеткен. Заманауи кезеңдегі жаңа Қазақстан үшін үш тілді меңгерту елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру ұмтылысын көрсетеді.

XXI ғасырдағы жаһандық жаңалықтар саясатының мазмұнына маңызды өзгерістер енгізді, білімнің дәуірлеу ғасыры да, өйткені ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ білікті маманның құзыреттілігімен әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап, адами капиталды қалыптастырудың негізгі факторларын анықтайды. Кез келген білім беру жүйесінде құзыретті маманның тілдік құзыреттілігі басымдық ретінде қарастырылып, оның болашақ қызметіндегі кәсіби бағыттарымен тікелей байланыстырылады.

Жаһандық деңгейде әлем мемлекеттері өркениет талаптарына сәйкес білім беру траекториясында жаңа үлгілерді құзыреттілік парадигмасын енгізе бастады. Бұл парадигмалар білімнің сапалық көрсеткішіне, функционалдық сауаттылығына негізделеді, яғни білім беру орындарында алған білімін өмірде қалай қолдана алатындығына басымдық беріліп, бірнеше тіл меңгеру идеясы қарқынды түрде дами бастады. Барлық мамандандыру салаларында реформалардың қай-қайсысы болсын тілдік білім беру мәселесімен тығыз байланысты сабақтастырылды. Бәсекеге қабілетті озық елдердің қатарынан орын алып отырған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік деңгейдегі сипатында модернизациялық классикалық тұжырымдамасымен астасып, тілдің әмбебап мәні мен құндылыққа айналуы батыстық жаңалықтармен жетістіктерге сүйенген ғылымға қолжеткізуге негізделеді.

Себебі, өркениеттер арасындағы мәдени әлеуметтік өзекті мәселелер мәдени рухани негізді қалыптастырып, адамның өмірінің кез келген саласының мәнін айқындайды. Ол болашақ кәсіби мамандықпен астасып, диалогтың, өзара ықпалдасудың, тиімді әріптестіктің, мәдениет аралық кеңістіктің келешегін жалғайды.

Заманауи кезеңде өркениеттер тоғысындағы жаңа Қазақстанның басым үрдістері айқындап, тілдік дамудың классикалық үлгісінің бейнесін өзгерте отырып, оған елеулі түзетулер енгізуде.

Аталған мәселе әрбір Қазақстан азаматының мемлекеттік тілді жетік меңгерумен қатар, бірнеше тілдерді білу қажеттілігін міндеттейді. Бұл бағыттағы өзекті жұмыстар ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстандағы тілдердің үштұғырлығы туралы алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында сөйлеген сөзінде маңызды идея ретінде қабылданып, жүйелі жалғастығын тауып келеді. Жыл сайынға Қазақстан халқына Жолдауында көптеген өзекті мәселелермен қатар тіл мәселесі жан-жақты талқылануда. Мәселен, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында Елбасы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынса, бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударылып, қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі екені атап көрсетілген. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары білім беру жүйесін жаңаша өркендетіп оқыту, тәрбие үрдісін жетілдіру, жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, тілдік білім беру мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай тілдерді меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерін пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

To describe a language situation, a typological characteristic is used, such as the function that a language performs as a means of communication. In this connection, they differ: the *official function* is the use of language in the sphere of politics and public administration; *group* - using the language within one or another ethnic or sociocultural group, *broad communication* - using languages as lingua franca for inter-ethnic communication within the state; *educational* - the use of language as a means of communication in the education system; *literary* - the use of language in fiction; *religious* - the use of language in the performance of religious rites; *technical* - the use of language to provide access to international scientific and technical literature [1].

The typology of a language situation is based on quantitative, qualitative, and evaluative features. By quantitative characteristics include

- the number of *idioms* (different language formations - language, dialect, dialect, literary language and other forms of existence) in a given language situation, which are its components;
- the number of speakers of each of the idioms in relation to the total number of the population of the studied area;
- the number of communicative areas that are served by a specific idiom;
- the number of idioms that dominate functionally.

The qualitative characteristics of the language situation include:

- the linguistic nature of idioms in a language situation (different languages or varieties of the same language), monolingual and multilingual language situations;
- structural and genetic relations between idioms: homogeneous and homomorphic (related and typologically similar) language situations or heterogeneous or heteromorphic (unrelated and typologically dissimilar) language situations;
- functional equivalence - unequal idioms: harmonious and disharmonious language situations;
- nature of the idiom (*metekta*) - local and "imported", which dominates on a national scale, for multilingual societies: endoglossic and exoglossic language situations.

Estimated signs give external and internal assessment of idioms (digloss and non-glossy language situations). Studies of the linguistic situation of different countries show that its nature is influenced by certain factors. They are objective and subjective.

Objective factors include:

- linguistic factors proper: a) the composition of the population that lives in a particular region or state from a linguistic point of view, 2) the material and typological differences between languages, between dialects and dialects;
- cultural and historical factors: a) the unity and difference of the material and spiritual culture of the population, b) the presence or absence of the literary tradition in the languages of the region and the state, as well as the pace of its development;
- demographic factors: a) the number of speakers of languages, b) the compactness of residence of representatives of different ethnic groups, c) the birth rate and mortality of carriers of different languages;
- geographical factors: a) physiographic landscape of the spread of languages, b) barriers of natural origin



that impede communication of people, c) the presence of natural means of communication;

- economic factors: a) the emergence of commodity-money relations, b) the development of local markets and their relationship with the national and world markets;

- socio-historical factors: a) class stratification of society, b) the nature of the socio-economic formation,) mass migration of the population, d) historical changes in the regions and states [10].

The “State Program for the Functioning and Development of Languages in the Republic of Kazakhstan for 2011 - 2020” highlights the issues that have arisen in Kazakhstani society on the development of the state language:

- uneven proficiency level of the state language in society;

- insufficient introduction of the state language into the social and communicative environment of the country;

- decline in the linguistic culture of Kazakhstani society;

- the need to preserve and strengthen the linguistic capital of Kazakhstan.

These issues are related to objective reasons: a lack of the unified methodology and standards for teaching the state language, the uniform standards for the training infrastructure activities, the incentive and monitoring system of the state language mastering process, the low level in training of the Kazakh language teachers and specialists, the existence of problems connected to terminology, anthroponimics, and onomastics.

The State Program noted the specific results that have been achieved in Kazakhstani society in connection with the implementation of language policy for the development of the state language and the languages of ethnic groups living in the republic:

“- the infrastructure of teaching the state language has been significantly expanded (940 kindergartens with Kazakh language of instruction, which is 68% higher than in 2001; 3811 schools – which is 163 more than in 2001; 101 centers for teaching the state language were created);

- the process of transition of the paperwork to the state language is being actively implemented (the proportion of documents in the Kazakh language in the government bodies is about 67%);

- the development of a methodological base for teaching the state language (multi-level educational and methodological complexes, 10 types of dictionaries with a total circulation of 720 thousand copies, 8 industry-specific bilingual and trilingual dictionaries with a total circulation of 260 thousand copies);

- in order to introduce new information technologies into the state language learning process, the Internet portal has been created and is constantly updated (over 20 types of services, active user audience from 50 countries of the world);

- the communicative function of the state language is being strengthened (in the content of the state-owned media, broadcasting time in the Kazakh language is over 70%; of the 2750 print media, 68% is published completely or partially in the state language);

- systematic work is being conducted to develop and strengthen cultural ties with compatriots living abroad;

- an effective system of state support for ethnic languages living in Kazakhstan was established (out of 7576 general education schools, 1598 are with Russian, 62 - with Uzbek, 14 - with Uighur, 2 - with Tajik languages of instruction, 2089 schools are mixed; out of 2003 preschool institutions, 260 are with Russian, 2 - with the Uzbek language of instruction; 801 children educational institutions are mixed; in 190 Sunday schools of ethnocultural associations the native languages of 30 ethnic groups are studied; out of 50 Kazakh theaters, 9 are mixed, 15 - Russian, 1 - Korean, 1 - German, 1 – Uzbek, and 1 - Uygur)” [11].

The issue of language development is a common concern for all citizens of Kazakhstan, and the sociolinguistic study of the language situation of the republic will allow to develop an effective mechanism for implementing the functioning and development of the state language in spheres of life and regions. In order to maintain the tolerant relationship between representatives of different nationalities, it is necessary to create conditions for the development of ethnic languages and the formation of the multilingualism among the citizens of Kazakhstan.

## REFERENCES

1 Mechkovskaya N.B. Obscheye yazykoznanie. Strukturnaya i sotsial'naya tipologiya yazykov. Uchebnoye posobiye dlya studentov filologicheskikh i lingvisticheskikh spetsial'nostey. - 2 izd. – M.:Flinta: Nauka, 2001.

2 Baskakov A.N. Natsional'no-yazykovoye razvitiye v respublikakh Sredney Azii // Funktsionirovaniye yazykov v mnogonatsional'nom gosudarstve. – M. 1991.

3 Orusbayev A.O. YAzykovaya zhizn' Kirgizii (Funktsional'naya distributsiya yazykov). – Frunze: Ilim, 1990.

4 Khasanov B.KH. Sotsial'no-lingvisticheskiye problemy funktsionirovaniya kazakhskogo yazyka v Respublike Kazakhstan. ADD. – Alma-Ata, 1992.

5 Zakon RK «O yazykakh v Respublike Kazakhstan». – Astana: IKF «Foliant», 2000.

6 Gosudarstvennaya programma funktsionirovaniya i razvitiya yazykov na 2001-2010 gody / Kazakhstanskaya pravda, 17 fevralya 2001 g.

7 Abasilov A.M. Memlekttik tildің Kazakstan Respublikasyyny soltystik aimarındary kызmeti: sociolinguistics, problemals, olards sheshu zholdary. Phil. fil. Cand. Abstract.– Almaty: CEC «ABC», 1998.

8 Kurmanova B.K. Sotsial'no-lingvisticheskiye problemy funktsionirovaniya gosudarstvennogo yazyka v Zapadnom regione Respubliki Kazakhstan. Avtoref. kand. diss. – Almaty: TOO «Zhaniya-poligraf», 2002.

9 Tekzhanov K.M. Regional'noye funktsionirovaniye gosudarstvennogo yazyka (na primere Pavlodarskogo Priirtysh'ya). – Almaty, 2005.

10 Chernyshev V.A. Faktory skladyvaniya i izmeneniya yazykovoy situatsii // Problemy izucheniya yazykovoy situatsii v stranakh Azii i severnoy Afriki. – M.: Nauka, 1970

11 Gosudarstvennaya programma funktsionirovaniya i razvitiya yazykov v Respublike Kazakhstan na 2011-2020 gody. – Astana, 2011.

УДК 81.33

**Ғабитханұлы Қ.,**

профессор, Қытай және Азия- Тынық мұхит  
аймағының тіл және аударма кафедрасы  
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: kayrat\_g@mail.ru

### ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІН БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ

**Түйін:** Бұл мақалада қазақ терминдерін біріздендіру мәселесі көтерілген. Шетелде тұратын қазақтар оның ішінде әсіресе Қытайда тұратын қазақтардың қолданылып отырған терминдердің Қазақстанмен бір ізде болмауының себеп-салдарына нақты талдаулар жасалған. Сонымен бірге оны шешу жолдары қарастырылған.

**Тірек сөздер:** Тіл, жазу, термин

**Gabitkhanuly K.,**

Prof. Department of languages and  
Translation of China and the  
Asia-Pacific region Ablai khan KazUIRandWL  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: kayrat\_g@mail.ru

### THE PROBLEMS OF UNIFICATION KAZAKH TERMS

**Abstract:** This article considers the problem of unification of Kazakh terms. Here given all reasons and the possible damage of lack of unification with specific analysis of using the terms among those Kazakh people who live abroad, particularly Kazakh people in China.

**Keywords:** Language, written form, term.

Қазақ ұлты бүгінде қай елде қоныстанбасын, олардың бір ғана ана тілі бар, ол – қазақ тілі. Ал қазақ тілі Қазақстан Республикасында ғана мемлекеттік мәртебеге ие. Сондықтан қазақ тілінің болашағы да әрине, негізінен Қазақстандағы қазақ тілінің қолданысына байланысты болмақ. Десе де, шетелдерде тұратын қазақтардың да өз ана тілін әртүрлі деңгейде сақтап, қолданып отырғанын ескерген жөн, сол үшін де қазақ тілінің мәселелері тек Қазақстан көлемінде ғана шешімін тауып, сонымен ғана шектеліп қалмауы тиіс деп қараймыз.

Қазақ тілі мен жазуы – қазақ халқы үшін жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ұлттық болмысымызды, мәдениетімізді сақтап оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыратын, бір-бірімізді тұтастырып тұратын күре тамырымыз. Олай болса, информация заманы туған бүгінгі таңда қазақ халқы – біздің тіліміз қандай күй кешіп отыр? Заман талабына сай ма? Басқасын қойғанда өзге халықтар сияқты дүниежүзіндегі қазақ халқында ортақ жазу жүйесі мен терминдік жүйе, ортақ орфографиялық ереже, тілдік норма бар ма? Дәл қазір жоқ. Олай болса не істеуіміз қажет? Міне, бұлар бәрімізді қатты толғандыруы тиіс. Төменде қазақ терминдерінің бүгінгі жағдайы және оны біріздендіру мәселесін саралап көрмекпіз.

Қазақ тілі қазіргі таңда Қазақстаннан тыс Қытай, Өзбекстан, Моңғолия, Иран, Түркменстан, Түркия қатарлы елдерде тек отбасы ғана емес, түрлі әлеуметтік деңгейде қолданылады. Олардың кейбіреулерінің өзіндік баспасөзі мен радио-теледидары, білім беру жүйесі бар болса, кейбіреулерінің бірлі-жарымды қазақша газет-журналы, радиосы мен телеарнасы бар. Мәселен, бүгінде Өзбекстан Республикасында 1,6 миллион қазақ тұрады. Кеңес Одағы ыдыраған жылдарда Өзбекстанда 700-ге тарта қазақ мектебі болған. Өзбекстанның Халыққа білім беру министрлігінің мәліметі бойынша, 2002-2003 жылдары қазақ-өзбек

тілінде дәріс беретін аралас мектептердің саны 581 болса, 2006-2007 жылдары 521 аралас мектеп болған. Ал, қазір таза қазақ мектептерінің саны 234. Мектептерде сабақ латын жазуымен оқытылады, жалпы білім беру мектептері 9 сыныпқа дейін ғана білім береді. Алты жоғары оқу орнында қазақ факультеттері, «Нұрлы жол» газеті сияқты республикалық және басқа да деңгейдегі мерзімді баспасөзі бар, республикалық және облыстық, аудандық қазақ мәдени орталықтары жұмыс істейді. Саралап қарағанда бұл елдегі қазақ терминологиясында ауытқушылық жоқ деуге болады. Оның басты себебі, Қазақстандағы телеарна-радио, газет-журналдарды еркін пайдаланады, бұрынғыны айтпағанда соңғы 70 жылда Кеңестер Одағы атты елдің құрамында бірге өмір сүрді, қазірдің өзінде де «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» секілді оқулықтар Қазақстаннан барады.

Моңғолия Республкасында жүз мыңнан аса қазақ тұрады, Баян-өлгей, Қобда аймақтарында қазақ мектептері бар, олар сонау кеңестік заманнан бері мектептерде Қазақстан оқулықтарын пайдаланады. Баспасөз саласындағы журналистер дерлік Қазақстанда білім алғандар. Қазіргі кездеде баспасөз саласы Қазақстанмен тығыз байланыста. Сондықтан бұл елде де термин қолданысында Қазақстанмен бірізділік сақталған.

Ал Қытайда тұратын бір миллион үш жүз мыңдай қазақтарда аудандық газет-журналдарды қоспағанда, мемлекет, өлке, облыс, аймақ дәрежесінде шығып, жалпы таратылатын оннан астам газет-журнал бар. Бес-алты баспадан жылына миллиондаған данамен ондаған, жүздеген әртүрлі оқулықтар мен әдеби-мәдени, ғылым мен техника, шаруашылық, өнер т.б. салаларға арналған кітаптар жарық көреді. Орталық, өлкелік сияқты жалпылық радио-телеарналар мен облыстық, аймақтық деңгейдегілерді айтпағанда, тіпті кей аудандар да қазақ тілінде өз алдына радио-теледидар хабарын таратып отыр. Жоғары оқу орындарында қазақ филологиясы мамандығы бар. Орта, бастауыш мектептерде белгілі деңгейде қазақ тіліндебілім беріледі. Демек, көріп отырғанымыздай, қазақ елінен кейінгі қазақ тілі біршама кең қолданысқа ие орта ол Қытай Халық Республикасында. Осыған орай жалпы шетелдердегі қазақтардың ішінде Қытайда тұратын қазақтардың тіл мәселесі де ең күрделі жағдайда деуге болады. Себебі соңғы 40-50 жылда басқалардай (мысалы: Өзбекстан, Моңғолия т.б.) емес Қытайдағы қазақтарда тіл жазу мәселесі көп жағдайда өз алдына шешіліп келді. Яғни онда 1965 жылға дейін төте жазу қолданылса, 1965 жылдан 1983 жылға дейін латын жазуы, ал 1983 жылдан қазірге дейін қайтадан 33 әріптен тұратын төте жазу (Қытайдағы қазақтардың сөзі бойынша- көне жазу) әліпбиін қолданып келеді. Соған сәйкес қазақ әдеби тілінің орфографиялық ережелері өзінше қалыптасқан, яғни Қазақстандағы 42 әріп қолданылатын орыс-қазақ әліпбиі мен оның орфографиялық ережелеріне сәйкес келе бермейді. Сонымен бірге, Қытайда өз алдына қазақ тілінде термин жасайтын, жасап қана қоймай оны заңдастырып, қолданысқа енгізіп отыратын орындар жұмыс істейді. Ол – ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялы өлкелік тіл-жазу қызметі комитеті. Қазақстанда термин сөздер ең алдымен орыс тілінен аударылатыны сияқты, Қытайдағы мамандар да термин сөздерді қытай тілінентіке аударып қолданады, терминдерді заңдастырып, бекітіп, ай сайын, маусым сайын баспасөз орындарына жіберіп жариялап отырады. Жасалатын терминдер тек Қытай еліне тән ұғымдар мен сөздер ғана емес, бүгінгі өркениет, жалпы адамзат үшін, соның ішінде жалпы қазақ халқына да тән, ортақ ұғымдар және ол басқа тілдердің емес, қазақ тілінің ортақ сөз байлығын пайдаланып жасалған. Мәселен, қолымыздағы «ШҰАР ұлт тілдеріндегі атауларды арнаға түсіру, бекіту алқасы» 1999 жылы баспадан шығарған Ханзуша «қытайша» - қазақша арнаға түсірілген атаулар жинағының 1-томына 1980 жылдан бері жарияланып, бекітілген 15 мыңнан астам атау енгізілген. Ондағы атаулар саяси, экономика, философия, заң, логика, психология, шипагерлік(медицина), малшаруашылығы, малшипагерлігі (мал дәрігерлігі), жайылым, жағрапия (география), электрон техникасы сияқты 70-тен астам саланы қамтыған. Бұдан басқа мемлекет қызметкерлерінің атаулары, кәсіптік-техникалық қызмет аттары, ғылыми атақтар, дүниежүзіндегі ақша бірліктері, баспасөзде көп қолданылатын атаулар да енгізілген. Оның ішінде Қазақстанда жасалған терминмен бірдей шыққандар да немесе қазақ тіліне өте сәтті аударылып, жасалынғандары да жетерлік (мышқаны – *тинтуір*, Балконды – *самалдық* деп алған тәрізді). Ондағы кейбір аудармалардың сәтті шығуы қытай тілінің ерекшелігіне де байланысты. Қытай тілінде буындық мағыналы жазу қолданылады да, қытай иероглифтерінің өзінен оның мағынасы шығып тұрады. Бұл өзге тілге аударуға қолайлы. Оның үстіне қытай тілі өзге тілден атау қабылдағанда 99 пайызын өз тіліне дерлік аударып қабылдайды. Соған сәйкес қытайша атау терминдер де, негізінен, қазақ тілінде аударылып қабылданған. Десе де, өкініштісі, олардың ішінде Қытайдан тыс елдердегі қазақтарға түсініксіз атаулар көп кездеседі. Керісінше, Қазақстандағы жасалынған терминдер де қытайдағыларда қолданылмайды. Өзара ауыс-түйіс жоқтың қасы. Осылайша, жазу жүйесі ұқсамауынан, екі елдегі қазақтар бір-бірінің басылымын бірі оқи алмауы өз алдына, жасалынып жатқан терминдердің бір ізге түспеуі себебінен, өзара түсініспейтін, соның зардабынан қазақ пен қазақ өз тілін тілмаш арқылы

**«Иноязычное образование: опыт, инновации и перспективы»**

ұғынатын дәрежеге жетті. Әрине, соңғы кездегі ресми емес барыс-келістер мен зиялы қауымның өзара жеке байланыстарының нәтижесінде кейбір атау-терминдер ортақ қолданысқа енді, бірақ бұл жалпы жасалған терминдердің өте аз пайызын ғана қамтып отыр.

Төменде сөзіміз дәйекті болу үшін екі елде де Терминком жағынан бекітіліп, қолданылып отырған кейбір терминдерді салыстырып көрейік:

汉语 қытай тілінде	俄语 орыс тілінде	中国哈萨克语 Қытайдағы қазақтардың тілінде	哈萨克斯坦哈萨克语 Қазақстанда
国书	верительная грамота	мемлекеттік жолдама	сенім грамотасы
国际公法	международное публичное право	халықаралық әлеуметтік заң	халықаралық жария құқық
外交豁免	дипломатический иммунитет	дипломатиялық тектелемеу	дипломатиялық иммунитет
外交特权	дипломатические привилегии	дипломатиялық ерекше ұқық	дипломатиялық артықшылық
国会	герб	герб	елтаңба
国歌	гимн	гимн	әнұран
国际货币基金组织	международный валютный фонд	халықаралық ақша қоры ұйымы	халықаралық валюта қоры
国际复兴开发银行	международный банк реконструкции и развития	халықаралық көркею-даму банкесі	халықаралық қайта құру және даму банкі
欧洲共同体	европейское сообщество(ЕС)	европа ортақ тұлғасы	еуропалық қауымдастық(ЕҚ)
代表团	делегация	уәкілдер үйірмесі	делегация
欧洲经济共同体	европейское экономическое сообщество	европа экономикалық істестік ұйымы	еуропалық экономикалық қоғамдастық
经济制裁	экономическая санкция	экономикалық жаза	экономикалық санкция
国务委员	Член Госсовета	мемлекеттік істер жорасы	мемкестің мүшесі
国务院总理	премьер министр	гуо у юнның зунлиі	үкімет басы, премьер министр
书记	секретарь	шужи	секретарь, хатшы
副总理	вице-премьер министр	орынбасар зунли	премьер-министрдің орынбасары
总书记	первый секретарь	бас шужи	бас хатшы
人大代表	депутат	халық құрылтайының уәкілі	депутат
县人大常委会	районный маслихат	аудандық халық құрылтайы	аудандық мәслихат
教育法	закон об образовании	оқу-ағарту заңы	білім заңы
县教育局	районного отдела образования	аудандық оқу- ағарту мекемесі	аудандық оқу бөлімі
专业	специальность	кәсіп	мамандық
连续剧	сериал	ұласпалы теле фильм	сериал
公司	компания	серіктік	компания
网络	интернет	торап	ғаламтор
手机	сотовый телефон	қолфон	ұялы телефон
短信	сообщение SMS	келте хат	хабарлама
金融机构	финансовые органы	қазына құрлымы	қаржы құрылымдары
金融体制	финансовая система	финанс түзілісі	финанс жүйесі

**«Шеттілдік білім беру: озық тәжірибелер, инновациялар және болашағы»**

金融市场	финансовая биржа	акша базары, финанс базары	қаржы биржасы
批发价	оптовая цена	толайым бағасы	көтерме сауда бағасы
零售价	цена в розницу	жеке бағасы	бөлшек сауда бағасы
超市	супермаркет	ерен базар	супермаркет
拍卖	аукцион	бәсеке сауда	аукцион
官僚主义	бюрократизм	төрешілдік	бюрократияшылдық
飞机	самолет	айрыплан	ұшак
飞机场	аэропорт	айрадыром	әуежай
走私	контрабанда	аткезшілік	контрабанда
护照	паспорт	паспорт	төлқұжат
身份证	удостоверение	азаматтық куәлік	жекекуәлік
医院	поликлиника	шипаяхана	емхана
医生	врач	шипаягер	дәрігер
中医	традиционная китайская медицина	жунгуоша дәрігерлік, ханзуша шипаягерлік	Дәстүрлі қытай медицинасы,
肿瘤	рак	өспе, рак ауруы	қатерлі ісік
救护车	скорая помощь	шұғыл құтқару көлігі	жедел жәрдем
金杯	золотой кубок	алтын лоңқа	алтын кубок
银杯	серебряный кубок	күміс лоңқа	күміс кубок
教练	тренер	тәрбиеші	бапкер
大学	университет	дашуе	университет
中国文化	Китайская культура	Жуңгуо мәдениеті	Қытай мәдениеті

Мұндай терминдер саясат, дипломатия, экономика, білім беру, ғылым мен мәдениеттен бастап күнделікті қолданыстағы сөздерден де байқалады. Қазақ тілі о баста диалект тіл айырмасы жоқ, біртұтас тіл екені көпке аян, десе де, дәл қазіргі кезеңде ғылым тілінде диалект тіл қалыптаса бастағандай. Екі мемлекет арасында білім беру, мәдениет алмасу т.б. салаларда қыйындықтар тудыруда. Мысалы: Қытайда қазақ тіліне әлдеқашан аударылған көптеген әдеби шығармалар мен телефильмдер қазақстандықтар үшін түсініксіз болғандықтан, қайталай аударуға тура келеді, солай істеліп те жатыр.

Егер термин саласындағы айырмашылық осылай кете беретін болса, бұл болшақта екі елдегі қазақ ұлтының ғана мүддесіне нұқсан келтіріп қоймайды, көрші екі мемлекеттің өз мемлекеттік тілдерінде қалыпты қарым-қатынас жасауына нұқсан келтіреді деп ойлаймыз, Қазақ тілі Қытай Халық Республикасында белгілі аймақтық қана қолданысқа ие азсанды ұлттың тілі болып есептелгенімен, қазақ елінде қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сондықтан Қытай елінде қолданылып отырған қазақ тілі екі ел үшін түсінікті, дәнекер тіл болуы тиіс. Жібек жолы дәлізі экономиканың ғана емес, ғылым мен мәдениеттің, жалпы өркениеттің дәлізі болуы үшін ең алдымен тіларалық кедергілерден арылу қажет. Біздің ойымызша, Қытайда тұратын қазақтардың термин жүйесі болашақта Қазақстандағымен бір ізге түсетін болса, бұл тек екі елдің достығын онан ары нығайтуға қызмет етеді, сауда-саттық, экономика, мәдени, білім беру т.б. салалардағы ынтымақтастықты мұнанда жоғары деңгейге көтеруге, осымен бір уақытта Жібек жолы дәлізінің қайтадан гүлденіп дамуына үлкен септігін тигізеді.

Жалпы, тіл ғылымында дыбысты тіл екі салаға бөліп қарастырылады. Оның бірі – материалдық жағы да, екінші бір жағы – оның атқаратын қызметі. Қандай да бір тіл, ең алдымен, өзінің қарым-қатынас құралы қызметін өз деңгейінде дұрыс атқаруы үшін сол тілді қолданушы ұлттың өкілдері тілдік материалдарды, яғни сөздерді (терминдерді), таңбаларды, әріптерді, дыбыстар мен грамматикалық формаларды бірыңғай қолдануы керек. Олай болмағанда тілдік түсінісу мүмкін болмай қалады. Ал түсінісу болмаған жерде тіл өзінің жалпыұлттық қасиетінен, қызметінен айырылады. Сондықтан да кемелденген ұлттық тілдерде тілдік дәстүр, яғни тілдік норма болады. Қазақ тілінде солай болуы қажет. Тілдік норманы, жазу мен

термин жүйесін қалыптастырып, бүкіл қазақ халқына тарату және оны тұрақтандыру, бір ізге келтіру тек жазба тілдің ғана қолынан келмейді. Оған тілдің қызметін реттеп, белгілі жүйеге келтіріп, заңдастырып отыратын (қазақтар шоғырлы қоныстанған елдердегі) тіл мамандары мен мемлекеттік құзырлы орындарының белсенділігі мен қолдауы қажет.

Ұсыныс ретінде ең соңында айтарымыз: тез арада қазақ тілі қолданысқа ие елдердің термин қолданысын реттеп отыратын мемлекетаралық терминологиялық комиссия құру және бұл мәселені мемлекеттік деңгейіндегі құзырлы орындардың өзара келісімімен жоғары деңгейде шешілуіне қол жеткізу тиіс деп қараймыз.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Ханзуша-Қазақша арнаға түсірілген атаулар жыйнағы. ҚХР, Шынжаң халық баспасы, 1999, –607бет
2. Терминологиялық жинақ. Алматы; «Сөздік-Словарь», 2002, –472бет
3. Бекітілген терминдер сөздігі (15 мыңға жуық термин). Алматы: Дайк-Пресс, 2009, –328 бет
4. Ханзуша-қазақша жаңа атаулар сөздігі. ҚХР, ұлттар баспасы, 2016ж.
5. Экономикалық орысша-қазақша сөздік. “Дайк-Прес” Алматы, 2008ж.
6. Заң терминдерінің сөздігі. “Жеті жарғы”, Алматы, 2007ж
7. Қазақша-орысша сөздік. “Дайк-Прес” Алматы, 2008ж.

ӨӘЖ 811.1/9

**Рысалды Қ.Т.**

филол. ғ.д, профессор  
Абылай хан ат. ҚазХҚ және ӨТУ, Алматы, Қазақстан  
e-mail: ryssaldy@yandex.ru

#### **ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТІЛІМІЗДІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЕКІ СИПАТЫ ТУРАЛЫ**

**Түйін:** Мақалада ел өміріндегі рухани жаңғырудың жаңа кезеңіндегі маңызды бір саласы ретінде ұлттық тілімізді замана талабына сай келетіндей дәрежеде, өмірдің барлық саласында толыққанды қызмет ететін, тұлғасы мен мазмұны іштей үндестікте кемелденген әлем тілдерінің дәрежесіндегі деңгейге жеткізу бағытында жаңа әліпбиін жаңарту бағыттары сараланады. Әліпбиінің қалыптасу кезеңдері мен өзгерістері баяндалған. Қазіргі қазақ әліпбиінің реформасының бағыт бағдары, ғылыми негіздеулері сараланады. Сонымен бірге тілдің ішкі заңдылықтары мен ұлттық болмысының тілдегі көрінісі қандай ғылыми парадигмада зерделеуден өтіп жатқаны пайымдалады.

**Тірек сөздер:** рухани жаңғыру, тіл жаңғыруы, ұлттық тіл, тіл әліпбиі, ғылыми зерттеу парадигмасы, семантикалық категориялар.

**Rysaldi K. T.**

d. of philol. sc, professor  
Kazakh Ablai khan UIR&WL  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: ryssaldy@yandex.ru

#### **TWO ASPECTS OF NATIONAL LANGUAGE MODERNIZATION AT CURRENT STAGE**

**Abstract:** The article analyses the ways of new alphabet's modernization as a part of modernization of nation's identity at current time. It is claimed, that national language should be increased to the level of world languages with harmonized inner form and content, where it can fully function in all spheres of life and meet all the requirements of modern time. The stages of formation and changes in the alphabet are discussed. The directions and scientific substantiation of current Kazakh alphabet reform are analyzed. At the same time, it is assumed in what scientific paradigm the inner principles of language and reflection of national identity in the language are being studied.

**Keywords:** modernization of national identity, modernization of language, national language, alphabet, scientific research paradigms, semantic categories.

*Рухани жаңғырудың бір бағыты тілді жаңғырту,  
оған сай келетін жаңарған ұлттық әліпбиі.*

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Таяу жылдардағы міндеттер» атты тарауында «қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жобасын ұсынған еді.[1] Мақалада Президент қазақ әліпбиінің тарихын кеңінен саралай келіп, оның өзгеруінің астарында нақты саяси себептердің болғанын келтіреді. 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдеді.

Қазақ әліпбиі өз тарихында руникалық жазуы, араб әліпбиі, латындандырылған әліпби, орыс графикасы әліпби дәуірлерін бастан кешкен. Күні бүгінге дейін кириллица қолданылып келеді. Ол әліпбилер қазақ тіліне қаншалықты икемделсе де, ана тілінің табиғатының өзгерісіне ұшыратпай қойған жоқ. Мәселен, қазіргі қолданыстағы әліпбиде орыс тіліне тән дыбыстарының кірігуінің айғақтары бар. Қазақ тіліне тән емес әріптер: ф, я, ю, ч, щ, ц, ё - орыс тілінен енген сөздермен әліпбиге кіргендер. Бұл әріптер тілге енгенде, қазақ тілінің дыбысталуы мен ырғағына өзіндік әсер етпей қойған жоқ. Онымен қоса аталмыш тілден енген сөздер ұлттық тіл табиғатына өзіндік сипаттарды енгізді. Ондай сөздер қазақ тілінің сөздік қорына енді. Әрине, кірме сөздер өз тілінің қалпымен өзге тілге өзіндік бір қабатын құрайды. Бұл құбылыс тіл құрылысына ықпал етпей қоймайды. Бұл айтылып отырғандар тілдің бір ғана деңгейіне қатысты, атап айтқанда, лексикалық деңгейге байланысты. Тіл күрделі жүйе; фонетикасы, синтаксисі, морфологиясы, лексикологиясы осындай сыртқы тілдік әсерлерден олар да тыс қала алмайды.

Тілді жаңғырту өте күрделі де аса маңызды іс. Тіл бекіп қалған құрылым мен жүйе ғана емес. Ал оның сырт көрінісі әліпбиі тілдің ішкі табиғатына сай келіп, оның өзіндік ішкі мазмұны мен мәніне үйлесіп, ұлттың өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсете алса ғана, нағыз ұлт құндылығы, ұлттың рухы бола алады. *«Die Sprache ist gleichsam die „äußerliche Erscheinung des Geistes der Völker“... Ihre Sprache ist ihr Geist und ihr Geist ihre Sprache, man kann sich beide nie identisch genug denken»* (В. фон Гумбольдт) [2] *«Тіл сондай-ақ халық рухының сыртқы көрінісі». «Оның тілі – оның рухы және де екеуінің соншалықты иденттілігін толық түйсіну мүмкін емес».*

*Шын мәнінде тілі қандай болса, халқы да сондай. Халқы қандай болса, тілі де сондай деген тұжырым өте анық-қанық айтылған. Тіл барлық сыртқы, ішкі табиғатымен сол халық рухының айнасы іспетті. Ендеше тілдің сыртқы формасы - әліпбиі де сол халықтың сыр-сипатын, ішкі жан дүниесін, санасында қалыптасқан болмыстың тілдік санадағы бейнесін анық, айқын көрсете алуы керек.* Жаңадан қалыптастырған қазақ әліпбиі осы үдеден шыққаны ләзім. Осы күні қолданылып жүрген кириллица қазақ тілінің ұлттық дыбыстарын өзіндік болмысындағы ерекшеліктеріне сәйкес әріптермен таңбалап қолданып келеді, ал ұқсас деген дыбыстар екі тілде бірдей таңбаланғанмен дыбыстық, әуездік сипаттарында өзіндік болмысы бар екені айқын. Біздің халықтың орыс тілін меңгермегені кем де кем, осыған орай орысша дыбысталуының қазақ тілінің сөйлеуіне әсер ететіні айқын, екпіндік және интонациялық тұрғыдан ондай ықпалдар сезіліп тұрады. Ол тіларалық интерференция заңына сай келеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің тек өзіне тән дыбысталуына үйлесімді әліпбиі болғаны абзал, ал өзге тілден енген сөздер қазақ әліпбиінің емлесіне бағындырылуы керек. Қазіргі кезде қалыптастырылып жатқан әліпбидің осы талап үдесінен шығуы алға қойылуда. Жаңа әліпби қазақ тілінің өзіндік ұлттық сипатына сай болса, осы уақытқа дейін әртүрлі сыртқы ықпалдар әсерінен ажырап қалған өзінің төл табиғатына қауышып, жаңғыруы керек.

Латын негізді әліпбиі әлі сөз болмай тұрған сонау 1996 жылы мен осы бағытта бір әрекет жасауға мәжбүр болған едім. Германияның ДААД ұйымының шешімімен мен Қазақ-неміс тілдерінің контрастивті грамматикасын жазуға Гамбург университетіне тағлымдамалық жолдама алып, сол университетте аталмыш грамматиканы университет баспасынан шығарған едім. Маған берілген компьютерде қазақ кириллицасы болмады. Сол себепті өзім неміс әліпбиіне сүйене отырып, қазақ тілінің латыннегізді әліпбиін құрап, кіріспеді түсініктемесін бердім. Грамматика үлкен тиражбен сол елдің университеттеріне таралды, бір партиясы Алматыға жіберілді. Сол жылы Тіл білімі институтында академик Ө.Т.Қайдаровтың ұйымдастыруымен алғаш рет латыннегізді қазақ әліпбиі мәселесінің талқылауына қатысып, өз жобамды көрсеткен едім.

Рухани жаңғыру аясында тілді реформалаудың маңызды бір сарасы латын әліпбиіне көшу. Оның түпкі мәні осы күнге дейін қолданыста болған кириллнегіздегі әліпбидің қазақ тілінің ұлттық болмысына келтірген кері ықпалынан шығу және де қазіргі ғаламдық өркениетке сай өзіміздің ұлттық әліпбиімізді қалыптастыру. Осы бағытта қазақ әліпбиінің үш жобасы халық талқылауынан өтті.

Алғашқы жобада қазақ тілінің дыбыстарын графикалық белгіленуінде диграфтық тәсіл қолданды. Бір дыбысқа екі әріп қосарлана беріліп, сөздерді оқу мен жазуға оңтайлы бола алмады; қазақтың төл дыбыстары: *ә-ae, ө-oe, ү-ue* түрінде таңбаланып, кеңістікті кеңейтіп, пернетақтада терілу уақыт алып, қолайсыз болды. Халық талқысында бұл жоба қатты қарсылыққа душар болды.

2017 жылдың желтоқсан айында латыннегізді қазақ әліпбиін ғылыми негізде қалыптастыру мақсатында академиктер, ғылым докторлары мен белгілі тіл мамандары бірлесе отырып, бірнеше жобалық нұсқаларын талдап, кең ауқымда зерделеп, «бір дыбысқа бір әріп» қағидасына негіздеп жаңа жобаның нұсқасын қалыптастырып, Елбасының атына он алты академиктер мен ғылым докторлары қол қойған Ашық хат жолданған болатын.

Екінші рет өзгертіліп, латын графикасына өту туралы Президент Жарлығымен жарияланған апострофты нұсқаның да қолдану барысында кемшіліктері шығып, ел көңілінен шықпады. Апостроф әріптердің оң жағына түскендіктен. оның диграфтан айырмашылығы шамалы болды және де ол тоғыз әріпке қолданылғанда, ғалымдар айтқандай, апострофтармен жазу кезіндегі қиындықтар болатыны байқалады, өйткені осы жазудағы төл дыбыстармен келетін сөздердің жиілігі жоғары.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ел тілегін ескеріп, «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізді. Халықтық талқылауда қалыпқа түсірген Қазақ әліпбиі өмірге жол тартты.

Үшінші нұсқада диакритиканың бір түрі ақут қолданылған.

Негізінде қазақ тілінің әліпбиі ұлттық тілдің сипаты болғандықтан, ол тек осы ұлттық тілдің төл дыбыстарына ғана негізделуі басты ұстаным болуға тиіс еді. Бұл пікірді қазақ лингвистері, оның ішінде осы жобаны жасауға о бастан белсенді түрде қатысып жүрген профессор Әлімхан Жүнісбеков те айтып келеді. [3] Әлемдік тәжірибеде осы ұстаным әліпби құрастыруда негізге алынғаны баршаға аян. Шеттен кірген сөздер ана тілінің заңдылықтарына сай қабылданған жазу ережелері арқылы қолданылып жазылатыны белгілі.

Аталмыш әліпбиіде *щ, ч* дыбыстары диграфтармен таңбаланған. Бұл негізгі «бір дыбысқа бір әріп» қағыдасына қайшы келеді.

Сонымен қоса бұл жобаның да ұлттық дыбыстарды таңбалауда әлі жетілдіруді қажет ететін тұстары бар. Мәселен, «у, ұ, ү» әріптерінің негізінде бір жүйелілік бар, ендеше олар тұлғалық жағынан да бірегей болуы заңды. Ал қазіргі әліпбиіде «Ә» -«А ақутпен», «Ө - О ақутпен» қолданған ұстаным өзгерген, «У» – «Ү ақутпен»; «Ұ» - «U»; «Ү» - «U ақутпен» белгіленгені бірізділіктен ауытқып, үлкен қиындықтар туғызады. Әліпбиді құрағандардың өз дәйектемелері болар, дегенмен байқап қарасақ, жүйеліліктен кеткен соң, мына түрінде қиындықтар болары көрініп тұр.

Қандай да болмасын, әліпби де өз алдына бір жүйе болған соң, онда бірізділік болуы заңды. Ал жазылу ережелеріне, емлесіне арқа сүйеіп қою мына қиындықтарды жою қояр ма екен. Бұл әліпби де алда жетілдіруді қажет етеді.

Қазіргі кезеңде соңғы қабылданған қазақтың латыннегізді әліпбиінің айтылу, жазылу және оқылу ережелерін қалыптастыру барысында ұлттық комиссияның ұйымдастыруымен тіл мамандары бірге ақылдасып, талқылап бір жобаға келетін емлесілік ережелер нұсқасын даярлау үстінде. Бұл өте маңызды іс, өйткені жаңа латыннегізді қазақ әліпбиінің өміршеңдігі жаңа емле жобасының ғылыми негізі концептуалды тұғырда қалыптастырылуына байланысты.

Қандай да болмасын бір ұлттың өз әліпбиін жаңғыртуы сол халықтың ішкі-сыртқы мүмкіншіліктері мен замана талабына сай өзінің рухани даму, өркендеу қажеттіліктерінен туындайтын құбылыс. Елдің болмысы туралы ой қозғағанда, бірінші кезекте ел мәдениеті мен рухани деңгейі алға шығады. Гумбольдтша айтсақ, халық рухы тілінде көрініс табады екен. Тіліне қарап елі демекші, ұлттық тіліміз қазақ тілінің әлеуеті туралы айта бастасақ, ең алдымен ол тілдің сөздік байлығы, қоры туралы сұрақ туа қалады.

Қазақ тілінің сөздік қоры әлемдік тілдердің дамығандарының қатарынан табылады. Осыдан екі жыл бұрын жарық көрген 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде 150 мыңнан астам сөз бен сөз тіркесі енгізіліпті.

Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме «Қазақ сөздігінде» 106 мың атау сөз бен 48 300 сөз тіркесі, барлығы 154,3 мыңнан астам лексикалық бірліктер қамтылған. Осы сөздіктің алғы бетінде Елбасы сөздікті «Ұлттың ұлы қазынасы» - деп атап, қазақ тілінің сөз байлығын былайша бағалады: «Қолдарыңызға ұстаған «Қазақ сөздігі» – біздің мемлекеттік тіліміздің түркі тілдер тобындағы ең бай тіл екендігін айғақтайтын бірегей басылым». [4]

Осыншама сөздік қоры бай тілдің ғылыми зерттелуінің ауқымына көз салсақ, бүкіл ел аумағындағы тілге байланысты ғылыми зерттеу орталықтарындағы, университеттердегі зерттеулер, сонымен бірге Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының үлкен еңбектерін осы арада айтып жеткізуге уақытымыз да, мүмкіншілігіміз де жете қоймас.

Әйтседе, ерекше айта кететін бір жағдай бар. Осы институт лингвистерінің тіл білімінің заманауи парадигмалық зерттеу өрісінде, атап айтқанда, функционалды семантикалық парадигма деңгейінде өткен ғасырдың соңғы жылдарындағы өзекті болған теориялық зерттеу нысаны – жалпытілді к категорияларды қазақ тілі негізінде түбегейлі зерделеулер кең өріс ала бастады. Қазақ тілінің дәстүрлі грамматикалық категорияларының функционалдық семантикалық сипаттарын зерттеулерде грамматикалық категориялар жаңа қырынан ашылып, қазақ грамматикасы жаңғыру үдерісіне бет бұрды.



Осы бағытта профессор С.С.Құнанбаева докторлық диссертация ауқымында зерттеп, ежелден белгілі, дәстүрлі шақ категориясының осыған дейін қазақ грамматикасында ашылмай жүрген маңызды бір функциясын, көркем әдебиеттегі табиғатын ашып, ерекше бір маңызды функциясын негіздеді. Ол шақ категориясының екінші маңызды функциясы - шақтық қатынастар еді. [5]

Жалпы шақ категориясы универсалды морфологиялық категория. Шақ категориясының атауын А.Байтұрсынов тілдегі негізін аса бір көрегенділікпен оның табиғатын дөп басып, тереңінен танып, дәл атаған. Бұл категория орыс тілінде «время», ағылшын тілінде «time», неміс тілінде «Zeit» деп аталады, ол «уақыт» ұғымына келеді. Ал морфологиялық категория ретінде ол физикалық уақыттан басқаша ұғымды білдіреді. Тілдегі осы шақ, келер шақ, өткен шақ категориялары тілдік тұлғалар, олар тіл қолданысындағы іс-әрекеттерінің сөйлеп тұрған шаққа қатынасын білдіреді. Сондықтан да ұлы данышпан осы шақ - іс-әрекеттің сөйлеп тұрған шақпен бірдей болғанын, өткен шақ деп «іс-әрекеттің сөйлеп тұрған шақтан бұрын болғанын білдіретіндігінен «өткен шақ» деп атаған. Ал орыс, ағылшын, неміс тілдерінде «время» дегенде, осы мағынаны атаған. Сонымен бірге бұл морфологиялық категорияның тіл қолданысында екінші қызметі бар. Ол құрмалас сөйлемдерде, әсіресе сабақтас құрмаласта айқын көрінеді. Бағаныңқы сөйлемдегі етістіктің шақтық формасы осы шақ, өткен шақ не келер шақты білдірмейді. Ол бағыныңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің басыңқыдағы іс-әрекеттен бұрын, кейін не бірдей өтетінін білдіреді. Морфологиялық шақ категориясының бұл екінші функциясы. Профессор С.С.Құнанбаеваның ғылыми дәйектеген теориясы осы категорияның негізгі қызметіне арналған.

Қазақ тіл білімінде аталып отырған жаңа бағыт, жаңа функционалды семантикалық парадигманың теориялық, әдістемелік негізін қалаған профессор Зәуре Ахметжанованың зор еңбегін атамай кете алмаспыз. [6]

Қазақ тілінің алты функционалды семантикалық категорияларын алты ғалым диссертациялық жұмыстарында жаңа парадигма негізінде зерттеп, ұжымдық еңбек дәрежесінде Қазақ тілінің функционалды грамматикасын қалыптастырды [7].

Профессор Н.А.Сәрсенбаева, профессор Қ.Т.Рысалды қазақ тілінің функционалды грамматикасын қалыптастыруға қатысып, қазақ тілінің екі категориясын функционалды семантикалық парадигмасы ауқымынла зерттедік.

Н.А.Сәрсенбаева бұрын соңды қазақ грамматикасында жаңа теориялық парадигма ауқымында анықталмаған белгілілік, белгісіздік категориясын зерделеді, оның категориалдық болмысын ғылыми негізде қалыптастырып, оның тіл жүйесіндегі табиғатын ашты. Сонымен қазақ тілі грамматикасында бұрын сипатталмаған, тіл құрылысында өзіндік болмысымен орын алатын категорияны алға шығарды. [8]

Мен қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастау алған сын есімнің шырай категориясын заманауи лингвистикалық теория негізінде жалпытілдік категория тұлғасында зерттедім. Жалпытілдік сын дәрежесі категориясының ұғымдық, семантикалық негізін зерделегенде, шырай категориясы морфологиялық категория ретінде жалпы семантикалық ауқымның доминанттық сипатта пайымдалды. Осы кезге дейін шырай категориясының морфологиялық парадигмасы қай тілде болмасын бірізділікке келмеген. Қазақ грамматикасында тіпті жай шырайдың тілдік статусы әрқыйлы қарастырылады да, морфологиялық парадигмаға кіргізілмейді. Оны қазақ тілінің 2002 шыққан академиялық грамматикасынан көруге болады. Зерттеулер нәтижесінде сын дәрежесі категориясының функционалды семантикалық негізі айқындалып, категория табиғатына сай жаңа парадигмасы ғылыми негізде дәйектелді. Қазақ, неміс тілдерін осы категория негізінде салғастыра зерттеп, екі тілде шырай категориясының өз табиғатына сай жаңа екі субпарадигмалық қалпын негіздедім. [9] [10]

Қазақ тілінің функционалды грамматикасының дәстүрлі грамматикадан өзгешелігі сонда, ол қазақ тілінің әлемдік бейнесін қалыптастыратын категорияларды жаңа қырынан, яғни, тілдің барлық деңгейлерінің интегративтік негізде жүйелілігін айқындады. Ол сол кездегі қазақ тілінің жаңғыруы болды десек те болады. [10]

Тіл білімінің қазіргі когнитивті дискурсивті парадигмасында ұлттық тіліміздің жаңа қырлары тереңінен сараланып, оның этномәдени сипатын аша отырып, өзге тілдермен салғастыра зерттелуде. Университетіміздің магистранттары мен докторанттарының ғылыми теориялық зерттеулері осы бағытта жүріп жатыр.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Нұрсұлтан Назарбаев. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру* 2017 жылғы 12 сәуір
2. Wilhelm-von-Humboldt scribd.com>document... Wilhelm-von-Humboldt...ber-die...
3. Әлімхан Жүнісбек. Әліпби мәселесі abai.kz>post/15699
4. Нұрсұлтан Назарбаев. *Ұлттың ұды қазынасы. Қазақ сөздігі*. Алматы, 2013
5. Құнанбаева С. С. *Темпоральные отношения в казахском художественном тексте*: Автореф. на соиск. уч.

степ. докт. филол. наук по спец. 10.02.06 - Тюркские языки / С.С. Кунанбаева.- 6, 17 Мб.- Алма-Ата: Институт языкознания, 1991.- 43с

6. Ахметжанова З.Қ. Ахметжанова З.К. Принципы сопоставительного функционального исследования казахского и русского языков: автореф. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1989. – 46 с.

7. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Алматы, 201

8. Сәрсенбаева Н.А.. Белгілік, белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы.. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Алматы, 2011.

9. Рысалды Қ.Т. Белгі дірежесі-функционалды-коммуникативтік категория. Алматы, 2011.

10. Қазақ грамматикасы. Алматы, 2002

УДК 808

**Тайрбеков Б.Г.** д.ф.н., проф.  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
Алматы, Казахстан

### **О ПРЕОБРАЗОВАНИИ КАЗАХСКОГО ПИСЬМА**

**Аннотация:** В президентском послании народу Казахстана в 2012 году было сказано: «Нам необходимо, начиная с 2025 года, приступать к переводу нашего алфавита на латиницу, на латинский алфавит. Это принципиальный вопрос». Позже президентскими указами утверждён (26 октября 2017 года) и уточнен (19 февраля 2018 года) «Алфавит казахского языка, основанный на латинской графике». При этом предписано «... обеспечить поэтапный перевод алфавита» до 2025 года. В статье рассматривается вопрос о преобразовании казахского письма в свете сугубо научных представлений.

**Ключевые слова:** язык, знак, речь, письмо, фонема, графема, граммема, алфавит.

**Tairbekov B.G.,**  
d.phil.sc., prof. Kazakh Ablai Khan UIR&WL  
Almaty, Kazakhstan

### **ABOUT TRANSFORMATION OF THE KAZAKH WRITING**

**Abstract:** In the president's message sent to the people of Kazakhstan in 2012 was said: "Starting from 2025 we need to proceed with the translation of our alphabet into Latin. It is a principled question." Later "the alphabet of Kazakh language based on the Latin graphics" was approved (October 26, 2017) and elaborated (February 19, 2018) by president's decrees. Herewith, it is prescribed "...to provide gradual translation of the alphabet" until 2025. The article considers a question about transformation of the Kazakh writing in the light of purely scientific representations.

**Key words:** language, sign, speech, letter, phoneme, grapheme (grammeme), alphabet

В президентском послании народу Казахстана «Стратегия: Казахстан-2050. Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 2012) было сказано: «Нам необходимо, начиная с 2025 года, приступить к переводу нашего алфавита на латиницу, на латинский алфавит. Это принципиальный вопрос». Позже президентскими указами был утверждён (26 октября 2017 года) и уточнён (19 февраля 2018 года) «Алфавит казахского языка, основанный на латинской графике». При этом предписано «... обеспечить поэтапный перевод алфавита» уже до 2025 года. Можно, пока ещё есть время, воспользоваться этим обстоятельством для рассмотрения вопроса о преобразовании казахского письма в свете сугубо научных представлений.

#### **Азбучные истины**

Язык, в его научном понимании, - это присущее человеку средоточие сознания, сгусток нервных клеток в левой височной извилине коры больших полушарий головного мозга, в центре Брока, по имени открывшего его в 1863 году французского анатома и антрополога Поля Брока (Paul Broca 1824-1880), сопряжённом с мыслительно - двигательной (психико - физиологической) деятельностью по воспроизводству условных знаков для общения с другими людьми.

Знак – это материальный предмет, используемый как наименование для замещения какого-либо явления и возбуждения его образа (в связке с образом знака) в сознании человека. При этом «называется единичное, но обозначается всеобщее»: *singularia nominantur, sed universalia significantur* (Ансельм Кентерберийский - Anselme de Cantonberg, 1033-1109), например, каз. жылқы-«конь» как животная особь и «лошадь» как вид животного. Общению служат знаковые системы - речь и письмо.

Речь суть совокупность звуков порождаемых говорением и воспринимаемых на слух. Она членораздельна - состоит из слогов. Единицы речи-речения. Они неустойчивы во времени и ограничены

в пространстве. Сохранению и распространению речи издавна способствует письмо.

Письмо суть совокупность начертаний, наносимых посредством какого-либо орудия на какую-нибудь поверхность и воспринимаемых зрительно. Это текст. Он состоит из объединения написаний между двумя пробелами. Единица речи - слово. Писать можно чем угодно по чему угодно: зубилом по камню, палочкой по глине, скребком по коже, кисточкой по шёлку, пером по бумаге, мелом по доске, угольком по забору, даже вилами по воде - если та замёрла...

Знак («кусочек материи» - В.М.Солнцев, 1928 - 2000) не обладает значением. Значения (смыслы, понятия) находятся в человеческой голове (в центре Брока), а знаки (речения, слова) - вне человеческой головы. Но бытует расхожее выражение: «язык - система знаков» как неких двусторонних сущностей, у которых «одна сторона - значение, другая сторона - звучание» (написание). Такие «знаки» одним боком застрявшие в голове, другим боком торчащие из головы,- околонуточная придумка.

В некоторых знаковых системах выделяются частички предложения (звуки) и частички слова (буквы). Конечно, не все говорящие отчётливо произносят звуки и не каждый пишущий разборчиво выводит буквы. Понимание происходит благодаря складывающимся в сознании обобщённым представлениям. Они называются: обобщённое представление о звуке - фонема [1, т. I, с. 351; т. II, с. 118] обобщённое представление о букве - графема [1, т. II, с. 290].

Различают потому разновидности письма [см.2]: письмо пиктографическое - рисуночное, напр. доисторические пещерные рисунки, наскальные изображения, современные знаки дорожного движения, обозначения в метро и т.п.;

письмо идеографическое - понятийное, или образное, например, математические, химические и пр. формулы, арабские и римские цифры, египетские и др. иероглифы («китайская грамота»);

письмо фонемно - графемное, или буквенно - звуковое, арабское, латинское, кириллическое и др. предметом рассмотрения в статье вопроса о преобразовании казахской письменности (её переходе с кириллицы на латиницу) является фонемно - графемное письмо.

Что же касается алфавита, то это перечень букв, «расположенных в определенном традиционно установленном порядке» [3, с. 36]. И ничего более того. Объект обсуждения в статье - не алфавит (азбука, әліпби), а системы письма (кириллица и латиница).

### **Почему латиница?**

Предписанное президентскими указами требование «о переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику» обусловлено тремя предположениями:

Первое - это «создаст условия для нашей интеграции в мир»;

Второе - это даст возможность «лучшего изучения нашими детьми английского языка и языка интернета»;

третье «и самое важное – это даст толчок модернизации казахского языка», ибо «надо сделать его современным».

Предопределения важные.

Первое – по поводу условий для интеграции в мир.

Латиница- это *conditio qua non* (лат. «непременное условие») чтения и письма не более чем для пятой части человечества. Прочим землянам ведомы иные письмена. Совсем неплохо внедрились в международное сообщество многомиллиардные Китай с его ханьским путунхуа и Индия с её брахми и деванагари. Почему же для вхождения в мировое пространство понадобилось заменить кириллицу латиницей в Казахстане и нет надобности заменять латиницей кунмун и хангыль Корея - где тут собака зарыта?

В своё время при скачкообразном переходе от прежней латиницы к неожиданной кириллице, сохранив ненужные (в,ё,и,ф,ц,ч,щ,ъ,ь,э,ю,я) и добавив нужные (ә,ғ,һ,і,қ,ң,ө,ұ,ү) для казахского письма буквы, знатоки благодушно слепили некое «два в одном» с неисчислимыми межязыковыми омографами: арка (каз. «спина»), бас (каз «голова») и бес (каз. «пять»), жара (каз. «рана»), лай (каз. «мать»), май (каз.«масло»), пара (каз.«взятка»), риза (каз. «согласный»), сыр (каз «тайна»), тон (каз «тулуп») и т.д. и т. п. По мнению аксакалов-языковедов, «современный казахский алфавит мы считаем вполне усовершенствованным во всех отношениях» [4, с.72]. Тем не менее, с такой на редкость бессистемной системой письма в мировые просторы не выбраться.

Второе - насчёт возможности «лучшего изучения нашими детьми английского языка и языка интернета». Конечно, овладение неродственным и иноструктурным языком с несхожей системой письма - дело нелёгкое. А «язык интернета», иначе говоря, навыки обращения с современными электронными устройствами для общения приобретает осчастливленным подобным устройством малыш, которому

предстоит потом учиться в школе английской латинице. Понятно, что «...государства осуществляют поиск национальных стратегий развития, собственных моделей оптимального вхождения» [5.с.7] в англоязычный мир.

Третье - относительно осовременивания казахского языка.

Да, «казахский язык – это наш духовный стержень», и «наша задача- развивать его, активно используя во всех сферах,- подчеркнуто в президентском послании. Мы должны оставить в наследство нашим потокам современный язык, в котором к опыту многих поколений наших предков был бы гармонично добавлен и наш заметный след».

В дополнение к этому на Международном форуме «Окружающая среда и развитие» отмечено, что «устойчивый туризм должен соответствовать критериям социальной, культурной, экологической и экономической совместимости. Устойчивый туризм - это тот туризм, который в долгосрочной перспективе, то есть в проекции на современное и будущие поколения, может адаптироваться к конкретным этническим и культурным особенностям, отвечает требованиям социальной справедливости, экологически совместим, а также целесообразен и выгоден в экономическом плане».

Следует отметить что, в настоящее время Казахстан все больше проявляет заинтересованность в проблемах экологии, а особенно в вопросе озеленение и очищение всех экономических направлений. Как отметил глава государства Н.Ә.Назарбаев в своем послании «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции»: Важно стимулировать бизнес, инвестировать в «зеленые» технологии, эти меры потребуют актуализации законодательства, в том числе Экологического кодекса. [4]

Известно, что природно-климатические, техногенные и социальные факторы Республики Казахстан резко влияют на здоровье и качество жизни человека, на состояние работоспособности, репродуктивные функции и продолжительность жизни. Именно поэтому, государство выделяет большое количество средств для устранения этих проблем.(Рисунок 1)



Примечание - Составлено автором по данным Агентства РК по статистике [5]

Рисунок 1- Текущие затраты на охрану окружающей среды, млн. тенге\*

Устранение экологических проблем хоть и является важным приоритетом государства, стоит отметить, что проблему следует решать из корня. А корни проблемы многих экологических бедствий могут лежать именно в экологической необразованности нации. Одновременно в неосведомленности о правильном экологическом поведении. Не каждый взрослый человек знает, в чем лежит экологически здоровое будущее нашей страны. Что уж говорить о детях. Хотя именно молодое поколение является будущим двигателем прогресса в экономике Казахстана.

Одним из направлений развития стала задача «Человеческий капитал – основа модернизации». Нарращивание потенциала нации требует дальнейшего развития нашей культуры и идеологии. Смысл «Рухани жаңғыру» именно в этом. Идеалом нашего общества должен стать казахстанец, знающий свои историю, язык, культуру, при этом современный, владеющий иностранными языками, имеющий передовые и глобальные взгляды.

Благодаря развитию туризма в Казахстане разработаны экологические маршруты. Туристы имеют

возможность совершать пешие, конные или вело прогулки по лесному массиву, купаться в озерах, реках, целебных источниках, ходить в походы с экскурсоводом.

Обратим внимание, что туризм, а в особенности экотуризм является рациональным решением многих задач. В частности одно из наиболее приоритетных направлений в туризме детско-юношеский туризм. Детско-юношеский спортивно-оздоровительный туризм является одной из наиболее эффективных оздоровительных технологий, способствующих формированию здорового образа жизни человека и общества в целом, что имеет большое государственное значение в воспитании подрастающего поколения. Поэтому можно с уверенностью сказать, что детско-юношеский и молодежный туризм – важный способ передачи новому поколению накопленного человечеством жизненного опыта и материально-культурного наследия, формирования ценностных ориентаций, нравственного оздоровления и культурного развития нации, один из путей социализации личности.

Если до начала 90-х годов вопросами детского туризма занималась только система образования, то сейчас ситуация коренным образом изменилась. В качестве субъектов, развивающих детский туризм, появились и коммерческие фирмы и общественные объединения. Поэтому возникает необходимость изучения и обобщения опыта развития детского туризма не только с точки зрения дополнительной образовательной деятельности, но и с позиций экономической эффективности этого направления.

По тематическим направлениям познавательные путешествия школьников могут иметь экологическую направленность. Такое направление в детско-юношеском активном туризме направлено на познавательный и оздоровительные виды туризма.

К примеру, в сезонный - каникулярный период замечается явный недостаток в отдыхе на базе детских лагерей. Данный вид туризма осуществляется государственными и муниципальными органами управления, образовательными учреждениями, в том числе учреждениями дополнительного образования. В последние годы в реализацию программ по развитию детского и молодежного туризма включились также органы по делам молодежи и управления (департаменты и т.д.) по туризму, а также органы управления смешанного типа, например, Комитеты по делам молодежи, спорту и туризму. Однако замечается нехватка учреждений предоставляющие услуги по данному виду туризма в Центральном Регионе. Хотя наша область имеет потенциал и благоприятна к развитию детско-юношеского активного туризма направленного на экологическое воспитание нового поколения.

В частности Каркаралинск - это место, где сосредоточены богатые природные и рекреационные ресурсы, объекты национального, культурного и исторического наследия Казахстана. Туризм, являясь эффективным средством воспитания, обучения, оздоровления, утверждения здорового образа жизни, социальной адаптации всех групп населения, способствует профессиональной ориентации подрастающего поколения. В связи с этим развитие внутреннего туризма становится актуальной задачей и одним из реальных инструментов оздоровления нации и улучшения качества жизни.

Воздушная среда данной территории отличается исключительной прозрачностью и чистотой, вода из горных родников повсеместно пригодна для питья. Не затронутый цивилизацией ландшафт, отсутствие дорог и автотранспорта уменьшает антропогенную нагрузку на местность до минимума. В питании туристов максимально можно использовать экологически чистые местные продукты, приготовленные по традиционным технологиям.

Как показывают статистические данные, Каркаралинский национальный парк по количеству посещений туристами намного отстает от остальных туристических дестинаций страны, всего в 2016 г. его посетило 31322 человека (Таблица 1)

Таблица 1 – Количество обслуженных посетителей по областям и курортным зонам Республики Казахстан за 2016 год

	Всего посетителей	в том числе		
		в местах размещения	в санаторно-курортных организациях	в ООПТ
Республика Казахстан	5 722 583	4 217 782	313 028	1 191 773
Щучье-Бурабайская курортная зона	809 124	137 297	27 286	644 541
Зерендинская курортная зона	106 478	52 341	-	54 137
Алматинская курортная зона	392 258	236 756	1 501	154 001
Каркаралинская курортная зона	57 082	25 761	-	31 321

Примечание - Составлено автором по данным Агентства РК по статистике [5]



Сам Национальный парк охватывает территорию 112 120 га, в нём содержатся 66 видов редких и исчезающих растений, 40 видов млекопитающих и 115 видов птиц. В связи с этим используя природные, культурно-этнографические особенности данной местности можно развивать дестко-юношеский экологически направленный туризм. В частности создание детского лагеря со спортивно-туристическим уклоном, с условиями максимального единения с природой и внедрение заинтересованности детей в экологических проблемах, их понимания об основных мерах защиты окружающей среды. В связи с этим развитие данного вида внутреннего туризма становится актуальной задачей и одним из реальных инструментов экологического воспитания нации и улучшения качества жизни.

В качестве решения данной проблемы в работе предлагается модель организации туров единения с природой в условиях взаимодействия организаций туристского рынка и учреждений школьного и дополнительного образования.

Цель такого туризма – решение актуальных экологических проблем, выброс бытовых отходов и мусора в незначительных количествах и в не положенных местах, которые постепенно загрязняют окружающую нашу среду и препятствует какому-либо развитию туриндустрии. Это следствие безразличного отношения человека к окружающей среде и отсутствие фундамента экологической заинтересованности.

Исходя из колоссальных затрат со стороны государства для временного решения данной проблемы, которая с каждым годом принимает всё большие объёмы, мы хотим создать туристской деятельности в контексте» Перспективы развития детско-юношеского активного туризма направленного на экологическое воспитание нового поколения». Сущность вышеизложенного сводится к тому что дети будут отдыхать воссоединяясь с природой, попутно в их сознаний заложится бережное отношение к природе и уважение. [6]

Основной задачей проекта являлось – создать обстановку подходящую для активного туризма детей школьного возраста, разрушить стереотипы о, как правило, консервативном, чопорном, унылом и стандартном убранстве школьных учреждений, внести новизну, неординарность в концептуальное решение и создать образ экологического лагеря.

Обобщая все сказанное, мы предлагаем спортивно-туристский лагерь организовывается по походному типу способствует сплачиванию ребят. Дети на практике впитывают нужные знания и используют их на протяжении большего количества времени.

Рекреационные потребности общества и особенно подрастающего поколения – это потребности в простом и расширенном воспроизводстве социально-трудового и социально-культурного потенциала общества в целом и, соответственно, потребности в восстановлении и развитии физических и психических сил человека, потребности в его физическом, интеллектуальном и духовном совершенствовании. Деятельность, направленная на реализацию (удовлетворение) рекреационных потребностей, восстановление и развитие физических и духовных сил человека, его интеллектуальное совершенствование и характеризуемая само ценностью не только результатов, но и самого процесса, получила название активной деятельности. Отсюда, в основе туристского бизнеса, на наш взгляд, лежит многообразие видов коммерческой рекреационной деятельности, то есть деятельности, осуществляемой в целях извлечения прибыли.

Успех развития экотуризма, как никакой другой отрасли, зависит от качества окружающей среды, поскольку туристами ценится именно ее первозданность. Экологический фактор естественным образом становится экономической категорией: поддержание качества и первозданности среды (признак устойчивости) экономически выгодно. Поэтому на настоящем этапе развития ряда направлений туристической науки весьма актуально обоснование терминологических понятий, наиболее полно отражающих специфику различных видов туризма, основанных на использовании природных ресурсов, а также выявление главных требований к устойчивому развитию вышеперечисленных видов туризма.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Зорин и.В., Каверина т.П., Квартальнов в.А. Туризм как вид деятельности // учебник. М.: Финансы и статистика. 2005. – 288С.
2. Е.И. Арсеньева, а.С. Кусков, н.В. Феоктистова туризм и культурное наследие. Основные концепции и направления современного экотуризма: компаративный анализ / межвузовский сборник научных трудов. - 2005. - Выпуск 2. - С.186-205.
3. По данным вто, доступным через internet. – Режим доступа: [https://www.Wto.Org/english/res\\_e/statis\\_e/statis\\_e.Htm](https://www.Wto.Org/english/res_e/statis_e/statis_e.Htm) - (дата обращения 18.10.2018)
4. Послание президента республики казахстан н. Назарбаева народу казахстана. 10 Января 2018 г. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции. – Режим доступа: <http://>

www.Akorda.Kz/ru/addresses/addresses\_of\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvarya-2018-g (дата обращения 15.09.2018)

5. Комитет по статистике республики казахстан. – Режим доступа: <http://stat.Gov.Kz/> (дата обращения 19.09.2018)

6. Горбунов с.М. Молодежные инновационные проекты часть 1. «Разработка детского спортивно-туристического лагеря на втрк архыз» проекты, подготовленные в институте сервиса, туризма и дизайна скфу (филиал) в г. Пятигорске для участия в грантовых конкурсах оао «курорты северного кавказа».

УДК 342.51:316-053.6.

**Жанақова Н.Т.,**

т. ғ. к. доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАР

**Түйін:** Мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының көкейтесті мәселелері Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы аясында қарастырылып, жастардың еліміздің экономикалық қуаты мен мерейін асырудағы, рухани жаңғыру саласындағы жетекші рөліне үлкен мән берілген.

**Тірек сөздер:** мемлекет, жастар, саясат, қоғам, бастама, стипендия, білім, қозғалыс, тәрбие.

**Zhanakova N.T.,**

c. of his. sc., associate prof.  
Kazakh Ablai khan UIRandWL  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

### YOUTH IS THE FUTURE OF KAZAKHSTAN

**Abstract:** The article touches upon topical issues of the state youth policy of the Republic of Kazakhstan in the light of the Message of the Head of State dated October 5, 2018 “Growth of the welfare of Kazakhstanis: increasing incomes and quality of life”. State youth policy is one of the priority directions in the activities of our country and is carried out in order to create socio-economic, legal, organizational conditions and guarantees for the spiritual, cultural, educational, professional development of the physical development of young people, to reveal their creative potential in the interests of the whole society.

**Keywords:** state, youth, politics, society, initiative, scholarship, education, movement, education.

Қазақстандықтар – жасампаз және жас ұлт: республиканың әрбір екінші тұрғыны отыз жасқа толмаған жастар. Қазақстанның болашағы Қазақстан жастарының даму деңгейімен, олардың қоғамға ықпалдасуымен байланысты, болашақтың негізі бүгін қаланады.

Бүгінде еліміз өзінің алдына әлеуметтік жаңғыру, үдемелі инновациялық индустрияландыру және экономикалық ықпалдасу бойынша жаңа ауқымды міндеттер қояды. Тәуелсіздіктің 27 жылындағы жетістіктерді бекіте отырып, Қазақстан ХХІ ғасырдың үшінші он жылдығында әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруге ниет білдіреді. Бұл жағдайларда аға буынның жасампаз істерін жалғастыруға, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің деңгейін одан әрі жоғарылатуға, Қазақстанның ХХІ ғасырда гүлденуі мен әлемдік танылуын қамтамасыз етуге тиіс жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктеледі.

Мұндай жоғары мақсатты орындау кәсіптік білімі, дені сау әрі адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті, патриот және әлеуметтік тұрғыдан жауапты жастардың ғана қолынан келеді. Осыған байланысты мемлекеттің басым міндеті мемлекеттік жастар саясатын уақыт талаптарына сай бейімдеу арқылы жастарды Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналдыру.

Жастар саясатының басымдықтары Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларының түйінді мақсаттарының бірі болып табылады. Ел Президентінің саликалы саясатының арқасында тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап жастар саясаты еліміздің басты басымдықтарының біріне айналды. Соның айқын дәлелі – Елбасы 1997 жылғы Қазақстан халқына алғашқы жолдауында-ақ жастарға үлкен сенім артты [1, 384].

Тәуелсіздіктің 27 жылында мемлекеттік жастар саясаты базалық қалыптасу кезеңінен өтті. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі басымдықтары 1999 жылғы 28 тамызда қабылданған Мемлекеттік жастар

саясатының тұжырымдамасына енгізілген.

2004 жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылданып, жастар жеке әлеуметтік-демографиялық топ ретінде бөлінді, оларға белгілі бір әлеуметтік құқықтар мен мемлекеттік кепілдіктер берілді.

Жастар саясатының «Қазақстан жастары», «Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы», «Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы» салалық бағдарламалары, сонымен қатар «Қазақстан Республикасында азаматтарды патриоттық тәрбиелеудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» іске асырылды.

Қазақстанда Елбасының бастамасымен жалпыұлттық: «Жас Отан» Жастар Қанаты, «Дипломмен – ауылға!» және «Жасыл ел» сынды жастардың жобалары жұмыс жасауда.

«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының «Жас Отан» Жастар қанаты 2008 жылғы 14 мамырда Астана қаласында «Жас Отан» ЖҚ І Съезінде қоғамдық бірлестік тұлғасында құрылды. Ұйымның облыстық, Астана және Алматы қалалық филиалдары, сондай-ақ, қалалық және аудандық деңгейде бөлімдері бар. «Жас Отан» Жастар қанатының Орталық кеңесіне Қазақстан Республикасының Парламенті, Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, Үкіметтік емес ұйымдардың жастар көшбасшылары, жас спортшылар мен мәдени қайраткерлер кіреді.

2009 жылдың шілде айынан бастап, «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» Жастар қанаты, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Қазақстанның ауыл жастары одағы мен Қазақстан студенттер альянсы «Дипломмен ауылға!» жобасын жүзеге асыруда. «Дипломмен ауылға!» жобасының мақсаты – ауыл-аймақтардың кадрлық әлеуетін қалыптастырып, қажетті еңбек ресурстары – әлеуметтік сала және агроөнеркәсіптік өндіріс мамандарымен қамтамасыз ету мәселелерін шешуде қолдау көрсету. «Жас Отан» ЖҚ аймақтық филиалдарының базасында жастарды ауылға барып тұруға және жұмыс істеуге шақыру үшін іс-шаралар мен консультациялар өткізілуде.

«Дипломмен ауылға» жобасы қазақ елінің қазығы болған ауыл үшін де, жастар үшін де өзекті бастама. Бұл шара мемлекеттің ауылды қолдауға бағытталған бұрынғы іс-қимылдарынан өзгеше маңызды болып отыр. Бүгінде жастар Елбасының осы түйткілді шешуге бағыттаған бағдарламасының аясында өз кәсібінің маманы бола алады. Ауылға барған жас маман тек кадр мәселесінің шешілуіне ғана ықпал етіп қоймай, ондағы өзге де салаларға серпін береді.

Жобаға байланысты жұмыстар қолға алынып, студенттердің арасында ауылға аттануға ниет білдірушілер саны уақыт өткен сайын арта түсуде. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында өңір жастарын жұмыспен қамту жұмыстары өз нәтижесін беріп отыр. Олар бүгінде білім беру, медицина, мәдениет салаларында еңбек етуде. Мамандарға бағдарламаға сәйкес көтермелеу жәрдемақысы беріліп, бірқатары тұрғын үй алуға бюджеттік несие алған. Олай болса, «Дипломмен ауылға» жобасы кадр біліктілігіне қатысты көзге көріне бермейтін, бірақ маңызы зор мәселелердің шешімін табуға ықпал ететіні сөзсіз.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2005 жылдан бастап «Жасыл Ел» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. «Жасыл Ел» еңбек жасақтары құрылды. Қазір бүкіл республика бойынша 114 мыңнан астам жастар осы жасақтарға мүше болып отыр. Бұл жасақтардың мүшелері өңірді көгалдандыру, көріктендіру және тазалау жұмыстарын атқаруда.

Еліміздің келешегінің кемел болуы, гүлденіп, өркендеуі қазіргі жастарға, олардың білім деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты. Міне, сондықтан да Елбасымыз қазақстандықтарға білім берудің жаңа сапасына көшуді тапсырған болатын.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауында: «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек» деп ел болашағы жастарға жете көңіл бөліп, келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынған болатын [2]. Сол сияқты Елбасы шет елдердегі Бойскаут қозғалысы сияқты «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің рөлін күшейтуге баса назар аударды.

Қазіргі уақытта мемлекет жас ұрпақтың осы заманғы біліммен сусындауына барынша жағдай жасап отыр. 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген. 1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу

орындарына жіберілді.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Болашақ» бағдарламасының арқасында мыңдаған дарынды жас қазақстандық мемлекет есебінен әлемнің үздік университеттерінде жоғары деңгейлі білім алды. «Болашақ» жастар үшін шынайы әлеуметтік баспалдақ бола алды» [3, 280]. Бұл бағдарламаның көптеген түлектері мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты қызметтерді атқарып, мемлекеттік және халықаралық жобаларға қатысып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда.

Қазіргі кезде үміткерлер әлемдегі 32 елдің алдыңғы қатарлы 630 оқу орындарында оқи алады. Бүгінгі таңда стипендияны іске асыруда магистрлік және докторлық бағдарламаларға, сондай-ақ біздің ел үшін анағұрлым қажетті болып табылатын техникалық және медицина мамандарын дайындауға ерекше көңіл бөлуде.

Қазақстан Республикасының Президенті 2009 жылы халықаралық деңгейдегі университет құру жобасының бастамашысы болды. 2010 жылы Назарбаев Университетінің есігі алғашқы студенттерге ашылды. Бұл университет еліміздің болашақ интеллектуалдық элитасын қалыптастыру мақсатында құрылды. Жаңа үлгідегі бұл оқу орны инновациялық зерттеу қызметін жүргізуге бағытталған қазіргі заманға сай ғылыми инфрақұрылымы бар университет болуды мақсат етіп отыр. Университетте ең үздік ұлттық және халықаралық зерттеушілер жұмыс істеуде, оларға шығармашылық қызметті жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуды.

Сондай-ақ, мемлекет жастарды жұмыспен қамту және баспана беру мәселелеріне баса назар аударуда.

Бүгінгі таңда, еліміздегі азаматтық қоғамның дербес, белсенді және жауапкершілігі мол бөлігінің бірі – жастар. Жастар қоғамдағы қозғаушы күшке айналды. Мұның себебі де бар, Елбасы жастар саясатына соңғы жылдары үлкен маңыз берді. Олармен нақты жұмыс істеудің үлгісін көрсетті.

Жастар — келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Ол ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның — дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет.

Президент Н. Назарбаевтың ойынша «қазіргі таңда жаңа буын өкілдері жоғары интеллектуалды, энергияға толы күші мен талпынысын көрсетуде. Жастар еліміздегі реформалардың тірегі мен қозғаушы күшіне айналуда». Әрине республикамыздағы әр үшінші адам жастар қатарында болса, олардың қоғамда ықпалды топ екендігін аңғару қиын емес. Сол себептен Қазақстан жастарының жалпы жай-күйі билік жанынан құрылған жастар ісі бойынша арнайы органдардың бақылауында болуы орынды. Қоғамның, мемлекеттік құрылымның, өкілеттік өкімет органдарының назарын жастар проблемасына аударуының бірден бір айғағы – Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі құрамынан арнайы Жастар саясаты департаментінің құрылуы болды.

Өз қатарында он мың жасты біріктіріп отырған «Жас Отан» Жастар қанаты, Қазақстан Жастар Конгресі, Студенттер альянсы, «Жасыл ел» жұмысшы жастар жасақтары мен Ауыл жастарының одағы атынан Қазақстан халқы Ассамблеясында Елбасының жастар саясаты саласын қолдау бастамасын бірауыздан қолдайтындығын мәлімдеді.

Бүгінгі таңда, еліміздегі азаматтық қоғамның дербес, белсенді және жауапкершілігі мол бөлшегінің бірі - жастар. Ел аумағында, мың екі жүзге жуық жастар ұйымы жұмыс жасап, мемлекет қолдауы арқылы жыл сайын 50 мыңнан астам жастарға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Елімізде мынадай жастар ұйымдары бар: «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты; «Жасыл ел»; «Қазақстан Жастар конгресі»; Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық «Болашақ» стипендиясы түлектерінің қауымдастығы; «Ауыл жастар одағы»; «Қазақстанның жас депутаттар қауымдастығы»; «Студенттік құрылыс жасағы»; «Астана қаласының жастар мәслихаты»; «Есірткісіз болашақ»; «Пікірсайысшылардың республикалық қауымдастығы».

Қазіргі жаһандану заманында білім-ғылымсыз экономиканы алға қарай өрлету мүмкін емес. Сондықтан да Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың осы мәселеге ерекше мән бере отырып, еліміздің одан әрі де табысты алға жылжуын жалғастыру үшін білім, ғылым салаларында алда тұрған жаңа міндеттердің жайына тоқталу үшін, еліміздің болашағы жастарға үшін 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдаудың маңызы ерекше.

Биылғы Жолдауда Елбасының жастарға үлкен жауапкершілік артып отырғаны айқын сезілді. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиясының өзі жастар үшін қабылданып жатыр. Өйткені, жастар – мемлекеттің болашағы. Ал болашақтың қалыбы бүгіннен басталады. Елбасы осы бастан жастардың келешекте жүрер бағытын анықтап берді. Адастырмайтын жолын нұсқап көрсетіп отыр.

Жолдаудың кең ауқымды бағыттары еліміздің экономикалық қуаты мен мерейін асыруда бәрімізге міндет-мақсаттар жүктеді. Солардың бірі – «Тұрмыс сапасын арттыру». Осы маңызды бөлім бойынша

Елбасы: «Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы» деп ерекше атап көрсетті [2]. Мұның өзі жастардың болашағына үлкен серпін беріп, олардың келешекке деген көзқарасына зор сенім ұялатты және білімге, еңбекке және табандылыққа талпынуға шақырды. Өйткені, елдің келешегі, елдің ертеңгі тағдыры солардың қолында.

Ел дамуының жаңа кезеңі мен тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына бет бұрған тұста қоғамдағы ең ірі әлеуметтік топ – жастарға деген Президенттің сенімі мен қамқорлығы олардың білім мен ғылымға деген құштарлығын одан әрі күшейтуі қажет. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынған бастамасы да жастар саясаты тәуелсіз Қазақстанның басты басымдылықтарының бірі болып табылатындығын айқындайды.

Қорыта айтқанда, жастар – келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Ол ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет. Жаңа идеялар да жастардың жүрегіне тезірек жол табуы тиіс. Қазақ елінің болашағы – жастар өткенімізді есте ұстап, үлгі ала отырып, келешекке нық қадам басуы керек.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Кіт.: Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2007. – Т.10.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан // Егемен Қазақстан. – 2018. – 6 қазан.
3. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017.

УДК 378.1

**Қалиева К.М.,**

пед. ғ.к., доцент

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ

Алматы, Қазақстан, e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

#### **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПАТРИОТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ ҮДЕРІСІНДЕ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНЕ**

**Түйін:** Мақалада болашақ мұғалімдердің патриоттық құндылықтарын дамыту мәселесінің зерттелу жағдайы қарастырылады; «патриотизм», «патриоттық тәрбие», патриоттық «құндылықтар», «патриоттық құндылықтарды дамыту» ұғымдарының мәні нақтыланады; кәсіби даярлық жағдайында болашақ маманның патриоттық құндылықтарын дамыту үдерісін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етудің жолдары баяндалады.

**Тірек сөздер:** кәсіби даярлық үдерісі, патриотизм, патриоттық тәрбие, патриоттық құндылықтар, патриоттық құндылықтарды дамыту үдерісі.

**Kaliyeva K. M.**

с. of ped. sc.,

Kazakh Ablai khan UIR&WL

Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

#### **THE PROBLEM OF DEVELOPING FUTURE TEACHERS' PATRIOTIC VALUES IN THE PROCESS OF PROFESSIONAL TRAINING**

**Abstract:** The issue of the development of future teachers' patriotic values; the essence of the notion «patriotism», «patriotic education», patriotic «values», «development of patriotic values»; the ways of scientific and pedagogical support of the process of development of the future specialist's patriotic values in the conditions of professional training are described in the article.

**Key words:** the process of professional training, patriotism, patriotic education, patriotic values, development of patriotic values.

Қоғамдық дамудың бүгінгі жағдайында еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда азаматтардың патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отыр.

Елбасы “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мақаласында «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдарының тұрғанын ұмытпауымыз керек. Біз оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз» [1] - деп атап көрсетті. Осыған орай педагогика ғылымы мен жоғары білім

беру жүйесінің алдында болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау барысында жастардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыруға баса назар аудару және оны жүзеге асыру жолдарын жан-жақты қарастыру мәселесінің өзектілігі арта түседі.

Патриоттық құндылықтар патриотизмнің құрамдас бөлігі және оларды дамыту патриотизмге тәрбиелеудегі басты мақсаттарының бірі болғандықтан, “патриотизм” ұғымын ең алдымен саяси құрылыммен байланыста қарастырған жөн. Патриотизм - еліміздің егемендігін, тәуелсіздігін сақтауға, қайталанбас өзіндік өркениеті мен тарихы бар субъекті болып қалуына, қазақстандықтардың сыртқы ықпалдарсыз өзін-өзі басқаруға және болашақта да солай болуын талап етуге негіз бола алады. Ол халық мінезінің ерекше бір белгісі. Дәлірек айтқанда, ол патриоттық идеялардың жоғары гуманистік бағыты, ортақ және ұжымдық өмірге бейімділік, туған жерге деген махаббат. Сонымен қатар, ол адам бойындағы белгілі қасиеттермен, құндылықтармен, дүниетаныммен байланысты.

Педагогика ғылымының теориясы мен тәжірибесінде патриотизм, патриоттық құндылықтар жөнінде бірқатар мәліметтер жинақталған. Жастардың бойында патриоттық құндылықтарды дамыту жолдарын, құралдарын, әдістері мен шарттарын анықтауға бағытталған зерттеулер қатары артып келеді. Соңғы уақыттарда жоғары оқу орындары студенттеріне патриоттық тәрбие беру проблемаларына арналған жұмыстар жарық көруде.

Педагогика теориясы мен практикасында патриоттық құндылықтарды дамыту проблемасы Г.В. Галькевич, Л.П. Кузнецова, Т.В. Левкина, Е.А. Патрушева, Т.В. Пискунова, В.И. Руденко, Н.Ф. Харламов және өзге де зерттеушілер еңбектерінде қарастырылып келеді. Мәселен, Г.В. Галькевич, Г.А.Гашенко [2,3] көрсетулерінде, патриоттық құндылықтар - адамдардың дүниетанымы мен ойлау қабілетіне әсер ететін бейнелер, адамдардың тәжірибесін жүйелей түсетін рухани мәдениеттің негізі. Патриоттық құндылықтар, жалпы құндылықтар ұғымы сияқты, субъектінің туып өскен жеріне, Отанына, мемлекеттік символдарға, ұлттық мәдениетке, тіліне, әдет-ғұрпына, басқа этностық топтардың мәдениетіне, ұлтшылдыққа, шовинизмге, космополитизмге деген қарым-қатынасы. Олар құндылықты бағдардың архитектурасы, оның рухани нығайтқышы ретінде әрекет етеді.

Патриоттық құндылықтар - жастардың дүниетанымына, ойлау-пайымына әсер етіп, ұрпақтан-ұрпаққа үлгі болып келе жатқан тарихтағы беделді тұлғалардың әлеуметтік мәнге ие қызметтері, туған өлкенің тарихи және мәдени мұралары. Патриоттық құндылықтарды қалыптастыру - бұл кәсіби білім беру саласына қажет әлеуметтік мәнді азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру мен дамыту үдерісі. Болашақ мұғалімнің бойында патриоттық құндылықтардың қалыптасуы оның кәсіби біліктілігіне тікелей ықпал етеді.

Патриотизм мәселесі мәдениеттану тұрғысында (М.М.Бахтин, В.С.Библер, К.Ясперс); қарым-қатынас философиясында (Л.П. Буева, Е.Г. Злобина, М.С. Каган), этностар теориясы мен этникалық сәйкестік аспектісінде (Л.Н. Гумилев, Ю. С.Бромлей, В.А.Тишков), сондай-ақ, қазақстандық зерттеушілер Х.Арғынбаев, М.Ш. Хасанов, Ж.Жарықбаев және өзге де ғалымдар еңбектерінде қарастырылып келеді.

Отансүйгіштік құндылықтарды жүйелеу әр тарихтың ерекше мәдениетінің негізі болып табылады. Олар өзара әрекеттестігі мен тұтастығы арқылы адам әлемінің бейнесін орнықтырады.

Осы орайда патриоттық құндылықтар азаматтардың, соның ішінде жасөспірімдердің Отанына, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүріне деген құрметінен, әлеуметтік мәдени іс-шараларына белсенді араласуынан көрініс табатындығы жөніндегі Е.А. Патрушева пікірімен толық келісуге болады [4]. Ал жастардың санасында патриотизмнің құндылық мазмұнын орнықтырудың маңыздылығы мәселесін көтерген Т.В.Пискунова патриотизм жүйесін әр түрлі құндылықтар құрайтындығына тоқтала келе, ол құндылықтарды әлеуметтік-саяси жағдайлар, азаматтардың арасындағы әлеуметтік байланыстар ретінде түсіндіреді. Дәстүрлі қоғамда патриотизмді конфессионалды біртұтас мемлекет ретінде қарауға болатындығына, ал қазіргі демократизация мен әлемдік жаһандану үдерісінде патриотизмнің қалыптасуы этномәдени және этноконфессионалды айырмашылықтардан байқалатындығына назар аудартады.

Т.В. Левкина патриоттық құндылықтарды оқыту үдерісінде қалыптастыру проблемасын арнайы қарастыра келе, патриоттық құндылықтарды отандық мәдениет пен тарихты сәйкестендіру құралы ретінде атап көрсетеді. Автор отандық тарихты оқыту барысында балаларға жас ерекшеліктеріне қарай патриоттық тәрбие беру олардың моральдық кемелденуіне, өзін-өзі тануына, әлеуметтік қарама-қайшылықтарды жеңуіне, өзінің қоғамда алатын орнын айқындауға жол ашады деген пікірде [5].

В.И. Руденкоға сүйенсек, патриоттық құндылықтар – қоғам өміріндегі мәдениетке тікелей байланысты, яғни өнеркәсіптік қоғамда патриоттық құндылықтар мемлекеттің қауіпсіздігіне, заңға бағынушылығына,

ұжымдық ынтымақтастығына байланысты болса, ақпараттық қоғамда олар мәдениетаралық біліктілік, толеранттылық, әр түрлі әлеуметтік қоғамдардың мәдениетін сыйластықпен, ұлттық әдет-ғұрыптарды қастерлеу және сақтаумен, таңдау құқығы және еркіндікпен, сондай-ақ жеке тұлғаның қауіпсіздігімен байланысты болып келеді [6].

Қарастырылып отырған мәселені тереңірек түсінуде патриоттық құндылықтарды ең жоғары әлеуметтік маңызы бар рухани, тарихи және интеграциялық құндылық ретіндегі дүниетаным деп анықтаған В.И.Лутовинов көзқарасының маңызы зор. Оның көрсетуінде патриоттық құндылықтар Отанмен және оны құрайтынның бәрімен (табиғат, тарих, тіл, мәдениет, ұлтқа қатыстылық, шежіре, дін, орналасқан жер, менталитет және т.б.) ажырамастықты сезінуді; тарихты, дәстүрлерді, мәдениетті, ерлік істер мен отандық жетістіктерді мақтаныш етуді; Отандық құндылықтар мен мүдделердің басымдылығын; елдің ұлттық мүдделерін қорғау, оның күші мен қуатын жаңғырту қажеттілігіне сенуді білдіреді.

Патриоттық құндылықтар әлеуметтік бағдарлар ролін атқарады. Бұл белгілі бір әлеуметтік қатынастардың оңтайлы белгілері, нышандары. Олар адам мен қоғамның дамуында маңызды рөлге ие. Әлеуметтік сана құбылысы адам мен қоғамның мүдделерін көрсетеді және жақсылық, әділдік, моральдық, қайырымдылық сияқты түсініктерді кеңінен пайдаланады.

Патриоттық құндылықтар - адам мүдделерінің объектілері, олардың нысандары Отан, ел, халық, елдік мүдде, қоршаған орта мен билік нышандарына қатысты оң көзқарас құбылыстары болып табылады. Болашақ маманның патриоттық құндылықтарын дамыту педагогикалық, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісі шеңберінде жүзеге асырылады. Қоғамдық сана элементтері құндылықтар, принциптер, наным, идеал, іс-қимыл бағдары мен шындыққа деген көзқарасты анықтап, жеке тұлға, әлеуметтік топтар және бүкіл қоғамдастық тұтастығын белгілейді. Осының нәтижесінде, қоғамдық гуманитарлық пәндер болашақ маманның құндылықтарына ықпал етуші, оларды қоғамдандыру құралы ретінде аса маңызға ие.

Зерттеушілер патриоттық тәрбие беруде, әсіресе әлеуметтік-саяси, гуманитарлық пәндердің роліне орынды назар аудартады. Дәлірек айтсақ, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер жастардың интеллектуальдық дамуы мен өнегелік тәрбиесіне, құндылықтар жүйесінің қалыптасуына жауап береді. Педагогика оқыту және тәрбиелеу үрдісі бірлігінің дидактикалық қағидасын ұстанады. Тәрбие үдерісін кешенді тұрғыда қарастыру оқушы тұлғасын, оның өмірге, білімге деген қарым-қатынасын, ойлау қабілетін, ерік-жігерін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды болжайды. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту барысында тәрбиені кешенді тұрғыдан қарастыру қажеттігі Ю.К.Бабанский, Л.Н. Боголюбов, И.И.Болдырев, И.С.Марьенко, В.А. Момов және тағы басқа авторлардың еңбектерінде көтерілді. Педагогтардың әлеуметтік, гуманитарлық пәндерді, бірінші кезекте тарихты дүниетаныммен қатар патриоттық құндылықтарды қалыптастырушы құрал ретінде қарастыруы құптарлық жәйт.

Білім беру мен ғылымды дамыту бағдарламасында атап көрсетілгендей, тәрбие үдерісінің мақсаты – патриотизмге баулу. Олай болса, бұл пәндерді оқыту патриоттық құндылықтарды дамытумен байланысты. Бұл мәселені шешуге әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің мүмкіндігі жеткілікті. Біріншіден, олардың мазмұны жүйеленген білім - тарихи жадыдан тұрады. «Бұл жады адамдарды қоғамға біріктіретін және онда бәріне ортақ тілмен тұрақты қарым-қатынас арналарының болуын қамтамасыз ететін мәліметтер мен нышандарды қамтиды»[7].

Демек, бұл пәндердің қарастыратыны адамдарды біріктіретін, жастарды қоғамдық құндылықтарға баулитын мәселелер. Екіншіден, бұл пәндер, символдар әлемі деген құбылыспен, метафизикалық мәнге ие болған заттардың, қатынастардың, институттардың бейнелерімен байланысты. Бұл дүниетанымды нақтылайды, қоғамдық дәстүрлермен байланыстырады. Мысалы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқу барысында қарастырылатын рәміздер: ту, елтаңба, әнұран, билік институттары секілді символдар қазіргі жас буынды өткен кезеңмен тұтастандырады. Ұрпақтар болашағына мән мен мағына береді. Символдар адамдардың ортақ жадысының болуы қажеттілігін көрсетеді. Патриоттық құндылықтар туралы сөз қозғағанда саясат, тарих, халықаралық қатынастар және тағы сол сияқты тақырыптар туралы мәселелерді айналып өту мүмкін емес. Сонымен қатар, әр түрлі оқиғаларға және құбылыстарға адами құндылықтар, яғни адамгершілік тұрғысында баға беріледі.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту тәжірибесі барысында нақты фактілерге негізделген патриотизм туралы жағымды мысалдар, адамдардың көзқарастары мен идеяларынан туындайтын қарама-қайшылықты жағдайлар туралы материалдарды қолдана отырып, оқыту үдерісінің болашақ маманның

жеке көзқарасы, ішкі ұстанымы қалыптасатындай жағдайлар туғызу керек. Сонымен қатар, ол пікірталас кезінде, фактілер туралы айтқанда, дүниетанымдық көзқарастар қақтығысында көрініс тауып, іскерлік қабілеттерін оятуға түрткі болмақ.

Патриоттық құндылықтарды дамытуда жүйелілік, іс-әрекеттік және аксиологиялық тәсілдерді негізге алудың маңызы зор. Болашақ маманның патриоттық құндылықтарын кәсіби даярлау үдерісінде дамытуда жүйелілік тәсілді қолдану бұл үдерісті тұтас жүйе ретінде қарастыруға және осы құбылыстың көптүрлі байланыстары мен арақатынастарын анықтауға баса назар аударуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде болашақ маманның патриоттық құндылықтарын дамыту үдерісі мен елдің ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету проблемасы арасында жүйетүзуші интегративті байланыстарды айқындауға ықпал етеді.

Іс-әрекеттік тәсіл оқытуды субъектілердің бірлескен іс-әрекеті ерекшеліктерін, сондай-ақ білім беру ортасы шарттарын есепке алатын құрылымға ие кешенді күрделі іс-әрекет ретінде қарастыруды болжайды.

Аксиологиялық тәсіл адамға қоғамның жоғары құндылығы мен әлеуметтік дамудың басты мақсаты ретінде қарастыратындықтан гуманистік педагогикаға үйлемді кірігеді. Осылайша аксиологияны гуманистік мәселелерге қатысты болғандықтан жаңа білім беру философиясының негізі және заманауи педагогиканың әдіснамасы ретінде қарастыруға болады. Болашақ мұғалімнің кәсіби даярлау үдерісіндегі патриоттық құндылықтарын дамытуға қатысты аксиологиялық көзқарас студенттерді құндылық бағдарлармен және құндылықтармен табиғи түрде таныстыруды көздейтіндіктен мамандар даярлаудың тәрбиелік астарларына баса назар аударуға жәрдемдеседі.

Бұл ретте белгілі бір құндылықтармен танысып қана қоймай, студенттердің оларды ұғынуы үшін жағдайлар жасалады. Білім беру үдерісі бұл тәсілге сәйкес болашақ маманда Қазақстанның ұлттық мүдделері жөніндегі мәнді ұғым-түсініктердің тұрақтылығын арттырады және патриоттық құндылықтарды тұлғалық қасиеттері ретінде бекітіп, нығайтады.

Осылайша, патриоттық құндылықтарды дамыту мәселесіне қатысты зерттеушілердің пікірлерін ұстана отыра, сонымен қатар білім берудің тұжырымдамалық құжаттарына сүйеніп, патриоттық құндылықтарды Қазақстанның жалпы ұлттық мүдделерін айқындайтын маңызды ұғым ретінде қарастыруға негіз бар. Жеке тұлға деңгейіндегі белгілері - гуманизм, адам құқықтары мен бостандықтары, жеке тұлға ретінде дамуы; қоғамдық деңгейде - құқықтық мемлекет, әлеуметтік келісім, моральдық ықпал ету, яғни моральдық жаңару; мемлекеттік деңгейде - отанға деген сүйіспеншілік, елдің тарихи мұрасы мен мәдениетін құрметтеу, мемлекетке және оның нышандарына, яғни рәміздеріне құрметпен қарау, Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау қажеттілігін ынталандыру.

Педагогика теориясы мен практикасындағы осы мәселенің зерттелу жағдайын талдау «патриотизм», «патриоттық құндылықтар» ұғымы болашақ маманды «патриотизмге тәрбиелеу» ұғымының синонимі ретінде қолданылып келетінін байқатады және кәсіби даярлық үдерісінде студенттердің патриоттық құндылықтарын қоғам өміріндегі заманауи өзгерістерді есепке ала отыра дамыту тетіктерін арнайы қарастыру өзекті мәселе екендігіне көз жеткізе түседі.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. [www.akorda.kz/.../memleket-basshysynyn-bolashakka-bagd...](http://www.akorda.kz/.../memleket-basshysynyn-bolashakka-bagd...)
2. Галькевич Г.Л. Патриотические ценности в системе ценностных ориентаций человека Электронный ресурс. / Г.Л. Галькевич Г.А. Гашенко. - Режим доступа: <http://www.conf-p.narod.ru/sl.1.1.htm>. (Қаралған күні: 26.09.18)
3. Гашенко Л.А. Ценности как важнейшие детерминанты человеческой деятельности. <https://lib.vsu.by/xmlui/bitstream/handle/123456789/9166/t3p3.pdf?sequence=1>.
4. Патрушева Е.А. Формирование гражданско-патриотических ценностей у подростков в историко-краеведческой деятельности школы Текст.: автореф. дис. . канд. пед. наук: 13.00.05 / Е.А. Патрушева. Челябинск, 2009.-24 с. (Қаралған күні: 17.09.18).
5. Левкина Т.В. Патриотическое воспитание подростков в процессе изучения отечественной истории в общеобразовательной школе Текст.: автореф. дис. . канд. пед. наук: 13.00.02 / Т.В. Левкина. М., 2009. - 26 с. (Қаралған күні: 20.10.18)
6. Руденко В.И. Формирование патриотизма как ценности у студенческой молодежи. ТГУ, Тюмень, 2005.- 205с.
7. Кара-Мурза, С.Г. Манипуляция сознанием. Текст. / С.Г. Кара-Мурза. — TVL.: Эксмо-Пресс, 2001. 832 с.



Қанат К.Б.

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының 3-курс студенті,  
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Филология факультеті, Тараз, Қазақстан  
e-mail: korkemzhan.kanat@mail.ru

### ПАТРИОТ ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

**Түйін:** Мақалада мызғымас мемлекеттің мығым болашағы үшін тұла бойға сіңген ұлттық тәрбиені жаңғырту негізге алына отырып, бірнеше мазмұнды ойлар топтастырылған. Рухани – адамгершілік тәрбиесінің ана сүті мен ата тәрбиесінен нәр алатындығы, оның жалғасы патриоттық тәрбиемен ұштасатындығы мақалада айқын көрініс беріп отыр. Ел болашағы жігерлі жастардың жалынына тікелей байланысты екенін ескере отырып, бүгінде мен мұндалаған жастардың бағыты қандай екендігі толық қарастырылады. Бұл мақалада тәрбиенің берілуінен бастап бойға сіңірілуі жолындағы барлық жүргізілетін шаралар негізгі өзек болып отыр. Саннан сапаға көшу қашанда сәннен кетпейтінін алдыға тартып, патриот жас мәселесіне кеңінен баса назар аударылды. Мақалаға арқау болған негізгі тіректер мағыналық жағынан қарастырылып, кеңінен тарқатылды.

**Тірек сөздер:** ұлттық тәрбие, рухани тәрбие, патриот жастар, тұғырлы мемлекет, ұлттық құндылық.

**Kanat K.,**

3<sup>rd</sup> year student of specialty 5B011700-  
«Kazakh language and literature»  
Taraz State Pedagogical University,  
Faculty of Philology, Taraz, Kazakhstan  
e-mail: korkemzhan.kanat@mail.ru

### PATRIOT YOUTH ARE THE FUTURE OF THE COUNTRY

**Abstract:** The article focuses on a number of substantive ideas based on the modernization of the nation-wide education for the strong future of the indestructible state. The future of the country is directly related to the enthusiasm of young people, today I look at the direction of young people. In this article, all the measures taken to promote abortion are the cornerstones of education. The fact that the transition from San to quality is not always in fashion, the issue of young patriotic attention is widespread. The main pillars, which were erected on the article, were critically examined and widely disseminated.

**Key words:** national education, spiritual upbringing, patriotic youth, fundamental state, national value

*Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс.  
Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты  
болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл  
жас отанышыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адам қызмет етуге ұмтылады.*

**Н.Ә.Назарбаев**

Жастың қуаты – білімі мен білігінде, бірлігі мен патриоттығында. Қашанда сайын даланың түңлігін түріп, өз жігерін ту еткен ел жастары кемел келешек кепілі емес пе?! Қайсыбір мен мұндалаған мемлекетті алмайық өз болашағының мығым болуы үшін жастар тәрбиесіне етене назар аударады. Бұл өткен тарихта да, бүгінгі күнде де, ертеңгі болашақта да дәлелденген дүние екендігі айдан анық. Расында болашақтың бұлыңғыр болуынан бізді алыстататын патриот жастар санының артуы. Бүгінде егеменді еліміз үшін де осы бір мәселе қай қырынан алып қарасақ та маңыздылығы басым екенін байқаймыз. Себебі, білек күшімен жауды жайратқан, ақыл – парасатымен дауды тоқтатқан, дара қайраткерлігімен елді басқарған, дана ағартушылығымен ерен еңбек жазған текті ұрпақтың ұландарымыз. Осы орайда біздерге жүктелген міндет пен артылған үміттің салмағын еріксіз ескереміз. Тұлымынан елім деген ел жастары әрдайым тұғырлы мемлекет болуға ұмтылады. Десе де, барлық жанға бірдей рухани – адамгершілік тәрбиенің мақсаты мен маңыздылығын жеткізу оңай бола бермейді. Себебі, шыр еткен сәттен бастап – ақ ана сүтімен сусындап, ана тілімен қоректену кез – келген пендеге бұйыра бермейтіні жасырын емес. Бұған бүгінде ішқұса болып айтатын түйіткүл мәселелер куә. Қоғам белсенділігінде тек алдыға ұмтылушылар ғана емес, артқа тежеуіштер де кездесіп жатады. Бүгінде біз бұл дерттің емін табуға барымызды салудамыз. Алты алаштан келе жатқан текті ұрпақтың ұл – қыздары қашанда өз биігінде болуы шарт. Асылы, жастардың патриоттық және рухани – адамгершілік тәрбиесіне тал бесіктен еңбек ету біздің қанымызға сіңген қағида іспеттес. Сөзіме дәлел ретінде, ұлтымыздың рухани азық алу жолындағы ұлттық тәрбиеміздің биік екендігін айтуға болады. Тарыдай ғана бозбала мен бойжеткен таудай биіктіктерді бағындыра алатындығы, өз алдына биік межеге жете алатындығы ана сүті мен ата тәрбиесінің нәтижесі. Бабалардың

тасқа басқан өсиеттерін іске асырып, мәңгілік идеямыздың темірқазығына айналып отырған бүгінгі Қазақстан мемлекеті көпке үлгі деп мақтанышпен айта аламыз. Мұның дәлелі ретінде еліміздің бірлігі мен бірегейлігін сақтап отырған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саяси – әлеуметтік, рухани – адамгершілік, ұлттық ұлы бастамалары дер едім. Ықылым заманнан бері рухы биік, патриот жастарды тәрбиелеу өз кезеңінің жауапкершілігі мол міндеті. Яғни, ел тұтқасы елбасының көрегендікпен жыл сайын жүргізіліп отыратын реформалары, дәстүрлі түрде халық қамы үшін жарияланып отыратын жолдаулары осы бір бастаманың жалғасы. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың қазан айында «Қазақстандықтардың әл – ауқатының өсуі: тұрмыс пен табыс сапасының артуы» атты жолдауының жарыққа шығуы. Әдеттегідей бұл жолдау халық қамы мен игі істердің жалғасы болып отыр. Діттеген межеге жету – басты принцип екендігін елбасы атап көрсеткендей, ұрпақ келешегі жайындағы мәселелерді де назардан тыс қалдырмады. Саннан сапаға көшуді міндет еткен елбасы қашанда жастарға қолдау білдіріп келеді. Соның бір дәлелі алдағы жылдың «жастар жылы» деп аталуы. Бұл тіркес еліміздің мен мұндалаған жастары үшін үлкен жауапкершілік екендігін сөзсіз алдыға тартамыз. Себебі сайдың тасындай іріктелген еліміздің барша қарқынды жастары өз ортасының үздігі болуға барын салмақ. Біз бұдан елбасымыздың жігері асымаған жалынды жастар игілігі үшін үлкен мүмкіндіктер беретіндігін, әрдайым жастар тәрбиесіне назар аударатындығын, сол жолда бірқатар жұмыс атқаратындығын байқаймыз. Демек, жастар бойына патриоттық және рухани – адамгершілік тәрбиені сіңіру жылдам әрі жеңіл процесс емес, ұзақ әрі жүйелі жүргізуді талап ететін жұмыс екендігін аңғаруға болады. Алдымен, алаш қайраткерлерінің армандаған сауатты ел жастары болуға алғашқы қадамдарды басып отымыз. Ендігі кезекте жаһандық аренаға, өзге мемлекеттермен тереземізді теңейту үшін атқарылатын жұмыстар үшін бас біріктіруіміз қажет.

Яғни бұл белесті бағындыру, жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» - деп, үлкен үміт артады [1]. Демек, жастар бойындағы патриоттық тәрбие күре тамыр арқылы берілген құндылық. Ал осы құндылықты ары қарай жалғастыру, еш кірбің түсірмей келешекке дәріптеу, келер өскелең ұрпаққа үлгі ету сіз бен біз үшін міндет. Бұл үздіксіз процесте әркімнің өзіндік алар орны бар. Себебі бір – біріне тізбектей байланып отырған бұл жүйеде барлығы өз ісін мүлтіксіз орындауы керек. Сонда ғана ілгері қадам жасау, нәтижеге жету көрініс береді.

Өкінішке орай қазіргі таңда жастардың патриоттық және рухани – адамгершілік тәрбиесінде кемшіл тұстар көрініс беріп отырады. Үздік нәтижеге жету үшін де шалыс басу керек шығар. Алайда «минусты плюсқа айналдыру» қағидасын алдыға тартқанымыз абзалырақ деп есептеймін. Мәселен, жастар арасындағы діни ағымдардың тез таралуы, рухани тұрғыдан қоректерінің жеткіліксіз болуы, шетел асып өз жеке басының жайын күйіттеуі, өз тілінде шұбарланып, өзге тілге құмарланып шүлдірлеуі сынды дүниелердің кеңінен етек жая бастауы... Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ел арасында түрлі бағыттағы діни ағымдар мен заңсыз секталар қарқынды дамып кетті. «Аңқау елге – арамза молда» деген мәтелдің мағынасы осы жерде айқын көрініс берді. Әлемнің түкпір – түкпірінен әртүрлі діни кітаптар ел арасына еніп, молдасымақтар өз уағыздарын жүргізіп, заңсыз түрде жастарды беймәлім бір бағытқа басын айналдыруды бастап кетті. Дәл осы қарқын жыл сайын күшейе беріп, өзгенің арбауына шырмалып, тура жолдан адасқан жандар саны арта берді. Сондай – ақ үкімет тарапынан қарсы жұмыстар жүргізіліп, алдын алу шаралары қолға алынды. Осы орайда ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында дін мәселесіне ерекше мән беріп, бірқатар тапсырмалар мен жауапкершіліктер жүктеді. Атап өтсек:

- мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс;
- діни радикализм мен экстремизмнің пайда болуын бейтараптандыру мақсатында заңдарымызды күшейтуіміз керек;
- жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейту, өйткені кейбір сыртқы экстремистік күштер жастарымызды дұрыс жолдан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда [2].

Өрмекшінің торындай болған бұл шырмаудан тек екі жақты әрекет арқылы ғана шыға аламыз. Яғни өз ұлттық кодымызды: дініміз бен ділімізді таза ұстап, тек дұрыс бағытты ұстануды тұсбағар етейік. Діни сауатсыздықпен ашық күресте қапыда қалмай, қолдан келер игі істі атқаруға асығайық. Мемлекетімізде ислам дінін ұстанатын мұсылмандар саны 70% - ды құрайды. Сондай – ақ жыл сайын «Жастардың дінге деген көзқарасы қандай?» деген тақырыпта сауалнама жүргізіледі. Нәтижесінде

жастар арасындағы сауалнамада 71% - ы дінді берік ұстанатындығын, 21% - ы дінді ұстанып, алайда діни орындарға бармайтындығын, ал 8% - ы дінге сенбейтіндігін айтқан болатын [3]. Қазақстандағы діни ахуалды жақсарту бағытын бағамдап, діни сауатты жастарды тәрбиелеп, адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығын арттыруда аянып қалмағанымыз жөн деп есептеймін.

Тілге тиек еткелі отырған тағы бір күрделі мәселе шетелде білім алып, өз елінен жырақта өмір сүріп жатқан жастар туралы. «Ауруын жасырған өледі» - деген тіркесті негізге алсақ бүгінде жастардың патриоттық және рухани – адамгершілік тәрбиесіндегі дамуды тежейтін тағы бір мәселе осы болмақ. Бұрын «шетелден білім алып келіпті» дегенді сирек естуші едік, бүгінде бұл тіркестерді құлағымыз жиі шалады. Демек еліміз жастар біліктілігі мен білімдерін жетілдіруде біршама жағдай жақсартып отыр. Алайда, өзге елде білім шыңдап, кәсіби біліктілігін арттыруды көздеп шетел асатын ел жастары өз еліне қайта оралып, жемісін беруден тартынады. Бұған не себеп?! Неге жылда шетел асатын жастар саны асық болып, елге қайтқан жастарды санағанда «шөптен ине іздегендей» боламыз? Осы сұрақтарды негізге ала отырып, біраз зерттеу жүргіздім. Нәтижесінде белгілі болған бірнеше себепті тізіп өтейін:

- Елімізде берілетін білім сапасының ақсаңдауы;
- Мемлекеттің әлеуметтік жағдайының төмендігі;
- Шетелде өмір сүру мүмділігінің жеңілдігі т.с.с.

Ресми статистика жаға ұстатарлық деңгейде болып отыр. Қазақ статистикалық агенттігінің дерегіне жүгенсек 29 жасқа дейінгі қазақ жастарының 32 пайызы яғни әрбір үшінші қазақ елінің үміті шетелге кетуге құмар. Бұған не себеп? Жастарымыздың елден қашуына не түрткі болды? Статистикаға сенсек осы уақытқа дейін бағдарламаның арқасында шетелде білімін жетілдірген қазақстандықтардың саны он мыңнан асып отыр. Ең сорақысы ол жастардың 300 – ден астамы сол елде қалып қойып жатқандығы [4].

Міне, осы бір бұлжымайтын қағидалар шетелге алыстайтын жастарға тиімді болып отыр. Мұның барлығы бала күннен рухани азықты бойына сіңіре алмаған жастарда жиі көрініс береді. Мәселен, Абай атамыз өз қара сөзінде көрсеткен жан белсенділігінен гөрі тән белсенділігіне басымдық беріп отыр. Яғни, ұлт игілігі үшін емес, өз игілігі үшін қарекет ету. Ұлтын сүйген қайсыбір жасты алсақта, ол ешқашан елін өзге елмен айырбастамайды. Жақсы ағаш сынды жемісін өз отанына береді. Себебі ағаштың түп тамыры, осы отаннан басталды емес пе?! Десе де қанаттары тастарды езген, қиялдары аспан кезген кейбір шетелге құмар жастарды көзіміз шалғанда іштей тынамыз. Ұлттық құндылықтың бойында аз болғандығына көңіліміз толмай жатады. Алайда бұған тек сол жасты кінәлі деп таба алмаймыз. Себебі, оны рухани азықпен жеткіліксіз сусындатқан орта, оған себеп болған тәрбиені берген ата – ана, ұстаз бар... Сондықтан патриот ұрпақты тәрбиелеу, рухани – адамгершілікті тәрбиені бойға сіңіру оңай жүгізетін шаруа емес. Бұл үшін қажырлы еңбек, толассыз күш керек.

Бүгінде ел ахуалын жақсартуды көздейтін елбасының біршама реформалары, бағдарламалары бар. Атап айтсақ жастарды қолдау үшін жасалып отырған «Жасыл ел», «Жастар кадрлық резерві», «Дипломмен ауылға», «Серпін – 2050», «Қолжетімді баспана – 2020» және тағы басқа бағдарламалар бар екені анық. Осындай мүмкіндіктерді қолдану арқылы ғана біздер алдыға нық қадам баса аламыз. Міне сол кезде еліміздің егемендігін, тәуелсіздігіміздің тұғырын асқақтататымыз. Жастар табанды еңбек етіп, елімізде болып жатқан оңды үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қол жеткізіп, биіктерге көтерілуге болатынын түсінуі маңызды. Сонда ғана алар асу көп, шығар белес биік, жетер жеңіс саны шексіз болады. Яғни жастарымыздың бойында отансүйгіштік, ұлтжандылық, әдептілік, ибалылық, төзімділік сынды қасиеттерді арттырып, олардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды толыққанды түсініп, өмірлік жолдарында ұстануына септігін тигізуге әсер етуіміз керек.

Жастардың патриоттық және рухани – адамгершілік тәрбиесі туралы түсінікті қалыптастыру үшін жан – жақты таным көкжиегінің дамуы, рухани құндылықтың бойда болуы, саяси сауатты адам болу өте маңызды. Рухани қажеттілік дегеніміз – өз құндылықтарыңды: тіліңді, дініңді, танымыңды, ұстанымыңды, ұлтыңды танудан басталады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы жарыққа шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы осы бір рухани байлық турасында кеңінен сыр шертетін маңызды құжат. Ұлтты сүю – ұлт әдебиетіне, ұлт мәдениетіне, бабалар аманаты: ұлт дәстүрлеріне қанық жанда ғана болатын қасиет. Түзу қарасаң кеудеден, қырын қарасаң иықтан қағар ақпараттар ағымы желдей жүйіткіген заманда өзіңнің рухани – адамгершілік тәрбиеңе берік болмасаң, құрдымға кетерің сөзсіз! Алдымен, ұлт болашағының сауаттылығына жауапты – педагог мамандарының біліктілігін арттырған абзал. Себебі, ең үлкен жауапкершілік ұстаз атаулы ұлы ұғымның иелеріне жүктеледі. Бүгін бір ұлттың сауатын ашу осы маман иелерінің иелігінде. Ал осы педагог бүгінде өз деңгейінде ме? Мәселе осында... Кәсіби біліктілігі жоғары, жаңаша оқыту мазмұнымен еркін жұмыс жасай алатын ұстаздар санын арттыру бүгінгі күннің басты мақсаты. Шикіліктен шыға жолды нұсқайтын

да, бұлыңғыр болашаққа жарық сәуле беретін де осы ұстаздар қауымы. Рухани – адамгершілік тәрбиені беретін де осы ұстаздар. Демек, үлкен жауапкершілік иелері өз ісіне аса бір ықтияттылықпен қарау қажет. Алайда, елімізде ұстаз мәселесі ескерусіз қалып жатады. Тәжірибиелі білімнен гөрі формальді бағытты ұстанатын бүгінгі педагог жұмысы шаш етекпен. Елбасы бұл оқылықтың да жолын табу мақсатында «Қазақстандықтардың әл – ауқатының өсуі: тұрмыс пен табыс сапасының артуы» атты жолдауында арнайы «педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануын ұсынды. Ендігі кезекте біршама оңтайлы өзгерістер болып, ұстаздар атауына лайықтылар ғана жұмыс атқарады деген сенім білдіреміз.

Қазіргі таңдағы зайырлы қоғам кейіпкерлеріне айналып отырған жастар тәрбиесі ең маңызды мәселенің басында тұратын дүние. Қай заманда болмасын, қай елде болмасын жастардың тәрбиесі үлкен маңызға ие. Себебі қазір бәсекеге қабілетті мемлекет қатарынан табылу мақсатында үздіксіз даму жүріп жатыр. Өз ұлтының дамуы, ел экономикасының артуы, ең үздік қатардан көріну кез келген мемлекеттің басты мақсаты. Ол үшін жастарды патриот етіп тәрбиелеу көзделеді. Себебі ең басты құрал – жастар! Ал жастар, білімді болса мемлекет әсте кеңінен қанат сермеп дамиды. Еліміздің саясат пен қатар білім, ғылым, мәдениет мінберінде абыройы айдан асатын, беделі белден асатын, мәртебесі зор мемлекет ретінде самұрық құстай сұңғақ, қыран құстай қырағы самғауында мәңгілік елдің жастары аянбай еңбек етуі керек.

«Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясатының басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын», - деді Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев [5]. Елбасы дәстүрлі түрде жариялайтын кезген келген жолдауын алсақ та жастарды тілге тиек етіп, басты назарда ұстайды. Себебі ел тұтқасын берік ұстайтын күш – ол жастар. Мағжан атамыз өз өлеңінде «Мен жастарға сенемін» деп жырласа, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болатын» жастар санының артуын армандаған еді...

Рухани тәрбие – алпыс екі тамыры елім деп соғатын жастың бойында болады. Жүрегі мен тілегін, күші мен қайратын, білімі мен білігін бір арнаға тоғыстырып, өз ұлтының ұлы ертеңі үшін аянбай қызмет ететін қазақ жастары лайым көп болғай. Асылы, өз рухани жаңғыруларын жаңғырыққа айналдырмай, өз бойына патриоттық және рухани – адамгершілік тәрбиені сіңіре білген жас Абай атамыз айтқан «толық адам» іліміне сай болар. Сындарлы саясаттың бұралаң жолдарында адаспай, адалдықтың ақ туын арқалаған ел жастары мәңгі өз биігінде болуды нәсіп етсін.

Қорытындылай келе, ұлт келешегінің кепілі – жастарды рухани кедейшіліктен аулақ ұстап, ұрпаққа үлгі болар өнегелі жастар санының артуына қызмет етейік дегім келеді. Сонда ғана нағыз патриот және рухани – адамгершілік тәрбиесі жоғары жастардың жемісін көре аламыз!

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» Жолдау.
2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы.
3. Abai.kz
4. Alashainasy.kz
5. Н.Ә.Назарбаев «ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ – АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТҰРМЫС ПЕН ТАБЫС САПАСЫНЫҢ АРТУЫ» Жолдау.

ӨОЖ 378.6.371.13

**Қоянбекова С.Б.,**  
профессоры, ф.ғ.д., ҚР ҰҚК Академиясы  
Алматы, Қазақстан.

#### **ҰЛТТЫҚ КОД:ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

**Түйін:** Мақалада жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеу және оны қалыптастыру мәселесі көзделген. Сондай-ақ, әлемде болып жатқан сан түрлі күрделі үдерістердің ішіндегі ұлттық код жүйесін құраушы элемент ретінде патриотизм ұғымы зерттеу еңбектер негізінде жан-жақты қарастырылған.Ұлттық код мәселесінің тарихтан бастау алуы ұлттық мүдде, ұлттық құндылықтар, ұлттық тілмен сабақтастырыла талданған. ҚР президенті Н.А.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:Рухан жанғыру» атты мақаласындағы ұлттық кодты сақтай білу патриотизммен ұштастырылып, жастарды тәрбиелеудегі өнегелік үрдістер жүйеленіп, заманауи білім беру бағыттарына сай патриоттық рухта бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға негізделген.

**Тірек сөздер:** Қазақстандық патриотизм, ұлттық код, рухани жанғыру, ұлттық мүдде, ұлттық құндылықтар, бәсекеге қабілеттілік, өркениеттер тоғысы, заманауи білім беру.

### THE NATIONAL CODE: UPBRINGING OF FEELING OF PATRIOTISM OF A YOUNG PEOPLE

**Abstract:** Problem of upbringing of feeling of patriotism and it's formation among young people is targeted in the article. Also, the concept of patriotism as a constituent element of the national code system in various complex processes in the world is studied on the basis of researches in detail. The problem of the national code originates from history is analyzed binding the national interests, national values, national language. Preserving of the national code "The orientation to the future: Spiritual renaissance" by the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev is connected with the upbringing and formation of a young people as a competitive person in the spirit of patriotism in accordance with modern educational trends.

**Keywords:** Kazakhstani patriotism, national code, spiritual renaissance, national interests, national values, competitive, intersection civilization, contemporary education.

Патриотизм ұғымы саяси түсіндірме сөздікте: «Қазақстандық отансүйгіштік адамдардың Отанына, туған еліне, тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімімен түсіндірілген. Жалпы Қазақстанның тарихында, көшпелі қазақ өркениетіне Отан ең қасиетті ұғымдардың бірі болып саналатыны талданған. Патриотизм Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, қасиетін кеңейтіп оған нәсіл, дін мен тілдің бірлігі, мәдениет пен тағдыр ортақтығы мен мақсаттар бірлігі сияқты қасиеттер қосылған. Қазіргі жаһанданушы қоғамда Қазақстан өмірінде «Қазақстандық патриотизм ұғымы қалыптаса бастады». Қазақстан Республикасының Ата Заңында Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жән оны азаматтардың ой санасына сіңіру жан-жақты қарастырылған». [1]

Жалпы еліміздегі саясаттану саласында көптеген іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жүйеленіп келеді. Соның бірі қазір- елімізде қызу талқыланып жатқан ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты ғылыми мақаласының өзектілігін айқындайды. Аталған еңбекте Қазақстанның әлемдік деңгейдегі бағыт-бағдары көрсетіліп, ұлттық кодтың қалыптасуы отансүйгіштік сезімнен басталып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырумен сабақтастырылған ұласалатыны жан-жақты түсіндірілген.

Патриот- өз Отанына адал берілген қызмет ететін өз мүддесін ел мүддесі жолында құрбан қылатын басқа ұлттар мен ұлыстарға кеңпейілділікпен қарайтын адам.

Патриотизм- өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі. Патриотизм мәселелері жаңа мемлекеттердің құрылуы, ұлттың қалыптасуы, ұлт-азаттық қозғалыстар мен соғыстар кезінде ерекше өзектілікке, саяси мәнге ие болады. Қазіргі таңда Патриотизм мәселесі жаһандану, интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және әлемдік ықпалдастық жағдайында өрши түсуі. Бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нысаны айналған. [2]

Қай кезде де қазақ халқы өзінің болашағын жалғастыратын жастар тәрбиесіне айрықша көңіл бөліп отырған. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары жаһандану кезеңінде ерекше басымдыққа ие болып, тәлім мен білімде жастарды патриотизм үлгісінде тәрбиелеумен ұштасады.

Қазіргі таңда ҚР әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылған. Қазақстандық білім саласының маңызды проблемаларының қатарында еліміздің географиялық орналасуымен етене байланыста бастау алатын ұлттық мүдде, ұлттық құндылықтар туралы сөз қозғағанда, халықтық дәстүрге негізделген бабалар рухына сай тәрбие жүйесін құру қажеттілігін танытады.

Осы орайда, ұлттық кодтың қоғам мен мемлекет, халықаралық қарым-қатынас жүйесіндегі орнын талдасақ және ұлттық кодтың халықаралық қатынас жүйесіндегі стратегиялық маңызын бекіте түсек, философия ғылымдарының докторы Марина Можейконың пікірін келтіруді жөн көрдік: «Только национально сильное государство может быть реальным игроком на мировой арене. Именно национальное наследие и культура является тем стратегическим ресурсом и преимуществом в конкурентной борьбе, которое может вывести государство в лидеры мировых международных отношений и в этом плане, та политика, которую проводят в Казахстане находится в режиме мейнстрим - это очень правильное и существенно важное направление». Сондықтан ұлттық кодымызды күшейту, дамыту қазіргі және алдағы әлемдік саяси қатынастарда ықпалды ойыншы бола алуымыз үшін тікелей патриоттық сезімімен ұштастыру қажет.

XX ғасырдың ортасында әлемнің 50-ге жуық мемлекеті модернизация жолына түскендігі жайлы жарияласа, солардың оннан бір бөлігі (Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань секілді мемлекеттер) көздеген мақсаттарына жете алды. Жетістікке жеткен мемлекеттер заманауи саяси және экономикалық институттарды құра отырып, ұлттық құндылықтар шеңберінен ауытқымады. Сол себепті алға қойылған мақсаттарды бұл елдердің халқы дұрыс түсініп, өз елдерінің үкіметін барынша қолдады. Ұлттық мақсаттар мен құндылықтар айналасында халықтың жұмылуы аталған елдердің дамуына алғышарт бола алды деп есептейміз.

Модернизацияда жетістікке жеткен елдер мысалын талдай келе, мемлекеттердің дамуына ықпал ететін материалдық және рухани факторларды көреміз. Мысалда келтірілген мемлекеттердегі халықтың менталитетінің өзіндік күшті тұстары болды. Сонымен қоса олар техника, электроника саласындағы революция толқындарын өз еншілеріне тиімді пайдалана алды. Яғни бұл елдер әлемдік үдерістердің ағысында кетпей, макроортадағы мүмкіндіктерді өздері үшін тиімді бағытта қолдана алды. Әлемдік қатынастардағы үдерістерде жұтылып кетпес үшін біз де осы мәселерді ескеруіміз қажет.

Талдау, болжау және стратегиялық бастамалар институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Юлия Кучинская қоғамымызға төніп тұрған сыртқы ықпалдың қауіптерін ескерте келе, ұлттық иммунитетіміздің маңызын былай деп түсіндіреді: «Учитывая те угрозы, которые нависли над современным обществом, существует необходимость, чтобы у народа Казахстана был свой твердый стержень в своей культуре, своем мировоззрении и национальном самосознании. Поэтому формирование национального культурного кода очень важно. Его элементы кроются в языке народа, который передает культуру, традиции из поколения в поколение, это почитание и уважение к истории, предкам, родной земле. Очень важно, чтобы эти ценности очень прочно присутствовали в каждом гражданине» .

Ұлттық кодтың сан қырлы аспектісін зерттеу жан-жақтылықты, қоғамымыздағы және әлемдегі үдерістерді дұрыс түсінуді, соған сай белгілі бір ғылыми зерттеу әдістерін қолдана білуімізді талап етеді. Қазіргі ақпараттық кеңістіктің ерекшеліктерін де ескеруіміз қажет. Ақпараттық кеңістік - өз алдына бөлек бір көп деңгейлі, күрделі құрылым. Заманауи технологиялар есебінен ақпараттың ауысу жылдамдығы артып, көлемі де ұлғайып келеді. Теріс идеологиялық, діни насихаттауды жүргізуді көздегендер ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланып, өздерінің теріс мақсаттарына қол жеткізуде. Осы жерден бұл мәселенің еліміздің ұлттық қауіпсіздігімен байланысын анықтай аламыз. Қазіргі таңда жастарымыздың жат діни ағымдардың жетегінде кетіп, экстремистік әрекеттерге де барып жатуының астарында олардың осы ұлттық қасиеттеріміз бен мінезімізден ауытқуы жатыр. Осындай қиын шарттарда өзіміздің құнды қасиеттерімізді жоғалтпас үшін ұлттық кодымыздың әр элементін сақтай алуымыз, келер ұрпаққа дұрыс жеткізуіміз бүгінгі күннің талабы деп есептейміз.

Жоғарыда айтқан ойымызға мысал ретінде «Нұр Отан» партиясының идеология бойынша хатшысы Фархад Қуанғановтың пікірін келтірсек: «Барлық экстремистік ағымдар ұлттық кодты құртуды бірінші мақсат ретінде алға қояды. Менің ойымша, осындай үрейлі үдерістерге қарсы тұра алатын күшіміз ұлттық кодта жатыр. Біз өткен тарихымызға көз жүгіртіп қарар болсақ, идеологиялық текетірестердің болғанын және дәстүрлі қоғамның оларға төтеп бере алғанын көре аламыз. Діни ұстаз шәкіртіне анасын діндар болмағандықтан жерлеуге тиым салып жатқан жағдайларды кездестіріп жатырмыз. Бұл – экстремистік идеология мен дәстүрлі құндылықтардың қақтығысы және осы ағымдармен күресті, ең болмағанда олардың кең таралуының алдын алуды ұлттық код құндылықтарын жастарға жеткізу арқылы жүргізе алатынын түсіндіреді».

Мақалада талқыланған мәселелер тек зерттеліп қана қоймай, олар бойынша жүйелі де кешенді іс-шаралар жүргізуді талап етеді. Мақсатымыз - ұлттық тіліміздің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы ұлттық кодымызды күшейту. Мақсатымызға сай әдіс-тәсілдерді, жобаларды ұйымдастыра алсақ, жетістікке жетеміз деп сенеміз. Мәселені саралай келе, төмендегідей ұсыныстарды жасаймыз:

1. Зиялылар еңбегін ұлттық кодтың өзегі ретінде пайдаланып, қоғамдық өмірдің әр саласында тиімді қолдану. Заманауи тәжірибелерді пайдалана отырып, қоғамдық санаға оң әсер ететін еңбектерді шығару. Мәселен, саясаттанушы Бақытжан Бұқарбай «Күміс кітап» еңбегінде кітап оқудың қоғамдағы рөлі, оқырманның қалыптасуы секілді сұрақтар төңірегінде ой қозғап, мәселенің өзектілігін айқындай түседі. Автор шет ел тәжірибесінде ауқымды романдарды ықшамдалған нұсқада (яғни, бірнеше томдық романдарды қысқартылған түрі) шығару кездесетінін атап өтеді. «Бұл немен байланысты?» деген заңды сұрақ туындайды. Б.Бұқарбай бұның себебін кітап оқу саласындағы қазіргі үрдіспен түсіндіреді. Бұл үрдіс ақпараттық технологиялармен, әлеуметтік желілермен тікелей байланысты. Яғни, әлеуметтік желілердегі посттарды оқып үйренген қолданушылар көпбетті шығармаларды оқуға құлшыныс білдірмейді. Соның салдарынан қоғамдағы оқырмандар саны мен сапасы да төмендеген. Сондықтан заманауи үрдістерді

ескере отырып, осы шарттарға бейімделген әрі халықтың қызығушылығын тудыра алатын нұсқа мен көркем дизайнда зиялыларымыз бен ағартушыларымыздың еңбегін шығаруды ұсынамыз.

2. Зиялыларды, қоғам және мәдениет қайраткерлерін ұлттық код мәселелері төңірегінде жұмылдыру.

«Дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси, әлеуметтік халық бұқарасы бірлігі ешқашан болған емес. Сондай-ақ, халық бұқарасынан қолдау көрмеген жағдайда зиялы қауым ештеңе істей алмайды. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, «яғни, оны жат үстемдіктің тепкісінен құтқарып өз мекемелеріне ие, тәуелсіз бір жеке тұлғаға айналдыру сынды негізгі мақсатқа жету үшін, ұлттық зиялы қауым мен ол өзі тән болып отырған халық бұқарасы арасында бір ортақ сана болуы тиіс. Міне, осы сананы айқындау, яғни, халық тілегін дұрыс және анық бір формаға келтіру, аталған мақсатқа жету үшін іс пен әрекет бағдарламасын жасау зиялылардың міндеті» - деп Мұстафа Шоқай зиялылардың ұлт алдындағы рөлі мен жауапкершілігін атап көрсеткен болатын. Сондықтан ұлттық код төңірегіндегі іс-шаралардың жақсы нәтижеге жетуі де зиялыларымыздың осыған ат салысуына тікелей байланысты.

3. Білім беру саласында жүрген педагогтарға жан-жақты жағдай (материалдық және моральдық қолдау) жасай отырып, олардың оқушылар мен жастардың ұлттық рухын көтерудегі рөлін тиімді пайдалану.

Жалпы алғанда, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамдық құндылықтар негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына қажетті жағдай жасау, жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру, ана тілі мен мәдениетін, ұлттық болмысын қалыптастыруға, денсаулығын сақтауға бағытталған жұмыстар болып табылады. Оларды қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесіндегі ең маңызды міндеттер. Осы орайда, жас ұрпақтың ұлттық рухын көтеруде педагогтардың маңызды тұлға екенін атап айтуға болады. Соған байланысты мұғалімдеріміз бен ұстаздарымыздың жас ұрпақтың болашағындағы рөлін ескере отырып, олардың қоғамдағы мәртебесін көтеруіміз қажет.

Елбасының «Туған жер» бағдарламасы жалпы ұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналып, Туған елге – Қазақстандық деген патриоттық сезімге ұластырылған. Мұндағы негізгі өзек Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды.[3]

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі.

Аталған дана ойларды сараптау нәтижесі еліміздегі білім беру жүйесінің басымдықтары мен оған жеткізетін жолдарын айқындап, көзделген жұмыстардың барынша тиімді жүзеге асыратындығын дәлелдейді. Мақсатқа жету үшін болашақ ұрпақтың санасын жаңғырту ісінің озық тәжірибелерге негізделуі бірнеше бағытта ауқымды атқарылған істермен сабақтастырылады.

Заманауи білім берудің басты бағыт бағдары әлемдік білім кеңістігіне еніп, жаһандық қоғамға лайықты кәсіби маман тәрбиелеу. XX ғасырдағы бастыстық жаңғыру үлгісін қазіргі заманға сай бейімделуі, өркениеттер тоғысындағы жаңа ұрпақ тәрбиелеу, кәсіби маман қалыптасу, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты-ұлттық кодты сақтай білумен үйлестіріледі.

Ортақ мәселені шешуге бағытталған оқу-тәрбие үдерісінің болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда, тәрбие үдерісін жүйелі құруға, креативтік іс-әрекетте тәрбиелеуге, жеке тұлғаның өзіндік дамуына ықпал етеді. Бұл мәселелер ұлттық рухани тамырынан нәр алып болашақ көкжиектерін үйлесімді ұйыстыратын ұлт жанының тұғырнамасы ретінде қарастырылатыны ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мақаласында жан-жақты талқыланған. Атап айтқанда, қазіргі таңда жеке адам ғана емес тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырғанда ғана табысқа жететіні айқындалып, әлемдік деңгейде ұтымды дүние ұсынумен сипатталған. Ол үшін әрбір қазақстандық XXI ғасырға тән қасиеттерге ие болып, компьютерлік сауаттылық шет тілдерін білу мәдени ашықтық сияқты факторлардың алғышарттар санатында қарастырылуы «үш тілде білім беру», «Цифрлы Қазақстан» және т.б. бағдарламалардың талаптарға сай дайындалып, шынайы прагматизмнің жарқын үлгілерін ұсынуға жетелейді. [3]

Осы тұрғыдан алғанда, білім алушының өзіндік ізденуіне, өзіндік ой қорытып, жан-жақты дамуына, кез-келген мәселені өзбетінше шешуге, сонымен қатар, ұжымда өзін-өзі ұстай білуге, жеке тұлғалық қасиеттерін айқын танытуға, өзін және өзгені әділ бағалауға, басқаның пікірімен санасуға, өзара тіл табысуға бейімдеп, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуда оқу және тәрбие – өзара байланыста қарастырылады. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі білімділік, қарапайымдылық, ұстамдылық,

қанағатшылдылық, үнемшілдік сияқты қасиеттермен жіктеліп, білім алуда салауатты өмір салтын ұстана отырып, кәсіби тұрғыдан даму барысында ғылымды ұтымды пайдалану болып табылады. Бұл заманауи әлемдегі оқу мен тәрбие үдерісіндегі бірден бір табысты үлгісі.

Әлемдегі қазіргі жағдай өзінің күрделілігімен, қоғамдық қатынастардың әр алуандығымен ерекшеленеді. Бұған дейін кездескен мәселелердің орнын жаңа тұрпаттағы ауыр, шешімі көп күш пен уақытты талап ететін сұрақтар басуда. Технология, өндірістің дамуы бізге көптеген жеңілдіктер мен мүмкіндіктер сыйлағанымен де, біз қоғамдық сананың, ұлттық код пен құндылықтардың деградациясын көрудеміз. Сан ғасырлар бойы қалыптасып, уақыттың сынынан өткен құндылықтарымызды арзан да зиянды дүниелерге айырбастаудамыз. Бұндай кірісінен шығысы көп айырбас - баршамызды тақырға отырғызары анық.

Әлеуметтану, психология және философия секілді ғылымдар ұлттық құндылықтар позициясының әлсіреуінің астарына үніліп, теориялық, тәжірибелік зерттеулер арқылы белгілі бір қорытындылар, ұсыныстар да келтіруде. Жалпы алғанда, жер шарының өз экожүйесі болғаны секілді, қоғамның, адами қатынастардың да өз жүйесі бар. Жүйе болғаннан кейін оның өзіндік өмір сүру заңдылықтары, қағидалары болады. Экожүйеде кейбір элементтердің жойылып кетуі өзінің салдарын сездірмей қоймайды. Бұл – баршамызға белгілі ақиқат. Ал кейде экожүйеге артық элементтер, зиянды қалдықтар енген кезде ол да өзінің салдарын көрсетеді, яғни үйлесімділік заңдылығы бұзылады. Дәл сол сияқты ұлттық кодтың да өзіндік құрылымдық элементтері бар. Бұл элементтер бір-бірімен тікелей байланысты. Әр қайсысының өзіндік позициясы, атқарар функциясы бар. Осы жүйедегі элементтердің толық болуы, жұмысын сапалы атқаруы біздің қоғамымызға эволюцияны, жаңа даму мүмкіндіктерін әкеледі.

Тарихи өткенімізге көз жүгіртіп қарар болсақ, ұлттық кодымыздың қаншалықты маңызды рөл атқарғанын көре аламыз. Себебі, Қазақ хандығының қалыптасуынан бастап тәуелсіздік алған уақытымызға дейінгі аралықта халқымыз көрші хандықтардың көптеген басқыншылық соғыстарын, патшалы Ресейдің бодандық саясатының езгісін, коммунистік режимнің идеологиялық қыспағын да көрді. Осы өткен қиын кезеңдердегі елдігіміздің сақталып қалуында ұлттық код негізгі факторлардың бірі ретінде рөл атқарды деп есептейміз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында заманауи өзекті мәселені қозғай отырып, халқымыздың рухани жаңғыруына қажетті бағыттарды көрсетті. Бұл бағыттардың дұрыстығын, қажеттілігін көрудеміз. Мақаланың «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» алғашқы бөлігінде «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» - деп атап көрсеткен болатын [4].

Бұл мақалада айтылған бағыттарды өмірімізге дұрыс ендіре алсақ, рухани жаңғыруымыздың баянды әрі жемісті боларына нық сенеміз. Әлбетте, бұл қажыр-қайратты, аяңбай еңбек етуді талап етеді. Рухани жаңғыру бойынша ұсынылған әр бағыттың ауқымы кең, маңызы терең. Әр бағыттың өзі жеке бір ғылыми талдауға арқау бола алады. Сондықтан біз осы мақаламыздың төңірегінде ұлттық код пен ұлттық тілдің ғылыми аспектілерін, өзара байланысын, ұлттық кодтың жаһандану үдерісіндегі маңызын, оның сыртқы теріс ықпалға қарсы рөлін зерделеуге тырыстық.

Халықтың ақыл-ойы, дүниетанымы, өмір сүру тәсілі, материалдық және рухани мәдениеті, тарихы, сол материалдық, рухани дүниелерінің қалыптасуы, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрыптары сияқты белгілер ұлт болмысын құрайды, яғни ұлттық кодын анықтайды. Осы орайда Бекен Қайратұлының «Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмыс. Яғни, бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын және сол халықтың әлем қауымдастығы алдында басқаға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысын айқындап тұратын сипаты. Бұл сипаттың ерекшелігі – дара халықтың жаратылысындағы айрықша антропологиялық генезисінен бастап, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр-салты, мінез-құлқы, арман-мұраты, тілі мен ділі, тұрмыстық-шаруашылық негіздеріне дейін толық қамти алуында. Бір сөзбен айтқанда, этностың тұтастығын сақтап тұрған кілтінің бүтін болуы» - деген анықтамасы мәселені жан-жақты аша түседі.

Ұлттық кодтың негізгі элементі ретінде ұлттық тілді көреміз. Себебі, рухани жәдігерлер ұрпақтан-ұрпаққа осы тіл арқылы жеткізіледі. Яғни, біз ұлттық код пен тілдің арасындағы тікелей байланысты көре



аламыз. Филология ғылымдарының докторы, ҚазҰУ профессоры А.Б. Салқынбайдың «Ұлттық код қайда? Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шындалып, парасатпен шырайланған» - деген сөздері жоғарыдағы пікірге дәлел бола алады деп есептейміз.

Адамзат жаратылысында тіл айрықша маңызды рөл атқаратыны белгілі. Тіл адамдардың жай ғана қарым-қатынас құралы ғана емес, оның ішкі құрылымдары мен жүйелері тым күрделі және олар бір-бірімен тығыз байланысты көпдеңгейлі құрылым болып табылады. Адам тіл арқылы жай ғана ақпарат алып немесе беріп қоймайды, сонымен қатар әрдайым өзінің қоршаған ортаға, құбылысқа деген көзқарас, сезімін, субъективті қарым-қатынасын тіл арқылы жеткізіп отырады. Осылайша тіл адамның ішкі көңіл-күй толғанысы мен сезімін де жеткізудің басты құралына айналған. Психологияда адамға тән сезімдердің 500-ге тарта түрлері белгілі болса, олардың әрқайсысының тілдік жүйедегі мазмұны мен көрінісі сан алуан. Себебі тілдің басты міндеті адамға қызмет ету, ал адам – сан қырлы, күрделі құбылыс. Қазіргі ғылымның дамуындағы антропоцентристік бағыт адамды интеллектуал тұлға ғана емес, оны эмоционалды менталды қырынан да қарастырады [4]. Тілді қарастырған кезде білгілі бір ұлттың тарихымен, дамуымен бірге қарастырамыз. Тіл ұлтпен бірге пайда болады, ұлтпен бірге өмір сүреді. Сондықтан «тіл» ұғымымен қатар «ұлттық тіл» ұғымы да жиі пайдаланып жатады. Ұлттық энциклопедияда ұлттық тіл ұғымына мынадай анықтама берген: «Ұлттық тіл – халықтың ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын әлеуметтік-тарихи категория. Әрбір ұлттық тілдің өзіне тән дербес қалыптасу жолы бар. Барлық ұлт тілдеріне тән ортақ сипат – олардың бүкіл халықтың, ұлттың игілігіне айналуында және жан-жақты жетілуінде. Қазақ ұлттық тілі халқымыздың ұлттық болмысын, әдет-ғұрпы мен салтын, дәстүрін, ұлттық жадын қалыптастырушы негізгі тұғыр ретінде ұлттың ділін, дінін, біліктілігін болашаққа жалғайды» [5]. Ұлттық тілге ұлттық кодтағы негізгі элемент ретінде баға беру Амангелді Айталының «Ұлттану» еңбегінде де кездеседі. «Ұлттық тіл» – ұлттық төл болмыстың маңызды объективтік белгісі, ұлтты ұлт етіп ұйытатын қасиеттердің бірі. Ұлттық тілсіз мәдениеттің, салт-дәстүрдің, сананың қалыптасуы мүмкін емес. Ұлттық тіл арқылы ғана ұлттың асыл қасиеттері лайықты мәнге ие болады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз.
2. Саяси түсіндірме сөздік. Астана, 2018.- 421 б.
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газеті, №70 (29051) 12 сәуір. 2017 жыл.
4. Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері.- Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007.-392 бет. 3-бетте.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас ред. Б.Аяған. – Алматы. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. 9-том, 35-36 беттер.

УДК 3 (314/316)

**Қарабаева З.М.,**

тарих ғылымдарының кандидаты, доценті  
Абылай хан атындағы ҚазҰХҚ және ӨТ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: Karabaeva\_Zapixan@mail.ru

**Шоганова Г.А.,**

тарих ғылымдарының кандидаты, доценті  
Абылай хан атындағы ҚазҰХҚ және ӨТ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: galia.8.09@mail.ru

#### ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚОҒАМ ДАМУЫ АЯСЫНДА ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ

**Түйін:** Бұл мақалада қоғамның дамуына аясында жастарға патриоттық және рухани - адамгершілік тәрбие беру барысында жас қазақстандық ұрпақтың бойына еліне, ұлтына, Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық, әлеуметтік жауапкершілік, бәсекеге қабілеттілік сияқты сапаларын қалыптастыру мақсатын жетілдірудің өзекті мәселелері сөз болады

**Тірек сөздер:** патриотизм, рухани жаңғыру, рухани – адамгершілік, азаматтық, Отанға деген сүйіспеншілік, жаһандық

**Karabaeva Z.M.,**

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor  
Kazakh University of International Relations  
and World Languages named after Ablai Khan  
Almaty, Kazakhstan

**Shotanova G.A.,**

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor  
Kazakh University of International Relations  
and World Languages named after Ablai Khan  
Almaty, Kazakhstan

## SPIRITUAL, MORAL AND PATRIOTIC EDUCATION OF YOUTH IN THE CONTEXT OF THE GLOBALIZATION OF MODERN SOCIETY

**Abstract:** This article is highlighted the topical issues of the formation in the young Kazakhstani generation of such qualities as love for the country, nation, and Homeland, aimed at awakening civil and social responsibility into their consciousness. In this regard, such aspects as competitiveness, patriotic and spiritual - moral education of young people in the light of the development of Kazakhstani society are examined.

**Keywords:** patriotism, upbringing, formation, Motherland, Fatherland.

«Еліміздің ертеңі, бүгінгі жас ұрпақтың қолында, жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» демекші Қазақстанның дамуы және қаншалықты табысты болуы, Отан сүйгіштігі жас ұрпаққа берген тәрбиемізге байланысты.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында ең маңызды стратегиялық міндет ретінде патриоттық тәрбие беруді атағаны тегін емес: «Өзімізді және балаларымызды Жаңа Қазақстандық Патриотизмге тәрбиелеу қажет». Сондықтан жас қазақстандық ұрпақтың патриотизм, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты сапаларын қалыптастыру мақсатында тәрбие беру мақсаттарын жетілдіруді ең маңызды міндет ретінде алға қоюымыз қажет. Қазіргі XXI ғасыр жаңа технологиялар ғасыры, ақпараттық ғасыр яғни жаппай жаһанданумен, экономикалардың бірігуімен, көші-қон процестерінің жандануымен, мәдени өзара кірігумен сипатталады. Бұл процестердің оң жағымен қатар, рухани өмірдің өзгерістерімен, дүниетанымдық және құндылықты дағдарыстың шиеленісуімен байланысты кері жағы да бар. Елбасы өзінің Жолдауында: «Қазақстан – біздің жеріміз. Бұл жер әрқашанда біздің ата-бабамыздың жері болған. Ол енді біздің ұрпақтың жері болмақ», - деп түйіндейді. Әр адам үшін кіндік қаны тамып, туып өскен жері, яғни өз Отанынан қымбат мекен жоқ. Отанымыздың ұлтарактай жері үшін қаһарман ата-бабаларымыз қасық қаны қалғанша күресіп, ұрпағына оны мирас етіп қалдырды. Сондықтан барлығымыз туған еліміз бен жеріміздің алдында әрқашан борыштар екенімізді ұмытпауымыз қажет. Осы кең байтақ Отанымызда салт-дәстүріміз, рухани байлықтарымыз, ұлттық болмысымыз бен терең тарихымыз жатыр.

Жаңа Қазақстандық жастарды патриотизмге тәрбиелеу процесінің тұтастығы мен бірізділігі тек егер ол елдің өткеніне құрметпен қарауды қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар, қазіргі Қазақстанның құндылықтары мен жетістіктерін байланыстыра меңгерген жағдайда нәтижелі болуы мүмкін. Қазіргі халқымыздың патриотизмі экономиканы қайта құруда, қоғамды рухани жаңартып демократияландыруда, плюрализм пікірін бекітуде және әлеуметтік орта мен идеологиядағы сол бір тоқырау кезеңдерінің әсерінен туған жікшілдік пен бұрмалаушылықты жоюдағы күреске бар күшті ынталандыру болып табылады. Мұның бәрі келешек жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында білім беру саласы бойынша қоғамның бүгінгі күнгі талабы әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды. Сондықтан болашақ мамандардың патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың бойында патриотизмді қалыптастыру қоғам болашағының өркендеуін, елімізде тыныштық пен бейбітшіліктің мәңгілік қанат жаюын қамтамасыз ететіні анық. Өйткені патриотизм әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін ядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен өлшенеді. Сонымен, жастарымызды кеудесінде намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіп өсіргіміз келсе, бар назарды келешек ұрпақ тәрбиесіне аударуымыз қажет. Тарихқа көз жіберсек, біздің дәуірімізге дейінгі V-VI ғасырларда өмір сүрген Қытайдың ежелгі ойшылы Конфуций адамның өмірі ең әуелі моральмен реттелуі тиіс екенін

тұжырымдап берді. Бұған білім мен тәрбиенің арқасында қалыптасатын дұрыс адамгершілік әдептердің ережесі ли ұғымын насихаттау негіз болды. Қытай халқы өзінің жүздеген жылдардан бергі өмір салтында Конфуцийдің осы өсиеттеріне барынша адалдығын көрсетіп келеді. Ұлы ойшыл әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- десе ұлы Абай Құнанбаев: «Адамның бойындағы рухани даму, рухани сабырлыққа, оны қанағатшылдыққа деген үлкен тәрбие болмаса, адамдар қай жерде жүргенде де өзінің жеке басының мүддесін ғана күйттеп кетеді», – деп қортындылайды. Тәуелсіз ел ретінде дамып жатқанымызға үшінші онжылдыққа аяқ басты, соған қарамастан бүгінгі таңда жастардың бойында еліне, ұлтына, Отанға деген патриоттылықты қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан біз үлкен назар аударатын мәселе – рухани-адамгершілік пен патриоттық тәрбие мәселесі болу керек. Елбасы Қазақстандағы ұлттар Ассамблеясының ХХ-шы отырысы кезінде айтып өткендей «қазақстандықтардың тарихи санасы топтасуға жұмыс істеумен қатар, өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына деген патриоттылық сезімді оятуға жұмыс істеу қажет». Демек, қазіргі жаһандану үрдісінде негізгі міндеті жан-жақты жетілген, талғамы биік, мәдениеті жоғары, ұлттық құндылықтарды қадірлей білетін, отаншылдық рухтағы тұлға етіп қалыптастыру. Сондықтан еліміздің ертеңі, бүгінгі тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың қолында. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы мақаласы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын Жолдауының жалғасы іспетті.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан –2050» Стратегиясы–қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керектігін айтты. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Таяу жылдардағы міндеттер» тарауында алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсына отырып, еліміздің рухани өміріндегі бірқатар өзекті мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын да айтқан болатын. Онда, біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау, екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын, үшіншіден, Президент «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынады.

Латын әліпбиі мәселесінде жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтыны сөзсіз. Өйткені латын қарпі – ғылым мен техниканың, интернет пен ІТ-технологиялардың тілі. Латын әліпбиі рухани болмысымызды байытып, қоғамдық санамызды жаңғыртады. Бұл әліпби қазақстандықтар үшін ғана емес, сонымен қатар төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызға да ортақ әліпби болмақ,-деген басшымыз. Латын әліпбиіне көшу тарихына көз жіберсек: Латын әліпбиі, әлемде кеңінен қолданылады. Б.з.б. 7 ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. 1 ғасырында қалыптасты. Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Латын сөздерін оқуға негізделген әріп таңбалары қалыптасты. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

Сонымен, латын әліпбиіне көшу –бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шешімі деп білемін. Бұл шешім арқылы ғылым мен ақпарат, мәдениет салаларында үлкен жетістіктер орын алатынына сенімім мол. Халқымыздың алғырлығы, ғылым -білімге құштарлығы латын әліпбиін тезірек игеруге де септігін тигізеді деп ойлаймын. Сондықтан Елбасы қабылдаған шешімді ел игілігі үшін жасалған маңызды қадам деп есептейміз. Қазір әлемдік ақпараттың 80 пайызы латын графикасын қолданатын ағылшын тілінде беріледі. Латынға көшу – сауатын ашқаннан латын әліпбиін қолданатын Батыс елдеріндегі қазақтардың атажұртпен мәдени, рухани қарым-қатынасын арттырып, өзара түсінісуіне мол мүмкіндік береді. Ұлттық тілі жоғары деңгейдегі жапон елі де ғылыми жұмыстар және байланыс құралдарын пайдалануға ыңғайлы болуы үшін латын жазуын екінші тіл деңгейіне көтерді. Сонымен латын әліпбиі, әсіресе, ғаламтор мен ІТ-технологиялардың қарқынды дамуына орай соңғы жылдары нағыз жалпы қолданыстық және халықаралық тілге айналды деп батыл айтуға болады. Латын графикасы араб жазуы, кириллица және басқаларына қарағанда қолданысқа бейімдірек және оңай қолжетімді болып саналады. Сондықтан бүгінгі таңда латын әліпбиіне көшу – прагматикалық көзқарас тұрғысынан алғанда бірегей оңтайлы жол. Бұған ешкім дауласа алмайды.

Қашан да қабылданатын маңызды мәселе қоғам талқысына түсіп, қызу талданатыны белгілі. Айтсақ, іс басталып кетті. Жақында елбасы болашақ қолданысқа әліпбиді бекіткенде болатын. Енді тек жүзеге асыру шаралары жүргізілетін болады. Бұл жаңалық, әсіресе, жастарымыздың қызығушылығын тудырып отыр. Өйткені қазіргі кезде жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей қолданысқа айналады деп ойлаймын. Өйткені, қоғамдағы жарнаманың өзі ағылшынша жазылса, адам назарын бірден аудартады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде ағылшынша жазатын жастар көбейіп барады. Қуантарлық жайт, әрине. Сол сияқты қазақ ел арналар да өз атауларын латын жазуымен ауыстырып та үлгерген.

«Туған жер» жобасының да маңыздылығы Біріншіден, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Екіншіден, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау мақсатында.

Үшіншіден, Қазақ елінің әр өңіріндегі сайы мен қыры, тауы мен жотасы, даласы мен қаласы терең тарихтан сыр шертетіндіктен, ел жастары олардың әрбірінен хабардар болуы тиіс. өз тарихына терең бойлай алған ұрпақ қана Отанына адал, жауапкершілігі жоғары азамат болып өседі.

- Жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру. Яғни, бұл дегеніміз - «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.

- Ұлт мақтаншықтары тек қана бұрынғы өткен батыр-бабалар, данагөй билер бен жыраулар ғана болып қалмауы тиіс. Бұл ретте, көзделген мақсат «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы, яғни, Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихында назарда ұстауға бағыттталып отыр. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алу. Бұл бағдарламаны қолға алудағы басты мақсаты Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім беру, яғни, білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау. Бұл жоба бойынша Президент әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударуға тапсырма берген. «2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз», - деді. Бұл ірі жобаларды іске асыруда Елбасының тапсырмасымен Ұлттық аударма бюросы құрылды, биылдың өзінде философия, әлеуметтану, тіл ғылымы саласындағы 18 оқулық оқырманға жол тартып, университеттерде қолданысқа енді.

Бұл кітаптардың дені ағылшын, француз тілдерінен, яғни түпнұсқа тілдерден аударылуда. Олардың біразы күні бүгінге дейін орыс тіліне де аударылмаған екен. Бұл жобаның аясында ен алдымен жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім беріледі, осылайша білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярланады. Бұл арқылы жастар прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Біздің ойымызша, осы 100 оқулық мемлекеттік тіліміздің қолданысын кеңейтетін болашақтың бастамасы болары анық.

Жастарға патриоттық сананы беретін институт – жоғарғы оқу орындары мен білім беру мекемелері. Олай болса, студент жастардың тұрмысымен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Ел басы мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрінде жасайды» - деген болатын. Осы ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, бізге, жоғары оқу орындары оқытушыларына, тек оқу және оқыту процестерін төңіректемей, жастар болмысына әсер ететін құбылыстарды тұтастыра қарағанымыз жөн. Студенттер бойында қоғамдық-саяси сауаттылықтың негіздерін қалыптастыру, олардың заңдылықты, қоғамдық өмір нормаларын қастерлеуге, біздің халқымыздың тарихи өткені мен мәдени мұрасына құрмет көрсету рухында тәрбиелеу егемен, тәуелсіз ел үшін — қажеттілік. Сапалы білім мен саналы тәрбие беру қай уақытта да өзінің өзектілігін жоймақ емес, оны жүзеге асыру тәрбиелеу оқытушы қауымының жауапкершілігіне түседі. Осыдан мың жарым жыл бұрын өмір сүрген Шығыстың бір ғұламасы: «Істейтін ісің ол көлеңке сияқты: жатсаң жатады, тұрсаң тұрады, жүрсен жүреді, еңбектенсең нәтижесін береді» - деген екен. Ендеше мақалаға, қатысты айтылған тұжырымдар өскелең ұрпақты аянбай еңбек етуге үндеуі тиіс. Тек мақсатты, өнімді еңбек арқылы ғана ердің де, елдің де мәртебесін асқақтатады.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Назарбаев Н.А. «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее». Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда - 14.01.2014 г.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде. Алматы, 2000.

3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақала // Егемен Қазақстан. 12. 04.2017.
4. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан//<http://www.edu.gov.kz/ru/poisk/>
5. Тәжібаева С.Ф. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. Алматы: Қазақстан мектебі. № 3, 2007.
6. Айдарбеков З.С. Казахстанская молодежь: стратегии, ценности, ориентиры. – Алматы, 2008 г.
7. Арипов Д. Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі . - Алматы, 2017. – 3 б.
8. Латын әліпбиіне көшу мәселелері мен келешегі :республикалық ғылыми–тәжірибелік семинар материалдарының жинағы. // Құраст.Г.С.Қаленова – Атырау. 2017. 100 б.

ӘОЖ: 37.025

**Құрымбаева А.К.,**  
Шығыстану Магистрі  
Изучение опыта применения данного метода в процессе обучения английскому языку детей раннего возраста позволяет нам сделать вывод о том, что квест является инновационным приемом среди игровых методов обучения, который еще не получил широкого развития в дошкольных и младших школьных образовательных программах, несмотря на факторы, определяющие данный метод, как успешный в раннем обучении: есть сюжетная игра с определенной целью, для достижения которой необходимо принять правила игры, и выстраивать иноязычную коммуникацию. Выполнение заданий способствуют развитию навыков аудирования и чтения на иностранном языке, поиск решений проблемных ситуаций активизирует логическое и творческое мышления школьника, способствуя его всестороннему развитию.

Подводя итоги вышесказанному, следует отметить, что само по себе использование квестов на уроке иностранного языка еще не гарантирует успех и достижения со стороны учащихся и преподавателя. Мы твердо считаем, что комплексное использование инновационных технологий делает процесс обучения иностранным языкам более эффективным, разнообразным и повышающим мотивацию к изучению предмета. Также следует подчеркнуть, что инновационные технологии при обучении иностранным языкам в казахстанских вузах, безусловно, должны использоваться наряду с традиционными методами

обучения, и решения по составу данных технологий и степени их активного применения должно приниматься ведущим преподавателем или методическим объединением. Целью вузовского обучения иностранному языку является свободное владение выпускником иностранным языком для общения в своей будущей профессиональной сфере.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Будняя О.Н., Гончарова Е.А. Метод «квест» как инновационная технология обучения английскому языку младших школьников // Университетские чтения – 2017, Материалы научно-методических чтений. - 2017. - С. 27-31.

2 Эсаулова О.В. Использование квест- технологии в обучении английскому языку - Режим доступа URL: <https://soiro.ru/sites/default/.../pozasnitelnayazapiskaesaulova.docx> (дата обращения 05.10.2018).

3 В. Dodge Some Thoughts About WebQuests - Access mode: [http://edweb.sdsu.edu/courses/edtec596/about\\_webquests.html](http://edweb.sdsu.edu/courses/edtec596/about_webquests.html) - (дата обращения 06.10.2018).

4 WebQuest in the Classroom – Analysis of its Impact (2005) - Access mode: <https://www.researchgate.net/publication/228968296> -(дата обращения 05.10.2018).

ӘОЖ 378.14

Джелдыбаева Р.Б.,

ф.ғ.к., доц.

Абылай хан ағындағы Қаз ХҚ және ӘТУ,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)

### ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ. МУЛЬТИМЕДИА МЕН КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯ

**Түйін:** Бұл мақалада шет тілін оқытуда қолданатын жаңа технологиялық әдістер туралы сөз қозғалады. Біз өмір кешіп отырған заман – технологияның, оның ішінде интернет, компьютерлік техниканың қарқынды дамып жатқан дәуірі. Осы орайда, біз қазіргі студенттің жаңа ақпараттарды компьютерлік ақпараттық көздер арқылы алғанда, оны оңай қабылдап, жеңіл сіңіретінін ұмытпауға тиіспіз. Шет тілін оқыту үдерісінде онлайн сабақтар мен компьютерлік технологияны қолдану бұл үдерісті студенттер үшін жеңілдетуге мүмкіндік береді және оларға әдеттегідей ыңғайлы орта қалыптастырады.

**Тірек сөздер:** Сандық технология, әдістеме, инновация, компьютер, технология, шет тілі, әдіс

Jeldybayeva.R.B.

Docent, Candidate of Philological Sciences  
Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)

### INNOVATIVE METHODS OF EDUCATING FOREIGN LANGUAGES. MULTIMEDIA AND COMPUTER TECHNOLOGY

**Abstract.** This article deals with the newest technological methods of teaching foreign languages. The society we live in is rapidly evolving technology, including the Internet and computer technology. In this case, we should not forget to make it easy to give new materials to students through informational computer resources. The use of online lessons and computer technology in the process of learning a foreign language allows the students to simplify this process and create more comfortable environment for them.

**Keywords.** Digital technology, methodology, innovation, computer, technology, foreign language, method

Қазіргі таңда сандық технология әлемдік дамудың айнасы болып тұрған кез. Сандық технологияны өмірге дендеп енгізіліп халықтың өміріне өз үлесін қосуы қажет. Елімізде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша экономикалық және әлеуметтік салаларда сандық жүйені жетілдірудің жаңа жобасы жасалуда. Осы мақсатта барлық жоғары оқу орындарында сандық технологиялары қолдану үрдесі жолға қойылуда. Шет тілін оқытуда интернет, компьютерлерді қолдану табылмайтын құралдар болып табылады.

Біраз жылдардан бері шет тілдерінен дәріс беретін оқытушыларды оқытудың жаңа әдістері толғандырып келеді. Көптеген елдердегі әдістемешілер бұрыннан қолданылып келе жатқан әдістер мен технологияларға сараптама жасаумен және оларды заманауи өмірге бейімдеумен айналысып келеді, сонымен бірге олар оқытудың тың жолдарын іздестірумен де шұғылдануда. Кейбір оқытушылар қалыптасып қалған әдістерді сақтап қалуды жақтаса, басқалары жүйені толығымен өзгертуді қалап отыр. Сонымен қатар, оқытушылардың үшінші бір тобы оқытудың жаңа және ескі үлгілерін біріктіруді ұсынып отыр. Алайда барлығы да өзгерістер қажет екендігімен таласпайды. Бұл жағдайды: тіл оқыту мақсатына

қойылатын соңғы талаптар, заманауи студенттің психологиясы, бізді қоршаған ортадағы технологиялық өзгерістер сияқты бірнеше фактормен байланыстыруға болады.

Біз өмір кешіп отырған заман – технологияның, оның ішінде интернет, компьютерлік техниканың қарқынды дамып жатқан дәурені. Осы орайда, біз қазіргі студенттің жаңа ақпараттарды компьютерлік ақпараттық көздер арқылы алғанда, оны оңай қабылдап, жеңіл сіңіретінін ұмытпауға тиіспіз. Шет тілін оқыту үдерісінде онлайн сабақтар мен компьютерлік технологияны қолдану бұл үдерісті студенттер үшін жеңілдетуге мүмкіндік береді және оларға әдеттегідей ыңғайлы орта қалыптастырады. Мультимедиялық ресурстарды қолдану арқылы шет тілін оқыту үдерісін оқу аудиториясынан тысқа шығарып, үздексіз сипатқа айналдыруға болады. Аталған ресурстарды қолдану нәтижесінде (желіде тілде сөйлеушілермен қарым-қатынас жасау, әртүрлі жаттығулар жасау, шет тілін білуге талап етілетін әртүрлі сайттарды қолдану) шет тіліне деген қызығушылық пен қажеттілікті арттыруға мүмкіндік туады.

Осыған орай, қазіргі заманның мектептер, лицейлер, колледждері мен жоғарғы оқу орындарына шет тілін оқытуда осы уақытқа дейін қолданылып келген оқыту жолдарына жаңа талаптар қою және ғылым мен техниканың дамуын есепке ала отырып, жасалған инновациялық әдістерді іздеу қажет екені айдан анық. Осы кезге дейін қолданылып келген оқытушының түсіндіруіне негізделген оқыту үлгілерінен бас тарту мақсатында оқытудың жаңа үлгілерімен қатар мультимедиа мен интернет технологияны қолдану аясы кеңейеді деп күтілуде. Оның үстіне кейінгі кездері шет тілін үйренуші студенттерге компьютерге сүйену ұсынылуда, ал бұл өз кезегінде оқу жүктемесінің 40-50 пайызын қамтиды. Мұндай түбегейлі өзгерістер компьютерлік технологияны пайдалана отырып, оқудың озық әдістеріне қол жеткізген студенттің рөлін арттыру қажет деген идеямен астасып жатыр. Алайда мультимедиялық технологияның да өзіне тән кемшіліктер бар екенін, сонымен қатар мультимедияны қолдану үшін оқытушыдан қосымша біліктілік пен машықты талап етілетінін ұмытпауымыз керек. Өйтпейінше, жұмсалған күш пен жігердің құмаға сіңгендей болатыны, қол жеткен нәтиженің мардымсыз болары айқын.

Компьютерлік технологияны қолдана отырып, шет тілін оқыту төмендегідей құрылымдардан тұрады:

- Видео клип, флэш анимация, вебквест, подкаст, жаңалықтар ж.т.б. секілді түпнұсқалық тілдік материалдардан;

- E-mail, компьютерлік мәтін редакторлары, әлеуметтік желілер, дыбыстық немесе бейнелік конференциялар арқылы студенттің тілде сөйлеушілермен байланысына мүмкіндік беретін онлайн ортадан;

- Фонетиканы, лексиканы, грамматика мен сөйлем сараптауды үйретуге бағытталған оқыту құралдарынан (онлайн қосымшалар мен бағдарламалар). Аталған құралдар «мәтіннен сөйлеуге қарай», сөйлеу мәнерін тану, интерактивтік және бақылау тапсырмаларынан тұрады;

- Оқытушы мен студенттер, студент пен студент арасында байланыс орнатуға мүмкіндік беретін онлайн ортадан;

- Оқытудың ойын үлгілерінен.

Шет тілін үйрету жолында компьютерлік технологияларды қолдануды ұсынатын арнайы құралдар мен оқу құралдарының мол шоғыры бар.

Технология шолуындағы Golonka et/ al/ (2014). Аталмыш тәсіл шет тілдерін үйренуде жиі қолданылады, оған төмендегідей құралдар кіреді: курсты басқару жүйесі (GMS); интерактивті тақталар; ePortfolio (студенттің өзі жасаған студент жұмысының сандық мұрағаты); corpus (ауызша, жазбаша немесе екі түрдегі түпнұсқа сипатындағы тілдік жинақтар); электронды сөздіктер; электронды аңдатпа (сөздің немесе сөйлемнің деңгейі туралы сілтеме, контекстік аудармалар немесе түсіндірмелі ақпараттар); ақылды оқыту жүйелері; грамматиканы тексеретін бағдарламалар; сөйлеу мәнерін автоматты түрде анықтайтын бағдарламалар (ASR) мен фонетикалық бағдарламалар; виртуалды ойындар; чаттар (синхронды компьютерлік коммуникация: мәтінді немесе аудио); әлеуметтік желілер; блогтар; интернет жиындар немесе хабарландыру тақталары.

Компьютерлік технологиялар шет тілін оқыту үдерісін қалай жақсарты алады? Компьютерлік технологияны қолдану үдерісі мен нәтижесі, оның оқытудағы қалай пайдаланылатынына тікелей байланысты. Шет тілін оқытудағы компьютерлік оқудың екі түрін ерекше атауға болады. Бірінші түрі компьютерлік технология оқыту мен үйренудің дәстүрлі үлгісін толықтыра түседі және жылдамдатады, жеңіл және тиімді етеді деп есептейді. Ал екінші түрі дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, студенттің құзыретін кәдімгідей арттыруға жол ашатын оқыту мен үйретудің жаңа инновациялық әдістерін ұсынады.

Шет тілін оқытуда компьютерлік технологияны қолдану нәтижесіне әсер ететін тағы бір фактор – студентпен қарым-қатынас жасау үлгісі. Қарым-қатынас жасаудың үш түрі белгілі: студент пен оқу материалы арасында, студент пен оқытушы арасында, студенттер арасында.



Компьютерлік технологияның көмегімен қандай жетістіктерге қол жеткізуге болады? Шет тілін оқытудағы компьютерлік технологияның әсерін зерттеудің жеткілікті жүргізілмегеніне қарамастан, оның тиімді жақтары туралы айта беруге болады. Қолдағы барлық мәліметтерге шолу жүргізіп шығып, компьютерлік жүйелердің көмегімен студент сөйлеу, түсіну, сөздік қор, грамматика, жылдамдық секілді біліктіліктерді дамытуда зор табысқа жететіндігіне көз жеткіздік. Оның үстіне компьютерлік оқыту бағдарламалары бақылау мен бағалаудың үздік түрін беріп отырғанын сеніммен айтуға болады. Компьютерлік оқыту бағдарламалары студентке дәл, нақты нұсқаулар беріп, оның жұмысын бағалай алатын оқытушының міндетін атқарады. Әдетте мұндай жүйелер төрт құрамдастан тұрады: интерфейс (тұғыр), үлгі-мысал (тақырып пен студент менгеруі тиіс білік), студенттік модель (студент білімінің ағымдағы деңгейі) және оқытушы моделі (студенттік модель мен үлгі-мысал арасындағы айырмашылыққа сүйене отырып, бақылау мен нұсқау жолдарын бақылайды).

Дыбыстау жолын компьютерлік оқыту (аудасити), бұл сөйлеу мәнерін автоматты түрде тану жолы, ол дыбыстау біліктілігін жылдамдатуға және оқытушымен салыстырғанда тиімді түрде бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама үлкен көмек бере алады, өйткені студент өз бетімен жұмыс істей алады, ол басқа студенттердің алдында жаңа сөздерді дыбыстау кезінде орын алуы мүмкін қысымнан құтылады.

Сандық ойындармен оқыту (DGBL) студент бойындағы біраз құзыреттіліктің дамуына жол ашады. Оқыту ойын үлгісіне негізделетіндіктен, қызықты өтеді, білім өзіндік контекстке құрылып, тілдік орта пайда болады. Үдеріске емін-еркін кірігу мен оқытудағы нәтижеге қол жеткізу үшін маңызды болып табылатын интерактивтік бақылау мәселелерді шешу мен сыни ойлау біліктілігін дамытады.

Чат (компьютерлік технология көмегімен жүргізілетін әңгіме-сұхбат) сөйлеу біліктілігін арттырады, қолданылатын сөздік қорды кеңейтеді, оқушының назарын дамытады (нәтижеге қол жеткізу жолында студент өзінің не білетініне және нені толық білмейтініне назар аударады) және үлгіні ойында ұстауға тырысады (түсініп сөйлеуге арналған тілдік тапсырманы орындау үшін тілдің құрылымдық/синтаксистік аспектісіне көңіл бөледі).

Мәтіндік компьютерлік коммуникация тілдік тіркестерге деген көңілді арттыруға, жазбаша тапсырмаларды орындау мен сөздерді есте сақтауда тілдік қателермен жұмыс жасауда ынталандыруға бағытталған. Сонымен қатар, ол оқу аудиториясында студенттерді ауыз-екі коммуникацияға дайындай алады. Синхрондалмаған және синхрондалған компьютерлік қарым-қатынас шет тілінде сөйлеу білігін дамытуда пайдалы бола алатындығы дәлелденген.

Электронды сөздіктердің көмегімен студент тапсырмаларды өте жылдам орындай алады, сөздік қорды қарастыру жиілей түседі. Бұл құзыреттілікті дамытпағанымен, түсіну жолын жылдамдата түседі.

Онлайн аудио және видео мультимедиялық көздермен студент аудиториядан тыс уақытта жұмыс істей алады, соның арқасында дағдылану мен өзіндік жұмыстың жиегі арта түседі. Студент оқу материалымен өзіне ыңғайлы үрдісте және қалаған уақытында жұмыс істей алады. Олар қате жіберіп қоямын деп қорықпастан, аудио материалдармен еркін жұмыс істеп, біліктіліктерін арттыруға тырысады.

Компьютерлік технологияны қолданудың басқа да артықшылықтары. Ынталану мен сенімділік.

Шет тілін үйрену кезінде студенттердің технологияларды қолданудың пайдасының мол екенін және дәстүрлі әдістерге қарағанда компьютерлік технологияны артық санайтындығын көптеген зерттеулер дәлелдеп беріп отыр. Технологиялардың арқасында студенттер оқу үдерісіне белсенді түрде тартылады және оны жақсы қабылдайды. Студенттер компьютерді қолдануды инновациялық және тартымды әдіс деп есептейді және олар оқытушымен салыстырғанда технологияға тез үйренісіп алады. Компьютерлік технологияны қолдану студент бойынан мазасыздықтың қашуына, бағалаудан ада тәуелсіз орта қалыптастыруына және осының арқасында өзін емін-еркін сезініп, тіл үйрену үдерісінен ләззат алуына мүмкіндік береді. Онлайн аудио және видео ресурстар шет тілін үйренуге деген құлшынысты арттыра түседі.

Шетел мәдениеті туралы білім. Компьютерлік технология мен интернет ресурстарлы қолдану кезінде студент тілді үйреніп қана қоймайды, сонымен бірге басқа елдің мәдениетін де танып біледі. Елге тікелей бара алмаса да, бөтен мәдениеттің өкілдерімен етене араласуды үйренеді. Мәдениет жайлы білімді тілде сөйлеушілермен хат алмасу немесе Скайп арқылы байланысу арқылы дамытуға үлкен мүмкіндік ашылады. Шет тілін оқу мен тілдік құзыреттерді дамыту үдерісі кезінде мәдениетаралық қарым қатынастың дағдылары қалыптасады.

Оқытудың әртүрлі үлгілерін қолдану дағдысы. Шет тілін оқуда компьютерді қолдану үдерісі кезінде бұрыннан техникалық және компьютерлік машығы бар студенттер дәстүрлі әдістерді қолдана оқытқаннан гөрі әлдеқайда жоғары жетістіктерге жететіні белгілі, ал компьютерлік технологияға жақындығы бола

қоймаған студенттер оны меңгеруге деген қызығушылығы артады.

Компьютерлік технология студенттің өздік жұмысын ерекше деңгейге көтеріп, алға қойылған мақсатқа жету үшін қажетті деп табылған материалды, тапсырманы зерттеу мен оқуда өз үрдісін табуына жол ашады, ол оқу уақыты пен орнын да өзі белгілей алады. электронды хаттар мен компьютерлік жазба жұмыстарының басқа да түрлері өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастырады, өйткені соңғы нұсқасын теріп шыққанға дейін жазылған жұмыс тексеріліп қояды. Студент сөйлеген кезден гөрі жазған кезде өзін-өзі сенімдірек болады.

Компьютерлік технологияның дәстүрлі әдістермен үйлесуі. Шет тілін оқытуда инновациялық технологиялық әдістердің дамуымен қатар оларды дәстүрлі әдістермен қалай үйлестіруге болады деген мәселені шешу қажет болды. Тіл оқытудың компьютерлік формасы оқытудың аралас әдістемесінің бір бөлігіне айналуы тиіс. Аудиториялық сағаттар саны шектеулі болғандықтан, студенттің сабақтан тыс уақытта орындай алатын жұмыстардың үлгілерін көбейту қажет. Осы орайда компьютерлік технология мен интернет ресурстар көмекке келеді. Студенттің шет өздігінен үйренуін қамтамасыз ететін әртүрлі материалдар жеткілікті. Мысалы:

- Ойынға негізделіп, жұмбақты, ребус пен бас қатырғыштарды шешуді талап ететін әңгімелер;
- Мәтінді жылдам оқып түсінетіндей үлгіде құрылған мәтіндерді экранға шығарып, ішіндегі жаңа сөздерді анықтауға бағытталған сөздіктер. Бұл тәсіл жұмысты жылдамдатып, сөздіктен жаңа сөздерді іздеуге деген құлықтарын арттырады;
- Лексиканы тексеруге және грамматиканы өңдеуге арналған жаттығулар.

Компьютерлік технологияны ақылмен және сауатты қолдана алған жағдайда, тілдік құзыреттерді дамытуда ол зор пайда әкеледі деген қорытынды жасауға болады. Ол студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда ерекше маңызға ие. Олар тілдік кедергілер мен студенттің бойындағы психологиялық кемсінуді жоюда таптырмас құрал. Шет тілін үйренуде компьютерлік технология студенттердің қызығушылығын арттырып, ынталандырады. Интернет ресурстар студент бойында мәдениет аралық коммуникацияны және басқа мәдениет жайлы білімді қалыптастырады. Осы аталған артықшылықтар компьютерлік технологияны заманауи білім беру ортасына кірістіру қажет екенін дәлелдеп беріп отыр.

Мультимедиа мен компьютерлік технология қолданылатын инновациялық әдістеменің бойындағы барлық артықшылықтарды ескере отырып, оқу үдерісінің жетістік болуы оларды пайдаланып қана қоюда емес екендігін естен шығармаған жөн. конструктивизм ұстанымын басшылыққа алу қажет, соған сәйкес студент білімді пассив тұтынушы емес, белсенді өндіруші болуы маңызды. Студент белсенді болған кезде ғана сырттан келген ақпарат оның бойына білім ретінде сіңе алады. Осы ұстаным мультимедиалық оқыту негізіне енуі керек. Оқытудың мұндай түрін қолдану кезінде, тіпті технология мен мониторды пайдалануда оқытушының басым болуы студент ынтасы мен қызығушылығының басылып қалуына әкелуі мүмкін. Шет тілінің оқытушысы оқу үдерісіндегі өз рөлін жақсы орындап шығуы үшін, өзінің сабаққа деген әдеттегі көзқарасын қайта қарауы тиіс. Алайда, оқытушы студентті үлкен көлемдегі оқу ресурстарымен қамтамасыз етіп, барлық бастама мен үрдісті студенттің қолына өткізіп беруі тиіс немесе зерттеу жұмыстарына басымдық беріп, лекциялық жүйеден мүлдем бас тартуы керек деген пікір емес. Оқытушы өзінің басым рөлін пайдалана отырып, жалпы білімділік мақсаттардан бастап, біртіндеп компьютер мен мультимедианы орынды қолдануға көшуі қажет, сондай-ақ ол мультимедианы оқу үдерісінің бір құрамдас бөлігіне және күшті құралға айналдыра отырып, студенттің шығармашылық өзіндік жұмыстарды жасауына жол ашуы керек.

Компьютерлік технологияны қолдана отырып, шет тілін оқытудың инновациялық тәсілі тағы біраз зерттеуді және іс жүзінде тестілеуді талап етеді деген қорытынды жасауға болады. Оқытушының бастама көрсетіп, мультимедиа мен компьютерлік оқу жүйесінің артықшылықтарын толық көлемде қолдануға дайындығы, проблемаларды анықтап, оны шешуге ұмтылуы аталған әдістің жетістікті болуының алғы шарты. Егер оқытушылар жаңа әдістерді зерделеп, тәжірибесімен ұштастырса, оқыту әдістерін жетілдіре берсе, мультимедиа шет тілін оқыту үдерісін дамытуға өз үлесін қосар еді, үлкен жетістіктерге жетуде көмекші қызметін атқаратын еді.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Қунанбаева С.С. Современное иноязычное образование. Монография, 2005
2. Қунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. Алматы, 2014.- 208с.
3. Қудрявцева Л.В. Шет тілін оқытуда пәнаралық телекоммуникациялық жобаларды пайдалану (АҚШ-тың мәдениеттану материалдары негізінде, кәсіптік деңгей) // Пед. ғыл. канд. дисс. – Тамбов, 2011.
4. Полат Е.С. Шет тілінің сабақтарындағы жобалар әдісі // Мектептегі шет тілі. -2000.-№2-3.
5. Полат Е.С. Шет тілінің сабақтарындағы интернет // Мектептегі шет тілі. -2009.-№2-3.

Ділдабек Ұ.

Шет тілдер сөйлеу тәжірибесі

кафедрасының мұғалімі

«6M020700-Аударма ісі»

мамандығының магистранты

Абылай хан атындағы ҚХЖ және ӘТУ

Алматы, Қазақстан, e-mail: scarlet95@mail.ru

## ЕТЕЛ ТІЛІН ЕРТЕ ЖАСТАН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

**Түйін:** Заманауи әлемде адамдар әр түрлі ақпараттық технологиялармен қоршалған: компьютерлер, ноутбуктар, планшеттер, электронды кітаптар және смартфондар. Барлығы біздің өмірімізді әртүрлі және ыңғайлы етеді. Заманауи балалар - бұл жоғары технологиялық балалар, қағаз жүзінде қолдану оларға қызықсыз әрі түсініксіз. Мұғалім өзгеріп жатқан шындыққа бейімделіп, оқу процесінде сандық технологияларды және олардың өнімдерін пайдалануды үйрену қажет.

**Тірек сөздер:** компьютер, ноутбук, сандық технологиялар

Dildabek U.,

teacher of the Department of foreign

languages speech practice,

Undergraduate of Translation studies of Ablai Khan KazUIR and WL,

Almaty, Kazakhstan, e-mail: scarlet95@mail.ru

## INNOVATIVE TECHNOLOGIES OF TEACHING A FOREIGN LANGUAGE AT AN EARLY AGE

**Abstract:** In the contemporary world, a person is surrounded by all sorts of information technologies: computers, laptops, tablets, e-books and smartphones. Everything makes our life diverse and more convenient. Modern children - are children of high technology, paper carriers become uninteresting and incomprehensible to them. The teacher needs to learn to adapt to changing reality, learn to use digital technologies and their products in the learning process.

**Keywords:** computer, laptop, digital technologies

Қазіргі замандағы мектептер қазіргі әлем секілді өте қарқынды дамып келе жатыр. Заманауи инновациялар білім беру үрдісіне қарқынды енгізіліп, балаларға өзгеріп жатқан өмірге бейімделуге көмектеседі. Балалар жалпы ақпараттың көбісін компьютерден алады. Қазіргі таңда, балалар көп уақытысын компьютерге немесе заманауи гаджеттерге жұмсайтыны құпия емес. Мұғалімдер, компьютердің мүмкіндіктерін білім беру мақсаттарына қалай пайдалануға болатынын білу керек. Компьютерді сабақ барысында пайдалану балаларды оқыту процесіне зор мүмкіндік ұсынады. Сонымен қатар, мектептерде оқу сапасын жақсартуда әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп жатыр. Шетел тілі ана тілімен қоса оқушының сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын ғана жетілдіріп қоймайды, оны өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым-қатынас мәдениетіне де үйретеді. Осыған орай, оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру мектепте берілетін білім мазмұнының негізгі мақсаты болып табылады, оқулықпен және басқа оқушылармен қарым-қатынас барысында оқушы барлық пәндерді меңгереді.

Шетел тілдерін меңгеру кезінде, үйреншікті грамматика, сөздік қор немесе шет тілінде әңгімелерді оқу бойынша үйрену үнемі іске аса бермейді. Сол себепті, қазіргі таңдағы мүмкіндіктерді пайдалана отырып YouTube вебсайт арқылы шет тілдің listening бөлімін жаттықтыруға болады. Бір екі ай listening бөлімін жаттықтырған соң, құлақтың тыңдау рефлексі шетел тілдерін тез анықтай алады. Мысалы, Learn English with Emma, TedTalks, IELTS Liz және де басқа да көп интернет оқу материалдарын оқушыларға ұсынып, шетел тілдерін дамытуға ең тиімді видео сабақтардың бірі. Тыңдау тақырыбын жалғастыратын болсам, музыканың ықпалы да өте зор. Ән тілдік қарым-қатынас ретінде жаңадан пайда болған сөздер мен сөз тіркестері оқушының сөздік қорының көбеюіне ықпал етеді. Шет тілінде өлеңдер мен әндерді айтып үйрену барысында балалар дыбыстарды айтып үйренеді, сол арқылы сөйлемдерде сөздерге дұрыс екпін қойып үйренеді. Сонымен қатар, электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдылық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтанады. [1]

Қазіргі таңда, электронды оқулықта анықтамалық сөздік, тараулар бойынша тапсырмалар және де тесттер болады. Осындай тапсырмалар бойынша, оқушылардың өзіндік ізденісі туады. Жаңа инновационды технологияларды қолдану арқылы оқу үрдісінің барлық деңгейінде пәнаралық байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік береді. Оқушылардың оқу-танымдық құзіреттіліктерін қалыптастырып, танымдық іс-әрекет белсенділіктерін арттыру үшін, көрнекті құралдар, техникалық құралдарды жиі пайдалану

қажет. Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастапқы сынып оқушыларына берген ақпаратты санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте тез игеріп алуға болады. Үш тұғырлы тілді алға ұстаған қазіргі кезде біздің мектебімізде ағылшын тілі балабақшадан бастап өтуді негіз етіп отыр. Балдырғандарымыз тіл жағындағы қадамын нық басса, алдағы болашақта нұрлы жолға қадам басуына негіз қаланар еді. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі- ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен- күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық –коммуникативтік технология арқылы оқыту тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.[2] Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушыға үйретуге тиісті ақпараттармен білім қорын жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Мысалы: ағылшын тілін үйретудің тиімді әдістерінің бірі-шетел тілінде ән үйрету. Тақырыпқа байланысты әндерді іс-қимылмен орындалатындай етіп таңдаймын. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан - жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.[3] Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым қатынасына ақпараттық –коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі уақытта арнайы бағыттағы ақпараттық коммуникативті технологияның құралдарын құру үрдісінде көптеген білім беру бағыттары мен оқу пәндері бойынша мультимедиялық энциклопедиялар жасалған. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, оқу үрдісін ұйымдастыру мүмкіндігін беретін ойындық ситуациялық тренажерлер және мультимедиялық оқыту жүйелері құрастырылған. [4]

Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Егеменді еліміздің тірегі –білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның рөлі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. [5] Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Мокаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызды зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Мокаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызды зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тындап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.[6]

ӘДЕБИЕТ

1. Мектептегі шет тілі №2 2011 ж. «Ағылшын тілі сабағында білім сапасын арттыруда жаңа технологиялық әдістерді тиімді пайдалану» 11-19 бет
2. «Шет тілін оқыту әдістемесі» Амандықова Г.Н. Мұхтарова Ш.Е. Баймұқанова Б.С 35-37 бет
3. «Мектептегі шет тілі» 2011 ж. №52 14-17 бет
4. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2015.
5. Д.Д.Исағұлова «Оқытудың интерактивті әдісін қолданудың тиімділігі»
6. Верховцева Л.А., КГУ «Средняя школа №6» (г. Лисаковск, Казахстан)

УДК 372.3/4

**Yerzhanuly Y.**

Undergraduate student of Ablai Khan

KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan

Specialty: “5B011900 – Foreign language: two foreign languages”

e-mail: yerdana.yerzhanuly@gmail.com

**Scientific supervisor:** Tektibayeva D.D.

PhD, Senior lecturer in Ablai Khan KazUIRandWL,

Almaty, Kazakhstan, e-mail: tektibayeva.d@ablaikhan.kz

**STEAM IN ENGLISH IN PRIMARY SCHOOLS OF KAZAKHSTAN**

**Abstract:** In this article, we outline the reasons of the necessity for implementing STEAM education in English language to the primary schools of Kazakhstani education and we will answer to what extent does it fit our country and is it appropriate to use a foreign language in the implementing of this new system of education for young students.

**Keywords:** STEAM education, English language, primary school.

**Ержанұлы Е.**

Бакалавр КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Специальность: «5B011900 – Иностранный язык:

два иностранных языка “

Алматы, Казахстан

e-mail: yerdana.yerzhanuly@gmail.com

**Научный руководитель:** Тектибаева Д.Д.

PhD, ст. преп. КазУМОиМЯ им. Абылай хана,

Алматы, Казахстан

e-mail: tektibayeva.d@ablaikhan.kz

**STEAM НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ В НАЧАЛЬНЫХ ШКОЛАХ КАЗАХСТАНА**

**Аннотация:** В данной статье мы рассматриваем причины необходимости внедрения STEAM образования на английском языке в начальных школах казахстанского образования, и мы отвечаем на вопрос соответствия данной системы для нашей страны, и необходимости использования иностранного языка для реализации внедрения этой новой системы образования в начальных школах Казахстана.

**Ключевые слова:** STEAM образование, английский язык, начальная школа.

According to the message of President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev (2018), the realization of new opportunities for development in the context of the fourth industrial revolution depends on the preparation of citizens for new challenges of world [2]. In addition, the active promotion of the English language and the implementation of the program of «Trinity of languages» in our educational system contribute to increase the level of competitiveness of Kazakhstani people. Considering the rapid emergence of digital technology, artificial intelligence, nanotechnology, robotics, gene engineering, 3D printing and biotechnology, business and industry leaders require graduates with liquid skills. Liquid skills (Taylor, 2016) include the ability to work with others, verbal communication, creative and critical thinking, active listening and active learning, and the pursuit of lifelong learning [6, p. 90].

The basis of the development of these skills lies in the education, namely in primary schools with the help of STEAM education and their development is closely connected with the paradigm of modern foreign language education. According to S.S.Kunanbayeva (2013), today’s model of education has been changing from knowledge-based model to competency-based one. The term «competency» of this new philosophy of education is a key factor in the formation of the mediator of intercultural communication, which has capability to hold intercultural communication in different professional and everyday situations [5, p. 69]. Thus, STEAM

education in English can be a rich resource of competencies.

Firstly, what is STEAM? It is one of the US National Science Foundation projects of the University of Massachusetts Amherst, which was called at first STEM (Science, Technology, Engineering and Mathematics) and was funded in 1998 [8]. Gradually, STEM-education becomes a priority in many countries, because in the near future, due to the challenges of the fourth industrial revolution, there will be a sharp shortage of IT professionals, engineers, specialists in high-tech industries, etc. Moreover, in future, there will appear new professions, which are difficult to imagine now, they will all be associated with technology and high-tech production at the joint with the natural sciences. The specialists of the future need comprehensive training and knowledge from a wide range of educational fields in the natural sciences, engineering and technology.

In 2006, G. Yakman has raised the idea of adding the Arts to the STEM acronym and she defines STEAM as “It is Science and Technology, interpreted through Engineering and the Arts, all based in elements of Mathematics.” [7, p. 18]. Some scientists doubt the effectiveness of adding Arts to the STEM and consider that Arts can interfere with the achievement of the goal in the strict scientific way of STEM education. On the contrary, researcher L.M. Bentsen of the National Center for Policy Analysis (US) expressed that the former STEM model of education was “dry” and had a number of problems in students’ engagement. And the addition of Art enhances the interest of students, trains their fantasy and helps them to innovate in the framework of practical projects of STEM [4]. This interdisciplinary approach can lead students to adapt to permanently changing professional knowledge and social demands. STEAM education endorse students to comprehend the whole image of the world in a multidisciplinary way, converting it in the shape of comprehensive innovation, and preparing their potentials to make decisions in case of problems as mentioned in STEM education. As far as we know, it is commonly based on project-based learning and problem-based learning. It means teachers should direct their learners to complete the theme of the project and solve problems they face in life through cooperation and practice in the classroom.

Moreover, STEAM education in English in primary schools can be the initial steps in modeling the model of student preparation in two ways. According to D.N. Kulibayeva (2002), these two beneficial directions are:

- A model of general professional orientation (information and creative projects; a method for modeling general professional variants of communicative situations; a problem method);
- A model of special-professional orientation (the method of context-specific training of professional communication; a method of modeling special-professional communication situations; design technologies) [1, pp. 65-69];

As D.N. Kulibaeva says, in the process of education in schools of international type, it is necessary to give a choice analyzing existing variety of options in students’ pre-vocational training. For this purpose, different models of professional differentiation are introduced into the structure of secondary schools, such as programs with a general or special-professional orientation toward a particular profession, or profile-oriented courses with predominantly one scientific-educational orientation. Thus, these programs are offered in accordance with the personal interests of students and their plans for the future. [1, pp. 65-69]. If this process is beneficial in the senior classes of various educational organizations and can prepare for a perspective life, then STEAM education in English in primary schools can prepare students for the above-mentioned stage of their school life. The proposed educational program will start the development of important abilities from early ages and will prepare the student for the most responsible moment, for choosing the direction of their lives.

And there is a question: “*What happens if we conduct STEAM classes in English and for young learners?*” When we use English with STEAM education for young learners, we may teach them to think, to do, to build, to create and to measure new things in this foreign language, in the language of the modern science and technology. Therefore, we are going to make a step from just Subject (STEM) to CLIL (+ English). In the lesson where CLIL technologies are used, the language is not just a goal but also a content-enriching instrument of learning another subject. By means of its practical integration we will have a greater accessibility to the “knowledge store” of the world and we can learn and acquire new interesting things because most of the developed, accessible and qualitative resources are in English. Every teacher may find a wide range of programs, exercises, lesson plans, effective methods and interesting media materials in English rather than in other languages on the store of the internet. In addition, during the research of our project work 51 out of 70 respondents have voted in favor of using English language to hold STEAM classes in primary levels. And they believe that conducting STEAM classes in English from an early age will help students become a professional in his or her field in future and will give an opportunity to sharpen her or his skills at the international level.

Moreover, the psychological nuances of primary school have rather effective advantages in the application of STEAM in English than disadvantages. As far as we know, the acquisition of new information, that is, the acquisition of second language and exploring new worlds, subjects and themes are given more easily at early

ages than after 10 years old. Over time, children lose their curiosity about the world and become interested in other things. In the scientific subjects, they just memorize some terms, formulas and rules facing the risk of misunderstanding the essence of important phenomena. Their natural curiosity is “the powerful key factor” that develops “little scientist” in each pupil of primary school. The existence of high imaginary thinking also proves the effective side of early implementation of STEAM in English at this stage of school. Therefore, this process may completely build the foundation of scientific, technological, artistic, mathematical and linguistic awareness of learners. It avoids further problems of understanding of elementary things in specific disciplines.

**Practical experiment of the project.** As a result of professional negotiations, we got a chance of the practical testing of our scientific work in the International School “Miras” and made a three-day plan for observation, exchange of experience and practical sampling of our project for 3-grade of English-speaking department. After the day of acquaintance with teachers, with students and with didactic materials, we came to conclusion that this classroom can effectively suit STEAM lesson.

At the time of our observation, we participated in the lessons of Mrs. Adelaide Vogt, who is the tutor of this class. According to her, STEAM education is gradually being introduced in their school, even in primary school. Thus, she showed us different models and photos of conducted STEAM lessons. For example, making the model of the volcano in the topic of “Human and Nature”, learning the creation of mountains and their structural levels. Moreover, they explored the connection between mountain glaciers and rivers discovering the origin of the drinking water in Almaty.

The third day at school there should be a practical testing of our STEAM lesson. First, we wanted to choose a topic, referring to the plan for the subject “Science”. The upcoming theme was “The World of Insects.” We decided to choose a theme that should be interesting, new and understandable for the 3<sup>rd</sup> grade, and suitable for making experiments. As a result, we have chosen the topic of how insects can move up and down the wall and ceiling and have called it as “Our little friends” because it is an introductory part to the studies of insects and the introduction to entomology.

Secondly, we studied all the secrets of this interesting movement mechanism by ourselves. We were inspired by the research of “EarthSky” team [12] and “OasisHD” [13], the studies about movement of cockroaches of scientist Chris Clemente from Cambridge University [14], joyful video shows of SciShow Kids [15] and amazing video of the song “Bug’n Roll” [16] for making a warming up. All these resources have amazing facts about our topic.

Thirdly, we constructed our lesson according to the components of STEAM [10, pp. 2-3]. They were: *Science*: An introduction to Entomology; *Technology*: Creating the microscopic model of the wall and the process of the motion of the insects; *Engineering*: Creating the model of insect (the feet of the insect); *Art*: Designing own model of insect (as a toy); *Math*: Measuring.

Each of these parts were very important and they should be collaborated successfully. The general and dominant component of theoretical part was Science with its part – Biology (deeply Entomology). Technology and Engineering were main sections of practical part. Other parts like Art and Math were auxiliary components of the lesson.

Then we put the main learning objectives of our lesson:

1. *Present the vocabulary about insects*
2. *Explain the process of the motion of the insects on the different surfaces.*
3. *Make an experiment about the motion of the insects*

According to objectives, we put possible learning outcomes of the lesson as following:

*All learners will be able to: read and understand the meanings of new words.*

*Most learners will be able to: read and understand the meanings of new words, create the models of the wall and the insect, give a feedback about the topic;*

*Some learners will be able to: read and understand the meanings of new words, create the models of the wall and the insect, give a feedback about the topic; design own model of insect, answer the questions; write a report.*

Finally, we planned six parts of the lesson: 1. The *beginning part* that included *greeting and warming up*; 2. The *introduction* of the lesson and presentation of *new vocabulary*; 3. The *theoretical part*, which based on the discovering the world of insects in terms of *entomology* and on the explanation of the *movement of insects*; 4. The *practical part* that contained *experiments* of making a *model of microscopic wall, exemplary models of insects* and *designing them as pupils wanted*; 5. The *pragmatic part*, which was based on the *production stage* of the lesson and on the *feedback* from students concerning all the given knowledge of the lesson; 6. *Conclusion* and *home task* assignment;

After that, we prepared all important materials (and aids) for the lesson: PowerPoint presentation on theme

“Our little friends”; The model of the microscopic wall (made of one sides of Velcro tape, color: white); Necessary materials for creating body of insect (9 sponges, color: pink, blue, yellow, green); The legs of insect (appropriate number of legs to the number of bodies ( $9 \times 3 = 27$ ), they are other sides of Velcro tape, color: black); Questions for reflection (for the production stage, as checking their knowledge); and Special educational videos (“Bug’n Roll” for warming up, “Cockroach teaches us how to climb walls” for theoretical stage).

The lesson successfully started from greeting and we turned to the warming up part. At this part of the lesson, we sang the special song about insects “Bug’n Roll” with the help of its karaoke video. After attaining the interests of students, we started learning active vocabulary on theme of entomology. The words were the names of the insects, the main processes of their lives and parts of their bodies. Then we made a kind of discussion about insects in which students were very active and joyfully told us about their life stories concerning insects. For example, how they firstly met butterflies and ladybugs, how it was painful when first wasp bit them and etc. Gradually, we wanted to turn to the main *theoretical part* of the topic: “Today we are doing our first steps to the world of insects. Oh! I say “steps”? Hmm... Guys, do you like walking in the parks? How do people walk? Yees, by our feet! But can we walk up and down on the wall? Or on the ceiling? Nooo, you are right, we can't. We don't have such great ability. But our little friends have. So, the question is! How can they stay and walk up and down? Without falling down?”

After this enthusiastic discussion, we turned to the discovering (theoretical) stage. During the explanation we had shown the similarity of human rock climber and an ant. It was significant to explain that a smooth surface to a human's eyes might be a craggy surface to an ant's legs. And we also mentioned sticky pads between the claws of cockroach that can form a tight seal with a smooth surface. We showed an educational video “Cockroach teaches us how to climb walls” as a final part of theoretical stage.

The next was *experimental stage*, which might prove all theoretical knowledge given before. In this stage, we should do a model of insect. For this purpose, we needed a sponge, a Velcro tape and some papers for designing and ornamentation of the body of insect. *The algorithm of our experiment contained:* **1.** Students should work in pairs. Teacher should simultaneously show the example by himself/herself. **2.** The sponge was the body of the insect and it has six holes that already had made by teacher (one sponge for each pair). **3.** Black Velcro tapes that imitated the legs of insect (three thin tapes for each pair). **4.** Each tape should pass two parallel holes of the sponge. And, white dot in each tape should be seen. **5.** Students should measure and cut the model of face of insect that was shown on the desk. The scissors, rulers, pencils, colorful felt-tip pens, erasers were necessary tools for this designing stage. **6.** They designed the body of the insect as in cartoons or as they wanted. They drew different figures, paints by different colors and the result was funny face of bug. **7.** Students should add the face to the body. For this, they used the ways under the Velcro tape.

After these seven steps, our models of insects were ready to walk on the wall. Children took very active part in this practical task with great interest. According to Mrs. Adelaide Vogt, these pupils love experiments and practical tasks. Some of the students were able to work in pairs, and they quickly did all instructions. However, some pairs had a kind of frustration. With the help of Mrs. Adelaide Vogt we got the compromise between students.



*Students are doing the tasks of experimental stage*

Nevertheless, a simple demonstration of their movement was not enough. That is why, we did a kind of competition between pairs. This was the next stage – *Pragmatic stage* of our lesson.

**9.** Before starting the competition, we showed them the microscopic model of the wall. That was craggy surface of the wall made of white Velcro tapes. **10.** We explained the rules. Rules were very easy. The wall had 4 steps from the start till the finish. There were prepared envelopes with questions and numbers of steps. Questions were about this lesson (all things that we had learnt). Numbers defined how many steps can the bug make. Also, those numbers were defined by the difficulty of the question.



During the competition, they chose envelopes and answered the questions. It was like a reflection of knowledge. They quickly answered the questions and did a great job. The process of movement was presented by the special characteristics of Velcro tape.



*After class*

*During competition at pragmatic stage*

Finally, we gave them home task. This independent work has two ways of doing: 1) Writing short report about your feelings, emotions, expressions about our experiment. 2) Writing short report about your favorite insect. (Length is about 5-6 sentences.) We gave them an opportunity to choose the home task. After that, we made a kind of conclusion and ended the lesson.

We believe that we made one of the most joyful, educational, scientific and experimental lessons. As an evidence, we can present some excerpts from good comments of Mrs. Vogt and home task reports of students:

*Ameli: I liked when you visited us. Most of all, I liked the bug game. I also liked when we made the bugs. The game was very interesting. We learned lots of facts about insects. Because insects our little friends. Please, come one more time and show us more interesting stuff. Thank you.*

Бұл мақалдар екі халықтың тіл саптауында да шарасыздықтан және қиындықтан шығуға талпынған талпынысты, лажысыздықтан туған іс-әрекетті білдіреді. Осындай ұқсас мақалдар тілдік менталды универсалды мақалдар деп аталады.

Дубровская О.Г. ұлттың тілдік менталдылығының ерекшелігіне сай мақал-мәтелдерді үш топқа жіктейді:

**Ұлттың тілдік менталдылығының бірінші типіне** жататын мақалдар уникалды мәдени коннотация бірлігіне басқа тілде эквиваленті кездеспейтін мақал-мәтелдер жатады мысалы:

• *Law catch flies, but let hornets go free.*

(Заң өрмекшінің торындай: сомадай сона құтылады, шыбын-шіркей тұтылады);

• *We are all Adam's Children.* (Ағы, сары, қарасы – бәрі де Адам баласы)

Бұл мақалдар тек ағылшын тілінің ғана мақалдық қорында ғана бар мақалдар болса, ал төмендегілер тек қазақ тілінде ғана кездесетіндігімен ерекшеленеді:

• *Шаригат – ағып жатқан бұлақ,*

*Бұрынғының сөздері – жағалай біткен құрақ.*

**Ұлттың тілдік менталдылығының екінші типіне** мағыналық жағынан сәйкес келетін уникалды образды негіздегі бірліктер жатады. Мысалы: мақалдың нақылық негізгі мағынасы түрлі лингвомәдени қоғамдастықтардың барлығына ортақ түсінікті бірліктер қабатында, жалпы ортақ концептуалды ядроның бар болуымен түсіндіріледі. Бұл мақалдарға ортақ ядро болып тұрған достық концептісі екі тілде де ортақ пікір мен ой-тұжырыммен берілген. Мысалы:

◆ *A friend in court is better than a penny in purse.*

*Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын.*

◆ *A friend in need is a friend indeed.*

*Жоқ кездегі дос – дос, бар кездегі дос бос.*

◆ *A friend's frown is better than a foe's smile.*

*Недруз поддакивает, а друг спорит.*

*Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.*

Ұлттың тілдік менталдылығының үшінші типіне білімнің бірегейлігі мен образды негіздің сәйкестігін көрсететін мақал-мәтелдер жағады.

*Better be alone than in bad company.*

*С добрыми дружись, лукавых сторонись.*

*Жаман жолдастан мықты таяқ.*

Қазақ – ағылшын тілдеріндегі мақал – мәтелдерді фрейімдік классификациялау тек концепт деңгейінде ғана емес, тілдік деңгейде де ұлттық – мәдени және универсалды тұрғыдан егжей-тегжейлі қарастырумен қатар, фрейімдік ақпараттық және білімділік қызметтерін жүйелеуге зор мүмкіндік береді. Бір сөйлемдегі ықшамды формадағы басты фрейім қазақ - ағылшын халықтарының тілдеріндегі белгілі бір феноменнің әлемдік түсінігін белгілейді. Сонымен мақал-мәтелдердің сандық мінездемесі универсалды және ұлттық – мәдени білімді сипаттайды. Бұл екі бағытта жүргізіледі: концептуалды және тілдік.

Мәдениетаралық қарым-қатынастағы астарлы мағыналы мақал-мәтелдердің молдығы мен көп түрлілігі сол тілде сөйлеуші ұлттың танымдық деңгейінің тереңдігін, тарихи тәжірибесін, даналық пәлсапасын көрсетеді. Яғни, мақал-мәтелдер халық танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттың менталитетті танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады. Әрбір мақал-мәтелдердің бойында этнос болмысына тән, оның рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, тұрмыс – тіршілігіне, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне, тарихи тәжірибесіне т.б. қатысты ақпараттардың негізгі қоры жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор.

Мақал-мәтелдердегі әлемнің тілдік бейнесі дүниенің мақалдағы көрінісі адамның шындыққа, тарихи тәжірибеге негізделген ілімінен адам танымында концептуалды негізде тілдік сипатта, тиянақты үлгіде орын алады. Бұл жөнінде О.Г.Дубровскаяның көзқарасы бойынша әлем жайлы барша ақпарат дүниенің тілдік көрінісін құрайтынын, оның негізгі екі қызметі болатындығы, яғни 1. Әлемнің концептуалды элементтерін көрсету, 2. Әлемнің тілдік көрінісін тілдік құралдармен түсіндіру керектігін айтады. [18] Халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-санасының, экономикалық, саяси, әлеуметтік көзқарасының айнасы болып табылатын мақал-мәтелдер - ойлау мен танымның ерекше бейнелі, тіл қабаттарының ішіндегі құрылымдық типтері, синтаксистік модельдері қалыптасқан тілдік бірліктер. Жер бетін мекендеген халықтар мен ұлыс тайпалардың қай-қайсысының да ғасырлар бойы сұрыпталған інжу-маржандай, астарлы да асыл, ұлағатты да өнегелік, даналық сөз үлгілері барлығы хақ.

Сонымен қорыта келгенде мақал-мәтелдер - халықтың шындық дүниені түйсінуінен хабар беретін концептуалды ой – тұжырым, ғаламның тілдік бейнесі ретінде ұлттың таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-нанымын, ұлттық рухты тек тілде ғана жан-жақты танытушы, білім негізі, рухани тамыры. Әр тілдегі мақал-мәтелдердің өзара сәйкес, мәндес келуі халықтар тұрмысының, болмысының ұқсас екенін, соған орай олардың ақыл, ойлау, сезім дүниелерінің де барабар келетінін танытады. Қай халықтың болмасын, белгілі заттық құбылыс жайындағы түсінігі бірдей, тек тілі баска. Мақал-мәтелдер – «әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихы, жетістігі, негізгі ақпаратты жинаушы, сақтаушы және жеткізуші».

#### ӘДЕБИЕТ

1. Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің концептілік негіздері (Ф.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде): Фил.ғыл.канд.дисс. - Алматы, 2006.
2. Кеңесбаева Ү.Ағылшын халқының мақал-мәтелдері. – Алматы «Өлке» 2004ж. 57б.
3. Бекзат Д.Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Дисс. 35б.
4. Исхан Б.Ж. Синтаксистік құрылымдардың экспрессивтік қызметі - “Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер” сериясы. № 1 (16), 2010 ж.
5. О. В. Соколова Категория фрейма в когнитивной лингвистике О. В. Соколова - Вестник АГТУ 2007. № 1 (36)
- 6.Тарасова И. А. Фреймовый анализ в исследовании идиостилей // Филологические науки. – 2004. – № 4.Алтайский государственный университет.
7. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу).- Алматы, 2004.
8. Тұрманжанов Ө., Ақтамбердіұлы К. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Раритет, 2004 - 439 б.
9. Бабушкин, А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка [Текст] / А.П. Бабушкин. – Воронеж : Изд-во Воронеж. гос. ун-та, 1996. – 345 с.
10. Воркачев, С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт [Текст] / С.Г. Воркачев. – М. : Гнозис, 2004. – 192 с.
11. Иванова, С.В. Сценарный фрейм как когнитивная основа текстов прецедентного жанра «лимерик» [Текст] /

- С.В. Иванова, О.Е. Артемова // Вопросы когнитивной лингвистики. – Тамбов, 2005. – №3 (006).  
12. В.И. Введение в когнитивную лингвистику [Текст] / В.И. Карасик. – М., 2004.  
13. Vyvyan Evans. A Glossary of Cognitive Linguistics. Edinburgh University Press. 2007. 84  
14. Vyvyan Evans and Melanie Green. COGNITIVE LINGUISTICS AN INTRODUCTION. EDINBURGH UNIVERSITY PRESS. 2006  
15. Кубрякова Е.С. Язык и знание. Роль языка в познании мира. 2004  
16. Никонова Ж.В. Теория фреймов в лингвистических исследованиях. СПб, Филологический факультет Сп.бГУ. 2006  
17. Никонова Ж.В. Фреймовый анализ как метод описания речевых актов. Лингвистика 2008  
18. Дубровская О.Г. Русские и английские пословицы как лингво культурологические единицы. Изд. Тюменского государственного университета. 2002. 7-8с.

UDC 81.1

**Ossokina D. O.,**

postgraduate student of «6D021000 - Foreign Philology»  
of Ablaikhan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: Darya\_Olegovna12-13@mail.ru

### ETYMOLOGY AND SEMANTIC PECULIARITIES OF ELECTRONIC EDUCATION TERMS

**Abstract:** This article discusses the etymology of the term E-learning, its origin, semantics, features of use and functioning in the system of higher education. In this study, the issue of the use of specific vocabulary of information and communication technologies in the educational process of higher educational institutions was studied, definitions of e-learning and, in particular, Elearning were given. The definition of “e-learning” is diverse, in which one or another technology or feature of the educational process appears. Each of them reflects a specific goal when using e-learning and is aimed at implementing the chosen learning format.

**Keywords:** e-learning, electronic education, electronic information environment, pedagogical terminology, higher education language, information and communication technologies, Computer-based training (CBT).

**Осокина Д. О.,**

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘМ докторанты  
«6D021000 - Шетел филологиясы» мамандығы  
Алматы, Қазақстан  
e-mail: Darya\_Olegovna12-13@mail.ru

### ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУДАҒЫ ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Түйін:** Берілген мақалада E-learning термин сөзінің этимологиясы, шығу тарихы, семантикасы, қолдану ерекшелігі және жоғарғы оқу орны жүйесіндегі жұмыс жасауы қарастырылған. Берілген зерттеу жұмысында жоғары оқу орнындағы оқу үдерісі кезінде ақпараттық-қатынастық технологияның арнайы сөздік қорын қолдану талданады. Электрондық оқыту, соның ішінде e-learning ұғымдарына анықтама берілген. «Электрондық оқыту» анықтамасы, оқу үдерісінің ерекшелігі және түрлі технологиялары бар, сан түрлі болып табылады. Оның әрбіреуі электрондық оқытуды қолдану кезінде белгілі бір мақсатты қамтиды және де таңдалған оқыту форматтың реализациялауға бағытталған.

**Түйінді сөздер:** электрондық оқыту, электрондық ақпараттық және білім беру ортасы, педагогикалық терминология, жоғары білім беру тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, компьютерлік оқыту.

The urgency of changing traditional approaches to teaching and learning is caused by the processes of globalization, the penetration of modern information and communication technologies (hereinafter - ICT) into all spheres of public life (the so-called digital revolution), the transition to an information society. The words “e-learning” and “E-learning” came into our usage relatively recently, and we are still inclined to perceive them as neologisms. Nevertheless, this does not mean that they do not have their own history and the corresponding scientific and theoretical base. Today, there is a tendency in the scientific educational environment for an uncontrolled expansion of the vocabulary of teachers in the process of absorbing foreign language terms. The problem of pedagogical terminology in the aspect of informatization of education is discussed by many researchers. Vocabulary is the most flexible part of any language, since it is influenced by various factors that are directly related to life. Thus, the topic of the use of neologisms in the field of information technology can be considered very relevant, since now any language is actively updated with new lexical units at the expense of the media. The main source of the emergence of new words is the Internet, since in this environment neologisms appear with steady constancy. It can be said with confidence that the most dynamically developing environment, annually generating hundreds of new lexical units, is electronic technologies. Moreover, the sphere most receptive

to new vocabulary and terminology is the field of education, since teachers tend to strive for new knowledge and innovations of all kinds in order to improve the quality of the educational process. In connection with the factors mentioned above, we consider it expedient to comprehensively study the English-language lexicon functioning in the electronic educational environment.

According to various sources, the original term e-learning (“variants:” E-learning “,” e-Learning “,” eLearning “, etc.) as an abbreviation of “electronic learning” was used for the first time in between 1997 and 1999 in USA. Its introduction is attributed to specialists such as Elliot Macy and Jay Cross [1], who acted not as professional educators, but rather as entrepreneurs, experts and popularizes of science. Note that Y.B. Rubin characterizes Elliot Macy also as the author of a peculiar interpretation of e-learning as extreme learning [2, p. 20]. We believe the productive approach of Y.B. Rubin, uses in his text only the original English-language term and thus avoids incorrect identifications. In the same text, the author poses the problem of finding a “unified e-learning platform” [2, p. 21], which is consistent with the task of standardizing and analyzing the technological foundations of e-learning. In general, the analysis conducted by professor Y. B. Rubin seems to us to some extent the result of the combination of technocracy and the institutionalization of the phenomenon of e-learning. For the English-language “learning”, the authors of the dictionary N.V. Fedorova and V.P. Lapchinskaya propose the following interpretation: “1. Teaching, learning activities are changes in the behavior of the individual as a result of the organization in a certain way of its activities, as well as changes in knowledge, skills and attitudes; 2. Learning is the result of the acquisition of individual experience, especially in preschool and primary school age” [3].

In pedagogy and psychology, various interpretations of the “teaching” category are used, including one that defines it as a process leading to the emergence of new forms of behavior and activity on the basis of acquired experience and as an organized activity for learning experience. Learning is interpreted in the context of the relationship - interaction between students, forming a continuum from the extremely totalitarian position of the teacher-leader to the extremely decentralized position of equal “subjects of the educational process.” In this continuum, there is a place for student-centered learning, in which the student-student is a subject, a carrier of need, but still an object of help, counseling, and facilitation of a teacher-tutor-teacher. By its origin, e-Learning is a form of realization of corporate advanced training; this term literally replaced the phrase Computer-based training (CBT) in the name of a commercial organization that provided consulting services in the field of advanced training of working teams in companies [1]. This fact was recorded in the next historical milestone (2001) - book “e-Learning: strategies for delivering knowledge in the digital age” [4]. Its author M. Rosenberg stresses that learning appears as a continuous process that takes place throughout the entire period of human activity (continuous-lifelong). Obviously, it proceeds regardless of educational institutions or any other form of institutionalization.

In the second half of the 90s. XX century in English-speaking pedagogical studies, a trend has been developed, that is characterized by the terms distance education, distance teaching, distance learning, distance instruction. Initially, these English-language terms were used to designate any type of educational interaction at a distance, without direct contact of subjects (“distance learning”). With the spread of computer and network technologies (information and communication), these terms in the context of use were increasingly associated with the organization of the educational process at a distance, but the problem of distance learning is and was the provision of opportunities for university students to study distantly in any available / effective way. This conclusion follows from the reasoning of Y. B. Rubin [2].

If we consider distance learning and electronic learning from the perspective of a teacher or teacher-researcher, they are associated with an organized, controlled process unfolding within the educational system. This fact is illustrated by the characteristic title of one of the first articles on electronic learning, already mentioned above: “A didactic analysis of e-learning issues”. The author writes about the term e-learning in it: “It integrates a number of terminological concepts in the application of modern ICT (Information and Communication Technologies) in education, such as multimedia, web-based learning, online learning, etc. Gradually, this term replaces the well-known and fashionable term “distance learning”. This is due to the use of ICT in modern distance learning systems and the widespread introduction of distance learning technologies in traditional universities. Thus, the boundaries between distance learning and learning inside university campuses are blurred. And this integration of distance and traditional organization of the educational process is more adequately reflected in the term “E-learning” [5]. Thus, A.V. Solovov identifies e-learning and electronic learning as a result of the synthesis of distance learning and traditional learning through the use of ICT technologies. Furthermore, A.V. Solovov nominates the general problem of e-learning “the creation and effective use of information-educational environment based on ICT.” Later, in 2007, the same author continues the chosen strategy, already speaking about electronic distance learning [6], considering distance learning as a mode, or a mode of electronic learning, and revealing it through the organizational structure of distance learning systems. In semantic terms, this semantic row closes the work

of S.A. Shchennikova, analyzing the didactics of e-learning in the context of the post-industrial educational paradigm [7].

The discourse of the relationship between technological platforms and the already existing educational tradition seems to be interesting and fruitful. In the mentioned work professor S.A. Shchennikov describes e-learning as “putting the professor into the web environment” [10], thus proposing a new context for reasoning about the gap between technological innovation and the readiness of education to promote adequate pedagogical models. Identifying the postindustrial and non-classical paradigm, S.A. Shchennikov indicates among the distinguishing its features in relation to “electronic didactics” the already mentioned subject-subject relations.

Ideas S.A. Shchennikova largely summarized in the article A.A. Andreeva [8], dedicated to e-pedagogy. The word “electronic” is most conveniently viewed as a generalization of a number of epithets. For example, such phrases as: “digital educational resource”, “information educational resource” and “electronic educational resource”. “Electronic” means such quality as availability of information processing by electronic devices, which can be both digital and analog. According to the “e-something” scheme, many popular terms were introduced, for example: e-commerce, e-banking, e-book, e-magazine, e-teacher, e-student, e-doctor and even e-therapy. So the term “e-pedagogy”, which goes back to the concepts of the information society, pedagogical informatics and information pedagogy (V.A. Izveschikov), in the discourse of A.A. Andreeva appears as a result of the evolution of pedagogy in the “e-pedagogy” at the post-industrial stage by placing all educational interactions in the web environment. In turn, I.B. Mylova, speaking of the psychological, pedagogical and social foundations of e-learning, returns to the classical concepts of programmed learning [9].

At the present stage, it is appropriate to talk about the transition to the post-non-classical paradigm [10], the center of which is holism and synergy in educational systems [11]. The processes unfolding in electronic informational educational environments reveal emergent properties, change their initial composition and design characteristics. At the same time, participants in processes must possess not only terminology, but also a new interaction methodology, which requires qualitative changes in their preparation. Indirect interactions of subjects carried out through changes in the states of environments, on the one hand, place subjects in the context of existing integrated systems, and on the other hand, initiate self-organization processes, which can be clearly seen in the example of educational forums and electronic educational resources created by wiki patterns as well as educational resources based on global geographic information systems and open mass online courses (MOOC).

It should be noted that the role of media and modes of interaction in environments emphasized by researchers from the date that the term e-learning. Before its widespread use in the English language corpus, various combinations were used, obtained by combining any two words (Table 1).

Table1- «Nest» method of generating e-learning terms

Epithet	Process	Examples
web based internet enabled computer aided technology assisted mediated supported distance, remote, online, virtual, distributed, mixed networked blended mobile	instruction training learning teaching tutoring collaboration interaction communication education	web based instruction, web based instruction training, web based instruction learning, web based instruction teaching, web based instruction tutoring, web based instruction, collaboration, web based instruction interaction, web based instruction communication, web based instruction education; internet enabled instruction, internet enabled training, internet enabled learning, internet enabled teaching, internet enabled tutoring, internet enabled collaboration, internet enabled interaction, internet enabled communication, internet enabled education; computer aided instruction, computer aided training, computer aided learning, computer aided teaching, computer aided tutoring, computer aided collaboration, computer aided interaction, computer aided communication, computer aided education; technology assisted instruction, technology assisted training, technology assisted learning, technology assisted teaching, technology assisted tutoring, technology assisted collaboration, technology assisted interaction, technology assisted communication, technology assisted education; mediated instruction, mediated training, mediated learning, mediated teaching, mediated tutoring, mediated collaboration, mediated interaction, mediated communication, mediated education; mobile instruction, mobile training, mobile learning, mobile teaching, mobile tutoring, mobile collaboration, mobile interaction, mobile communication, mobile education, etc.

By analogy with e-learning, the words “m-learning, u-learning and others” were formed in the same “nesting” way. In particular, m-learning (mobile learning) means the narrowing of e-learning to those pedagogical situations and technological platforms that imply the independence of the process from being tied to specific coordinates of a place. In other words, in our interpretation, m-learning is e-learning in a mobile environment. Such an interpretation is alternative to the approach proposed by authors such as D.A. Ivanchenko [12] and I.N. Golitsyna [13], who approach the interpretation of the term “mobile learning” from technocratic positions and focus on tools that provide access to educational resources. However, the synthesis of these two approaches seems to be more productive, each of which should be applied to the relevant aspects of the phenomena studied.

In addition to the «e-learning», «nesting» method, you can get the phrase «web-based learning» or «online training». Their analysis leads to the conclusion that we are talking about dozens of overlapping concepts that do not have precise definitions. So, in comparison with distance learning, the phenomenon of e-learning simultaneously has the following properties:

- commercially motivated (originated in the corporate business environment to solve business problems and improve their own qualifications on-the-job in order to increase competitiveness);
- technologically driven (M. Rosenberg, in the preface to [4], defines e-learning as a strategy generated by the Web, as technological environment and experience of interaction in similar environments);

- semiotic due (associated with the renewal of the language of entrepreneurs and consultants, with the emergence of new language constructs, designations and with the corresponding text generation). Таким образом, к 1999 г. различные специалисты в области образования исходили из двух «встречных» подходов:

- study of various new experiences (results) of the doctrine, presumably following from the properties of new technologies;

- the study of theories of learning and learning environments that provide the same learning experience (result) for remote and in-person students.

From a comparative analysis of the processes of the emergence of specific words and the interpretation of their actual meanings that took place almost simultaneously, it can be seen that the direction of distance learning is closest to the direction of “information technologies in education” that has developed in Russian pedagogy. At the same time, the direction of CBT (Computer-based training) / e-learning, given by business consultants in the English-language educational discourse. Consequently, “distance education” was first discussed as indirect interaction at a distance; then this discourse began to be enriched with ideas about virtual environments and media environments, about “electronizing” the experience of teaching and learning, in parallel with this, in the commercial discourse a transition from CBT to e-learning emerged; finally, these discourses closed, which corresponded to an increase in the openness of the academic environment and the emergence of public electronic courses (MOOC), both commercial and purely academic

So, the formation and development of e-learning is closely connected with both the development of innovative technologies and society as a whole. Today, e-learning and mobile devices make it possible to study everywhere: on the road, at work, at home. This learning process is characterized not only by a high degree of autonomy of students, but also by the creative and gaming component, as well as by collective work on problems and tasks. The role of the teacher is also changing, which turns out to be practically equal to the students in the modern world of accessible information. The development of e-learning, reflecting changes in society, offers to think about the new educational context and competencies that modern students and undergraduates should possess.

#### REFERENCES

1. Cross J. An informal history of eLearning // On the Horizon. 2004. Vol. 12. No. 3, P.103 - 110.
2. Rubin Y. B. E-learning in Russia: from the chaos to deep acceleration // Higher education in Russia. 2006. № 3. P. 16-23.
3. Fedorova N. V., Lapchinckaya V. P. The Learner’s English - Russian Dictionary of Education. Moscow, 1998. P. 160.
4. Rosenberg M. E-Learning: Strategies for Delivering Knowledge in the Digital Age. 2001. P. 344.
5. Solovov A. V. Didactic analyses of electronic education problems // «IEEE International Conference on Advanced Learning Technologies». Kazan: KSTU, 2002. P. 212-216.
6. Solovov A. V. Organizational aspects of electronic distance learning // Higher education in Russia. 2007. №12. P. 89-94.
7. Shchennikov S.A. Didactics of e-learning // Higher education in Russia.2010. № 12. P. 83-90.
8. Andreev A.A. Pedagogy in the Information Society, or Electronic Pedagogy // Higher Education in Russia. 2011. № 11. P. 113-117.
9. Mylova I.B. Psychological, pedagogical and social foundations of e-learning // Man and Education. 2012. № 3 (32). P. 51-55.
10. Aliyev N.Z. Post-non-classical science education: problems of formation. Shahty, 2008.
11. Gosudarev I.B. Stigmergy in education on the platform of web and telecommunication systems // Modern education: traditions and innovations. 2015. №2. P. 69-75.

12. Ivanchenko D.A. Mobile technology management in the information space of a modern university // Higher education in Russia. 2014. № 7. P. 93-100.

13. Golitsyna I.N., Polovnikova N.L. Mobile learning as a new technology in education // Educational Technology & Society. 2011, N 1, P. 241-252.

ӨОЖ 82-03

**Розиева Д.С.,**

PhD, аға оқытушы

Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ және ӨТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: rsdilfuza@mail.ru

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҰЙҒЫР БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Түйін:** Мақала қазақ және ұйғыр балалар әдебиеті туралы жалпы мәліметтер мен балалар поэзиясы саласының бүгінгі даму сатысына жету себептерін талқылаған. Бүгінгі қоғамда әдебиеттің ішінде балалар әдебиетінің рөлі мен орны туралы кең тоқталып өз талдауларымен бөліседі.

Автор заманауи қазақ және ұйғыр балалар әдебиеті зерттеушілері еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі таңдағы қазақ және ұйғыр балалар әдебиеті жағдайы баяндалынса, кеңестік балалар ақындары, зерттеушілері тарапынан зерттелу деңгейі мен өзге ұлт балалар әдебиетіне әсері мен дамуына қосқан үлесі туралы кеңінен тоқталады.

Сонымен бірге, жас ғалым қазақ және ұйғыр әдебиеттерінде зерттелуді талап ететін балалар әдебиеті, оның ішінде балалар поэзиясы саласының бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері туралы ауқымды зерттеуімен бөліседі.

**Тірек сөздер:** қазақ және ұйғыр балалар әдебиеті, балалар поэзиясы, балалар ақын-жазушылары, қазақ балалар әдебиетіндегі негізгі тақырыптар, қазақ және ұйғыр балалар әдебиеттері зерттеушілері.

**Roziyeva D.S.**

PhD, senior lecturer

Kazakh Abilai khan UI and WL  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: rsdilfuza@mail.ru

### NATIONAL AND HUMAN VALUES OF KAZAKH AND UYGHUR CHILDREN POETRY

**Abstract:** This article focuses on the study of national and human values of Kazakh and Uighur children's literature, as well as stages of development. The article also examines the development of the Kazakh and Uighur literature for children and their researchers with their basic works.

Based on the works of scholars, the author also examines genre and the main themes of the Kazakh and Uighur children's poetry and does extensive research on the topic. The article can be a useful resource for young scientists in philology and in particular on the foreign literature and children poetry.

**Key words:** Kazakh and Uighur children's literature, children poetry, the main themes of the Kazakh and Uighur children's, Kazakh and Uighur children literature scholars.

Әдебиет жалпы адамзатқа тән ортақ құндылықтарды насихаттаушы құрал. Әр кезеңде оның түрлі қызметтері алға шығып отырған. Мәселен, Орта Ғасырларда әдебиет идеологияның құралы болды. Советтік кезеңде де белгілі бір ұстанымдарға тәуелді болды. Дегенмен, сөз бостандығы, ой тәуелсіздігі әдебиеттің өнер ретіндегі ажырамас бөлігі. Әдебиеттің дәл осы қасиеттері адами құндылықтарды ұлықтауға негіз болады. Біз қарастырып отырған қазақ, ұйғыр, ағылшын балалар әдебиетінен осы сипаттарды жалпыадамзатқа тән тақырыптарды, идеяларды, проблемаларды көтеруінен көре аламыз. Мысалы, қазақ, ұйғыр ақындары жазған авторлық бесік жырлары анасы, ағасы, әжесі тарапынан баяндалады, онда ұлттық болмыс, қасиеттерге байланысты баланың шымыр, мықты болып өсіп, ата-ана, елінің қамқоршысы болуына, адамгершілік қасиеттерін игерген, халқының қорғаны, ел үміті болуын аңсаған.

Ақындардың бірқатар өлеңдерін ортақ тақырыбына қарай жинақтап айтсақ, «Бесік жыры» деп атауға болады.

Олай дейтініміз, айнала тіршілік сырын ақын сәбиге ана әлдиі етіп айтып береді. Өлеңді оқығанда бесік жырының әуез-әуендері көңілге оралады, өлеңді жай оқымай, әндеткің келеді. Бала тілін, сәби үнін жетік білетін, жанымен сезетін ол кез келген өлеңін қайталауға ұрынармын-ау деп қорықпай-ақ, «әлди-әлди-әлди-ай» деп бастап кете барады.

Бүгінгі таңда көп аналар өз балаларына бесік жырын әндетпейді, анасының баласынан күтер үмітін көрсететін осы бесік жыры, тек бала туылғаннан емес, тіпті анасының құрсағынан басталуы керек деп ойлаймыз.



Танымал ғалым Жүсіп Баласағұн айтқандай «баланы бесіктен тәрбиеледім дегенің кеш қалғаның, тәрбие ана құрсағынан басталу керек» демекші, ел болашағы бала, өзіне болған ыстық ықылас пен зор үмітті анасы әндеткен бесік жырынан сезеді.

Қазақ және ұйғыр халықтарының бесік жырларының тақырыптары бір. Екеуінде де баласын бесікке бөлеп отырып айтқан ананың сөзі жырланады. Екеуінде де мейірімділік бар. Екі ана да балаларынан жақсылық күтеді. Екеуінде де баласын түрлі тәтті сөздермен еркелету бар. Бұл – екі халықтың бесік жыры жанрындағы үндестігі.

Қазақ және ұйғыр бесік жырынан ерекшелігі мұнда көбіне табиғат құбылыстары сипатталады. Күннің қызарып батқаны, айдың күнмен қоштасқаны айтылады. Бар тіршілік балақайға жақсы ұйқы тілеп, түннің қайырлы болғанына ниет етеді.

Кесте 1 - Қазақ және ұйғыр бесік жыры өлеңдері

Қазақ тілінде	Ұйғыр тілінде
Бесік жыры Төбемдегі аспаным, Маңдайдағы жұлдызым. Дәйім жырлар дастаным, Күңгірт тартпас күндізім! Әлди-әлди, бөбегім, Әлдилесін өлеңім.	Ана әллийи Ухлиғин қозам, Алғин демиңни, Анаң меһриван, Йәйду ғемиңни. Өр йетип әтә Жигит болғайсән. Әй, қозам сәнма, Вәтән қорғайсән.
Ерсі емес, кой, еркешім, Ұйықтасаң да қаншама. Күш жинап ал, бөпешім, Ер жеткенде шаршама?! Әлди-әлди, бөбегім, Әлдилесін өлеңім. [1, 175 б.]	Ухлиғин ботам, Йениңда анаң. Бәхтияр ухла, Чөчүмәй балам. [2, 722 б.]

Ал, Қ.Мырзалиевтің бесік жыры баланы тек еркелету, ұйықтату емес, ол өз өлеңдеріне үлкен идеялық салмақ салады. Оның лирикалық кейіпкері тербетіп отырған баласына ұлттық тәлім-тәрбие беруші. Ол халық өмірінің, оның тарихи терең қойнауларына барлау жасап, халықтың өткені мен бүгінін салыстыра, беттестіре жырлайды. Бұл Қ.Мырзалиевтің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Мәселен, бұл туралы Б.Қ.Қапасова «Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы (60-90 ж.ж.)» атты диссертациялық зерттеуінде былай дейді. «Ұлттық салт-жоралар дәстүрінің байыбын барлап отырып, ақын бүкіл бір халықтың өз ішіндегі қайшылықтар сырына да терең бойлай алған. «Сүрінгенді күлкі етпе», «Жыласаң да досыңа, жау алдында бүлк етпе», «Қаралы елдің таңы бол, жаралы елдің жаны бол» деп бесік жырынан бастап өмір қадамын аттаған жас адамға ізгілік өлшемдерін санап бата беретін ата дәстүр барымта мен бақталастың тұсында басқаша көрінеді. Намыс бүйірі қызған кезде жақының да жауыңмен бірдей, әсіресе, қазақтың тамаша ұлттық ойынының бірі – көкпар тарту шарттарын түсіндіруден басталатын жыр жолы көкірекке жігер құйып, оқушыны баурап алады» [3, 78 б.].

М. Әлімбаев өлеңдерінде де ұлттық дәстүр, тәрбие мәселелері үнемі көтеріліп отырады. Сонау қытымыр кезеңнің өзінде ақын халқымызға тән қонақжайлық, бауырмалдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сынды асыл қасиеттерді әрқашан дәріптеп, ұлттық қайнар бұлаққа тағзым ете, жас ұрпаққа үлгі ретінде танытып отырған. Бұл сөз жоқ, ақын батылдылығы мен ұлтжандылығының айқын дәлелі. М.Әлімбаевтың балаларға арналған өлеңдері, міне, осылай айрықша танымдық, көркемдік-эстетикалық, тәрбиелік мәнімен ерекшеленеді. Әртүрлі мамандық иелерінің кәсіптерімен таныстыра отырып, ақын, жас жеткіншектерді еңбекке шақырып, белгілі бір кәсіпті таңдауға түрткі, себепкер болады. Ал, Қадыр Мырзалиев тақырыптар бойынша көп өлеңдер шығарған, мысалы тек жануарларға арнап «Шаруаның шағын ауласы», «Қол бермеймін аңшыларға», «Түлік», «Жануарлар жайлауы», «Хайуанаттар хикаясы», «Зообак» циклдері бойынша жүздеген өлең жазған, одан сырт балалардың танымын арттыруға көмектесетін, олар біле бермейтін алыс шет елде ғұмыр кешетін жаңа жануарларды таныстыруда көп еңбек сіңірген, мысалы: «Пингвин», «Африка кобрасы», «Лама-жылама», «Австралияға барғанда» т.б. өлеңдерінен көре аламыз. Балалар поэзиясында танымдық-білімдік мазмұнды өлеңдер қатарына мектеп пәні бағдарламасын арқау еткен туындыларды жатқызамыз.

«Кішкене әліппе», «Намыс», «Зия», «Қоңырау», «Тазалық сақта», «Біз лагерьге барамыз», «Глобус алдында» өлеңдері оқу-білім, сабақ тақырыбында жазылған. Ақынның өлеңдері бала жасының ерекшелігіне қарай тақырыбы жағынан да күрделене түседі. Мектеп жасында арман тербеп жүрген

## «Иноязычное образование: опыт, инновации и перспективы»

сәбилерге «Мен космонавт боламын», «Ұшты қиял мені алып...», «Парашютистер әні», «Монтер» өлең-тақпақтарының мамандық таңдауда берері мол. Тақырыптар төңірегінде зерттеу жүргізсек, бала үшін ең керекті ойыншық болып, олармен бар уақытын бірге өткізеді, олар осы бүлдіршіннің жанұясы, достары, өмір сынақтарына тәжірибе беретін осы ойыншықтар баланың дүниетанымының қалыптасуына, адамдар, қоғам арасында қарым-қатынас жасауда алғашқы тәжірибе орны болып саналады, олай болса мысалдарды қарастырсақ:

Кесте 2- Қазақ және ұйғыр поэзиясындағы «Қуыршақ» тақырыбындағы өлеңдер

Қуыршақ	Қочиғим
<p>Қуыршаққа күнде Май беремін. Қуыршаққа күнде Шай беремін. Ішіп-жеуді білмейді ол- Жай беремін. Бәтеңкесін тазалап, Көремін бейнет. Кіршіксіз, қандай ақ Лента мен көйлек! «Рақмет!» -демейді, Бірақ ол сөйлеп. Мен оны күлдірем, Мен оны билетем. Оқуды, сызуды- Бәрін де үйретем. [4, 9 б.]</p>	<p>«Қочиғим бар мениң бир, Көйнәклири ипәктин. Путидики попушни, Өзәм тикип кийгәздим. Маңа қәвәт яқиду, Лентилири қизил, ақ. Бирла йери яқмайду, Сөзләлмәйду у бирак...» [5, 3]</p>

Екі өлеңде де кішкентай қыз бала қуыршағымен ойнап жатыр, Ж.Смақов өлеңінде қуыршағын таза ұстап, оған шай, тамақ беріп, тіпті оқу мен сызуды үйретеді, алайда оған рахмет деп қуыршақтың үн қатпасы баланы күрсіндіреді, ал П.Сабитова шығармасында тіпті көйлегін де өзі тігіп кигізеді, тек қуыршағының тіл қатпайтындығы бала үшін қиыншылық тудырады, яғни бала үлкендерден нені үйренсе, қуыршағына да соны үйретеді.

Қазақ баласы үшін де, ұйғыр баласы үшін де қуыршақтың үн қатпауы проблема етіп көрсетілген. Яғни балалар поэзиясында белгілі бір тақырыптардан ұқсас проблематика да туындайды екен. Тіпті осы жерден ақындар шығармашылығындағы үндестікті байқаймыз.

Бала тіліне түсініксіз, оқуға да, жаттауға да ауыр тиетін, мазмұны, идеясы тарапынан балалар әдебиетіне жат өлеңдер қаншама, алайда П.Сабитова өлеңдері балалардың сол шығармалардағы, сөз, сөйлем таңдауында жеңілдігі, түсініп жаттауға да ыңғайлығымен ерекшеленеді.

«Қуыршақ туралы бұл өлеңде автор, өз атынан баяндамай, бала тілімен жазған, пікірдің өзін балаға жеткізумен қатар «Қап, неге сөйлей алмайды екен менің қуыршағым» деген бала арманын байқауға болады. Яғни, бұл өлеңде бала психологиясы бар» [6].

Ал келесі мысалдарды қарастырсақ:

Кесте 3 - Қазақ және ұйғыр поэзиясындағы «Ойыншық» тақырыбындағы өлеңдер

Менің ойыншықтарым	Ақ қочақ
<p>Жүрмейсің бе абайлап? – Болмасаңшы ұрыншақ. Асыр салып, көп ойнап, Аксап қалдың, құлыншақ!</p> <p>Ашытпайды көзіңді, Шомыла ғой, балақай! Қарашы енді өзіңе: Аппақ болдың алақай!</p> <p>Түсті түймең үзіліп, Неге қадап алмайсың? Тұр ғой әне-жіп, Неге ұқыпты болмайсың?. [7, 10 б.]</p>	<p>Ақ қочақ аппақ қочақ, Көзлири газир почак. Сөз қилишни билмәйсән, Лекин қәвәт жиғлайсән.</p> <p>Сөз қилишни билмәйсән, Лекин қәвәт жиғлайсән.</p> <p>Ақ қочақ, аппақ қочақ, Көзлири сәдәп мончақ, Әнди пәкәт жиғлима, Мениң билән бир ойна, [8, 27 б.]</p>

Ал мына өлеңдерден түсінгеніміз И.Бахтия қуыршағын сыртқы келбетін сипаттаумен бірге, оның жылауды білетін қуыршақ екеніне мән беріп тұр, сөйлей алмағанмен ол жылауды біледі және өзі мамасының сөзінен шықпайтындай, қуыршағының да оның сөзін тыңдау қажет екенін айтады. Сөйлемдер көбіне бұйрық райда берілген «Апамға қилма чатақ», «Яш еқитма көзүңдин», «Чикма мениң сөзүмдин», біздің ойымызша осы қуыршағымен қатынас арқасында адамдармен жұмыс жасауды, алғашқы бұйрық айту сынды тәжірибелерді игереді.

Ал, М.Әлімбаев болса, барлық ойыншықтарын бірге алып оларға үлкен адам, иесі ретінде ақылын айтып, насихатберуде. Ойыншықтарына таза, ұқыпты болуға, өзара кикілжің туғызбай, тату өмір сүруге, мектепке бару т.б. нәрселерді түсіндіреді. Өлеңдер бәрі балаға түсінікті тілде жазылған, қолданылған сөздер де жеңіл, оқырман қабылдауы үшін өте жақсы, ұтқыр жазылған.

Осы жерде халықтық сарындағы туындыларды бірге алып қарастырып көрсек:

Кесте 4- Қазақ және ұйғыр поэзиясындағы халықтық сарындағы өлеңдер

Не үшін?	«Вэтэн һәккидә»
-Екі көзің не үшін керек?	-Ейтқин, қол, пут, немә үчүн яралдиң?
-Жаксыларды көру үшін!	-Вэтинимни қоғдаш үчүн яралдим.
-Екі қолың не үшін керек?	-Ейт қизил тил, хизмитиңни ейт, кени?
-Елге көмек беру үшін!	-Вэтинимниң қиммитини ейтқили.
-Құлақ деген не үшін керек?	-Сәнчу, көзләр, сән немигә ярайсән?
- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!	Вэтинимниң гөзәллигин қараймән.
-Жүрек деген не үшін керек?	-Сән немигә яралғансән, сән жүрәк?
Жауларымнан қыңбау үшін!	Шу вэтәнни сөйүш үчүн мән керәк!
-Тіл мен жағың не үшін керек?	[10, 31 б.]
-Ақиқатты айту үшін!	
-Ал аяғың?...	
- Шетте жүрсем,	
Туған жерге қайту үшін! [9, 131-132 бб.]	

Екі өлең де балалардың, туған жер, Отан ұғымдарын кең түсініп, отансүйгіштігін арттыруға септігін тигізуде, Қ.Мырзалиев бүлдіршінмен диалог құрып, сұрақтарына бала тілімен, бала түсінігінде жауап алып, әрбір адам үшін отан, туған жер маңыздылығын айтумен бірге, әрбір дене мүшесінің өзіндік қызметі бар екенін оқырманына бала жауаптары арқылы жеткізеді. Ал ұйғыр ақыны отанға деген ыстық-ықылас, сүйіспеншілігін білдіруде тек жай сөздермен жеткізумен шектеліп қалмай, адам ғұмыры үшін маңызды дене мүшелерімен байланыстырады, яғни,

Отанның әдемілігін көрмей, тілдің көмегімен басқаларға жеткізбей, қол-аяқтың көмегімен қорғамай, ең бастысы оны жүректен шыққан, шынайы махаббатпен сүймей тұрып, біз Отанның қадірін біле алмаймыз.

Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасын зерттеген Б.Қапасова М.Әлімбаев шығармаларының жеңіл де ойнамалы буындардан тұратынын айтып, онда фантастикалық мотивтер де кездесетінін ескертеді. М.Әлімбаев өз шығармашылығында авторлық ұстанымды ашу үшін көркемдік құралдарын, көріністерді ассоциативті тұрғыда біріктіру тәсілін, кейіпкерлердің ерекше әрекеттерін сипаттауда дыбыс ерекшеліктерін тиімді пайдаланады. Қадыр Мырзалиев шығармашылығының айқын ерекшеліктерінің бірі – интеллектуалды философиялық поэзия. Ақын қандай тақырыпты алса да оған жан бітіріп, ойнатып жібереді [3, 52 б.].

Ұйғыр әдебиетін өзінің терең философиялық ой, лирикалық сезім, сан алуан өлеңдермен байытқан және де оның жаңа баспалдаққа көтерілуіне себепкер болған талантты ақындарымыздың бірі – Илья Бахтия. Оның шығармашылығындағы жаңалығы – ол бірінші болып ұйғыр әдебиетін парсы-тәжік және араб кірмелерінен азат етіп, тек түркі халықтарына тән қанатты сөздер, афоризмдер, ұлттық ерекшеліктерді қолданғанында. Ақын өлеңдерінің тақырыбы сан алуан. Оның шығармашылығының негізгі мазмұнын тыныштық, еңбек, Отан, махаббат және достық, жастар тәрбиесі тақырыбымен қатар күнделікті өмірде кездесетін жағымсыз жайттар қамтиды. И.Бахтия өлеңдерінде сонау түркілік поэзия дәстүрінде бар образдар арқылы тақырыпты ашу кездеседі. Мәселен, қазақ ақындары секілді И.Бахтия үшін де Отан – Ана болып суреттеледі. Әрбір адам үшін Отан Ана өте қымбат, әдемі және сүйікті. Алайда, Отанға деген сүйіспеншілік тек оны жақсы көру, сүйюмен шектелмейді. Осы ой Илья Бахтияның «Ақ кәптәр» («Ақ көгершін»), «Пайдисини биләмсән?» («Пайдасын білесің бе?») «Қуаш нури» («Күн сәулесі») атты жинақтарында айқын көрінеді.

Екі мен бес жас аралығында балалар өте білімқұмар, әуесқұмар болады, дәл сол кезде олар жүздеген,

тіпті мыңдаған «Не үшін?» деген сұрақтарды қояды.

Ақын табиғат тақырыбына сан алуан өлеңдерді тудырған, онда табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік, тау, ауыл, ағаш, арық, ағын су, бұлақ т.б. табиғат әлемі өкілдерін қарапайым және шынайы суреттеуі ақын шеберлігін көрсетсе керек. И.Бахтия өлеңдерінің ерекшелігі, оны оқыған оқырман өзінің табиғатпен үндестігін байланысын сезеді, сол себепті әр біріміз табиғатты аялап, сақтауымыз керек. Автор өлеңдерінің белгілі болуы – оның шынайылығы мен өміршенділігінде.

Мамандық таңдау тақырыбы бойынша қазақ ұйғыр ақындары түрлі кәсіп иелерінің жақсы жақтарын сипаттап, балалардың болашақта өздеріне лайықты мамандық игеруге көмектесе, ал ағылшын ақындары ол кәсіпті игеруге шақырмай, дәл ол кәсіп туралы баян етеді, ешқандай оптимистік сарында үндеу-насихат жүргізу әрекеті жүрмейді.

Тек М.Әлімбаев шығармашылығы ғана емес, жалпы қазақ және ұйғыр балалар поэзиясындағы тақырыптар сан алуандығымен ерекшеленеді. Айталық, бір ғана «жанұя» тақырыбы соншалық кең мотивтер тізімімен ашылады. Әдетте, қазақ және ұйғыр балалар әдебиетінде «жанұя» тақырыбын ашатын мотивтер өте көп, ол әке-шеше, аже-ата, аға-тәте, іні-сіңлі, жегжат-жолдас, әпке-жезде, көрші-қолаң, ағайын-туыс барлығы кіреді. Осы тақырыптардың ауқымынан-ақ халықтардың ұлттық болмысы көрініп тұрады.

Жанұя тақырыбына жазылған қазақ, ұйғыр өлеңдерінде ұқсастықтар кездеседі, алдымен отбасы қазақ, ұйғыр үшін бар туысты біріктірген кішігірім мемлекет, оның тұрғындары әрқашан өзара қол үшін беріп көмекке келуі керек, олар бірлік болған жерде ғана тірлік болатынын әрдайым жадыларында ұстайды. Мысалы, Қ.Мырзалиевтің «Әттеген-ай!» өлеңінде ойынға тоймай далада жүрген бала, еттен, тамақтан құр қалғанына, оған аз-ақ алып қойғанына, отбасы мүшелерінің онымен санаспандығына ренжиді. Ұйғыр ақыны өлеңінен басқалармен бөліспей өзі жалғыз қауынды жеп қойған бүлдіршіннің түсіндіруін тыңдаймыз, ол көрші, дос, ата-әжесін іздегенін айтады. Алайда, қауынның қабығын жеген есектің бар екендігін көргенде бала өз жауапкершілігінен қашып, өзіне серік қосып алғандығы әжуамен көрсетіледі.

Ұйғыр балалар әдебиетінде нақ бала психологиясымен санаса отыра, бала тілімен өз туындылығын жазған Патигүл Сабитова шығармашылығы өзіндік орын алады. Оның алғашқы шығармалары 50-жылдардағы студенттік кездерінен бастау алып «Коммунизм туғи» (қазіргі «Уйғур Авази») газетінде, ұжымдық жинақтарда басылды.

Ал, 60-80 жж. аралығында «Бизниң отрядниң балилири», «Мениң кичик достлирим», «Ғәмхорчи Һәмра», «Ким әйиплик?», «Достлар», «Қадирниң чүшлири» атты әңгіме, повестер жинақтары жарық көрсе, 2004 жылы «Чатақчи», 2008 жылы «Ялғанчиниң раст сөзи» атты өлең жинақтары жарық көрді. Сондай-ақ, ақынның «Жүригимдә бир отум бар» өлең мен дастандар жинағы Қазақстан Жазушылар Одағының «Алаш» халықаралық сыйлығының иегері атанды және П.Сабитова шығармалары қазақ, орыс, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылды.

1975 жылы «Қазақ балалар поэзиясы» атты мақаласында С.Қирабаев: «Балалар әдебиетінің дербес жанр есебінде есеюі оның тұрақты маман кадрларының жиналуы әрине, Ұлы Отан соғысынан кейінгі мерзімге жатады. Балалар поэзиясының профессионалды дәрежеге көтерілгені – осы кез. Елуінші жылдардың бер жағында М.Әлімбаевтың, Қ.Мырзалиевтің, Ә.Дүйсенбиевтің, оларға кейінірек қосылған Ж.Кәрібозиннің, Т.Нұрмұхамедовтің, Ж.Смақовтың шығармалары кең тарады. Бұл ақындар творчествосы балалар поэзиясының өзіндік ішкі сырларын терең түсінуімен, оны ойдағыдай меңгеруімен ерекшеленеді» [68] деп жазды.

М.Әлімбаев шығармалары жеңіл де ойнамалы буындардан тұрады. Онда фантастикалық мотивтер де пайдаланылады. М.Әлімбаев өз шығармашылығында авторлық ұстанымды ашу үшін көркемөнер құралдарын, көріністерді ассоциативті тұрғыда біріктіру тәсілін, кейіпкерлердің ерекше әрекеттерін сипаттауда дыбыс ерекшеліктерін тиімді пайдаланады [69].

Қадыр Мырзалиев шығармашылығының айқын ерекшеліктерінің бірі – интеллектуалды философиялық поэзия. Ақын қандай тақырыпты алса да оған жан бітіріп, ойнатып жібереді. Қазақ балалар лирикасын зерттеген ғалым Б.Қапасова еңбегінде Ж.Смақовтың бірнеше шығармаларын зерттей келіп «Қазақ балалар поэзиясында өлең құрылысын бөбектер тіліне лайықтап түрлендіріп жазған – Ж.Смақов. Ақын өлеңдері өз қатарластарына ұқсай бермейді. Бұл шығарма бесік жасындағы сәбиден 5-6, мектеп жасындағы балаларға арналғандығынан келіп шығады. Бұл өлеңдердің ерекшелігі тың қолданыстарды балдырған танымына лайықтап, шығарманы ерекше мазмұнмен сәтті байланыстыруында» дей келе, ақын шығармашылығында баланың қиял әлемі, күлкілі көріністер мен оқиғалар және динамика жайлы пікірлерін мысалдармен толықтырады [3, 18 б.]

Біздің ойымызша, осы тақырып әр халықтың ұлттық болмыс, тұрмыс тіршілігіне байланысты, осындай нәтиже беріп тұр, өйткені қазақ халқы көшпелі халық болған және ата кәсібі мал шаруашылығы екендігі, табиғат пен жануарларға жақын екендігі, негізінен үй жануарлары «төрт түлікке» арналған өлеңдермен бірге, Қ.Мырзалиевтің танымдық сериясы бойынша экзотикалық жануарларды бүлдіршіндерге таныстыру бойынша өлеңдері кеңінен орын алған, ал ұйғыр халқы отырықшы болумен бірге, егіншілік, бағбаншылық, қол өнері сынды кәсіптермен айналысқандықтан төрт түлік мал тақырыбына жазылған өлеңдер бар, алайда басқа екі әдебиеттер көрсеткіштерінен төмендеу екендігі анық.

Кесте 5 - Қазақ, ұйғыр және ағылшын балалар поэзиясында жануарлар образының суреттелуі

Қазақ тілінде	Ұйғыр тілінде
Маубас мысық	Қизик экән додиси
Бүкіл үйдің аксүйегі, Мияулардың нақ сүйері, Тәтті ұйқыдан бас алмайтын Ақ мысыққа таң қаламыз. Неге керек жалған аңыз. Ұмытқан ба қырындауды, Біледі тек пырылдауды. Қалың ойға батқан кезде, Қалғып-мүлгіп жатқан кезде Бала мысық жасы кіші Кетеді оның асын ішіп. [9, 89б.]	Кичиккинә мөшүгүм, Қутулдурмас қачқанни. Олап жүрүп у бүгүн, Тутувапту чашқанни. Тартип елип, орниға, Тәйяр пишқан гөш бәрдим. Аччиқ қилип униңға, Кетип қалди у мәндин.  Йә гөшниму йемиди, Қизик экән буниси? Йә, «миявму» демиди, Қизик экән додиси! [10, 197б. ]

Осы мысық тақырыбын ақындар жалқаулық идеясымен ұштастырады. Бұл да ұлттық балалар ақындарының өмірге көзқарастарының ұқсастығын көрсетеді. Мұндай құбылыстарды салыстырмалы әдебиеттану ғылымында типологиялық түйісулер деп аталады.

Орыс ғалымдары Д.Ф.Марков, Н.С.Надьярных, А.Бушмин, Б.М.Храпченколар мұндай ұқсас құбылыстардың себебін қайталану деп түсіндіріп, оларға «повторяемость» деген атау береді, және де оның теориялық-методологиялық маңызын сөз етеді. Олардың айтуы бойынша, қалам иесінің өзіндік дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі, эстетикалық тағылымы, етене жақын мәселелері, ой айту сынды бөліктерінің көрінісі әдебиетте тұрақтап қалған заңдылықтардың нәтижесі.

Көрнекті ғалым, қазақ әдебиеті зерттеушісі Т.Есембеков тұжырымы бойынша «Типологиялық ұқсастықтардың түп-төркінін әдебиеттер дамуының, шығармашылық принциптерінің көркем шығарманың ішкі заңдылықтарының ортақтықтарынан іздеу керек» [11, 127 б.]. Көріп отырғанымыздай, ғалым типологиялық ұқсастықтарды анықтауда тек сыртқы, жалпы ортақ ұқсастықтарын емес, құбылыстардың ішкі заңдылықтарын қарастыру керектігін ашып айтады.

Яғни, бұл жерде әдеби байланыстардың бір формасы – типологиялық түйісулердің бар екендігі анық.

Қорыта айтсақ, екі елдің балалар әдебиетінде байланыстардың түрлі формалары болды. Олар негізінен типологиялық түйісулер түрінде келді. Ал типологиялық байланыс өлеңдердің тақырыптық-идеялық ұқсастықтарынан туындайды. Екі әдебиетте кең көтерілген тақырыптар ауаны жалпыадамзаттық құндылықтар дүниесін құрайды екен. Олар негізінен «жануарлар», «жанұя», «спорт», «мамандық», «ойыншық», «мектеп өмірі» тағы сол секілді тақырыптарды көтере отырып, ұқсас идеяларға, үндес проблемаларға келеді.

На фоне стремительного расширения использования социальных сетей в социальной и политической жизни возникла необходимость в разработке новых научных подходов к социальным сетям, построенным на инновационной технологической основе. В 2011 году Агентство DARPA (Агентство перспективных исследований в области обороны) начало работу над проектом SMISC (Social Media in Strategic Communication). В проекте исследования было отмечено, что условия, в которых вооруженные силы США ведут свою деятельность, быстро меняются. Это изменение различных сайтов, социальных сетей, блогов и технологий обмена аудиовизуальной информацией (например, YouTube). Кроме того, эти изменения только ускоряются с развитием мобильной информации и коммуникационных технологий. Перемены в характере современных международных конфликтов, инициированные использованием социальных сетей, настолько глубоки, как изменения, вызванные предыдущими социальными и научно-техническими революциями.

Поэтому основной задачей проекта SMISC было развитие новых научных подходов к социальным сетям, а именно: проект включал разработку автоматизированных и полуавтоматических средств и технологий для систематического и на основе соответствующих методологий использования социальных сетей, чтобы:

- призывать кампании убеждать и влиять на операции в социальных сетях и сообществах;
- определить участников и намерения, и измерить влияние различных кампаний;
- противостоять сообщениям, переданным враждебной стороной во время выявления операции по удалению;
- выявлять, классифицировать, измерять и отслеживать следующие направления: образование, разработка и распространение концепций и идей, а также фокус вводящих в заблуждение сообщений и дезинформации.

Таким образом, цифровая дипломатия и работа в интернете в целом могут серьезно усилить деятельность по разъяснению внешнеполитических позиций государства отечественной и зарубежной аудитории. Цифровые технологии могут быть особенно полезны в общественной дипломатии, в области сбора и обработки информации, в области консульской деятельности, для связи во время чрезвычайных ситуаций и стихийных бедствий [4, с.32].

Конечно, цифровая дипломатия имеет свои собственные риски, которые включают утечку информации, распространение экстремизма и терроризма, навязывание чуждой идеологии и иностранной пропаганды, взлом и анонимность пользователей интернета. Тем не менее, международный опыт показывает, что умелое использование инструментов цифровой дипломатии может принести хорошие дивиденды тем, кто инвестирует в это. Также, цифровая дипломатия не всегда требует финансовых инвестиций, напротив, она часто направлена на сокращение издержек. Здесь чрезвычайно важен человеческий фактор – желание сотрудников развивать, овладевать новыми технологиями, посвящать часть своего рабочего времени работе с целевой аудиторией интернета, обрабатывать электронную информацию, создавать информационные и справочные материалы.

Возможности развития цифровой дипломатии ограничены отсутствием национальной информационно-коммуникационной стратегии, недостаточным количеством подготовленных специалистов и рядом рисков, характерных для работы в интернете. Кроме того, необходимы инструменты для оценки эффективности использования социальных сетей. Это не число «последователей», «лайков», «твитов/ретвитов», которые важны больше, важны реальные индикаторы реакции аудитории на сообщения, изменения их восприятия и то, как цифровая дипломатия способствует этому. Она не заменяет классическую дипломатию, но умелое обращение с этим инструментом может усилить работу государства в сфере международных отношений и внешней политики. На сегодняшний день видно, что цифровая дипломатия постоянно развивается, вовлекая все больше участников процесса обмена информацией. Этому способствует сама природа социальных сетей, которая, как и любой живой организм, постоянно развивается.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Зиновьева Е.С. Международная информационная безопасность. М.: МГИМО- Университет, 2013 г. – с.6.
2. Най Д.С. Гибкая власть / пер. с англ. В. Супрун. М.; Новосибирск, 2006 г. – с.12.
3. Пантелеев Е.А. Внешняя политика и инновационная дипломатия // Международная жизнь. 2012. № 12, с.10.
4. Анненков В.И., Карпов В.В., Моисеев А.В., Сурма И.В. Сетевое управление: современная парадигма развития систем управления в вооруженных силах ведущих держав мира // Национальная безопасность. 2014. № 2 (31).

ӨОЖ 327.5

**Қурпебаева Г.К.**

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ  
докторанты

Алматы, Қазақстан

e-mail: gaziza-k@mail.ru

#### **ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Түйін:** Мақалада Таяу Шығыс аймағындағы тұрақтылық жағдайына әсер ететін негізгі факторлар қарастырылады. Бұл факторлар ретінде аймақтағы әлемнің жетекші елдерінің, соның ішінде АҚШ саясатының геосаяси мүдделері; аймақтағы діни экстремистік қозғалыстар мен террористік топтардың қызметі; Таяу Шығыстағы әлеуметтік-саяси қақтығыстардың салдарынан аймақ елдеріндегі саяси режимдердің өзгеруі мен геосаяси жағдайдың өзгеруі қарастырылады.

**Тірек сөздер:** тұрақтылық, Таяу Шығыс, геосаясат, қақтығыстар, араб әлемі, қауіпсіздік.

**Kurpebayeva G.**

PhD student of Kazakh Ablai khan University of  
International Relations and World Languages  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: gaziza-k@mail.ru

#### **THE PROBLEMS OF STABILITY AND SECURITY IN THE MIDDLE EAST**

**Abstract:** The article examines the main factors affecting stability in the Middle East region in modern conditions, namely: the geopolitical interests of the world's leading countries in this region, in particular the US policy; the activities of religious extremist movements and terrorist groups in the region; the socio-political conflicts in the Middle East that led to



a change in political regimes in the countries of the region and a re-transformation of the geopolitical situation.

**Key words:** stability, the Middle East, geopolitics, conflicts, the Arab world, security.

Халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселелері әлемнің түрлі аймақтарында көрініс табады, алайда олардың әртүрлі аймақтардағы көрінісі бірдей емес. Аймақтық үдерістерге жетекші елдердің саясаты айтарлықтай әсер етеді. Сонымен бірге, аймақтық қақтығыстардың әсері де айрықша маңызға ие.

Заманауи жағдайда аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешу аймақтағы геосаяси жағдайға әсер ететін негізгі факторларды кешенді түрде бағалаусыз мүмкін емес. Фактор - кез-келген үдерістің қозғаушы күші, белгілі бір объектіге ықпалдың сипаты мен көзін анықтайтын құбылыс, сондай-ақ оның жұмыс істеуі үшін белгілі бір маңызы бар себеп ретінде анықталады. Таяу Шығыстағы ахуалдың тұрақтылығын талдау үшін аймақтағы тұрақтылық жағдайына әсер ететін негізгі факторларды қарастырған жөн.

Таяу Шығыс аймағы орналасуына байланысты маңызды геосаяси кеңістік болып табылады. Аймақтың геосаяси маңыздылығы бірінші кезекте, әлемдік нарыққа мұнайдың негізгі жеткізушісі ретінде анықталады. Сондықтан Таяу Шығыстағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері әлемдік қоғамдастықтың қызығушылығын алдын ала анықтайды. Таяу Шығыс аймағының негізгі байлық көзі-әлемдегі ең үлкен минералды қорлар, әсіресе мұнай мен газ сияқты маңызды энергетикалық ресурстар болып табылады. Мұнай экспорттаушы елдер ұйымының 2014 жылғы мәліметі бойынша, аймақтың әлемдегі сенімді мұнай қорларындағы (802,518 миллиард баррель) үлесі шамамен 65% құрайды [1]. Өз кезегінде, аймақтың тұрақтылығына бірқатар факторлар ықпалын тигізеді, олардың ішіндегі ең маңыздысы: аймақтағы жетекші елдердің геосаяси мүдделері; аймақтағы діни экстремистік қозғалыстар мен террористік топтардың қызметі; Таяу Шығыс елдеріндегі әлеуметтік-саяси қақтығыстар.

Аймақтағы қақтығыстардың өсуіне ықпал ететін факторлардың бірі аймақ елдерінің ішкі саясатына сырттан қол сұғушылық болып табылады. Көптеген мемлекеттердің мүдделері қазіргі уақытта Таяу Шығыстағы ықпал үшін күресуде, бірақ АҚШ-тың мүдделері ықпал ету сипаты мен пайдаланылған әдістердің ерекшелігіне байланысты айқын басымдыққа ие. АҚШ пен оның НАТО одақтастарының қызығушылықтары аймақтың мұнай ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету, аймақ мемлекеттерін бірегей «Үлкен Таяу Шығысқа» айналдыру, сондай-ақ өздерінің жаһандық мүдделерін жүзеге асыру жоспарларының жүзеге асыру қажеттілігіне негізделген. Қырғи қабақ соғысы аяқталғаннан кейін АҚШ Таяу Шығыстағы өзінің қатысуын нығайта отырып, Орталық Азияға ықпалын кеңейтуді көздеді. Америка сыртқы саясатты зерттеу институтының «Таяу Шығыс бойынша Кеңестің» директоры А.Гарфинкльдің айтуынша, «Америка Құрама Штаттары әлемнің осы бөлігінде, әсіресе Парсы шығанағындағы елдерде не істеп жатқандығы «империялық саясат» ретінде анықталуы мүмкін: Вашингтон күш қолдануды талап етсе де, аймақтағы тұрақтандыруға қол жеткізуге ниетті. Таяу Шығыс - бұл қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін АҚШ-тың әскери күші күн сайын өсіп келе жатқан әлемдегі жалғыз аймақ. Бұл Парсы шығанағында Орталық қолбасшылықты қалыптастыру және 5-ші флотын құру мысалында көрінеді. Аймақтағы көптеген мемлекеттер американдық протекторат болып табылады»[2]. 2003 жылғы АҚШ-тың Ирактағы әскери операциясы осы саясаттың логикалық жалғасы болды. Бірақ, геосаяси көзқарастармен қатар идеологиялық дәрменсіздік те болды. Ресейлік зерттеуші П.Е. Смирновтың айтуы бойынша, «Иракты бастау нүктесі ретінде таңдау арқылы неоконсерваторлар Таяу және Орта Шығыстағы «режимдік өзгерістер» мен «демократиялық революция» деп аталатын доктринаны АҚШ-тың саяси ойлауына кіргізе бастады» [3].

Таяу Шығыс тұрақтылығына әсер ететін тағы бір фактор - экстремистік және террористік ұйымдардың қызметі. АҚШ-тың әскери және саяси басшылығы, осы кең аймақтағы жағдайды тұрақсыздандырудың мемлекеттік емес факторларына жататын себептері ретінде негізінен, террористік топтар мен халықаралық ұйымдасқан қылмысты қарастырады. Орталық басқарудың командирі, генерал Д. Петреус, Қарулы Күштер жөніндегі Сенат комитетінде былай деп сөз сөйлеген: «АҚШ-тың және оның одақтастарының мүдделеріне ең үлкен қауіп трансұлттық экстремистерден, дұшпандық мемлекеттерден және жаппай қырып-жоятын қару-жарақтан төнеді»[4].

Қазіргі уақытта аймақтағы шиеленістің өсуінің негізгі факторы Таяу Шығыс елдеріндегі әлеуметтік-саяси қақтығыстар мен дағдарыстар болып отыр. Тәжірибе көрсеткендей, әртүрлі елдердегі әлеуметтік-саяси қақтығыстар әлеуметтік салалар, институттар, ұйымдар арасындағы қарама-қайшы саяси мүдделерге байланысты туындайды, мұндағы басты қақтығыс нысаны саяси мәні бар - билік пен ресурстарға қолжетімділік, мәртебеге ие болу, артықшылықтар және т.б. жатады. Әлеуметтік-саяси қақтығыстар өз сипатында қоғамның қалыптасу құрылымының (идеологиялық, саяси, экономикалық)

негізгі деңгейлерін қамтитын үлкен топтардан тұрады. Бұл қақтығыстарда үлкен әлеуметтік топтар арасында билік үшін күрес жүргізіледі, бірақ жай ғана билік үшін ғана емес, қоғам мен мемлекеттегі билік үшін. Өз кезегінде, әлеуметтік -саяси қақтығыстар сайлау үдерісінде, саяси демонстрацияларда, қарулы көтерілістерде, саяси төңкерістерде көрінеді, бұл сайып келгенде елдің саяси қауіпсіздігіне әсер етеді. Мұндай шиеленістің нәтижесінде билеуші класс немесе саяси элита, елдің саяси бағыты (мақсаттары мен жоспарлары) өзгеруі мүмкін [5].

Осыған байланысты, тұтастай алғанда араб әлемі, атап айтқанда, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка соғыс, қанды қақтығыстар және басқа да шиеленістер әрдайым пайда болатын тұрақсыздық аймағы ретінде қабылданады. Осыған байланысты 2010-2011 жылдардағы «араб көктемі» деп аталатын революция және халықтық тәртіпсіздіктер осы өңірдегі қарқынды оқиғалардың тарихына толық сай келеді. Дегенмен, Таяу Шығыс елдерінде орын алған қазіргі кездегі оқиғалардан байқалатын әлеуметтік -саяси дағдарыс ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен туындаған тарихи дамудың шиеленісуімен объективті түрде қалыптасады.

Сарапшылардың көпшілігі «АҚШ-ты» әсер етуші сыртқы ықпал ретінде көреді, бірақ олардың пікірлері олардың әрекеттерінің себептерін анықтауда және ең бастысы, жағдайға әсер ету қабілетін айқындауға келгенде айтарлықтай ерекшеленеді [6]. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, АҚШ ұзақ жылдар бойы авторитарлық режимдерді қолдай отырып және аймақтың өзекті мәселелерін елемей, мәселені қайнау нүктесіне жеткізді. Әсіресе, бұл Мубарак енген армия американдық ықпалдың тікелей құралы болған Мысырға қатысты. Мубарак режимін американдықтар мен израилдықтар тарапынан қолдаудың жалғасуы елдегі американдықтарға қарсы көңіл-күйді күшейтіп, «Мұсылман бауырластығы» ұстанымын нығайтты және ең бастысы, ішкі қарама-қайшылықтарды немесе Таяу шығыстағы қақтығыстарды шеше алмады.

Саясаттанушылар мен сарапшылардың үшінші тобы, негізінен Ресейде, Америка Құрама Штаттары шешілмеген жаһандық және экономикалық мәселелерге тап болып, Таяу Шығыста басқарылатын тәртіпсіздікті орнатты, мұндағы басты мақсат - Қытай және ЕО-ны әлсіретуді үміттену. Сонымен бірге осы теорияның жақтаушылары Таяу Шығысты әлемдегі американдық саяси және экономикалық бақылауды қамтамасыз ететін планетаның негізгі «жанармай станциясы» деп атайды. Алайда, бұл теория американдық психологиясына қайшы - артқа шегіну, артындағы көпірлер мен қалаларды өртеу - басқа дәуірден және басқа өркениет тактикасы. Америка – бұл, ең алдымен, сауда империясы, дәстүрлі түрде келіссөзге келуді немесе сатып алуды артық көреді, әсіресе ол өз дегенін жүргізуге күші жетпей жатса [7].

Төртіншіден, «революцияның жалыны» Солтүстік Африка мемлекеттерін өз кезегінде белгілі бір тәртіппен жаулап алды: Тунис-Египет-Ливия-Сирия-Бахрейн-Йемен және т.б. Ал әлеуметтік мәселелері мен саяси режимдері ұқсас Алжир, Марокко және басқа да африкалық елдер бұл революциядан аулақ болды. Бұл жағдайда бақыланатын тізбекті реакциядағы келесі «лаулайтын» елдердің тізбегі қатаң сақталады, өйткені түрткі импульс авторитарлық режимнен қысым көрген қоғамның азаматтық ұстанымын қозғамайды, бірақ бұл революцияны ұзақ уақыт бойы дайындаған саяси технологтардың «дайындықтары» және халықтың жаппай санасына тиісті идеологияны енгізгені байқалады. Ал әр мемлекет үшін бұл «дайындықтар» өзгеше [8].

Және, ақырында, аймақ елдеріндегі барлық революцияларда революциялық идеологияның міндетті компоненті болмауы да алаңдатады. Нағыз революционер-идеалистердің революциялық күресінің негізінде: жоғары идеалдар (еркіндік, теңдік, бауырластық, әділдік) немесе ұлт-азаттық қозғалыстар идеялары жатыр. Ал араб революцияларында мұндай ештеңе жоқ- саяси мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қозғалысы бар, ол басты мақсаты - нақты өкілдерінің қатысуымен қазіргі құқықтық биліктің құлдырауы. Сонымен қатар революциялық топ ешқандай балама саяси бағдарламаны ұсынбайды, халық наразылығы тек қана дербестендірілген сипатқа ие және саяси жүйеге қарсы наразылығы жоқ. Бұл жағдай аймақта мүдделері бар кез-келген әлемдік державалар үшін бұл өз күшін билікке жеткізетін ең жақсы сәт [9].

Бұл қақтығыстарда Араб елдерінің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері маңызды фактор болды. Олардың көпшілігінде халықтың 50% -ына 35 жасқа дейінгі жастар жатады - олар негізінен шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерден зардап шегеді. Бұл жастағы жұмыссыздық деңгейі 50% -ға жетеді, ал ең алдымен жұмыссыздар қатарына жас тұлғалар жатады. Ең алдымен, бұл Тунис пен Мысырға тән. Жоғары оқу орындарының жас тұлғалары шағын көтерме сауда және шағын бизнеспен айналысуға мәжбүр болады; лайықты табысы болмаса, олар жиі отбасын құру мүмкіндігінен айырылады, ал араб-мұсылман қоғамындағы отбасылық құндылықтар өте жоғары бағаланады. Халықтың бұл санаты үшін азаматтық сана-сезімнің өсуі, демократиялық еркіндіктерге деген ұмтылыс, еуропалық ықпал тән.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы электронды БАҚ маңызды рөл атқарады. Араб елдерінде спутниктік теледидар және Интернет-кафе желілері қоғамның барлық топтары үшін арзан әрі қол жетімді [10].

Йемен, Бахрейн және Ливия сияқты елдерде ішкі саяси жағдай әлеуметтік-экономикалық сипаттағы себептермен қатар жүрді. Атап кететін болсақ, Йеменде бұл елдің солтүстігіндегі бүлікші шиит топтарының әрекеті, оңтүстіктегі сепаратистік қозғалыс және исламшылдардың әсері («Аль-Каида» жасырын жасушаларының болуы). Бахрейнде суннит тер мен шииттердің конфессияаралық қақтығысы, Ливияда - Каддафи отбасының және оған жақын кландардың, қақтығыстары, суфийлердің және ислам топтарының әрекеттеріне наразылығы.

2011 жылғы әлеуметтік-саяси дағдарыстың ерекшеліктерінің бірі - аймақтағы әлеуметтік-саяси үдерістердің ажырамас бөлігіне жататын исламистік саяси күштер мен құрылымдардың атқаратын рөлінің төмендеуі болды. Дағдарысқа ұшыраған елдердің ешқайсысында бұл құрылымдар орталық ұстанымға ие болмады. Мұның себептері ең алдымен исламистердің шектеулі идеологиялық әлеуетінде жатыр. Олар араб елдеріндегі әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің жылдамдығынан шошып, ең алдымен кішігірім буржуазияның жауабы болып табылатын, тарихи тұрғыдан жойылып бара жатқан бағыт болатын исламның шығу тұсына қарай артқа қарай жылжу арқылы тәуелді дамудың шығуына жол ашады. Екіншіден, әртүрлі араб елдеріндегі исламдық күштердің тым көп әртүрлілігін, және олардың көтерілуінің нақты жағдайларға тәуелділігін атап өту керек.

Сонымен қатар, Таяу Шығыстағы көптеген мемлекеттерде исламшыл күштер исламның сунниттік бағытына жатады, олар әртүрлі уақытта жиі бірге жұмыс істеп, сол күштерге қарсы күресте билеуші сыныптармен (Египет, Йемен) өзара әрекеттеседі. Қазіргі уақытта аймақтағы барлық елдердің билеуші режимдері исламның маңыздылығын мойындайды, діни көзқарастарын ерекше атап өтеді, оның құрамдас бөліктерін интегралдық жүйеге біріктіреді. Осы факторлардың өзара байланысы аймақтағы оппозицияға исламшылдар монополиясының уақытша сипатын алдын ала белгіледі. Сонымен бірге ислам саяси өмірдің факторы ретінде оның маңыздылығын сақтайды, бірақ исламшыл күштердің рөлі мен маңызы сөзсіз түзетуді қажет етеді.

Осылайша, бүгінгі күні Таяу Шығыс қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ең өзекті болып тұрған аймаққа жатады. Аймақтағы геосаяси, экономикалық және әскери-стратегиялық жағдай көптеген ішкі және сыртқы факторлардың өзара ықпалдасуымен және өзара әсерімен анықталады. Таяу Шығыстағы барлық дерлік елдер мемлекетаралық қайшылықтардың күрделі жүйесіне қатысады. Аймақтың геосаяси маңыздылығы бірінші кезекте, әлемдік нарыққа мұнайдың негізгі жеткізушісі ретінде анықталады. Сондықтан Таяу Шығыстағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері әрдайым әлемдік қоғамдастықтың қызығушылығын туғызады. Мұның бәрі мемлекетаралық саяси, экономикалық, этникалық және өзге де қайшылықтардың аймақтық деңгейден әлемдік деңгейге дейін ұшығуына әкеледі.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. OPEC Annual Statistical Bulletin 2015. Кіру режимі: [http://www.opec.org/opec\\_web/static\\_files\\_project/media/downloads/publications/ASB2015.pdf](http://www.opec.org/opec_web/static_files_project/media/downloads/publications/ASB2015.pdf) - (қаралған күні 21.10.2018).
2. Garfinkle A. Agenda 2000. The U.S. Imperial Postulate in the Mideast. – Orbis. – Winter 1997.- Vol. 41, N 1. – p. 16.
3. Смирнов П.Е. Марс теснит Венеру. Перестройка союзнических приоритетов США. //Международная жизнь. – № 6, 2003. – 576.
4. Statement Of General David H. Petraeus, U.S. Army Commander U.S. Central Command Before The Senate Armed Services Committee. 15 March, 2011.- p.3-4.
5. Бакланов А.Г. Ближний Восток на рубеже XXI века: к созданию системы региональной безопасности. - М.: МГИМО (У) МИД РФ.- 2001.- 90-91б.
6. Anderson L. Searching Where the Light Shines: Studying Democratization in the Middle East // Annual Review of Political Science. –2006. – vol. 9. – p. 189–214.
7. Подгорнова Н.П. Страны Магриба в поисках оптимального пути развития. –Москва. –2016. –36 б.
8. Манойло А.В. Революция на ближнем востоке и в северной африке: политический прагматизм и технологии управляемого хаоса. 10 сентябрь 2011.Кіру режимі: <http://mir-politika.ru/170-revoluciya-na-blizhnem-vostoke-i-v-severnoy-afrike-politicheskiy-pragmatizm-i-tehnologii-upravlyаемого-haosa.html>- (қаралған күні 17.10.2018).
9. Труевцев К.М. Арабская весна - ход, акторы и промежуточные итоги // Политика. – 2012. – № 1 (64). – 32 б.
10. Лаумулин М.Т. Арабская весна 2011 года: социально-политические изменения на Арабском Востоке и их международные последствия. – Алматы: КИСИ. – 2011. – 6 б.

Мажикенова Ж.У.,

аға оқытушы, магистр

Таяу Шығыс аймағының тіл және аударма кафедрасы,  
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан

### ТҮРКИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ КИНОҮДЕРІСІНДЕГІ МӘДЕНИ САЯСАТТЫҢ ОРНЫ

**Түйін:** Бұл мақала Түркияның қазіргі киноүдерісіндегі мәдени саясаттың орны мәселесіне бағытталады. Түркияда ұлттық мәдениетті қорғау, дамыту және тұтастай қоғамда кеңінен таралуын қамтамасыз етудің мемлекеттік деңгейінде ұйымдастырылуы табысты әрі нәтижелі болудың алғышарты болып табылады. Түріктердің ұлттық мәдениетін және мәдени құндылықтарын қорғауы, дамытуы және танытуы ұлттық қызметтің алғашқы орындағы басты міндеті. Кинематография ең бастысы өнер, экономика, саясат, технология және мәдениет сияқты бірнеше саламен байланысты. Кино бірнеше елден бұрын Осман империясына жеткен. Алайда киноның Осман империясы мен Түркия Республикасы кезеңдерінде қалай дамығандығына байланысты ғылыми зерттеулер ұзақ жылдардан кейін жүзеге асырылған.

**Тірек сөздер:** мәдени саясат, мәдениет және саясат, саяси құндылық, кино, киноүдерісі, кинематография

Mazhikenova Zh. U.,

senior lecturer, master,

Department of languages and translation in the Middle East region  
KazUIR & WL named after Ablaihan, Almaty, Kazakhstan

### CULTURAL POLICY OF TURKEY AND ITS PLACE IN MODERN FILM PROCESS

**Abstract:** This article deals with the cultural policy of Turkey and its current place in the cinema industry. In Turkey, the protection of national culture, the development and distribution of a wide spectrum of the society at the national level is a prerequisite in order to be successful and effective organization. Protection, development and acquaintance of the Turkish national culture and cultural values is the main obligation of national service. Cinematography is connected mainly with art, and with various spheres such as economy, policy, technology and culture. In the Ottoman Empire cinema has come earlier than in other countries. However, the development of cinema in the days of the Ottoman Empire and the Turkish Republic has been scientifically studied for many years later.

**Keywords:** cultural policy, culture and politics, political values, movies, filmmaking, film

Мәдени саясат белгілі бір мемлекетке, қоғамға, өркениетке, тұлғаға тән саяси құндылық пен бағыттың, мінез-құлық үлгісінің динамикалық, сол сияқты тұрақты жүйесі болып табылады. Ол саяси жүйенің сипатын, саяси тәртіптің мәнін, қоғамдық топтардың саяси санасы мен іс әрекеттерінің ерекшеліктерін саяси үрдістердің даму жолын және бағытын түсінуге көмектеседі. Саяси мәдениет адамдардың мінез-құлығы мен әр түрлі ұйымдардың қызметіне, олардың ішкі және сыртқы саясат құбылыстарын ұғынуға, саяси бағдар алуына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, мәдени саясат эмпирикалық және теоретикалық, құндылықты және нормативті, рационалды және саналылық көріністерді біріктіре отырып, адамдардың өзара қарым-қатынастарын қоғам мен мемлекетті басқарудағы билік институттарымен қарым-қатынастарын түсінуге көмектеседі. Мәдениет саясаттың барлық элементтерінің жиынтығын қамтиды. Сондықтан, саяси жүйедегі мәдениеттің басты статусы ешқашан күмән келтірмейді.

Мәдениет пен саясат бір-бірімен тығыз байланысты. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табу үшін және әрі қарай даму үшін мәдениет мемлекет тарапынан қолдауға мұқтаж. Саяси билік толықтай орнығуы және тұрақталуы үшін өз кезегінде мәдениетке мұқтаж. Осы жерде мәдениет пен саясат бір-біріне деген өзара тартылысты және өзара қажеттілікті сезінеді десек те болады.

Мәдени саясаттың мазмұндық мәні, бағыты, мақсаттары және міндеттері ең алдымен, мәдениеттің объективтік мағынасымен, оның қоғамдық өмірдегі жаңа рөлі мен орны туралы көзқараспен айқындалады. Сондықтан да мәдениет саласындағы басқару стратегиясымен тактикасындағы, мәдени саясаттың мақсаттары мен міндеттерін анықтаудағы ерекше қиындық мәдениеттің екіжақтылығын және көпқырлы қызметін түсінумен, оның мәні мен мазмұнының көп қырлылығымен, көп деңгейлілігімен және осыларға сәйкес социомәдени процестерді реттеуде көп өлшемді тәсілдің қажеттілігімен сипатталады [1,44-6]. Бір нәрсені танытуда ерекше ықпал етуші құрал мәдениет болып табылады. Мәдениет бір халықты ұлтқа айналдырған материалдық және рухани құндылықтардың синтезі. Ұлттың рухы болып табылады. Түркияда ұлттық мәдениетті қорғау, дамыту және тұтастай қоғамда кеңінен таралуын қамтамасыз етудің мемлекеттік деңгейінде ұйымдастырылуы табысты әрі нәтижелі болудың алғышарты болып табылады. Түріктердің ұлттық мәдениетін және мәдени құндылықтарын қорғауы, дамытуы және танытуы ұлттық

қызметтің алғашқы орындағы басты міндеті.

Түркия әрі мұсылман, әрі түркі тілдес мемлекет болғандықтан Түркменстан мен Әзірбайжанға өте ұқсас болып келеді, бірақ өзіндік ерекшеліктері де бар. Түркия батыс жақта болғандықтан Кеңес Одағындағы мұсылмандар мен түркі тілдес халықтарға басқаша ықпал етуі де әбден мүмкін еді. Сондай-ақ Ресейдің тарихтан келе жатқан түріктерге деген дұшпандығы мен панттүркішілдік қорқынышы да бұған қосылса бейнесі толық көрінген болар еді.

Кез-келген ел және сол елдің халқы туралы танытушы құрал деп табылатын мәліметтердің берілуі де өте маңызды рөл атқарады, мысалы бір елдің мәдениетінің, әдеби шығармаларының, кино туындыларының және басқа да өнер туындыларының танытылуы, тарихының кең таралуы, қайткен күнде бұл елге және халқына жақындық танытуға, оларға деген жақсы сезімдердің туындауына себеп болады. Сол себепті Кеңес дәуіріндегі мәдениет, тіл, дін тұрғысынан алып қарағанда Түркияға жақын болғанымен адамдардың саны туралы ойлайтын болсақ, кеңестіктердің не үшін Түркия туралы мәлімет беруге тыйым салғанын аңғаруға болады. Сондықтан Түркия туралы жағымсыз насихаттар айтылып, Түркия туралы дұрыс ақпараттардың берілмеуі үшін мүмкіндігінше тырысқан. Түркияның жағдайы Еуропаның батыс жағында орналасқан басқа елдердің жағдайымен салыстырып қарағанда ғана түсінікті болады. Мысалы, Түркия сияқты батыс жақта орналасқан Францияның жалпы Кеңес Одағы халқының санасында жағымды сипатқа ие болғандығын айтуға болады. Ежелден бері Ресейде француз мәдениетін ұнатушылық, оларға еліктеу, француз ақын- жазушыларын насихаттау, олардың шығармаларын оқу, француз философияларының әйгілі болуы, Франция тарихының ешқандай жағымсыз мәлімет қосылмай халыққа жеткізілуі, француз кино туындыларының Кеңес Одағында кеңінен таралғандығы (америкалық кино туындыларға қарағанда) сияқты дәйектерді келтіруге болады. Дәл осындай жағдайды НАТО-ға мүше болған елдермен салыстырған кезде де байқауға болады. Америка, ағылшын, француз әдебиеті, грек мифологиясы және басқа шетел әдебиеті мен халықтары туралы кеңес азаматтарына таныс болды, алайда Түркия мәдениетіне туралы, кеңес идеологиясына сай келетін Әзиз Несин мен Назым Хикметтің шығармаларынан басқа, бұл идеологияға сай келмейтін шығармалардан бір-екеуі ғана жарияланды[2,128-б]. Жарияланған шығармалардың өзі тек қана академиялық мақсаттағы оқырман қауымына арналған болатын. Халыққа дейін жеткен ең танымал шығарма – Решат Нури Гүнтекиннің «Чалыкушу» романы болып табылады. Осман империясының соңғы жылдарында көрсетілген және өте көп көрермен жинап, ел назарына ұсынылған «Чалыкушу» фильмі қарапайым халықтың көзінде Түркияның қоғамдық және экономикалық даму тұрғысынан «артта қалған» (дамымаған), ориенталистик, «әйелдердің жамылып жүретін елі» деген сияқты пікірлер қалыптастырып, «ескішіл Орта Шығыс елі» деп қарауға ықпалын тигізді.

Кеңес Одағының соңғы жылдарында, атап айтсақ «қайта құру» мен «жариялылық» басталмастан бұрынғы кезде кеңес үгіт-насихатының ерекше ықпалымен бүкіл Кеңес Одағында, соның ішінде Қазақстанда да Түркия жағымсыз бейнесімен танылды десек болады. Айлайда қоғамда қалыптасқан бейне түбегейлі өзгерістерге ұшырағанын атап айту керек. Имидждегі болған өзгерістер адамдардың алып жатқан білімімен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Дәстүрлі кеңес кезеңінің соңғы 1980-ші жылдарында Қазақстанда Түркия туралы әртүрлі пікірдегі адамдарды басшылар мен ағартушылар, оқырмандар және тағы басқалар деп топтастыруға болады[3,6-б]. Басшылықта қызмет атқаратындар кеңес бюрократиясының жоғары және орта дәрежедегі партия қызметкерлерінен құралған болатын. Олар әртүрлі мәліметтермен ақпараттандырылғанымен, алайда рұқсат етілген идеологияның шеңберінен шыға алмады. Ағартушылардың бір бөлігі, әсіресе жоғары білімі бар, орыс оқымыстылар Кеңес Одағында Түркия туралы жарияланған ақпараттарға белгілі бір мөлшерде ақша бөліп отырған екен. Әрине бұл мәліметтердің неліктен жағымсыз сипатта болуының себебі жоғарыда түсіндіріліп өтті. Ағартушылар арасында тағы бір топ бар болды, олар ұлтжанды қазақстандық ағартушылар тобы еді. Олардың көбісі саны жағынан аз тарихшы, әдебиетші, тілші және өнер адамдары болатын. Қазақстан түрік халқымен тарихи және мәдени ортақтықтығын, сонымен қатар бауырмалдық сезімін дер кезінде аңғарып, аз уақыт ішінде Түркия мен Қазақстан арасында алтын көпірді, байланысты орната білді. Түркі республикаларынан Түркияға қарай шыққан туристер Түркияның жақсы жағынан танылуына, жағымды мәліметтер беру жағынан маңызды фактор болып табылады.

Кино саласының халықаралық сипаты бар. Ғасырлық тарихына үңілсек, Түркияда кинематографияның өнеркәсіп ретінде саналмағандығын, осы саладағы қаржы мәселелерінің шешілмегендігін және кино саласын қолдайтын мемлекеттің саясатының болмағандығын көреміз. Түрік кинематографиясының бір бағдарлама аясында қолға алынбағандығы нәтижесінде ұзақ жылдар бойы демократиялық болмағандығынан салық мәселелеріне, фильмді тарату саласында шетелдік фирмалардың үстемдігінен кино залы, көрермен,

білім, техникалық құрылғылар және тағы да сол сияқты мәселелерде орын алатын кемшіліктерге дейін бірнеше мәселе шешілмеген. Экономикалық, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан кинематография туралы әлемде жыл сайын жүздеген кітаптар мен мақалалар жарияланғандығына қарамастан Түркияда мұндай жарияланымның айтарлықтай аз болғандығын айта аламыз. Соңғы жылдары университеттерде кинематография саласына байланысты жүргізілген жұмыстардың санының артуы осы саладағы бос жерлерді толтыра бастағандығын байқаймыз. Кинематография ең бастысы өнер, экономика, саясат, технология және мәдениет сияқты бірнеше саламен байланысты. Кино бірнеше елден бұрын Осман империясына жеткен. Алайда киноның Осман империясы мен Түркия Республикасы кезеңдерінде қалай дамығандығына байланысты ғылыми зерттеулер ұзақ жылдардан кейін жүзеге асырылған. Экономикадан әлеуметтануға дейін, өнер тарихынан психологияға дейін кино ұғымының бірнеше ғылым саласында әлемде жыл сайын жүздеген кітаптар мен мақалаларда зерттелгендігін ескеретін болсақ, түрік киносы аз зерттелді.

Түркияда кино саласы, фильм түсіру, оны тарату және көрсетілімі туралы бұйрықтар кино саласы үшін шығарылған заңдар емес, уақыт өткен сайын өзгертіліп отырған түрлі заңдардың қатарына кіреді. 1980 жылға дейін мемлекеттің кинематографиямен байланысы және жүргізген жұмыстары цензура мен билет бағасымен ғана шектелгендігін айта кеткен жөн. Бұл жағдайға қарап отырып, Түркияда мемлекет пен кинематографияның байланысы белгілі мәселелер төңірегінде ғана дамығандығын байқауға болады. 1980 жылдан кейін бұл жағдай өзгергендігі және кино саясатында әртістердің саны мен іс-шаралардың артқандығы байқалады. Соңғы жылдары Түркияда техникалық стандарттар да жоғарылаған. Мемлекет кинематографияға көңіл бөліп, Мәдениет Министрлігінің бюджетінен материалдық қолдау көрсетілуде, жарнама агенттіктері кино саласына қаражат салуда, демеушілер кино саласына қызығушылық танытуда. Кинематография саласына қатысты басты заңдар мыналар:

- 2001 жылы Өнер Шығармашылығына байланысты Заңның кейбір баптарына өзгеріс енгізілген.
- 2004 жылы түрлі заңдарға өзгеріс енгізілгендігіне байланысты реттеулер жасалған.
- 2004 жылы кинотеатр фильмдерінің бағалануы, жүйеленуі және қолдау көрсетілуі туралы Заң шығарылған[4,9-б].

Заңның 8-бабында «Жобаны қолдау», «Түсірілімді қолдау» және «Түсірілімнен кейінгі қолдау» болып табылатын бөлімдері бар. Фильмдерге қолдау көрсетуді заңға бағынышты еткен бұл бөлімдерде қолдау көрсетілген фильмнің продюсері фильмнің түсірілу шығыны қайтарылғаннан кейін түскен кірістен көрсетілген қолдауды қайта төлеу қажеттілігі қарастырылған. Алайда, продюсер қолдау шығынын қайтармаса фильм режиссері 5 жыл, продюсері болса өтелінбеген соманың пайызымен қосып төлемесе төлем жасалынғанға дейін қолдауға жүгіне алмайды. 2000 жылдардан кейін жасалған өзгерістер әсіресе, 2004 жылы жасалған заң жүйелері әрі мемлекеттік көмектің жүйеленуін әрі кино саласының мәселелерін кеңінен қарастырылуын қамтамасыз еткен[5,4-б]. Мемлекеттік қолдаудың артуы және Заңдағы өзгерістер 2005 жылдан кейін кино саласының дамуына оң ықпалын тигізген. Сонымен қатар Түрік киноларын Голливудтық кинолармен бәсекелес бола алатындай жағдайға жеткізген.

Түркия 1990 жылдары Еуро Одақтың кино саясаты негізінде құрылған Eureka, MEDEA, See Cinema Network сияқты халықаралық ұйымдарға мүше болып, осылардың ішінде Eurimages ұйымымен қарым-қатынасын нығайтқан. 1990 жылы Eurimages ұйымына мүше болады, ал 1993 жылы Eureka Audiovisuel ұйымының Ұлттық үйлестірушісі қызметіне тағайындалады. Eureka ұйымы 2003 жылы жабылады және бұл қызметі де аяқталады. Мәдениет Министрлігі 2000 жылы құрылған See Cinema Network ұйымымен байланысын жалғастыруда. Eurimages ұйымына мүшелік Түркия кинематографиясының экономикалық, мәдени және шығармашылық жағынан бірнеше жаңа табыстарға жетуін қамтамасыз еткен. Сонымен қатар Eurimages ұйымына мүшелік түрік кинематографиясының жаңа кезеңі ретінде де сипатталады. Түркия Eurimages ұйымына мүше бола отырып жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізген, Еуро Одақпен қарым-қатынасын нығайтқан. 1931-1990 жылдары аралығында Түрік кинематографиясы тек қана 40 фильмнің ортақ түсіріліміне қатысқан. Eurimages ұйымына мүше болғаннан кейін 9 жылдай аз уақыт ішінде дәл осы санның қайталанғандығын көруге болады. Eurimages 1990-1998 жылдары аралығында 4 деректі фильмге және 36 ұзын метражды фильмге, жалпы 40 фильмге қолдау көрсеткен. Бұл көрсеткіш аз емес. Халықаралық ортақ түсірілімдердің жүзеге асуы Түркияға үлкен үміттер силауда. 1990 жылдары Түркия кинематографы Мәдениет Министрлігі мен Eurimages арқасында өзінің шығармашылығын жалғастырып, қиындықтан шыға алған. 2000 жылдары қолдау көрсету артып, бұрынғыдан да ұйымдасқан түрде жалғасқан. Қайтарымсыз немесе несие жолымен сценарий жобаларына, ұзын метражды фильмдерге, деректі фильм мен мультхикаялардың көрсетіліміне қолдау көрсетілуде[6,25-б]. Мәдениет Министрлігінің қолдауымен бірге түрік кинематографиясында жандану байқалады, нәтижеліліктің артқандығы және сапалы түсірілімдердің жүзеге асқандығы байқалады. Осы кезеңдегі Түркияның кино

саясаты Англияның кино саясатына ұқсайды және айырмашылықтары да бар.

Мәдени саясат және оның жүргізілуі өнер саласында қызмет етіп жүрген өнер адамдарының жұмысын жеңілдету, қолдау және халықтың мәдени шараларға қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Түркияның мәдени саясаты халықаралық деңгейде белсенді және табысты болуға бағытталған. Себебі жемісті мәдени саясат мәдениеттің дамуын және әлемдік деңгейде танылуын қамтамасыз етеді. Түркияның мәдениетін және өнерін таныту, Түркияның басқа елдермен достығын нығайту және мәдени байланысын дамыту мақсатында құрылған Юнус Эмре институты мен мәдениет орталықтары осы жағынан маңызды. Түркия осындай шаралардың арттырылуы үшін жұмыс жасауда. Әсіресе мәдениет пен өнерге үлес қосып жүргендерге салыққа жеңілдік жасау сияқты жұмыстар мәдениетке көңіл бөлу жағынан маңызды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матвеев В.В. Модели государственной культурной политики в современном мире // Вопросы культурологии. Культура и управление. –2009– 212 с.
2. Всемирная декларация о культурном разнообразии, Конвенция об охране всемирного культурного и природного наследия. М. –2007.
3. Uluatam, Özhan (2001) Geçmişe Bakmak Cumhuriyet Dönemi İktisadi, Mali, Siyasi Olaylar Kronolojisi: 1920-2000, Ankara: İmaj Yayıncılık
4. Гасратян М.А. Турция в 1960–1963 гг. Очерк внутренней политики. М.: 1965. – 25 с.
5. Гусейнов А.А. Турецкое кино в борьбе за реализм// Азия и Африка сегодня. – 1975, – № 6. – 56 с.
6. Yönetmenler Çerçevesinde Türk Sineması Üzerine Bir Yorum Denemesi. Ankara 2006.

UDC 327.8

**Nurgaliyeva L.K**

Assistant Professor, Nagasaki University  
Nagasaki, Japan

E-mail: lyailya.nurgaliyeva@nagasaki-u.ac.jp

#### THE ECONOMIC INFLUENCE OF CHINA ON KAZAKHSTAN THROUGH THE SILK ROAD ECONOMIC BELT

**Abstract:** In September 2013, Chinese President Xi Jinping delivered a speech at Nazarbayev University in Astana, where he proposed that China and Central Asia work together to build a Silk Road Economic Belt (SREB). His speech generated a great deal of discussion in China and overseas. Chinese scholars tend to view the SREB as an economic project with neighboring countries, arguing that China has no intention to expand its political power or influence. In contrast, Kazakhstani scholars usually see the SREB as geopolitical in nature. Though these scholars have examined the strategy of China in Central Asia, they have not analyzed the SREB's profitability or the opportunities and risks involved with active participation. It is important to look into the SREB in more detail as a means of analyzing the true nature of this project and what participation could mean for Kazakhstan.

**Keywords:** China, Kazakhstan, Silk Road Economic Belt, transport and logistics hub, Eurasia.

**Нұрғалиева Л.Қ.**

Нагасаки университетінің доценті  
Нагасаки, Жапония

E-mail: lyailya.nurgaliyeva@nagasaki-u.ac.jp

#### ЖІБЕК ЖОЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУІ АРҚЫЛЫ ҚЫТАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ

**Түйін:** 2013 жылдың қыркүйегінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Астанадағы Назарбаев Университетінде сөйлеген сөзінде Қытай мен Орталық Азияның Жібек жолы Экономикалық Белдеуін (ЖЖЭБ) құру үшін бірлесіп жұмыс істеуді ұсынды. Оның сөзі Қытайда және шетелдерде үлкен пікірталас тудырды. Қытайлық ғалымдар ЖЖЭБ-ны көрші елдермен экономикалық жоба ретінде қарайды, себебі Қытай өзінің саяси күші мен ықпалын кеңейтуге ниеттенбейді. Керісінше, қазақстандық ғалымдар, ЖЖЭБ әдетте, геосаяси сипаттағы проект деп есептейді. Бұл ғалымдар Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиясын зерттегенімен, олар ЖЖЭБ-ның рентабельділігін, немесе оған белсенді қатысумен байланысты мүмкіндіктер мен тәуекелдіктерді талдаған емес. Бұл жобаның шынайы сипатын талдау және оған қатысу, Қазақстан үшін қандай мүмкіндіктер тудыратынын анықтау үшін ЖЖЭБ-ны толығырақ қарастырған өте маңызды.

**Тірек сөздер:** Қытай, Қазақстан, Жібек жолы Экономикалық Белдеуі, көлік және логистика хабы, Еуразия.

The Silk Road Economic Belt (SREB) was first proposed forward by Chinese President Xi Jinping during his visit to Kazakhstan in September 2013. His plan garnered a huge amount of attention in China and overseas.

In 2016, it was the most frequently discussed subject in the Chinese newspaper, the *People's Daily* (Laruelle 2018:10). A total of seven belts have been planned in various fields, including transport, energy, trade, information, science, agriculture, and tourism. This project has the potential to become a large-scale free trade zone spanning from Central Asia to the north-western provinces of China, then on to Eastern and Central Europe.

Chinese experts have noted that China's decision to establish and develop strategies towards the West was because development towards the east was blocked by the US and Japan. They thus argue that the creation of an economic belt of the Silk Road can effectively support China's economic growth, as well as the development of the Eurasian Economic Cooperation (Xin 2016; Zhang 2015; Yang 2015; Wang, Sun, Zhao, Wu 2014). Chinese scholar Zeng Xiang Hong has argued that the SREB can offer countries involved in the project with a new degree of freedom as they can choose whether to engage in bilateral or multilateral cooperation according to their need and preference. He has also stressed that China is only seeking economic cooperation with other countries along its border, and has no intention to expand political power (Zeng 2016).

In contrast, Kazakhstani scholar Konstantin Syroezhkin views the SREB as a geopolitical project, arguing that there were "no economic details" discussed during the International Economic Forum "Belt and the Road" held in Beijing in May 2017 (Syroezhkin 2017). A similar viewpoint was expressed by prominent Kazakh scholar, Dosym Satpaev, who argues that by 2049, Beijing will almost certainly dominate in the Central Asia region, pushing out Russia in the process (Satpaev 2018). Though, these scholars have examined the strategy of China in Central Asia, they have not analyzed the SREB's profitability, as well as the opportunities and risks involved with active participation. As such, it is important to look into the SREB in more detail in order to analyze whether this project is inspired by geopolitical or economic concerns and what participation in this project could mean for Central Asian states.

The author views the SREB as an economic project. China's top priority is to stimulate its economy via exports of raw material from Central Asia. The 13th Five-Year Plan for Economic and Social Development for the People's Republic of China through to 2020 deserves greater attention. The proposal focuses on: searching for new oil fields at home and abroad, increasing strategic oil reserves in order to offset the unpredictability of the world market, and ensuring the safety of oil transportation via land and sea by accelerating the construction of strategic land corridors (The 13th Five-Year Plan). China is actively cooperating with Kazakhstan, Uzbekistan and Turkmenistan, three of the five Central Asian countries in the oil and gas sector. However, Kazakhstan is a strategic partner in the oil and gas area. The inflow of direct investment from China to Kazakhstan in 2016 (January-September) amounted to \$623.9 million. This is 7 times more than the volume for the same period during 2015 (Ob'yem kitayskikh investitsiy 2017).

#### **Kazakhstan as the largest transport and logistics hub in Eurasia**

According to Kazakhstan and Chinese analysts, "the key role in the implementation of the 'Silk Road Economic Belt' has been given to Kazakhstan, and Kazakhstan is in the best position in terms of attracting investments (Map-1). The accumulated foreign direct investment (FDI) from China to countries of the Eurasian Union in 2009-2013 increased from \$11.02 billion to \$24.67 billion. An impressive 91.5% of the total figure (\$22.57 billion) was directed at Kazakhstan. From September 2013 to December 2015, the two countries signed investment agreements worth \$54 billion. China's participation in the formation of a renewed Kazakh transport infrastructure includes plans for the construction of the Almaty ring road, a road leading towards Alashankou station, and a large-scale project that will help optimize Astana's public transportation system. These plans have gained a great deal of attention in Kazakhstan (Kaukenov 2017: 160). Indeed, the adoption in November 2014 of the new economic policy 'Nurly Zhol – Path to the Future', the main focus of which was on infrastructure development is in fact, consistent with the Chinese 'Silk Road Economic Belt' initiative and aims at maximizing the benefits of its implementation.

**Map-1. Kazakhstan's position within the New Silk Road**





Speaking at the Astana Economic Forum in Astana on May 22, 2015 the president of Kazakhstan Nazarbayev offered to create a new high-speed multi-modal transport route called the Eurasian transcontinental corridor. He noted, “It will run through the whole territory of Kazakhstan and will allow for the free transit of goods from Asia to Europe and back. This is much shorter than the maritime route” (Nazarbayev 2015). And here will arise new opportunities for Kazakhstan, because as noted by specialists, the land route will be much shorter than the maritime route - almost three times” (Nazarbayev 2015).

The main cargo of the “New Silk Road” will be carried out from East to West. The western and central provinces of China will be in direct railway communication with the EU on the rail route through Kazakhstan’s Dostyk station. The delivery of goods to Europe by rail is, on average, 2-3 times faster than the sea, which is a significant competitive advantage for the transportation of goods that require high speed delivery. Thus, cargo to Europe through Kazakhstan’s Dostyk can be delivered over 16-17 days and the cost is 8,100 US dollars, which is significantly lower than through Russia, at 11,200 US dollars (Ekonomicheskii koridor 2012).

As noted previously, in order to implement its new economic policy on infrastructure development called ‘Nurly Zhol – Path to the Future’, Kazakhstan joined the China-led Asian Infrastructure Investment Bank on October 24, 2014, which was initiated by President Xi Jinping in 2013. The main purpose of AIIB is to promote economic development, create wealth, and improve the interaction of infrastructure in Asia. According to Tom Miller, Xi Jinping has created its own multilateral development bank because “bilateralism has its limits, and smaller states do not want to be reduced to Chinese clients” (Miller 2017: 36). The authorized capital of the bank amounts to \$100 billion, but it plans to lend no more than \$2 billion per year for its first five years of operation. (Miller 2017: 40). The AIIB, co-founded by Kazakhstan, received the highest credit rating of Moody’s (AIIB 2017).

China also established a special fund for the Silk Road in the amount of 40 billion US dollars, which will focus directly on the funding of projects, for which Kazakhstan holds a key geographic position. All these agreements provide opportunities for building infrastructure and rely on investments. China is the biggest trade partner of Kazakhstan, along with the European Union and Russia. Indeed, most of Kazakhstan’s exports (oil, gas, mining products) are with China (Akizhanov 2015).

Every argument has two sides and the next section discusses the advantages and disadvantages for Kazakhstan in the creation of the Silk Road through its territory.

#### **Advantages and disadvantages for Kazakhstan in the construction of the Silk Road**

If the advantages of the New ‘Silk Road’ for China is obvious, what are the advantages for Kazakhstan in the construction of such a transport corridor? First of all, there are economic benefits from transit through its territory, which could increase the trade turnover between Kazakhstan and China. According to Nazarbayev, it is expected that by 2020 the volume of trade between the neighboring countries of Kazakhstan will grow by half, reaching \$1 trillion (Nazarbayev 2012).

Secondly, the Trans-Kazakhstan route linking Europe and Asia will account for 5-8% of the potential trade between China-the EU-China every year until 2020. Across the next 10 years, over \$30 billion of public and private investment will be pumped into the transport sector. (Koshanov 2016: 7-8).

Thirdly, the agriculture sector could prove profitable for Kazakhstan, with a potential market of more than a billion people. Most importantly, for these products, China’s agriculture industry does not constitute serious competition like Russia (Shymshykov 2017).

Along with the positive aspects of the creation of the New Silk Road, there are also dangers for Kazakhstan. Integration in the framework of this project is connected to interaction with the huge continent of Asia, and will, along with the flow of goods also bring in waves of people, and migration, particularly from China. Today a hot topic in Kazakhstan is the migration of extremist Uighurs, from Xinjiang, who claim to be Kazakhs. Some voices call for the necessity of Kazakhstan to maintain its national sovereignty. Also, in the development of Kazakhstan industry, Chinese technologies will arrive and after the enterprises in Kazakhstan, Chinese workers will come and will threaten the livelihoods of local workers.

Moreover, China, through this project will be able to increase its economic strength and receive advanced technology from all over the world. Kazakhstan, as a transit country, will not have access to these new technologies. As is known, the construction of the final product directly contributes to the growth of economic power, to the continuous development of GDP. Thus, Kazakhstan could be left behind in the wake of the giant economic growth of China.

Besides, repayments to Chinese creditors are also a risk because they increase Central Asian states’ debt exposure to a single country rather than the multilateral organization as IMF or WB. As such, Kazakhstan must take into consideration all the advantages and disadvantages of this project in order to maximize the benefits it

can obtain from this cooperation. Kazakhstan will develop and strengthen if it succeeds in considering all the risks and challenges regarding the “New Silk Road” project.

### Conclusion

The vast natural resources and geographical position of Kazakhstan makes it a key country in the implementation of the Chinese Silk Road. For energy exporting countries like Kazakhstan, investments into infrastructure are important for security and economic growth stabilization. In order to implement the new economic policy on infrastructure development called ‘Nurly Zhol – Path to the Future’, Kazakhstan joined the China-led Asian Infrastructure Investment Bank.

China, the largest trade partner of Kazakhstan relies on the support of Kazakhstan in the implementation of the Silk Road project because the transportation of goods to Europe through Kazakhstan’s territory is the shortest and cheapest route. These interests are mutually beneficial for Kazakhstan and China.

At the same time, there are risks for Kazakhstan if the government won’t make right choices and responses. While Kazakhstan has achieved substantial results in attracting foreign investments into priority sectors, FDI and exports have still been highly concentrated in natural resources. Against this backdrop Kazakhstan needs to influence Chinese policy by persuading China to diversify the FDI into technological development of Kazakhstan. As such, Kazakhstan can get significant benefits from the SREB project.

### REFERENCES

1. Akizhanov, S. (2015). “V Astane mozhet byt’ sozdan regional’nyy hab Aziatskogo banka infrastrukturykh investitsiy – Kairat Kelimbetov”. May 14, 2015. Retrieved from [http://www.inform.kz/rus/article/2776271], accessed on October 17, 2018.
2. AIIB (2017). “Aziatskiy bank infrastrukturykh investitsiy, souchreditelem kotorogo yavlyaetsya Kazakhstan, poluchaet maksimal’nyy kreditniy reyting agenstva Moody’s”. 03.07.2017. Retrieved from [http://economy.gov.kz/ru/news/aziatskiy-bank-infrastrukturykh-investitsiy-souchreditelem-kotorogo-yavlyaetsya-kazahstan], accessed on October 17, 2018.
3. Ekonomicheskii koridor (2012). “Ekonomicheskii koridor “Noviy Shelkoviy Put”. *KAZLOGISTICS*. Retrieved from [http://www.kazlogistics.kz/ru/media\_center/interview/detail.php?id=577], accessed on October 18, 2018.
4. Kaukenov, A. (2017). “Novie otnosheniya s Kitaem: Odin poyas – odin put”. *Transformatsiya Ekonomiki Kazakhstana*. Fond imeni Konrada Adenauera, Astana. Retrieved from [http://www.kas.de/wf/doc/kas\_49009-1522-39-30.pdf?170703085431], accessed on October 18, 2018.
5. Koshanov, A. (2016). “Edinyi Poyas Shelkovogo Puti” i Perspektivy Formirovaniya Ob’yedinennogo Evraziyskogo Ekonomicheskogo Soobshestva”. *Obshchestvo i Ekonomika*, No.4. Retrieved from [https://inecon.org/docs/Koshanov\_SE\_4\_2016.pdf], accessed on October 18, 2018.
6. Laruelle, M. (2018). China’s Belt and Road Initiative. Quo Vadis? *China’s Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia*. The George Washington University, Central Asia Program, Washington. D.C.
7. Miller, T (2017). *China’s Asian Dream: Empire Building Along the New Silk Road*. Zed Books.
8. Nazarbayev (2012). “Nazarbayev predlozhit investoram realizovat’ v Kazakhstane proekt Shelkoviy put’”. 23.05.2012. Retrieved from [http://russian.people.com.cn/31519/7824445.html], accessed on October 19, 2018.
9. Nazarbayev (2015). “Nazarbayev predlozhit sozdat’ Evraziyskiy transkontinental’nyy koridor”. *Interfax*, May 25, 2015. Retrieved from [https://www.interfax.kz/?lang=rus&int\_id=10&news\_id=10911], accessed on October 19, 2018.
10. Ob’yem kitayskikh investitsiy (2017). “Ob’yem kitayskikh investitsiy v Kazakhstan vyros v sem’ raz”. *Kazinform*. 26.01.2017. Retrieved from [https://www.inform.kz/ru/ob-em-kitayskih-investitsiy-v-kazahstan-vyros-v-sem-raz\_a2993009], accessed on October 20, 2018.
11. Satpaev, D. (2018). “K 2049 godu Kitay vidavit Rossiyu iz Tsentral’noi Azii”. *Kapital*. 19.04.2018. Retrieved from [https://kapital.kz/economic/68508/dosym-satpaev-k-2049-godu-kitaj-vydavit-rossiyu-iz-ca.html], accessed on October 20, 2018.
12. Shymshykov, Zh. (2017). “Perspektivy Ekonomicheskogo poyasa “Shelkoviy Put’”. *Kazpost.Wordpress*. 04.05.2017. Retrieved from [https://kazpost.wordpress.com/2017/05/04/perspektiv-econom/], accessed on October 20, 2018.
13. Syroezhkin, K. (2017). “Odin poyas, odin put’ – geopoliticheskii proekt dlya Kitaya”. *Kapital*. 28.07.2017. Retrieved from [https://kapital.kz/economic/61820/odin-poyas-odin-put-geopoliticheskij-proekt-dlya-kitaya.html], accessed on October 21, 2018.
14. The 13th Five-Year Plan (2016). “The 13th Five-Year Plan for Economic and Social Development of the People’s Republic of China (2016-2020)”. Translated by Compilation and Translation Bureau, Central Committee of the Communist Party of China, Beijing. Retrieved from [http://en.ndrc.gov.cn/newsrelease/201612/P020161207645765233498.pdf], accessed on October 21, 2018.
15. Wang, H., Sun, Zh., Zhao, Ch., Wu, H. (2014). “Si chou zhi lu jing ji dai gou xiang de bei jing, qian zai tiao zhan

he wei lai zou shi”. *Russian Central Asian & East European Market*, Vol. 4.

18. Xin, Q. (2016). “San chong bo yi: zhong mei guan xi shi jiao xia de yi dai yi lu”. *American Studies Quarterly*, Vol. 5.

19. Yang, L. (2015). “Yi dai yi lu bei jing xia zhong e guan xi de fa zhan”. *Journal of Northeast Asia Studies*, Vol. 1.

20. Zhang, N. (2015). “Si chou zhi lu jing ji dai zai zhong ya de yuan jing yu xing dong”. *Academic Journal of Russian Studies*, Vol. 5.

21. Zeng, X. (2016). “Yi dai yi lu de di yuan zheng zhi xiang xiang yu di qu he zuo”. *World Economics and Politics*, Vol. 1.

УДК 323.1; 327.39

**Осимбаева И.С.,**

халықаралық қатынастар  
және аймақтану кафедрасының аға оқытушысы  
Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ,  
Алматы қаласы, Қазақстан  
alina\_cultan@mail.ru

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНДА ГЕНДЕРЛІК ТӘСІЛДЕМЕНІ ЖАНДАНДЫРУ

**Түйін:** Мақалада қазіргі заманғы гендерлік теориялар және әлеуметтік жұмыстың теориясы мен практикасында гендерлік тәсілдемені жандандыру қарастырылады.

**Тірек сөздер:** гендер, стратификация, билік, феминист, идеология, гендерлік дифференциация, теңдік.

**Osimbaeva I.S.,**

AbylaiKhan KazUIRandWL,  
Almaty, Kazakhstan

### GENDER ACTIVE APPROACH TO THE THEORY AND PRACTICE OF SOCIAL WORK ABSTRACT

**Abstract:** In the article modern gender theory and the theory and practice of social work will intensify the gender approach.

**Keywords:** gender, stratification, power, feminist, ideology, gender differentiation, equality.

Әлемде кездесетін әйелдер мен ерлердің әлеуметтік сипаттамасының көптүрлілігі және адамдардың биологиялық сипаттамасының ұқсастығы, биологиялық жыныс әртүрлі қоғамдарда орын алған олардың әлеуметтік рөлдеріндегі айырмашылықты түсіндіруге негіз бола алмайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай, қоғам орындауды қажет ететін адамдардың биологиялық жынысына байланысты әлеуметтік және мәдени нормалардың жиынтығын білдіретін гендер ұғымы пайда болды. Гендерлік қоғам әйелдер мен ерлердің әлеуметтік үлгісі ретінде қалыптастыратын күрделі және өзін өзі ұйымдастыратын жүйе түрінде түсінілетін болды. Ол жыныспен тікелей байланысты негізде әйелдер мен ерлердің қоғамдағы және оның институттарындағы (саяси құрылым мен экономикадағы, білім беру мен мәдениеттегі, отбасындағы және т.б.) орны мен рөлін айқындайтын, сонымен қатар қоғам өзінің даму үдерісі барысында қалыптастырған мәдени нышандарды, адам мен қоғам өмірін реттейтін нормалар мен заңдарды, осы нормаларды іске асыратын әлеуметтік институттарды, тұлғаның өзін өзі сәйкестендіруін, яғни адамның өзін өзі және қоғамда алатын орнын түсінуін қамтитын жүйе. Гендер ұғымының ауқымында биологиялық және әлеуметтік-мәдени компоненттер жүйелік байланыстар түрінде, яғни ажырамайтын, бөлінбейтін, тұрақты күйде көрініс табады. Түп негізінде әйелдер мен ерлердің психологиялық сапаларын, тәртіп үлгілерін, әрекет ету саласын, мамандық таңдауын биологиялық жыныс емес, әлеуметтік-мәдени нормалар анықтайды. Қоғамда әйел немесе ер адам болу жай ғана қандайда бір анатомиялық ерекшеліктерге ие болу деген сөз емес, ол біздің орындауымыз қажет белгілі бір гендерлік рөлдерді білдіреді.

Ғылыми әдебиетке алғаш рет «гендер» терминін 1980 жылдардың ортасында американдық зерттеуші Дж. Скотт әлеуметтегі әйелдер мен ерлердің рөлдік қатынастарын биологиялық және әлеуметтік тұрғыда түсіндірулерден ажырату мақсатында енгізген болатын [9]. Алғашқыда «гендер» термині «ру» және «жыныс» категорияларына қарсы қойылды. Олар табиғи, үйреншікті және тұрақты болса, «гендерді» қоғам қалыптастырды, әлеуметтік бақылау институттары мен мәдени дәстүрлер орындауды қажет етті [6]. Қазіргі заманғы гендер теориясы нақты әйелдер мен ерлер арасында қандай да бір биологиялық, әлеуметтік, психологиялық айырмашылықтардың бар екені туралы пікір таластырмайды. Оның

пайымдауынша, айырмашылықтың болу фактісі маңызды емес, ол айырмашылықтардың әлеуметтік-мәдени бағалауы және түсіндірілуі, сонымен бірге осы айырмашылықтар негізінде билік жүйесін құру маңызды. Әлеуметтік жүйе, оның құрылымы мен функциялары туралы теорияны дамыта отырып, Т. Парсонс мен Р. Бейлс қоғамда гендерлік стереотиптердің болуын дәлелдейтін жыныстық рөлдердің дифференциациялануының позитивті функциясы туралы идеяны ұсынды. Олардың пікірінше, отбасы төрт айнымалылар тұрғысында қарастырылуы мүмкін: бейімделу, мақсатты тұжырымдау, интеграция, үлгіні сақтау. Бұл функцияларды отбасы тұтас құрылым ретінде орындайды, дегенмен отбасындағы рөлдердің қайта бөлінуіне мүмкіндік беріледі, бірақ ондай жағдай дисфункция ретінде қарастырылады [7, с.36-38].

К. Маркс пен Ф. Энгельс үшін билік пен мәртебеге байланысты гендерлік айырмашылықтар тек басқа айырмашылықты, ең алдымен, таптық айырмашылықты білдіреді. Ф. Энгельс «Отбасы, жеке меншік және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегінде жеке меншік тікелей мұрагерлерге қажеттілік ретінде моногамияны тудырды [8] деп жазды. Марксизмнің жетістігі – әйелдердің өндірісте және үйде екіжақты жұмысбасты болуына көңіл бөлуі және әйелдерді әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктен азат ету туралы тезисті тұжырымдады. Марксизмнің Ресейдегі ең көрнекі өкілі А. Коллонтай болды. Ол балалар бақшасын ұйымдастыруды, балалар бақшасында арнайы тәрбиеші, бөлме тазалаушы, аспаздың және т.б. жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған болатын. Оның ойынша, бұл шаралар әйелдердің үй жұмысынан босауына және тең құқықты еңбек үдерісіне араласуына мүмкіндік береді.

Әлеуметтену үдерісінің мәнін айқындауға үлкен ықпал еткен З. Фрейдтің жыныстық даму психоанализі теориясы гендер теориясының дамуында ерекше рөл атқарды. Сонымен бірге, сол теория ауқымындағы әлеуметтену үдерісінде ерлер артықшылығының алдын ала берілуі туралы тұжырым айтарлықтай қарсылықтар мен келіспеушіліктерді (ең алдымен, феминисткалар тарапынан) тудырды. Психоанализдің тағы бір бағыты ерлер мен әйелдердің тәртібінің сипатына әлеумет пен әлеуметтік қатынастардың ықпал етуіне ерекше назар аударған Э. Берннің атымен байланысты [2].

Жалған гендерлік тәсілдеменің де танымалдығы сақталуда. Әдетте жалған гендерлік зерттеулер деп бұл ұғым жыныс сөзінің синонимі немесе әлеуметтік-жыныстық рөлдің синонимі ретінде қолданылатын зерттеулерді айтады. Бұндай жағдай зерттеушілер саналы немесе санасыз түрде биодетерминистік айқындаманы ұстанғанда, яғни адамның биологиясы ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерін, психологиялық сипаттамаларын, шұғылданатын саласын және басқаларды толығымен нақты айқындайды, ал гендер сөзі тым заманауи деп есептейтін кезде қалыптасады.

Қазіргі кезде гендерлік проблематикаға отандық педагогикада да, шетелдік педагогикада да ерекше көңіл бөлінуде. Бүгінгі таңда әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда қабылданған негізгі гендерлік теориялар қатарында гендерді стратификациялық категория ретінде қарастыратын және гендерді мәдени символ (мәдени метафора) ретінде түсіндіретін гендерді әлеуметтік қалыптастыру теориясын атап өтуге болады [3, с.9-19].

«Гендерді әлеуметтік қалыптастыру» теориясы ерлер мен әйелдер арасындағы иерархия биологиялық тұрғыда негізделген деген тұжырымға қарсы қалыптасқан. Ол екі постулатқа негізделген: 1) гендер әлеуметтену, еңбек бөлінісі, гендерлік рөлдер жүйесі, отбасы, бұқаралық ақпараттар жүйесі арқылы қалыптасады (құрылады); 2) гендерді жеке адамдардың өздері де, өз саналары деңгейінде (яғни, гендерлік сәйкестендіру) қоғам алдын ала айқындаған нормалар мен рөлдерді қабылдау және оларға икемделу (киім киюде, сырт келбетінде, өзін ұстауда және т.б.) арқылы қалыптастырады [3, с.47]. Бұл теория гендерлік сәйкестік, гендерлік идеология, гендерлік дифференциация және гендерлік рөлдер ұғымдарын жиі қолданады. Гендерлік сәйкестік адам өз мәдениеті шеңберінде қалыптасқан ер-азаматтық-еркектік пен нәзіктік-әйелдіктің анықтамасын қабылдайды дегенді білдіреді. Гендерлік идеология – гендерлік айырмашылық пен гендерлік стратификацияны әлеуметтік тұрғыда, соның ішінде «табиғи» айырмашылықтар немесе табиғилықтан тыс-жоғары сенімдер негізінде ақтайтын идеялар жүйесі. Гендерлік дифференциацияны ерлер мен әйелдер арасындағы биологиялық айырмашылық әлеуметтік мәнге ие болатын және әлеуметтік классификацияның құралы ретінде пайдаланылатын үдеріс деп анықтайды. Гендерлік рөл белгілі бір әлеуметтік ұйғарымды орындау ретінде, яғни сөйлеу мәнері, мінез-құлық, қимыл-қозғалыс, киім және басқа түрдегі жынысқа сәйкес тәртіпті ұстану ретінде түсініледі.

Гендер стратификациялық категория ретінде басқа стратификациялық категориялардың (тап, нәсіл, ұлт, жас мөлшері) жиынтығы ретінде қарастырылады. Гендерлік стратификация – әлеуметтік стратификацияның негізін гендер құрайтын үдеріс. Гендерді стратификациялық категорияның негізі ретінде қарастыратын теория әлеуметтік теңсіздік пен әлеуметтік стратификацияның (М. Вебер және П.А. Сорокин) классикалық теорияларынан бастау алады. Таптық фактор әйелдер мен ерлердің тәртібіне

ықпал ететін әлеуметтік айырмашылықтарды анықтайтын жалғыз фактор ретінде қарастырылмайды. Басқа факторлардың қатарына этникалық және мәдени қатыстылық кіреді. Билік негізгі категория болып табылады. Дәл осы билік категориясы арқылы гендерлік рөлдер айқындалынады. Сондықтан, гендерді стратификациялық категорияның басым болуы ретінде зерттеу - мәртебеге, рөлдерге, ерлер мен әйелдер өміріндегі басқа да аспектілерге байланысты айырмашылықты жай ғана сипаттау емес, ол – қоғамда гендерлік қатынастар арқылы орын алған билік пен басым болуды талдау [7, с.49].

Феминистер жыныс мәселесін қарастыруда биологиялық және әлеуметтік аспектілерден басқа, үшінші – символдық немесе мәдени аспектіні айқындады. Гендерді мәдени символ ретінде қабылдау адамның жынысын тек әлеуметтік тұрғыда ғана емес, сонымен қатар мәдени-символдық түрде түсіндіруге болады деген тұжырыммен байланысты. Басқаша айтсақ, биологиялық жыныстық дифференциация ер және әйел бастамасының символикасы арқылы мәдениетте көрініс тапқан. Бұл жынысқа қатысты емес көптеген ұғымдар мен құбылыстардың (табиғат, мәдениет, табиғат күштері, түстер, құдіретті әлем немесе о дүние, жақсылық, жамандық және т.б.) ер немесе әйел бастамасымен байланысты болуынан байқалады. Осыған орай «әйел» мен «ердің» символдық мәні туындайды. [3, с.9-19].

«Әйел» мен «ердің» мәдени-символдық мәнін белгілеу үшін зерттеушілер көбінесе «фемининдік» және «маскулиндік» терминдерін қолданады. Маскулиндік (лат. masculinus –еркек) – «нағыз ер адамға» сай тұлғалық және тәртіптік белгілердің жиынтығы: ержүректік, өзіне сенімді болу, өктемдік және т.б. [1]. «Маскулиндік» ұғымы әлеуметтің ұйымдастырылуының иерархиялы (ерлердің үстемдік ету жағдайын) ұстанымын білдіреді. Фемининдік (лат. femina – әйел) – «нағыз әйел» затына сай тұлғалық және тәртіптік белгілердің жиынтығы: мейрімділік, қайырымдылық, нәзіктік, әлсіздік, қорғансыздық [1].

Маскулиндік (еркектік қабілет) пен фемининдікті (әйелдік қабілет) гендерлік зерттеу Ресейде де дамыған, мысалы, фемининдік және маскулиндік құрылымға кіретін тұлғалық сапаларды айқындау (Е.Н. Каменская) [5]. Құрылым күрделі гендерлік жүйе алдын ала қатаң түрде берілген емес. Ондағы гендерлік тәртіп иерархиялы түрде ұйымдастырылған өмір түрінде көрініс табады, ал гендерлік қатынастар жыныстардың теңсіздігіне негізделінген. Кәсіби қатынастар еңбектің гендерлік құрылымын ұйғарады – бұл дегеніміз қоғамда қалыптасқан ерлер мен әйелдер мамандықтарының гендерлік стереотиптері, ерлер мен әйелдер арасында орын алған еңбекақы төлеудегі теңсіздік. Қазіргі қоғамда жария және ресми емес салаларда еңбектің қалай бөлінуіне байланысты гендерлік келісім-шарттар анықталынады. Гендерлік келісім-шарт үй шаруашылығын ұйымдастыруды, отбасы және одан тыс жерде балалар мен қарттарды күтуді кім және қандай ресурстар есебінен жүзеге асыратынын анықтайды.

Р.Жалимбетова Кеңестік гендерлік тәртіпті «этакратиялық» (мемлекеттің билігі) деп анықтай отырып, социалистік мемлекет заң шығару, әлеуметтік саясат жүйесі және партиялық идеология арқылы гендерлік мәжбүрлеудің негізгі агенті болды деп тұжырымдайды. Этакратиялық гендерлік тәртіпке гендерлік келісім-шарттың үстемдігі тән – жұмыс істеуші ана. Кеңестік гендерлік келісім-шарттың ережелерін мемлекет анықтады. Ол кеңестік азаматшадан қоғамдық-пайдалы еңбек пен қоғамдық жұмысқа қатысуды, бала тууды, балаларды тәрбиелеуді және қарт адамдарға қамқорлық жасауды талап етті [4]. Нарықтық қайта құрулар кезінде жаңа келісім-шарттар қалыптасады. Олар мыналар: жұмыс істейтін ананың, мансапқа бағдарланған әйелдің, үй шаруасындағы әйелдің келісім-шарттары, демеуші келісім-шарт.

Сонымен гендерлік қатынастар феноменін әртүрлі түсіндіретін бірнеше ғылыми тәсілдеме бар. Жыныс пен гендер мәселелерін түсіндіруде әрбір тәсілдеменің оң, жағымды жақтарымен қатар, бірқатар кемшіліктері де кездеседі. Жоғарыда қарастырылып өткен ғылыми тәсілдемелердің барлығы да гендерлік қатынастардың сипаты туралы толық жауап бере алмайды (тіпті ұмтылмайды). Алайда жиынтық білім, ғылыми тұжырымдамалар мен тәсілдемелерді дұрыс қолдану әлеуметтік жүйе ішінде және нақты қауымдастықтың гендерлік жүйесі ауқымында жүзеге асып отырған күрделі үдерістерді түсінуге мүмкіндік береді. Ежелгі дәуірден бастап адамдар қауымдастығының барлығында отбасы қоғам мен мемлекеттің маңызды және негізгі буыны ретінде жоғары құндылықтардың бірі болып табылатын. Отбасы өз бойында қоғамдық ұяшық (яғни бірге өмір сүретін және бірге үй шаруашылығын атқаратын, эмоциональды байланыспен, өзара бір біріне деген міндеттермен бірлескен шағын әлеуметтік топ) мен әлеуметтік институттың қасиеттерін біріктірген күрделі әмбебап ұйым. Ол адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың тұрақты формасы ретіндегі тұрғындардың табиғи және рухани ұдайы өндірілуі жүзеге асатын, отбасының барлық мүшелерінің өмір сүруі қамтамасыз етілетін және отбасы мен қоғамның, мемлекеттің өзара бірлескен тәжірибесі мен мәдениетін тасымалдау және беру арқылы отбасы ұрпақтарының сабақтастығы қалыптасатын әлеуметтік ұйым болып табылады.

Қазіргі заманғы барлық әлеуметтік мәселелер отбасына, оның жағдайына және қиыншылықтарды

жеңе білуіне, өзінің көптеген функцияларын орындауға қабілетті болуына әсер етеді. Қазіргі Қазақстанда отбасының өміртіршілігіне байланысты мәселелер дүниежүзілік үрдістермен де, тұрғындардың барлық топтарын күйзеліске ұшыратқан, яғни отбасына да ықпалын тигізген, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардың орын алуымен де айқындалынады. Қиыншылықтардың үдей түсуі мен деструктивті үрдістердің орын алуы, отбасының қорғаныш және өзін өзі қалпына келтіру мүмкіндіктерінен асып түсу қауіпін тудыруда. Оған мемлекет пен қоғамның көмегі қажет, өйткені отбасылық өмір салтына төнген қауіп, оның қанағаттанарлықтай әрекет етпеуі және күйзеліске ұшырауы мемлекет пен қоғамға төнген қауіп болып табылады.

Әртүрлі деңгейде өзін өзі қамтамсыз ететін отбасылардың әлеуметтік тапсырысын орындау үшін тәлімгер, дәнекер, жетекші, диагност, кеңесші, психотерапевт және т.б. функцияларды жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыс саласының мамандарын дайындау қажет. Әлеуметтік жұмыс пен оның гендерлік бөлігі өзара тығыз байланысты. Бір жағынан, әлеуметтік жұмыс клиенттерінің басым бөлігі әйелдер (үлкен жастағы, көпбалалы, жұмыссыз, мүгедек балалардың аналары, отбасында зорлық-зомбылық көрген және т.д.). Екінші жағынан, әлеуметтік жұмысшылардың көпшілігі де әйелдер. Біздің пікірімізше, әртүрлі түрдегі кемсітушілікке байланысты әлеуметтік қызмет көрсетудің, әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік дамудың келешегі әлеуметтік жұмыс мамандары клиенттермен тікелей қарым-қатынас барысында гендерлік теңсіздікті индивидуальды және институционалды деңгейде немесе ұйымдық, әлеуметтік және саяси қатынастарда құрылымдық деңгейде тануына тәуелді. Өйткені, әйелдер мен ерлер белгілі бір мәселелерді әлеуметтік стратификация жүйесінің гендерлік ерекшелігіне, сонымен қатар, әрбір нақты қоғамда қалыптасқан гендерлік рөлдердің, идеалдардың, стереотиптер мен әлеуметтік күтулердің ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі қабылдайды.

Әлеуметтік жұмыстағы гендерлік тәсілдеме осындай айырмашылықтар мен мүдделерді көре білуге және қоғамда орын алған құбылыстардың, әлеуметтік-экономикалық салада қабылданатын шешімдердің ерлер мен әйелдерге әртүрлі әсер ететінін және олардың бойында әртүрлі реакциялар тудыратынын, сонымен қатар олар үшін ол құбылыстардың салдарлары да әрдайым бірдей бола бермейтінін жете түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік қызметкерлерді гендерлік ағарту қажеттілігі күмән тудырмайды, өйткені клиенттердің өмірлік қиын жағдайларын қарастыру барысында мамандардың да стереотиптердің ықпалында болуы және ерлер мен әйелдердің «табиғи» жаратылысына сай шешім қабылдау қауіпі сақталуы мүмкін. Гендерлік саясаттың, гендерлік мәдениет пен дәстүрдің болмауы әлеуметтік саланың заңнамалық негізінде де, әлеуметтік қызметтердің іс-әрекетінде де көрініс табады. Көп жағдайда әлеуметтік қызмет саласының мамандары гендерлік теңдік қағидаларымен таныс емес, гендерлік сезімталдығы төмен және гендерлік тәсілдемені қолдануға дайын емес болады. Іс жүзінде барлық әлеуметтік қызметтер отбасы мәселелері, балаларға байланысты проблемалар мен дау-жанжалдар әйелдерге қатысты сала деген ұстанымды басшылыққа алады және тек соларға бағдарланады. Ерлерге арналған дағдарыс орталықтары, ерлерге психологиялық көмек көрсету орталықтары сирек кездесетін құбылыс. Күнделікті өмір зорлық-зомбылыққа душар болған балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсету үшін арнайы мекемелер құру қажеттігін көрсетеді. Біздің ойымызша, әлеуметтік қызметкерлер тарихи қалыптасқан гендерлік теңсіздік мәселесімен және осы теңсіздіктің қоғамдағы салдарларымен айналысуды жалғастыруы қажет және жалғастыра алады. Осыған орай, тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы белсенді жұмыс барысында әлеуметтік қызметкерлерді гендерлік ағартуға көңіл бөлу өте қажет. Мамандар қаншалықты ерлер мен әйелдер психологиясын, мәдени, таптық, мәртебелік құрамдас бөлімдерін, сонымен бірге билік қатынастарын ажырата алады, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан және өзгеруі тиіс өмірдегі гендерлік тұрғыдағы қиындықтар мен мәселелерді тиімді шешуге болады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Бендас Т.В. Гендерная психология. СПб., 2005.
2. Берн Ш. Гендерная психология: Законы мужского и женского поведения. СПб., 2007.
3. Воронина О.А. Социокультурные детерминанты развития гендерных теорий в России и на Западе // Общественные науки и современность. 2000. №4.
4. Жалимбетова Р. Гендерные исследования: история и современность. //Реализация прав женщин в Казахстане. Союз женщин интеллектуального труда. – Алматы, 2001. – С. 44-51
5. Каменская Е.Н. Гендерный подход в педагогике. Ростов н/Д. , 2006.
6. Кон И.С. Обсуждение темы «Проблемы и перспективы развития гендерных исследований в бывшем СССР»// Гендерные исследования. 2000. №5.
7. Петрова Р.Г. Гендерология и феминология: Учебное пособие. 3-е изд. М., 2007.
8. Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства//Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т. 21. М., 1987.
9. Scott Y. Gender: a Useful Category of Historical Analysis//merican Historical Review. 1986.

Раев Д.С. – филос.ғ.д., профессор;  
Тоқмұрзаева А.Ж. – (6D020200) халықаралық  
қатынастар мамандығы докторанты.  
Қазақстан, Алматы  
e-mail: Raev\_53@mail.ru, aqbota\_zh@mail.ru

### ҚҰПИЯ ДИПЛОМАТИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ САЯСИ КОНТИНУУМ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

**Түйін:** Мақала көзделген конференция жұмысының негізгі тақырыптық жүйесінің №11 «Заманауи саяси үдерістегі өзгерістер және әлемдік саяси жүйедегі жаһандық ілгерілеу» деп аталатын бағытқа сәйкес жазылып отыр. Сонымен бірге, мақала «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясында ағылшын тілінен мемлекеттік тілге аударылған Роберт Трагердің «Дипломатия: коммуникация және халықаралық тәртіп негіздері» атты кітабынан түйіндеген ойлар негізінде құрастырылды. Мақалада XX ғасырдағы халықаралық қатынастар кеңістігінде ерекше орын алған құпия дипломатияның мақсаты, формалары мен механизмдері қарастырылады. Ондағы мемлекеттердің «ниет», «ықпал жасау», «сигналдық жүйе», «сенім», «саяси гипотеза» феномендерінің саяси теориялық және эмпирикалық мәселелері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** құпия дипломатия, мемлекет ниеті, халықаралық тәртіп, ықпал жасау, сигналдық жүйе, саяси гипотеза, саяси сенім, саяси интуиция, саяси бедел және т.б.

Raev D.S. – d.phil.sc., professor;  
Tokmurzaeva A. Zh. – PhD student,  
6D020200 – International relations  
Kazakhstan, Алматы  
e-mail: Raev\_53@mail.ru, aqbota\_zh@mail.ru

### PRIVATE DIPLOMACY AS THE POLITICAL CONTINUUM PHENOMENON IN INTERNATIONAL RELATIONS

**Abstract:** This article is written in accordance with the conference thematic system № 11 entitled “Modern changes in the political process and global progress in the global political system”. In addition, the article is based on the idea, thoughts, approval and statements that obtained after reading the book “Diplomacy: Communication and Origins of international order” by Robert F. Trager, which translated into Kazakh language in the framework of the program “New humanitarian education. 100 new textbooks in the Kazakh language”. The article deals with the goals, forms and mechanisms of secret diplomacy, which occupied a crucial place in the international space of the 20th century. Also authors pays attention to the political - theoretical and empirical problems of phenomenon such as “intentions”, “influence”, “signal system”, “trust” and “political hypothesis” of the XX century states.

**Key words:** secret diplomacy, intentions of states, international order, influence, signal systems, political hypothesis, political trust, political hypothesis intuition, political authority and etc.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» концепциясы шеңберінде атқарылып жатқан іс-шаралардың бірі әрі бірегейі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы. Себебі, кез-келген қоғамның стратегиялық мықты әлеуеті үшін білім басты шешуші фактор болғаны да, болатыны да анық. Осы ретте Ел Президенті жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті ел болуда гуманитарлық білімнің алатын орны зор екенін атады. Ол үшін сапалы оқулықтар мен ғылыми әдебиеттердегі маңызды ақпаратты шет тілдеріндегі түпнұсқадан алу қажеттігі жайлы бастама көтеріп, ғылыми қауымдастыққа бағыт сілтеді. Енді осы игі бастамаға бүкіл ел болып атсалысып, қолдау білдіруіміз қажет дегенді де атап өтті.

Үстіміздегі жылдың сәуір айының 12 жұлдызындаға басқосуда аударма ісінің алғашқы нәтижелерімен танысқан Ел Президенті: «Жастарымыз жоғары ғылыми стандарттарға сәйкес білім алуы тиіс. Сондықтан біз 800 кітаптан тұратын үздік оқулықтардың ауқымды тізімін әзірледік. Ұлттық аударма бюросы құрылып, жұмысына кірісті. Біз бүгін алғашқы 18 кітаптың таныстырылымына жиналып отырмыз» [1], -деп мәлімдеген болатын.

Басқосуға қатысып сөз алған зиялы қауым жобаның маңызына тоқталып, әлемдік білім кеңістігіне танымал бұл оқулықтардың тұңғыш қазақ тіліне аударылуы баға жетпес рухани қазына болатынын тілге тиек етті. Мәселен, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық ұйымының директоры Рауан Кенжеханұлы: «...Бұл бастама тілдің қауқары мен қоғамның әлеуетін де биікке көтеретін тегеурінді тегікке айналды» [2], -деп атап көрсетті. Шындығында да бұл білім алушы жас мамандардың кәсіби қазақ тілін әлемдік өркениет деңгейіне көтеретін айтулы іс болатыны анық.

Бүгінде осы бастаманың екінші легіндегі 30 кітап аударылып, елбасының әлемдік білім беру

саласындағы таңдаулы шығармаларды аудару арқылы жастарға білім алуға мүмкіндік туғызу жөніндегі сындарлы саясаты қарқынды деңгейде жүзеге асырылуда.

Осы орайда екінші лекте дипломатия саласында ағылшын тілінен аударылған кітап – Роберт Трагердің «Дипломатия: коммуникация және халықаралық тәртіп негіздері» деп аталатын еңбек. Бұл кітапта халықаралық қатынасқа түсуші тараптардың бір-бірімен дипломатиялық байланыс орнатудың амал-тәсілдеріне ерекше назар аударылып, дипломатиялық қатынастың халықаралық тәртіпті қалыптастыру мен мемлекеттердің соғыс ашуға қатысты шешім қабылдауындағы рөлі айрықша қарастырылады. Автор жабық есік жағдайындағы әңгімелесудің тұрақты халықаралық тәртіп орнату мен сұрапыл соғыстардың басталуына түрткі болатынын түсіндіріп, ойын теориясының мән-мағынасын мысалдар мен деректермен ашып көрсетеді.

Автордың мақсаты – мемлекет басшылары мен дипломаттардың көп жылдық тәжірибесінен алынған алгоритмдерге талдау болғаны анық. Сонымен бірге, дипломатиялық қатынастар барысында тәуекел феноменінің орны мен рөлі талдау нысанына алынады. Кітаптың басты тезисі: мемлекеттердің өз ниетін басқадан жасыру, соған қарамастан қарсылас мемлекеттер өздеріне қажетті тұжырымдар жасай алу қабілеттерін жоғалтпауға тырысу. Кітаптың осы бір мақсаттық ұстанымының өзі оқырманды ерекше саяси рефлексияға жетелейді. Біздің кәсіби санамызға ерекше қонағыны «саяси тәуекел» концепциясының ғылыми-біліми диакурстық тұрғыдан қарастырылуы десек болады. «Саяси тәуекел» ұғымы ғылыми категория мәртебесіне көтеріліп, оның халықаралық қатынас саласында маңызды имманенттік тұғыртас дәрежеде қарастырылуы. Олай болса, автормен келісе отырып, біз халықаралық қатынас жүйесіндегі тәуекел құбылысын оның теориясындағы априори білімнің континуум лабиринті деп айтар едік. Демек тәуекел халықаралық қатынас үдерісінің өмір сүруінің субстанциялы форма деп айтуға негіз бар. Бұл тұста адамның интеллектуалды пайымына күш түсетінін анық байқауға болады. Тәуекел бар жерде ойлар мен идеялар әлемі күмәндану және үміттену лабиринті патшалығына тәуелді болатынын мойындай түсеміз.

Кітаптың басты зерттеу нысаны – жалпы халықаралық қатынас жүйесіндегі «құпия дипломатия» концептісінің барлық болмысын ашып көрсетуге бағытталған деп айтуға болады. Осы тұста автор құпия дипломатияның механизмдерін қарастыра отырып, дипломатияның аталмыш формасының өзіндік ерекшеліктерін анықтау, олардың өзіндік бет-бейнесін жасау және оларды баяндауда табанды еңбек еткен. Ол үшін туындыгер дипломатиялық байланыс каналдарын, коммуникацияның іске асуына мүмкіндік беретін факторларды анықтауға тырысқан. Соның ішінде әр елдің қатынасындағы «мүдделер» ұғымының орны мен рөліне көңіл бөледі. Шындығында сонау ежелгі дәуірден бері «мүдде» категориясы еларалық қатынаста басты әрі принципті түрде шешуші болғаны рас. «Мүдде» ұғымының феномендік дәрежеде болғаны әрі болатыны соншалық ол түптеп келгенде ел намысымен, халықтың рухымен теңестірілетіні кешегі де, бүгінгі де саясаттан белгілі. Сол себепті халықаралық дипломатиялық қатынастағы мүдде мәселесі мемлекеттің табиғатына бітетін априори жүйе, мемлекетпен бірге қалыптасатын және оның өмір заңы болатын кесімді императив құбылыс. Сондықтан ол біздің пікірімізше, қоғамдық, елдік, мемлекеттік ерік-бостандық патшалығына тәуелді болатын саяси феномен. Осы тұрғыда бұл кітап сол ұғымда әсте айтыла да, жазыла да бермейтін қырларынан көрсетуге қадам жасаған. Бұл бүгінгі жас мамандарға кәсіби шыңдалу үдерісінде маңызды мағлұматтар болатыны анық. Олардың ойлау, талдау жасау, қорытындылау, жобалау, гипотеза түзу әлеуетін дамытады. Жас маманның кәсіби стратегмалық иммунитетін көтере түседі.

Бұл кітаптың тағы бір ұтымды тұстарының бір – өзара қатынасқа түсуші мемлекеттер мен альянстардың «бейіл-ниеті» категориясына жүйелі түрде көңіл бөлінуі. Егер халықаралық қатынас тарихына үңілетін болсақ, мыңдаған жылдар бойы дипломаттар мен көшбасшылар өздерінің әңгімелесуінен бір-бірінің ниеті жайлы қорытынды шығарып отырғанын аңғарамыз. Қарсы тараптың айтылғаны әдетте талқыға салынып, көңілге тоқылып, електен өтіп, жауап қайтару жолдары қарастырылады. Берілетін жауап, қарсы әрекет қарсыластар мен одақтастардан келіп түскен хабарламалардың мазмұны, түрі мен жалпы контекстіне байланысты болады. Мысалы, б.з.д. XIV ғасырдағы Мысыр перғауындары мен басқа «Ұлы патшалар» арасындағы дипломатиялық хат алмасу туралы деректерді Амарна хаттарынан алуға болады. Ежелгі Грекияның қаһармандық дәуірінде Одиссейді дипломатиялық шеберлігі мен шешендігі «ұйытқыған қардай ұшқыр» деп мадақтаған. Содан бері мемлекеттердің дипломатиялық байланыстары күннен-күнге артып, бүгінге дейін жалғасын табуда. Мұнда әр мемлекет көшбасшысының айта бермейтін, тіпті ешқашан айтылмайтын өзіндік ішкі сыр әлемі жасырынып тұратыны анық. Біздің ойымызша, «бейіл-ниет» категориясы дипломатиялық саясаттың таза антропоцентристік табиғатынан хабар береді. Бұл – «адамзат империясының» өзіндік ішкі имманенті сыры. Мұнда «ерік анархиясы» үстемдік етуі әбден мүмкін. Бірақ әр кезде адамзат баласы ерік ізгілігіне сүйенетінін де жасыра алмайды. Осы ретте



мемлекет көшбасшысының индивидуал сезімдерге негізделген интуитивті білім кеңістігінде жүретіні анық. Сонымен бірге, онда бір державаның басқа державаға деген психологиялық ықпал ету мақсатында тұрады. Демек, автор осы «ниет» категориясын мысалдар арқылы талдау жасай отырып, оқырман назарын оның күрделі әлеміне еруге жол ашады. Осы арқылы жас маманның интуициясын жетілдіруге бағыт сілтей отырып, оның кәсіби функционалдық сауатын ашуға тырысады. Кітапты аударып отырып, байқағанымыз – тіпті автор еларалық қатынастағы келіссөздер мен хат алмасу, бірі-біріне жіберілетін мәлімдемелер мәтіні арқылы әр актордың көңіл-күйін анықтауға және мәтін психологиясын анықтау арқылы державалардың ниетін, саяси тактикасы мен стратегиясын білу амалдарын көрсетуге қадам жасалынады. Мысалы Р.Трагер: «Берілетін жауап, қарсы әрекет қарсыластар мен одақтастардан келіп түскен хабарламалардың мазмұны, түрі мен жалпы контекстіне байланысты болады» [3, 125 б.], -деп жазады. Міне бұл – нағыз интуитивті білімнің әлеуеті көрінетін әрі күмән анархиясы мен сенім өнерінің бәсекеге түсетін тұсы.

Кітап құндылығының тағы бір тұсы – ол халықаралық тәртіп орнатуда, сыртқы саяси бағытты айқындауда мемлекеттердің бір-біріне «ықпал жасау» концепциясына көңіл аударуы. Кітапта сөз етіп отырған жағдайлар елдердің бір-біріне ашық та, жасырын «ниеттерін» білдіру арқылы ықпал жасау саясатынан хабар береді. Бұл бізге акторлардың ықпал ету аймақтарын қалай анықтайтынын, дау-жанжалды қалай реттейтінін, қауіптердің ең қатерлісін, ал одақтастың ең сенімдісін қалай анықтайтынын түсінуге көмектеседі. Бұдан түйіндейтін ойдың бірі әрі бірегейі, біздің пікірімізше, жалпы бұрыннан келе жатқан ұлы державалардың мүддесінен өрбитін интервертивтік ниеттерінің экстрорвертивтік тенденциясын көрсету. Осы арқылы бір-біріне ықпал жасау ұстанымының константтық сипатын және оның психологиялық эскалация болатынын бекіте түседі. Біздің пікірімізше, бұл жерде интеллектуальды пайымдаудың негізінде қалыптасатын саяси-дипломатиялық «менталь-мәндердің», «менталь-ұстанымдардың» «мәнмәтіндердің» рөлі жоғары болмақ. Сонымен бірге, саяси ықпал қарсы тараптың априори терістеуіне де ұшырауы мүмкін. Осыдан қай державаның болсын ықпал ету аумағын кеңейтуге деген «күштарлық» саясаттың астарынан хабар беруді көздеуі автордың басты ой желісін құраған сияқты. Осы ретте туындыгер бұл үдерістің іске асырылу механизм жүйесін де назардан тыс қалдырмаған. Бұл үдерісті Р.Трагер: «Дипломатия әдетте саяси одақ құру, ядролық текетіреске бару тәрізді амал-тәсілдерді қамтитын сигнал берудің бірнеше түріне жүгінеді: өзге мемлекетке қойылатын талаптар ауқымын анықтау, екіжақты қарым-қатынасты ұзу қауіпін төндіру, жақтасына қолдау көрсету, абырой-беделін алға салу немесе басқа да дипломатиялық амал-тәсілдер арқылы қарсы тарапқа өз ниетін жеткізу» [3, 105 б.], -деген тұжырымы арқылы көрсетеді. Автор құпия дипломатияның механизмдерін сараптап, мемлекеттердің мүдделері мен ниет-пиғылдарын гипотезалық болжамдармен береді. Одақтас пен қарсылас келіссөзінің, түрлі сигналдардың мәнін түсіндіруге қадам жасайды.

Еңбекте Британ империясының құпия жазбалары жайлы дипломатиялық ақпараттың бай тарихы мен сараптамасы негізінде 19-20-ғасырлардағы ірі державалардың өзара қатынасы жөнінде мұрағаттан алынған мәліметтерге талдау жасалып, дипломатияның жалпы теориясы мен оның мән-маңызы ашып көрсетілген. Сонымен қатар, Наполеон соғыстарынан кейін Еуропада қалыптасқан халықаралық қатынастардың Вена жүйесі, дүниежүзілік соғыстар қарсаңында төнген қауіпті сезіну, қырғи-қабақ соғыстың бәсеңдеу кезеңі, сондай-ақ бүгінгі әлемдік тәртіптің институционалдық құрылымы – осылардың барлығы мемлекет мүддесін ұстанған жеке тұлғалардың мәлімдемелерінің ықпалымен қалыптасқан пайымдардың нәтижесі екені дәйектеледі. Мысалы, Британия Германияның барлық талаптарына бойұсынып, көнуі Германияның аранын ашып жібергенін «Құпия жазбалар» атты мұрағат құжаттарынан алынған дәлелдермен келтіреді. Олардың бірі, мысалы Адольф Гитлердің 1939 жылдың 22 тамызында Жоғарғы бас қолбасшылық алдында сөйлеген сөзінде «Біздің дұшпандарымыздың көшбасшылары жігерсіз. Тұғырлы тұлғалары, айтулы шеберлері, ерен ерлері жоқ. Біздің қарсыластарымыз қайратсыз, тым жасық. Мен оларды Мюнхенде көрдім. Гитлердей емес, Британия мен Франция мақсатқа жетуге қауқарсыз, сол себепті қасқайып қарсы тұруға дәрменсіз» [3, 95 б.], -деген. Сол сияқты Ұлыбританиядағы елшінің хатында «Чемберленнің жүргізіп отырған саясатының негізгі бағытына қарап, олар [Британия] Германияның Шығыс Еуропадағы экспансиялық саясатымен келіседі деп болжауға болады» [3, 202 б.], - деп жазылған.

Жоғарыда айтылғандардың тұжырымдамасы ретінде автор төмендегі ойларды білдіреді. Олар: «Өмір әлеуметтік топтардың ынтымақтастығы мен бәсекесінен тұрады. Дегенмен адамдардың ниеті өзгеруі мүмкін. Серіктес қарсыласқа, бір кездегі қарсылас серіктеске айналуы әбден мүмкін. Сондықтан қарсылас пен серіктестің ниетін бағамдау – дамудың, ал кейде қыспақтан құтылудың негізгі шарты. Халықаралық саясатты іске асыратын мемлекет қайраткерлеріне үлкен сенім артылады. Өзге көшбасшының ниетін

дұрыс бағалау соғыстың алдын алады, ал жаңсақ бағалау қоғамның құлдырауына әкеліп соғады», - дегендерге саяды.

Кітапта дипломаттар мен көшбасшылар өз одақтастары мен қарсыластарының қарама-қайшы мүдделерін талдап, олардың жоспарлары туралы қалай ой қорытады деген сұрақ басты назарға алынады. Осы орайда кітаптың теориялық-эмпирикалық әдіснамасы мен әдістемесінің өзіндік амал-тәсілдері оқырманға ой салары сөзсіз. Автор элита өкілдері жүзеге асыратын жария дипломатияға емес, қоғам назарынан тыс құпия дипломатияға ерекше назар аударады. Кітапта мемлекеттердің бір-бірінің жоспарлары туралы қалай тұжырымдар жасайтыны сипатталған. Мемлекеттердің белгілі бір тұжырымға келуіне әсер ететін салыстырмалы әскери әлеует, ішкі саясат, қоғамның көңіл күйі, экономикалық мүмкіндіктер, басшылықтағы өзгеріс тәрізді факторлардың бар екенін, соның ішінде дипломатиялық ақпарат алмасудың ерекше рөл атқаратынын айқындайды. Дипломатиялық коммуникацияның төрт механизмі талданады. Төрт механизмнің әрқайсысын талдауға арналған шартты модельдер ұсынылып, олардың негізінде жасалған тұжырымдар статистикалық талдау мен нақты тарихи мысалдарды сараптау жолымен расталады.

Қарсылас елдің дипломатиялық әрекеттеріне қарап, белгілі бір тоқтамға келуі оңай емес. Десек те эмпирикалық талдау нәтижелеріне сүйенсек, тараптардың өзара хабар алмасу негізінде жиі қажетті тұжырымдар жасайтынына көз жеткіземіз. Осы ретте Испания королі мен Қасиетті Рим императоры V Карлдың сарайына Флоренциядан елші ретінде жіберілген тәжірибесіз дипломатқа Никколо Макиавелли былай деп жазған екен: «Мұндай тұжырымға келудің құпиясына бойлау – өте күрделі іс, сол себептен пайым мен болжамға сүйенуге мәжбүрсің. Бірақ барлық айла-амалдарды аңдау, мәселенің анық-қанығын білу – қиынның қиыны. Сондықтан өз пайымыңа сүйеніп, болжаудан басқа амалың жоқ». Осылайша әңгімелесу, келіссөздер жүргізу кезінде актор өзге тараптың ниеті мен мүддесі туралы ой тұжырымдар жасай алады. Міне бұл тұста саяси интуицияның маңызының қаншалықты екені аңғарылады. Бұл өзінің ішкі менін әр кезде жасырып тұратын өте күрделі құбылыс болатынын білдірмек. Интеллектуальды пайымдаудың, интуитивті білімнің қажеттілігі мен ұтымдылығы нағыз осы тұста көрініс табады. Априори білім күші осы жерде сыналмақ.

Дипломаттар мен мемлекет басшыларының талап қойғанда асқан сақтық танытуы да осындай дәйекті пайымға жетелейді. Бұл арада автор дипломатиялық қатынаста «сенім» категориясының маңыздылығын алға тартады. Әдетте оларды өздері төндірген қауіпке өзгелердің сенімсіздік білдіруі емес, сенген сәтте не болатыны алаңдатады. Бұл – одақтастық саясат пен ядролық текетірес, қарсыласты тізгіндеу мен мәжбүрлеу тәрізді дипломатиялық амалға тән құбылыс. Тараптар бір-біріне қоятын талабына ерекше мән береді, сол себепті қарсыласқа талап қою оңайға соқпасы анық. Осыған қарамастан, кейде көшбасшының қарсыласына талап қоюдан шегінбеуі бұл мәселенің қаншалықты маңызды екенін аңғартады. АҚШ президенті Джон Кеннедидің Кариб дағдарысы кезінде өзінің кеңесшілеріне: «Айтпаса да түсінікті емес пе, сіздер төрт күн ішінде зымырандарды шығартып тастаймыз деп айта алмайсыздар» [4, 20 б.], – деген екен. Міне, бұл мәселе халықаралық қатынас саласында кәсіби мамандарды дайындауда кәсіби шеберлікті шыңдауда шеберлік сабақ спеттес дүние болатыны анық.

Кітап нақты ғылыми жобалық орындалым десек, бұл жобаға арқау болған тұжырым: қарсы тарап сес көрсеткенде, зардап шегуден қауіптенген елдер түрлі пайымға келеді, алайда сол пайым негізінде дамиды халықаралық үрдіс бір-біріне ұқсас болады. Кітаптың төртінші тарауында осы тұжырым жан-жақты талданып, жабық есік жағдайындағы келіссөздер барысында қарсыласқа қауіп-қатер төндіру арқылы қандай ақпарат берілетіні көрсетілген. Кітаптың теориялық тараулары тиісті тарихи үрдісті анықтау әрі оны сигнал беру теориясымен ұштастырылып жазылған. Олай болса, аталмыш еңбектің маңыздылығының тағы тұсы – сигнал беру теориясының өзіндік ерекшеліктеріне атбасын тіреуі. Сигнал беру жүйесін ерекше математикалық формулалар логикасы арқылы таңбаланып, тәпсірленуі кітаптың қайталанбас құндылығы болмақ. Бұл оқырманды саясаттағы символдық және семантикалық эпистеманы түсінуге тәрбиелейді.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясындағы алғашқы 18 оқулықпен таныстыруға арналған мәжілісінде сөйлеген сөзі// Егемен Қазақстан 12 сәуір 2017.
2. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық ұйымының директоры Рауан Кенжетханұлының 18 оқулықпен таныстыруға арналған мәжілісінде сөйлеген сөзі// Алматы Ақшамы №42 (5549 12.04.2018 (4 б.).
3. Трагер Р. Дипломатия: коммуникация және халықаралық тәртіп негіздері. –Астана «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. -375 б.  
May and Zelikow (2002, p. 44).

**Рахманова Г.Б.**

доцент кафедры международных отношений КазУМОиМЯ  
имени Абылай хана, кандидат исторических наук  
e-mail: omine08@mail.ru

**Култаев С.,**

магистрант КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
специальность 6М020200 – «Международные отношения»  
Алматы, Казахстан  
e-mail: sulakultaev@gmail.com

### ПРОЕКТ «ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ПОЯС ШЕЛКОВОГО ПУТИ» - НОВАЯ МОДЕЛЬ РЕГИОНАЛЬНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА НА ОСНОВЕ ИННОВАЦИОННОЙ ИДЕИ

**Аннотация:** Концепция «Один пояс – один путь», выдвинутая Си Цзиньпином на фоне глобальных изменений – проект большой политической и экономической важности. Китай особо расширяет в рамках ОПОП круг торговых и инвестиционных партнеров в странах СНГ. На мировой арене может возникнуть новый всемирный евразийский геополитический проект, основой которого должны стать равенство, баланс интересов, взаимовыгодность и всеобщее развитие.

В свою очередь, государства – члены СНГ также заинтересованы в участии в проектах ЭПШП. Реализация инициативы важна для евразийских народов, так как большая региональная интеграция, сотрудничество и взаимозависимость должны снизить негативный потенциал глобальной конкуренции, которая ставит под угрозу мир и безопасность на всем евразийском пространстве. Новая интеграционная модель Китая, требует от него приложить последовательные и умелые усилия модератора в выстраивании взаимовыгодных отношений со всеми странами, расположенными вдоль маршрутов проекта.

**Ключевые слова:** Проект «Экономический пояс Шелкового пути», китайская инициатива, региональное сотрудничество, стратегическая задача Китая, взаимовыгодность, новая интеграционная модель, баланс интересов.

**G.B. Rakhmanova**

Candidate of Historical Sciences, docent at the Department of International Relations,  
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages  
e-mail: omine08@mail.ru

**Kultaev S.,**

Master student of KazUIR & WL named for Ablai Khan  
specialty 6M020200 - «International Relations»  
Almaty, Kazakhstan  
e-mail: sulakultaev@gmail.com

### THE “SILK ROAD ECONOMIC BELT” PROJECT AS THE NEW MODEL FOR REGIONAL COOPERATION ON THE INNOVATION BASIS

**Abstract:** The concept of “One Belt - One Road”, proposed by Xi Jinping on the background of global changes, is a project of great political and economic importance. China is particularly expanding the range of trade and investment partners in the CIS countries within the framework of the Belt and Road Initiative. This could cause the emergence of a new global geopolitical project of Eurasia, which will be based on equality, balance of interests, mutual benefits and universal development.

On the other hand, the CIS member states are also interested in participating in the The Silk Road Economic Belt projects. The implementation of this initiative is important for the Eurasian peoples, as greater regional integration, cooperation and interdependence should reduce the negative potential of global competition, which threatens peace and security throughout the whole Eurasian space. The new integration model of China, requires it to make consistent and skillful “moderator” efforts in building mutually beneficial relations with all countries located along the project routes.

**Keywords:** The “Silk Road Economic Belt” project, Initiative of China, regional cooperation, strategic goal of China, mutual benefit, new integration model, balance of interests.

В настоящее время вызывает огромный резонанс и привлекает внимание, всеобъемлющая и амбициозная китайская инициатива Председателя КНР Си Цзиньпина, выдвинутая в Астане, по созданию «Экономического пояса Шелкового пути» на пространстве всей Евразии. Это связано с тем, что китайский проект направлен на создание новой модели регионального сотрудничества и перестройку сложившейся системы торгово-экономических отношений во всем евразийском континенте. В лекции Председателя КНР в Назарбаев-Университете говорится, «... мы должны с открытой душой и широким видением расширять региональное сотрудничество. В настоящее время быстро развивается слияние мировой

экономики, бурно расширяется региональное сотрудничество. В Евразии уже созданы многочисленные региональные организации сотрудничества. Государства-члены и государства-наблюдатели Евразийского экономического сообщества и Шанхайской организации сотрудничества охватывают Евразию, Южную и Западную Азию и мы через усиление сотрудничества между ЕЭС и ШОС можем получить огромное пространство для развития» [1].

Как видно из этого тезиса, Си Цзиньпин считает, что возникла необходимость «применять новые модели сотрудничества», «общими усилиями формировать «экономический пояс Великого Шелкового пути».

По мнению казахстанского политолога, востоковеда Л. К. Сыроежкина среди причин появления новой концепции регионального сотрудничества выделяются несколько факторов. Среди них следующие:

- во-первых, изменилась роль Китая в мире (как экономическая, так и политическая), он превратился во вторую экономику мира и «мировую мастерскую». При этом, Китаем особый акцент делается на контакты с сопредельными государствами, прежде всего Центральной Азией. Кроме того, по инициативе КНР для расширения транспортно-коммуникационных возможностей создан новый финансовый институт – АБИИ [2, с. 56];

- во-вторых, главная стратегическая задача Китая – превращение в глобальную державу. Решение этой задачи предполагает не только добрососедских отношений с окружающими Китай странами, но и создание в этих странах условий для продвижения китайских товаров, как на их рынки, так и транзитом на рынки России, Европы и другие регионы мира. А это означает, что Китай нуждается в развитии транспортной и логистической инфраструктуре государств-транзита, формировании устраивающего Китай таможенного и валютного режима, увеличении объемов торговли с этими государствами. Эксперты и аналитики государств, расположенных вдоль транспортного маршрута уже прогнозируют о впечатляющих объемах грузопотоков, которые пойдут с Востока на Запад по реализованным в проекте экономическим коридорам;

- в-третьих, Китай, реагируя на попытки ограничения его активности в Центральной Азии со стороны США, стремится через ШОС расширять свое экономическое и политическое влияние в регионе.

Совокупность этих и других факторов и предопределила выдвижение идеи создания собственных интеграционных зон с опорой на использование колоссальных финансовых ресурсов [2, с. 57-58].

Сегодня становится очевидным, что новая интеграционная модель Китая, требует от него приложить последовательные и умелые усилия модератора в выстраивании взаимовыгодных отношений со всеми странами, расположенными вдоль маршрутов проекта. Сюда можно отнести строгое соблюдение принципов справедливости и взаимной выгоды, которые заявлены в контексте идеи, а также совместно с Россией реализовать эту концепцию, строго считаясь с ее национальными интересами. Еще одной отличительной особенностью создания новой модели китайской интеграции в регионе является, политическая позиция Китая: при решении своих экономических задач не поддерживать, развязанную США информационную кампанию против евразийской интеграции под эгидой Москвы. Как известно, в мае 2015 г. Россия и Китай достигли договоренностей о сопряжении строительства ЭПШП и ЕАЭС, для устойчивого роста экономики, ускорения интеграции, безопасности и развития на Евразийском континенте. Бесспорно, что оба проекта, обладают достаточным потенциалом для сопряжения, реальные сферы взаимодействия между ЕАЭС и ЭПШП действительно существуют. Кроме того, в настоящее время китайско-российское всестороннее партнерство стратегического взаимодействия развивается на новом высоком уровне в истории двусторонних отношений, а договоренности о сопряжении строительства ЭПШП и ЕАЭС открывают новые возможности для их дальнейшего укрепления. Об этом более подробно освещается в следующем параграфе настоящей работы.

– Қазақтар қыздарына үнемі төрден орын берген. Себебі, қыздар үйге бақыт пен байлықты алып кіреді деген түсінік бар. Кей өңірлерде қыздарды үстелдің үстінде ағасынан да жоғары отырады;

Сонымен қатар, қазақтар мен корейлерде аруақтарға сенген. Корей халқы көзге көрінбейтін тылсым күш бар және олар үнемі бізді бақылап жүреді деп сенген. Қазақ халқы да ата-бабамыздың аруағы бізді желеп-жебеп жүреді деп, бейіт басына барып, Құран оқытып, Жеті нан таратқан. Осы тақырыпқа байланысты ұқсас наным-сенімдерді таныстырғмыз келіп отыр:

– Табалдырықта тұрып, сәлем беруге, сөйлеуге болмайды;

– Аяғы ауыр әйелдер жерлеуге қатыса алмаған. Бірақ қазақтарда жалпы әйел қауымы жерлеуге қатыспаған.

– Кішкентай балаларға көз тимесін деп арнайы моншақтар, түйрегіштер тағып қойған. Корейлер жаман рухтардан қорықса, қазақтар көз тиіеді деп қорықатын болған.

– Кішкентай баланы айнаға қаратпаған. Корей халқы өтірікші болып өседі деген сенім болса, Қазақтарда тілі шықпай қалады деп сенген.

Төменде жоғарыда көрсетілген наным-сенімдермен қатар бірнеше ұқсас наным-сенімдерді көрсетіп отырмыз:

- 밤에 휘파람을 불면 귀신이 나온다.

Аудармасы: Түн жарымда ысқырсаң, аруақ келеді.

Кореяда түнде ысқырса аруақ немесе жылан келеді деген сенім бар. Шын бұл мәнісінде ертеде түнде ысқырып, адамдарға ұйқы бермей мазалаған адамдарды қорқыту үшін ойлап шығарылған делінсе басқа деректерде ысқырып немесе аспапта ойнап жылан шығарғандықтан осылай айтылады делінген. Ал Қазақстанда «Үйде ысқырма, үйге жылан келеді» дейді халқымыз. Жалпы алғанда қазақ ұғымында жылан – дұшпан. Сол секілді айдалада ысқырған желдей, ұлыған қасқырдай баспанасыз қаласың деген ұғым да бар.

- 밤에 손발톱을 깎으면 안 된다

Аудармасы: Түнде тырнақ алуға болмайды.

Кәрістер түнде тырнақ алуға болмайды деп есептейді. Әсіресе, түн жарымда сыртта тырнақ алуға мүлдем қарсы. Олар түнде шайтандар көктен түсіп, тырнақты тауып алып, сол кезде сиқыршылар адамға дуа салу үшін түнгі уақытты пайдаланады деп ойлайды. Сонымен қатар, ертегілер мен аңыздарда адам түнде тырнақ алса, егеуқұйрық тырнақты жеп, сол адам бейнесіне айналып кетеді деген әңгімеде бар. Ал, қазақтарда күн батқаннан кейін тырнақ немесе шаш кесуге болмайды. Өйткені, түнде түнгі жарық күндізгіге ауысып, барлық зұлым рухтар жерге түсіп, сәттілік пен бақытыңды «қиып алуы» мүмкін.

- 밤에 거울에 보지 말아

Аудармасы: Түнде айнаға қарама!

Қазақтарда да кәрістерде де түнде айнаға қарауға болмайды деген ұғым бар. Түнде қараңғы күштер басқа әлемге есік ашылып сонда қайтыс болған адамның жаны кіреді. Адамдар арасында түнде айнаға қараса, рухтар мен зұлымдықтарды көре алады деген ұғым бар. Оларға көбірек қарасак, олар біздің энергиямызбен тамақтанып біздің бақытымызды тартып алады деген сенімде. Сондықтанда корей халқы арасында бат

(Әйел адам түнде айнаға қараса, ажырасады) делінсе, қазақтарда бетің қисайып кетеді деп айтылады.

- 좋은 꿈을 꾸고 이틀 날 얘기하면안좋다.

Аудармасы: Жақсы түс көрсең ешкімге айтпа.

Корей халқында да Қазақ халқында да өзіңе қатты ұнаған түс болса ешбір жанға айтпағаның дұрыс санайды. Себебі: сол жақсы түсті айтқан кісі ұрлайды, яғни сол кісінің де түсіне жақсы түс кіреді. Демек, ол түс орындалмай, басқа адамға ауысуы мүмкін. Сол себепті өзіңе қатты ұнаған түсті айтпағанды дұрыс санайды.

- 문지방을 밟으면복이달아난다.

Аудармасы: Табалдырықты бассаң ырыс кетеді.

Корей халқында қазір де үлкен адамдардан көп еститін ырым-тыйымдардың бірі. Бұл ырым-тыйым жерлеу мәдениетінен пайда болған. Ата-бабалар табалдырықты ана дүниеммен осы дүниенің шекарасы деп есептеген. Сондықтан да табалдырықты бассаң ырыс кетеді дейді. Табалдырықты баспа деген сөздің мағынасы қазақ халқының наным сенімдерінен шыққан сөз. Байырғы қазақ халқы табалдырықта адам тұрса онда жамандық болады деп сезініп, қонақты төрге шақырған.

- 모서리에앉으면복나간다.

Аудармасы: Үстелдің бұрышына отырма!

Корей халқында бұл ырым-тыйым ерте кезде пайда болған. Ертеде адамдардың өмір сүруі қиын болып, жейтін тамағы болмаған. Ал үстелде тамақ толып тұрғанда үстелдің бұрышында отырған адам тамаққа қолы жетпей алыс отырған. Тамақ бар кезде одан алыс отыруға қарсы болған кәріс халқы үстел шетінде отырсаң, ырыс кетеді деп есептеген. Қазақтарда бұл ұғым, әсіресе, қыз балаларға жиі қолданылады. Үстелдің бұрышына отырсаң, күйеуге шықпай қалады деп, қыз балалар үстел бұрышына отырмауға тырысады.

Ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтары да баршылық. Мұны біз екі елдің санға байланысты наным-сенімдерінен аңғара аламыз. Корей халқы «Төрт», «Тоғыз» сандарынан қорыққан. «Тоғыз» санына байланысты кез келген жасқа толғанда үнемі абай болып жүру керек. Себебі, жыл бойы сіздің артыңыздан үнемі сәтсіздік еретін болады. Корея мен қоса Қытай, Жапония елдері үшін «Төрт» саны жаман. Кез келген жерде, оқиғада «төрттен» қашады. Себебі, «Төрт» сөзі қытаң иероглифінегі «Өлім» сөзімен дыбыстық ұқсас болуынан. Атылған елдердегі ғимараттардағы лифттерде төртінші қабаттың болмауы осы себептен. Қазақтар сандарды киелі санаған. «Бір», «Үш», «Жеті», «Тоғыз» сандарын киелі санап, «Бір» - бірлікті білдірсе, «Үш» - толыққандылықты білдірген: Үш би, үш бәйтерек, үш артық, үш жамандық, т.б. «Жеті» санымен «Жеті қазына», «Жеті нан» деген ұғымар қалыптасқан. «Тоғыз» саны Аллаһ Тағаланың бұйрығын екі етпейтін тоғыз періштемен байланысты. Наным-сенімердегі айырмашылық мұнымен шектелмейді. Мұны біз төменде қарастырып отырмыз:

- 아기위로뛰어넘으면그아기는키가많이크지못한다.

Аудармасы: Бүлдіршеннің үстінен аттап өтсең, оның бойы өспейді

Қазақ халқы расында сәбидің үстінен аттап өтсе сәбидің бойы өспиді деп айтылса, корей халқында сәбидің үстінен аттап өткен адамның бойы өспи қалады немесе бүкірейіп жүреді делінген.

- 애인에게신발을선물하면도망간다.

Аудармасы: Ғашығыңы аяқ киім сыйласа айырылысасыңдар.

Бұл наным-сенім әдетте егер ер адам қызына аяқ киім сыйласа, онда қыз жақын арада басқа біреуге кетеді дегенді білдіреді. Сондықтанда Кореяда ғашықтар бір-біріне аяқ киім сыйламайды. Және де Кореяда жігіті әскерге кеткен қызды «резеңке аяқ киім»деп атайды. Ал қазақ халқында аяқ киім емес, сағат

сыйлауға болмайды. Себебі, сағатты айырылысудың нышаны, сағат тоқтағанда қарым-қатынастарда тоқтап қалады деп ырымдайды. Үлкендер жастарға жақын адамдарына сағат сыйламағаның жөн деген кеңестер беріп те жатады. Тіпті, ел аузында үйлену тойына тарту етілген сағат жас жұбайлар некесінің тез бұзылуына алып келеді, бақытты адамдар сағат тақпайды деген сөздер де аз айтылмайды.

- 시험 볼날 미역국 먹으면 안 된다.

Аудармасы: Емтихан тапсырар алдында *миёкгук* жеуге болмайды./ Емтихан тапсырарда сол аяқпен кіруге болмайды

Кореяда бұл сенім студенттер мен оқушыларды арасында өте кең таралған. Ата-аналар емтихан тапсырар күні балаларына *миёкгук* дайындап бермеуге тырысады. Миёкгукпен емтиханның қандай байланысы бар десеңіз, миёкгуктың сусылдаған қасиеті экзаменнен құлау дегенмен ұқсас болғандықтан шыққан. Корей тілінде бұл *떨어지다 = 미끌어지다*. *미역의 미끌미끌한성질 때문에 이렇게 말한다*.

Ал қазақтарда емтихан болатын сыныпқа сол аяқпен кірмеуге тырысады. Бұл сенім мұсылман дінімен байланысты. Адамның сол жағында шайтан, ал оң жағында періште отырады деген сенім бар. Қазақтар қандай да бір іс бастағанда оң қолмен бастап, оң жақпен ұйықтап немесе оң аяқпен басу сәттілікке көрсетеді. Сондықтанда экзаменге тапсырарда бір-біріне «оң аяқпе кір!» деп ақылдарын айтады.

- 꿈에 돼지가나오면 돈이 생긴다.

Аудармасы: Түсінде шошқа көру өсек, жамандыққа әкеліп соқтырады.

Корей халқы түсінде шошқа көрсе ақша пайда болады деп жориды. Себебі, қытай иероглифіндегі шошқа иероглифы ақша иероглифымен бірдей байлықты білдіреді. Ол сондай-ақ құнарылықпен өсуді, дамуды білдіреді. Ал қазақтарда шошқа негативті жақтарда көп қолданылады. Мұсылманда шошқаны харам деп санап, оның етін жемейді. Сонымен қатар, шошқаны лас, жамандық, сатқындықпен байланыстырады. Қазақ халқында түсінде шошқаны көру жамандыққа жориды.

Қорытындылай келе, заманның өзгеріп, адам ғарышқа ұшып жатқан ғасырда адамның наным-сенімге деген түсінігі әлі бар екенін түсіндік. Жалпы, бұл сала әлі зерттеліп біткен жоқ. Әр халықтың наным-сенімін қазбалап, білген сайын жаңа бір құпияның бетін ашқандай боласың. Наным-сенімдер тарихтың бір қатпары. Әр наным-сенімнің артында қызықты тарихы тұрады. Біреуге күлкілі, біреу үшін шын наным-сенімдер қай ғасырда да өз маңызын жоғалтпақ емес. Қоғамға, менталитетке байланысты жаңа наным-сенімдерде пайда болуы мүмкін.

Корей мен қазақ халқының наным-сенімдерін салыстыру біз үшін мәдениеттің жаңа бетін ашқан секілді. Ортақ жақтары көп екі халықтың мәдениеті, тарихы, әдебиеті мен тұрмысына көз шалып өттік. Мағлұматтарды жинау барысында наным-сенімдердің екі халық үшін алатын орны ерекше екеніне тағы да көзіміз жеткендей.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Kim JaeWook, Hwang InKyo, Kim SeonJung, Пак Н.С., Цой М.О. Корейский язык для казахстанцев (4уровень), Республика Корея, 2012. – 221 с.

2 Исламға дейінгі Қазақстандағы діни наным-сенімдер тарихы - Кіру режимі: <http://e-history.kz/kz/contents/view/692> - (қаралған күні 17.10.2018)

3 Әлем халықтарына таныс 7 наным-сенім - Кіру режимі: <https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/syrly-alem/38429/> - (қаралған күні 19.10.2018)

4 미신 - Кіру режимі: <https://namu.wiki/w/%EB%AF%B8%EC%8B%A0> - (қаралған күні 21.10.2018)

5 Корейские приметы и суеверия: почему нельзя писать имя красным цветом? - Кіру режимі: <http://krdaebag.ru/primety-v-koree-html/> - (қаралған күні 21.10.2018)

6 우리나라 금기어는? - Кіру режимі: [https://kin.naver.com/qna/detail.nhn?d1id=11&dirId=111001&docId=55548570&qb=7IOBIOychOyXkCDrsJTqsIDsp4Drpbwg7JeO7Ja0IOuGk+ycvOuptCDqs7XrtoDrpbwg66q77ZWc64uk&enc=utf8&section=kin&rank=1&search\\_sort=0&spq=0](https://kin.naver.com/qna/detail.nhn?d1id=11&dirId=111001&docId=55548570&qb=7IOBIOychOyXkCDrsJTqsIDsp4Drpbwg7JeO7Ja0IOuGk+ycvOuptCDqs7XrtoDrpbwg66q77ZWc64uk&enc=utf8&section=kin&rank=1&search_sort=0&spq=0) - (қаралған күні 22.10.2018)

7 Корейские суеверия - Кіру режимі: <http://k-tcat.ru/iks-fayl-6-koreyskie-sueveriya/> - (қаралған күні 22.10.2018)

8 Приметы и суеверия казахского народа - Кіру режимі: <http://theopenasia.net/articles/detail/primety-i-sueveriya-kazakhskogo-naroda/> - (қаралған күні 22.10.2018)



**Зейноллақызы М.**

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ магистранты  
мамандық «6М050400-Журналистика»

Алматы, Қазақстан

e-mail: merekezhan\_20@mail.ru

### ӘЛЕУМЕТТІК ТОК-ШОУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Түйін:** Қазақ телеарнасында саны мен сапасы жағынан бәсекеге қабілетті, қоғамдағы актуалды мәселелерді тақырыбына тиек ететін ток-шоу бағдарламалары қарқынды дамып келеді. Мақалада қазақ телевизиясындағы әлеуметтік ток-шоу бағдарламаларының ерекшелігі, ток-шоуда қолданылатын маңызды журналистік әдістер мен құралдар қарастырылған. Сонымен қатар, «Айтуға оңай» әлеуметтік-тұрмыстық ток-шоуы негізінде нақты мысалдар көрсетілген.

**Түйін сөздер:** журналистика, әлеуметтік ток-шоу, журналистік зерттеу, ток-шоу түрлері, қоғам.

**Zeynollaqyzy M.**

Undergraduate of Journalism of Ablai Khan  
KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan

e-mail: merekezhan\_20@mail.ru

**Abstract:** The article discusses the features of social talk shows in Kazakh television, important journalistic methods and techniques that are used in talk shows. The article also discusses the types of talk shows, as the genre of journalism, detailed analysis and discussion was made for methods and techniques used in social talk shows.

**Keywords:** journalism, social talk-show, journalistic investigation, society.

Ток-шоу - өзге журналистика жанрына ұқсамайтын ағыны бөлек арна. Ол - нақты айғақтар мен өмірде болған немесе болып жатқан оқиға туралы шындықты жариялайтын бағдарлама. Көпшілік ток-шоу бағдарламаларын телеарна рейтингін көтеру мақсатында жасалған шоу деп бағаласа, өзгелер әлеуметтік проблемаларын талқылау алаңы деп біледі. Дегенмен, сауатты сценарийге құрылған ток-шоу – арнаның рейтингін көтеретін бірден-бір құрал ретінде қолданылады.

Бұл жанр америкалық экранда ХХ ғасырдың 60-жылдары пайда болды. Оның негізін қалаушы – журналист Фил Донахью. Жанрдың пайда болуына қатысты ел арасында түрлі аңыздар тараған екен. Бірде тікелей эфирде Фил Донахью студияға шақырылған қонаққа қояр сұрақ таппай, дал болады. Келеңсіз жағдайдан сәтті шығудың жолын іздеген журналист, студияда отырған көрермендердің бірінен: «Қонағымызға қояр сұрағыңыз бар ма?» деп сұрайды. Әп-сәтте көрерменнің де сұрағы табыла қалады. Міне, осылайша, әйгілі журналист ток-шоу жанрын дүниеге әкелген.

Алғаш рет Фил Донахью 1963- 1967 жылдары студияға қонақтар шақырып, тікелей эфирде ток-шоу өткізеді. Бұл бағдарлама қарапайым елді мекеннің телестансасынан көрсетілгендіктен, ток-шоуға бөлінген қаржы аз болып, Донахью әйгілі адамдарды студияға шақыра алмай қиналады. Көрермендер аудиториясын, сонымен қатар шоу-бизнес өкілдері мен саясаткерлердің назарын аудару үшін Фил Донахью бағдарламасына әйгілі адамдарды шақырмай-ақ, қоғамда қызу пікір тудыратын тақырыптарды эфир барысында талқылайды. The Phil Donahue Show бағдарламасының алғашқы шығарылымына журналист Маделин О Хэйр есімді атеистік көзқарастағы азаматшаны шақырады. 1967 жылдың аяғында Фил Донахью перзентханада арнайы түсірілген фоторепортажды эфирге шығарып, студия қонақтарымен нәрестенің өмірге келу процесін талқылайды. Аталмыш бағдарламадан соң, ток-шоу жанры кең етек жайып, әлемге таныла бастады. 80-жылдардың орта шенінде шиеленісті мәселелерді қызу талқылау үрдісі Америка Құрама Штаттарының ұлттық телеарналары мен елді мекендердегі жергілікті телеарналарында кең етек жаяды. Бастапқыда ток-шоу жанрындағы бағдарламаларда әлеуметтік, саяси мәселелер талқыланса, кейін келе, журналистер қоғамды елең еткізер мәселелерге назар аударады. Осылайша, ток-шоуларда қызу, тартысты һәм халық арасында дау тудыратын тақырыптар талқыға түседі. Зерттеушілердің мәлімдеуінше, ток-шоу жанры сұхбат, пікірталас, ойын-сауық сияқты бірнеше жанрды байланыстырады. Бірақ аталмыш жанрдың барлығы ең алдымен тележүргізушілердің айналасында өрбиді. Ток-шоудың танылуы тележүргізушінің ақылына, тапқырлығына, қалжыңқойлығына, тыңдау қабілетіне тікелей байланысты [1, 150 б].

Қазақ телеарнасында ток-шоу бағдарламаларының пайда болғанына көп болған жоқ. Тәуелсіздік жылдарынан бері қарай көптеген ток-шоу бағдарламалары тұсауын кесіп, дегенмен алғашқы қадамын баспай жатып жабылып жатқан оқиғалар да аз емес. Неліктен? Себебі, бағдарламаның құрылымы дұрыс ұйымдастырылмаған. Екіншіден, бағдарлама ұжымы, яғни ішкі және сыртқы мәселелердің әсерінен

көзделген мақсатқа жете алмады. Атап айтатын болсақ, телеарнамыздағы ток-шоу бағдарламалары қатарында «Алаң», «Қыздар арасында», «Қалаулым», «Кел, келінім», «Айтуға оңай», «Қарекет», «1 студио», «Әйел бақыты», «Өз ойым», «Біздің үй», «Бұйымтай», «Кеш емес», «Кешкі кездесу» т.б. бар.

Ток-шоу жанры өзінен бірнеше түрге бөлінеді. Қоғамдық – танымдық: Негізгі көтеретін мәселелер – саясат, экономика, әлеуметтік жағдайлар негізінен алғанда мемлекеттегі маңызды мәселелерді қозғайды. Көбінесе эфирге кешкілік уақытта шығады. Бұл ток-шоу түрінің жүргізушісі көрермендерге жақсы танымал адам болуы керек. Оның жүргізушілік қыры кез-келген тығырықтан шыға білуінде. Шоудың жүргізушісі саясатты жақсы біліп, мәдениет пен өнер саласында білімі болуы қажет. Психологиялық түрінде негізгі қозғайтын тақырып адамның жеке өмірі, әлеуметтік мәселелері. Атап айтқанда: отбасы, мансап қуу, сұлулық. Мысалы: «Күйеуім неге кетіп қалды» тақырыбында ажырасу мәселелері қозғалады. Мұндағы қонақтардың көпшілігі қарапайым адамдар, халыққа танымал емес жандар болады. Жүргізуші міндетті түрде танымал адам болуы керек. Бұл ток-шоу жанрының түрінде негізгі қонақтар әйелдер қауымы. Күнделікті түскі уақытта эфирге шығады. Мамандандырылған түрі. Бұл ток-шоудың көтеретін тақырыбы – денсаулық, тағам түрлері, балалар болып келеді. Бұл ток-шоудың түрі адамдарға кеңес беру. Ток-шоуда тәжірибе жасау керек болғандықтан міндетті түрде арнайы мамандар шақырылады. Мысалы: денсаулық тақырыбы қозғалса дәрігерсіз бағдарлама өткізу мүмкін емес. Сол сияқты балалар мәселесі айтылғанда арнайы психолог, педагогтар қатысады. Негізгі эфирге шығатын уақыты күнделікті таңғы уақыт. Дау-жанжал: Бұл ток-шоу жанрының түрі көбінесе өмірде орын алып жатқан іс-әрекеттерді қозғайды. Тіптен бұл ток-шоуда қонақтар арасында төбелес, айқай-шу, жанжал болуы әбден мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік шарасын сақтау мақсатында арнайы жасақталған бағдарламаның қауіпсіздік қызметкерлері болады. Бұл ток-шоу жанрының түрінде отбасылық мәселелер жиі қозғалады.

Елімізде қарқынды дамып келе жатқан ток-шоу жанрының түрлеріне тоқталсақ. Ғалымдар ток-шоудың бізге белгілі төрт түрін ажыратады: әлеуметтік, тұрмыстық, саяси және гендерлік.[2] Дегенмен, арнамыздағы көптеген ток-шоу бағдарламалары бірнеше түрін біріктіріп тастаған. Оның себебі ток-шоу барысында талқыланатын мәселенің маңыздылығында. Мәселен, Бейсен Құранбектің «Айтуға оңай» бағдарламасын алсақ, мұнда талқыланған тақырыптар желісі қыз тағдыры, әйел тағдыры, жанұя, ажырасу, алдап-арбау, мүлкін қайтару, құжаттарын жоғалту, ата-анасынан айрылу, жетімдер мәселесі, жесір жайы тағысын тағылар. Яғни аталған ток-шоу қоғамдағы тек әлеуметтік мәселелерді талқылап қойған жоқ, сонымен қатар тұрмыстық тақырыптарды да өзек етті. Сондықтан «Айтуға оңай» ток-шоуы әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы бағдарлама. Байқағанымыздай, қазақ телеарнасында әлеуметтік-тұрмыстық ток-шоу бағдарламалары көп. Ал политикалық немесе гендерлік тақырыптағы бағдарламалар шектеулі. Мәселен, политикалық сапалы ток-шоу қатарына Берік Уәлидің «1 студио» ток-шоуын жатқызуға болады. Бағдарламадағы таңдалған тақырып өзектілігі, шақырылатын құрметті қонақтардың қоғамда ауқымды орын алуы, жүргізушінің сауаттылы мен кәсібилігі ток-шоуды ерекше ете түседі. Политикалық ток-шоуда елбасы бекіткен жобалар мен халық қамын жақсарту, білімді арттыру сынды мәселелер өзекті болып табылады.

Тақырыпқа оралсақ, әлеуметтік ток-шоудың ерекшелігі неде? Біріншіден, өмірде болған немесе болып жатқан көпшілікке таныс оқиға бар. Екіншіден, ол оқиғаны шешу мақсатында жиналатын мамандар, зиялы қызметкерлер, психолог, дәрігер т.б. ақылшылардың пікіріне құлақ асу мүмкіндігі бар. Үшіншіден ток-шоу тақырыбын әсерлі ету мақсатында ұйымдастырылатын кәсіби техникалар мен құралдардың бірлігінде. Кәсіби құралдар деп отырғанымыз, әлеуметтік ток-шоуда қолданылатын журналистік және сахналық мүмкіндіктердің бірлігі. Журналистік мүмкіндіктерге:

-нақты кейіпкердің қиындығы жайлы нақты факттер жиыны;

-студиядағы әңгіме көбінесе кейіпкер жайлы бейнесюжет, әуен, бейнетаспа, дыбыс жазбалары арқылы сүйемелденеді;

-бағдарлама қатаң түрде жоспарланған (яғни, алдын-ала құрылған сценарий желісі бойынша кіріспе, шиеленіс, оқиғаның шарықтау шегі және қорытынды болады)

-міндетті түрде бағдарламада талқыланған оқиға шешімі және қорытынды жатады.

Сахналық мүмкіндіктер:

-бағдарламаға қатысушы барлық кейіпкерлердің рөлі алдын-ала анықталған;

-басты кейіпкер-белгілі бір әлеуметтік-тұрмыстық проблеманың жауабын іздеуші адам;

-аудитория және көрермендер оқиға куәгерлері;

-ток-шоу жүргізушісі-оқиға шешіміне жол сілтеуші басты күш болып табылады. Ток-шоу бағдарламасының рейтингінің жоғары болу үшін жүргізушінің де алатын маңызы зор. Бағдарлама жүргізушісін таңдау аса кәсібилікті, ыждағаттылықты талап етеді. Көп жағдайда бағдарлама жүргізушісі

ауысуы – ток-шоу рейтингінің төмендеуіне әсер етеді. Себебі, көрермен көзайымына айналған бағдарлама жүргізушісіз ток-шоу да мүлде басқаша әсер етеді. Тіпті, қызықсыз болып кету қаупі де бар.

Әлеуметтік ток-шоу өмірде болып жатқан оқиғаға негізделгендіктен бұл жанрдағы бағдарламаның мақсатты аудиториясы кең, дегенмен көрермендердің сапасы мен санын көбейту мақсатында журналистер қолданатын «құралдар» мен «көрерменді баурап» алуға бағытталған «тәсілдер» саны шексіз. Бағдарламаның рейтингін жоғарыталу мақсатында ток-шоудың ұйымдастыру тобы кейбір кәсіби қулықтарды пайдаланады. Біріншіден, әсер ету құралдары, мысалы, оқиға желісімен байланысқан әуенді әсер ету үзінділері. Әдетте, ток-шоу барысында студия көрермендерінің эмоционалды кескін-келбетін бөлек түсіріп, монтаждау жұмысы барысында бағдарлама жазбасына қосады. Оператор камерасы көрермендердің арасындағы ең сезімтал, ең көңілшек адамдарды байқап отырады.

Әлеуметтік ток-шоудың басты ерекшелігі - оқиғаның өрбу барысын тек ұйымдастырушылар ғана білетіндігінде емес, оқиғаның шарықтау шегі, шешімін басты кейіпкер де, көрермендер де, кәсіби мамандардың да білмеуі-аудиторияның қызығушылығын арттыра түседі. Әлеуметтік ток-шоу сценарийі бір схемада құрылады-шырмалған түйін жіптің ішінде жатқан шешімді табу. Ток-шоу жанрының кейбір тұстары осы телеәңгімелесу жанрына ұқсас болып келеді. Яғни ток-шоу жүргізушісі кейіпкерден мән жайдан сұрау үшін онымен кішкене бола да сұхбаттасып, әңгімелеседі. Теледискуссия – камера алдындағы екі жақтың дауына құрылатын, қандай да бір даулы мәселені жан – жақты талқылауға арналған жанр. Теледискуссияны жүргізетін журналист те, теледискуссияға қатысатын кейіпкерлер де орақ тілді от ауыз, суырып салма шешен болмаса да, тақырыпты меңгерген, қоғамдық – саяси маңызы бар оқиғалардан хабардар, көзі ашық, көкірегі ояу сауатты, кез – келген мәселеге өзіндік көзқарасын таныта алатын, пікір білдіре алатын өз ұстанымы бар адам болуы керек. Бұл жанрда ток-шоуға ұқсас болып келеді. Ток-шоуда кейіпкер болсын, көрермен болсын өз ойын ортаға салып пікір білдіре алады. Ток-шоудың ерекшелігі қонақ ретінде қатысып отырған адамның жас ерекшелігіне қарамайды. Және өз пікірін ортаға сала алады, сұрақтар қоюға да мүмкіндігі бар.

Қызығушылық ток-шоудың аяғына дейін сақталады, тіпті, кәсіби мамандарға да оқиға шешімін алдына ешкім жария етпейді. Яғни, ток-шоу барысындағы барлық адами эмоциялар шынайы. Әлеуметтік ток-шоудың тағы бір қулығы-бағдарлама ұйымдастырушылары бағдарламаға өз проблемасымен хабарласқан кейіпкердің оқиғасын ұсақ-түйегіне дейін зерттейді. Зерттеу және ақпарат жинау, анализ жасау жұмыстарын кәсіби журналистер тобы атқарады. Журналистік зерттеу барысында, тіпті кәсіби заң қызметкерлері таба алмайтын шындық, оқиғаның пайда болу себептері мен ықтимал шешімі табылады. Оқиғаны ашып айту, көрермендерге түсінікті етіп көрсете алу-алдымен, журналистің тәжірибесіне, екіншіден, зерттеу тәсілдеріне негізделеді.

Әдетте теледидардың арғы жағындағы көрермендерді ток-шоу кейіпкерлері шынайы өмірдегі адамдар ма, әлде актерлер ме деген сауал толғандырады. Иә, кейде өз өмір беттеріне үңіліп, оқиғасымен көпшілікпен бөліскен кейіпкердің әңгімесі ақылға қонымсыз болып көрінеді. Дегенмен, оның бәрі-шындық. Қанша өмір болса, сонша тағдыр, сонша бағдарлама арқауы бар. Шындығына келсек, шынайы кейіпкерлер, өмірде орын алып жатқан жан түршігерлік оқиға-әлеуметтік ток-шоуды ерекше медиа өнім етеді. Ток-шоу шешімі көбінесе көздеген мақсатына жетіп жатады, дегенмен кейбір бағдарламаларда кемшіліктер де жоқ емес.

«Айтуға оңай» бағдарламасында жұмыс жасаған уақытта басты кейіпкер, көрермендермен жеке таныс болғандықтан, әлеуметтік ток-шоу жалған ақпаратқа негізделмейтінін дәлелдей аламын. Себебі, ток-шоу басталмас бұрын әр кейіпкермен жеке-дара сөйлесіп, тіпті, көңілі босап, сөйлеуге қиналып қалатын жаны жаралы жандарды психологиялық тұрғыдан демеуге тырысып, ауыр жағдайға тап болған адамдардың тағдырына ортақтасасың. Ток-шоу командасындағы барлық қызметкерлер-алдымен өз кәсібінің маманы болумен қатар, мықты психолог, коммуникация жолдарын жоғары дәрежеде меңгерген сауатты тұлғалар. Себебі, бағдарлама түсірілімі барысында күтпеген жағдайлар орын алады. Сценарийге негізделген оқиғалар да ойдағыдай орындалмауы мүмкін. Әлеуметтік ток-шоудың ерекшелігі де осында-оқиға соңы қалай аяқталарын болжау мүмкін емес. Қазақ қоғамында әлі күнге дейін шешімін таппаған түйткілді мәселелер көп. Бірақ соған қарамастан, ол тақырыптар көбіне-көп қозғаусыз қалады, болмаса тақырып ашылмай жатады. Кейбір тақырыптар дер кезінде көтерілмей жатады. Сондықтан журналистің ізденімпаздығы жетпей жатады. Екіншіден, бүгінгі ток-шоу кей-кездері дау-дамай алаңын елестетеді. Белгілі бір тақырып талқыланса, соған байланысты оң көзқарас пен теріс көзқарас білдіретін екі жақ болады. Ал жүргізуші кей кездері өз міндетін ұмытып, оларды бір-біріне жекпе-жекке салғандай әсер қалдырады. Тіпті кейбір журналистердің тақырыпты алдына зерттемей қонақпен дауға түсіп жатқанын көріп жатамыз. Бұл бүгінгі ток-шоулардағы үлкен қателік. Ресейдің әйгілі «Пусть говорят» деп

аталатын ток-шоуында қатысушылар мен студия қонақтары арасында үнемі пікірталастар туып отырады. Бүгінгі ток-шоулар осындай көрініспен аудитория жинауды мақсат тұтқандай көрінеді. Ал шын мәнінде «Пусть говорят» бағдарламасы өз рейтингісін уақыт талабына сай тақырыптарды қозғап, халықтың ойын дөп басып айтуымен жалғыз ресейлік ғана емес, бүкіл посткеңестік аудиторияны жаулап алған еді. Бағдарламаның бір ерекшелігі, бүгін халық арасында қозғалған түйткілді мәселе уақытылы күн тәртібіне қойылып отыруында. Бұл жағынан алғанда, бізге көп нәрсені үйрену қажет.

Мақаланың эмпирикалық негізі – Қазақстан ұлттық тереарнасындағы «Айтуға оңай» әлеуметтік-тұрмыстық ток-шоуы. Ток-шоу жүргізушісі-қаламы қарымды журналист Бейсен Құранбек. Мәселен, «Агентомания» тақырыбына арналған шығарылымға назар салсақ, мұнда басты кейіп кейіпкер-оқушы, жанама кейіпкерлер-оқушының ұстаздары, сонымен қатар қоғам қайраткерлері, әлеуметтік қызметкер, психолог, журналистер және көрермендер атсалысты. Ток-шоу заманның түйткілді проблемасы-жастардың әлеуметтік желіден бас алмай, сүңгіп кету қаупін көрсету және алдын алу мақсатында өткізілді. Мұнда әлеуметтік ток-шоуға тән видеосюжет, бағдарламаға кіріспе ретінде музыкалық әуен, сценарий негізінде көрсетілген жүргізушінің кіріспе сөзі, кейіпкерлерді таныстыру, яғни оқиғаның басталуы, шарықтау шегі және шешімі бар.

Қорыта келгенде, әлеуметтік ток-шоу негізі – адам тағдыры және оны шешу жолдары. Ток-шоу - сахналық және журналистік тәсілдердің бірлігі. [3] Құрылымы жағынан ток-шоу ақпараттық ұшбұрыш іспетті: басты кейіпкер, мамандар және жүргізуші. А.С.Вартановтың пікірінше, ток-шоудың мақсаты – диспут арқылы көрермендерге тақырыптың негізгі мазмұнын түсіндіру. Қазақ телеарнасындағы әлеуметтік ток-шоудың да негізінде қоғамда орын алып жатқан ақпаратты санаға жеткізу болып табылады. [4]

#### ӘДЕБИЕТ

1. Фил Донахью. Биографическая справка.
2. Телевизионная журналистика. Учебник. Под ред. Кузнецова Г.В., Цвик В.Л., Юровского А.Я. М., 2002. С. 239.
3. Ким М. Н. Технология создания журналистского произведения. — СПб., 2001.
4. Вартанов А. С. Актуальные проблемы телевизионного творчества: на телевизионных подмостках. — М., 2003.

УДК 378.014.15

**Касымова Л.Н.,**

к.с.н., ассоциированный профессор

Казахской Головной Архитектурно-Строительной Академии,

Алматы, Республика Казахстан, e-mail:leila67@mail.ru

#### К ВОПРОСУ О ГУМАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

**Аннотация:** В статье рассматриваются некоторые проблемы социо-гуманитарных наук в эпоху глобализации. Критически оценивается механический подход к сокращению гуманитарных дисциплин. Подчеркивается необходимость выработки методологии, учитывающей специфику типов общества, доказывається необходимость повышения роли и значения социо-гуманитарных наук в эпоху глобализации.

**Ключевые слова:** глобализация, социо-гуманитарные науки, междисциплинарный подход, цель образования, социология, право, философия, рациональность, гуманность, дегуманизация.

**Kassymova L.,**

c. of soc. sc., associate prof.,

Kazakh Leading Academy of  
Architecture and Civil Engineering

Almaty, Kazakhstan

e-mail:leila67@mail.ru

#### TO THE QUESTION OF THE HUMANIZATION OF EDUCATION AT THE PRESENT STAGE

**Abstract:** In the article some problems of socio-humanitarian sciences are considered in the era of globalization. A mechanical approach to the reduction of humanitarian disciplines is critically evaluated. The need to develop a methodology that takes into account the specifics of the types of society is stressed, the need to enhance the role and importance of the socio-humanitarian sciences in the era of globalization is demonstrated.

**Keywords:** Globalization, socio-humanitarian sciences, interdisciplinary approach, the goal of education, sociology, law, philosophy, rationality, humanity, dehumanization.

Современная культура и цивилизация претерпевают беспрецедентные по своим масштабам изменения, что выражается в кризисе идентичности на уровне личности, социуме, культуры, и современный человек утрачивает способность к пониманию себя, собственной духовной природы.

Одновременно происходит кризис эвристического потенциала классических универсалистских теорий, которые больше не способны служить объяснениям глобальных процессов. В то же время, отдельные социо-гуманитарные науки сами по себе бессильны перед глобальными вызовами современности, и только интеграция этих наук на основе философии открывает возможности многомерного и глубинного осмысления ситуации.

Философская наука должна быть ориентирована, в первую очередь, на решение глобальных проблем современности. В связи с этим необходимо развитие философского просвещения, сохранение и развитие философского компонента в высшем образовании. В условиях нарастающего темпа автоматизации образовательного процесса студенты естественно-научных и технических направлений остро нуждаются в живом человеческом общении, в развитии чувственных и разумных способностей (эмоций, чувств прекрасного, любви, умении письменно излагать свою мысль, взаимодействовать с людьми и многое другое).

Постсоветская философия, претендуя на роль всеобщей методологической науки, не совсем соответствует этому статусу в силу того, что она сама сейчас находится на этапе становления процесса самоидентификации как деидеологизированной науки.

Переход от принципа классового подхода к философскому анализу реальных процессов, происходящих в опредмеченной вещественной среде и духовной жизни не только больших групп, классов, этносов, но и отдельного человека, представителя определенной этнической группы, приверженца определенной религии и т.д. в повседневности, в экзистенциальной ситуации, требует выработки новой методологии.

В этом контексте мы проанализируем главный государственный документ, определяющий траекторию развития науки и образования, естественно, социо-гуманитарных в том числе, в Республике Казахстан, а именно Государственную программу развития науки и образования РК на 2016-2019 годы, разработчиком и исполнителем которой выступает Министерство образования и науки РК.

Итак, в Государственной программе развития науки и образования РК на 2016-2019 годы определена ее цель, которая сформулирована следующим образом: Цель программы - повышение конкурентоспособности образования и науки, развитие человеческого капитала для устойчивого роста экономики.

Как видим цель, представляя единое целое, в то же время состоит из относительно самостоятельных двух частей. Первая – повышение конкурентоспособности образования и науки, а вторая – развитие человеческого капитала для устойчивого роста экономики.

На наш взгляд, при определении цели как единого целого упущено смыслообразующее ядро образования и науки, заключающееся в раскрытии и развитии гуманистических потенций и способностей человека. Следовательно, в данном определении цели человек выступает как средство для абстрактной науки и образования. А между тем, наоборот, последние являются лишь средством для раскрытия гуманистических способностей человека и общества во взаимоотношениях с природой и самим собой.

Поэтому в Программе первая часть цели сформулирована как «достижение повышения конкурентоспособности образования и науки», но не указано во имя чего. Ясно, что при такой формулировке такая программа не может быть конкурентоспособной с программами, где целью являются гуманистические парадигмы. Человек не может быть чьей-то целью, он самоцель и не нуждается ни в какой цели.

Вот почему так называемая абстрактная конкурентоспособность на деле оборачивается парадоксом, т.е. подсчетом публикаций по отечественной (казахской) истории, казахскому языку и литературе в признанных международных зарубежных журналах, где главными экспертами выступают зарубежные специалисты, которые, по определению, по этим наукам экспертами не могут быть в принципе. То есть, например, представьте, как может всемирно известный историк Англии выступать экспертом по истории казахов. Перейдем к анализу второй части цели Программы, где она определяется как «развитие человеческого капитала для устойчивого развития экономики». Здесь следует обратить внимание на два момента. Во-первых, расширенное применение понятия «человеческий капитал» как цели всего образования и науки. Между тем, оно может быть применено в узких экономических рамках, но не может определить цель всего образования и науки. Во-вторых, отмечается роль экономики. При такой постановке цели мы приходим к экономическому детерминизму концепции человека, которая является пройденным этапом в развитии человеческой истории. Известно, что К.Маркс рассматривал

закономерности развития человеческого общества с позиции первичности экономических, более точно, производственных отношений как базисных, и жизнь показала недостаток такого подхода. Хотя именно в период, когда жил К.Маркс, для такого подхода имелись достаточные основания из реалий капитализма того периода. Тем не менее, еще в ту пору, К.Марксу оппонировал М.Вебер, подчеркивающий приоритет духовно-нравственных начал в жизни человеческого общества в своем знаменитом произведении «О протестантской этике и духе капитализма», где он научно, из истории религии и хозяйственной деятельности, показал приоритет духовного начала над экономическим.

Вторая волна привела к эконоцентризму: возникла идея о том, что культура, религия, искусство вторичны и - по Марксу – определяются экономикой. Однако революционное богатство Третьей волны все больше зависит от знания, и экономика оказывается поставлена на место – как часть более всеобъемлющей системы, которая, к добру или к худу, выдвигает снова на передний план культурную идентичность, религию и мораль. Эти явления должны рассматриваться как часть процесса обратной связи с экономикой, а не как подчиненная ей»- подчеркивают Э. и Х. Тоффлеры. [1, сс. 558-559].

Следовательно, «устойчивое развитие экономики» должно являться средством для развития человека, а не наоборот, так как этой цели можно достичь и, хищнически эксплуатируя природные богатства, и приводя к обнищанию основной части населения страны.

Сейчас XXI век, и развитые страны живут в постиндустриальном информационном обществе, где совершенно иные законы экономики, чем в индустриальном, основанном на крупном машинном производстве и на сугубо рациональных отношениях. Отсюда совершенно иные требования к образованию и науке в этих обществах. Казахстану, чтобы не быть постоянно догоняющим развитые государства, а стать полноправным их членом, необходимо сформулировать адекватную цель развития образования и науки, исходя из самооценки человека, и подчинить все задачи к ней.

Таким образом, в методологическом плане проблемы социо-гуманитарных наук охватывают: во-первых, проблемы в постсоветских государствах, связанные с наследием прошлой марксистско-ленинской методологии, которая делала акцент на классовые принципы, на приоритет экономических отношений, на социальные структуры. К примеру, отсутствием фундаментально разработанных работ по экзистенциализму, повседневности.

Во-вторых, на механистический перенос методологии других стран без учета существенных специфик своей страны. Этот момент был в свое время подчеркнут доктором, профессором Байкан Сезером в своей монографии «Основные проблемы турецкой социологии», где он пишет:

«Социология, как продукт западной мысли, чтобы оправдать правомерность своего появления в Турции, начала с оправдания тезиса о превосходстве Запада и необходимости европеизации для спасения этой страны. Мы не только становимся свидетелями попыток оправдать механический и стихийный перенос западной социологии в нашу страну, но и наблюдаем, как социологические исследования ограничиваются маленькими брошюрами или разного рода учебниками. Мы сталкиваемся с попытками слепого использования терминов и шаблонов западных социологических приемов к условиям турецкого социального климата.

Турецкая социология обязана создать свои традиции и методы. Лишь в этом случае, она может помочь нам осветить турецкое общество. Общение с западной социологией поможет разобраться в общей мировой ситуации и в своих внешних отношениях»[2, сс.7,10]. Эти высказывания не потеряли свою актуальность для постсоветских союзных, ныне, суверенных республик.

В-третьих, не осуществлением процесса деколонизации, детоталитаризации в большинстве этих республик и необходимостью глубокого осмысления его последствий.

В-четвертых, малочисленностью написанных в этих государствах работ, отвечающих глобальным вызовам современности.

В-пятых, перевод МОН РК гуманитарных дисциплин - социологии, политологии на статус элективных (предметов по выбору) нанесет серьезный удар на процесс гуманизации образования при усилении процесса дегуманизации технических и естественных наук и противоречит мировым тенденциям, о чем поучителен пример успешной образовательной политики Финляндии.

Многолетний собственный опыт преподавания со студентами технического и естественно-научного направления показывает острую необходимость пополнения их знаний дисциплинами гуманитарного профиля.

Например, по мнению студентов, они остро нуждаются в живом человеческом общении и изучении социальных процессов как в мире, так конкретно в республике на основе социо-гуманитарных дисциплин. Например, при изучении таких тем по социологии как «Общество», «Урбанизация», «Социальная

стратификация», «Семья», «Социализация личности», «Девиантное поведение», «Гендер» и т.д. они пишут эссе и в процессе рефлексирования своих жизненных биографий интериоризуют эти знания в свой осмысленный духовный багаж знаний. Они учатся думать, анализировать и публично обсуждать проблемы, которые касаются их лично, поэтому эти знания становятся их знанием.

В этой связи остро встают и проблемы учебной литературы, написанных адекватно запросам и требованиям сегодняшнего дня. К сожалению, ни российские, ни казахстанские учебники по социологии не дотягивают до уровня учебников Н.Смелзера, Д.Ж.Массиониса, Э.Гидденса, где все темы раскрываются максимально на личностном уровне, на глубоком сравнительном анализе реальных процессов в различных типах общества. У нас же, наоборот, все темы излагаются обезличенным, формализованным, бюрократизированным языком, который был характерен для прошлой тоталитарной системы.

Правы те авторы, которые подчеркивают ущербность ограничения сознания только рациональностью, на чем основаны естественные и технические науки. «Оно обусловлено потребностями, эмоциями, чувствами, интуицией, питается глубинами бессознательного. Познание — одна из функций сознания — разворачивается как ценностное, любовное отношение к миру, которое соприродно человеку, связывает его с божественным актом любви, являющейся общей основой всех вещей и явлений бытия. Основные угрозы современному человечеству и человеку: деградация личности как индивидуальности в объект (бюрократизация жизни, политический, экономический, духовный тоталитаризм); безудержное стремление к успеху в условиях рыночной конкуренции; растворение индивидуального в массовом. Образование — та область социокультурной жизнедеятельности, где совершается становление духовно зрелой, нравственно свободной личности, способной нести груз ответственности за судьбу земной цивилизации и культуры, защищать и отстаивать общечеловеческие ценности, творить целостный, гуманный мир, по «мере жизни» человеческой»[3, с.19].

В философии Абая – великого казахского философа, в имплицитной форме выражены все эти идеи. Он постоянно подчеркивает сохранение в человеке его живой души, его сердечности, сопереживания. Так он сравнивает роль разума, силы и сердечность (сердце) в человеке. И разум и сила могут добиться своей цели, но и на этом пути могут натворить много бед и поэтому сердце в человеке должно быть главным. Знание ценно само по себе, ибо оно развивает человека, раскрывает его человеческие качества. Абай подчеркивает в образовании гуманистическую его сущность.

Современные высокоразвитые государства высоко оценивают значение гуманитарного знания. Одним из них является Финляндия. Ежегодно ООН публикует данные по Индексу развития человеческого потенциала (Human Development Index). Этот индекс состоит из трех индексов: образования (Education index), ВВП (GDP Index) и продолжительности жизни (Life Expectancy Index). По Индексу образования Финляндия устойчиво занимает первое место. В 2010 году американский журнал Newsweek назвал Финляндию лучшей страной в мире по качеству образования.

Особенностями финской системы являются: индивидуализация образования, гуманизация (уважительное отношение к обучающемуся), принцип развития (развивающая среда), высокий уровень подготовки и оплаты труда педагогов (зарплата 2,5-4 тыс. евро в месяц).

Характерные детали финской системы образования: государственные расходы на высшее образование в Финляндии составляют 21,7% от всех расходов на образование. В школах бесплатно все, от учебников и канцтоваров до медицинского обслуживания, питания и, если надо, транспорт.

Доверие к школе: никаких инспекций, никаких рейтингов школ, работу школы муниципалитеты оценивают сами. Педагогический коллектив возится с одним ребенком-мигрантом, пробуя то одну методику, то другую, пока не сработает. Больше половины населения трудоспособного возраста (1,7 млн. человек) получают дополнительное образование. Акцент на определении и устранении трудностей в обучении детей на ранних этапах. По числу работающих с учениками психологов и социальных работников финские школы занимают одно из ведущих мест среди европейских стран. Соотношение учитель/ученик для общеобразовательной школы составляет 1:15, для гимназий - 1:18. Приоритет - обучение в малых группах. В университете не так много лекций, зато много проектной работы, командной. Ставится задача – не «научить», а научить думать.

С каждым учеником и родителем 1 раз в год лично беседует директор. Поэтому он всегда в курсе дел в лицее. Школы Монтеessori, Френе, Вальдорфские школы, учреждаются без какого-либо дополнительного согласования, финансируются как коммунальные школы. Профессия учителя одна из самых творческих и свободных. Преподаватель сам выбирает, по каким учебникам и программам он будет вести обучение, но, конечно, с учетом национальных интересов. В Финляндии считают, что необходимо больше вводить в учебные программы гуманитарные дисциплины и обратить большее внимание на одаренных детей [4].

Не только студентам технического, естественнонаучного направления, но и отраслевым социогуманитарным, так же необходимы качественные мировоззренческие дисциплины. Например, будущим юристам нужны такие предметы как социология, политология, культурология. Если быть более точным, наряду с социологией, философией, такие предметы как философия права, социология права, социология международных отношений, посредством изучения которых, они могут понять свою специальность с более широких позиций.

Всем студентам в соответствии с их правами, вуз должен предоставить возможность самим осуществить право выбора элективных курсов.

Таким образом, мы обратили внимание на следующие проблемы социо-гуманитарных наук в эпоху глобализации: во-первых, на необходимость междисциплинарного подхода при рассмотрении глобальных общественных проблем. Во-вторых, на необходимость разработки новых методологических парадигм при анализе общества с различными типами развития. Доминирующие в настоящее время методологические подходы не учитывают специфики развития этих стран. Об этом убедительно свидетельствует опыт Турции, Казахстана. В-третьих, необходимость повышения роли и значения социо-гуманитарных наук в образовательном процессе при неременном соответствии их качества самым высшим мировым стандартам. Опыт Финляндии - достойный пример реализации такого подхода в образовательном процессе. В-четвертых, экономика не должна быть целью образования. При таком подходе мы находимся на позициях прошлого этапа развития общества, а именно, экономического детерминизма. В-пятых, взрывной характер развития информационных технологий требует адекватного ответа со стороны социо-гуманитарных наук в развитии человека его истинно человеческих качеств, базирующихся на законах красоты, сострадания, человеколюбия, справедливости, духовности.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Элвин Тоффлер, Хейди Тоффлер. Революционное богатство. М.: АСТ МОСКВА, 2008.
2. Байкан Сезер. Основные проблемы турецкой социологии. Алматы, 2005.
3. Валицкая А.П. Философские основания современной парадигмы образования// Педагогика, 1997. № 3, С.15-19.
4. Влад Лифшиц. Финская система образования. – Режим доступа URL: [www.proza.ru/2012/01/03/1230](http://www.proza.ru/2012/01/03/1230). (– дата обращения: 22. 10. 2018)

УДК 321

**Кутбанбаева И.**  
«6М050400-Журналистика»  
мамандығы магистранты  
Абылай хан ат. ҚазХҚжәнеӨТУ  
Алматы, Қазақстан  
e-mail: [kutbanbayeva.indira@gmail.com](mailto:kutbanbayeva.indira@gmail.com)

#### САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ «ӨЗІМ/ӨЗГЕ» ОППОЗИЦИЯСЫ МЕН МАНИПУЛЯТИВТІК ТІЛДІК АМАЛДАР

**Түйін:** Мақалада «тілдің жасырын мүмкіндіктері» манипуляцияда қалай жүзеге асатынын «өзім/өзге» оппозициясы негізінде қарастырылады. Автор саяси дискурстағы «өзім/өзге» оппозициясы бұқаралық сананы, элеуметтік әрекеттерді манипулятордың қалауына сай билікке қажет арнаға бағыттайтындығы оның идеологиялық және манипулятивтік қызметіне сай екендігін анықтады.

**Тірек сөздер:** дискурс, саяси коммуникация, саяси дискурс, манипуляция.

**Kutbanbayeva I.** Undergraduate of Journalism  
Kazakh Ablai khan UIRandWL,  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: [kutbanbayeva.indira@gmail.com](mailto:kutbanbayeva.indira@gmail.com)

#### THE BASIC OPPOSITION OF POLITICAL DISCOURSE AND TECHNOLOGY OF IMPACT ON LANGUAGE CONSCIOUSNESS

**Abstract:** The article discusses how “hidden language skills” can be manipulated based on “your own vs. foreign» opposition. The author claims that «foreign» opposition in political discourse corresponds to the ideological and manipulative function of the mass consciousness, which directs social actions to the authorities that the manipulator needs.

**Keywords:** discourse, political communication, political discourse, manipulation.



Саясаткердің, сайлаудағы партияның жетістігі айтарлықтай дәрежеде қалыптасқан имидждің тиімділігіне, қоғамның қалай қабылдауына немесе жеке тұлғаның танымалдылығына байланысты. Басқаша айтқанда, үміткерлерге билік үшін қоғамдық пікірдің қалыптасуы ерекше маңызды. Түрлі саяси институттардың имиджін қалыптастырудың көп сатылы процесі

бірнеше кезеңдерді қамтиды. Олардың қатарында ішкі және сыртқы саяси практикада бірнеше рет сыналған әдістер (технологиялар) көмегімен саясат субъектісінің қалыптасқан имиджін массалық санаға енгізу және насихаттау болып табылады. Осы әдістердің бірі қоғамдық сананы манипуляциялау болып табылады. Осыған байланысты бұқаралық сананы арбау қолданыстағы әдістері мен құралдарын талдау және түсіну ерекше қызығушылық тудырады.

«Манипуляция» термині латын сөзі *manipulare* деген сөзден шыққан және жақсы мағынада: «басқару», «білген істі басқару», «көмек көрсету» деген өзінің бастапқы мазмұнын білдіреді. Осы мақалада біз саяси саладағы бұқара санасын манипуляциялауды қарастырамыз. Осылайша, манипуляцияны табиғатта жасырынып жатқан адамдардың мінез-құлқының мотивациясын бақылауға бағытталған және адамның осы немесе басқа саяси ақпараттарды қабылдаған сеніміне негізделген психологиялық әсер етуі ретінде анықтауға болады.

Манипулятивтік технологиялар әдетте бұқаралық коммуникация құралдарымен және ең бастысы БАҚ арқылы жүзеге асырылады. БАҚ «қоғамның әлеуметтік-саяси шындықты бағалау үшін пайдаланатын көптеген ақпараттарды және дұрыс емес ақпаратты жинақтайды». Зерттеушілер күнделікті саяси өмірде қолданылатын арнайы манипуляция әдістерін анықтайды.

Жалпы ғылымда «өзім/өзге» оппозициялары әр қырынан зерттеліп келеді және зерттелу үстінде: журналистикада, фольклорда, әдебиеттануда, мәдениеттануда және т.с.с. Мәселен Т.В. Алиева «өзім/өзге» оппозициясын лингвистикада түрлі әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасты сипаттаумен ерекшеленуін зерттейді. [1]. С.В. Иванова оны лингвомәдениеттанудың категориясы ретінде қарастырып, аксиологиялық табиғатына мән береді [2], А.А. Матвеева «өзім/өзге» категорияларын прецеденттік феномендер тұрғысынан түсіндіреді [3]. Ал қазақстандық ғалым Б. Ахатова «өзім/өзге» бинарлық оппозицияларын құндылықтар негізінде эксплицитті және имплицитті тұрғыдан қарастырады [4].

Біздің жұмыста «тілдің жасырын мүмкіндіктері» манипуляцияда қалай жүзеге асатынын «өзім/өзге» оппозициясы негізінде қарастырылады. Адам әуел бастан өзін белгілі бір әлеуметтік топта «өзінде» немесе қарама- қарсы топта «өзгеде» екендігін көзқарасына қарай айқындайды. Сондықтан да «өзім/өзге» категориясы дәстүрлі бинарлық оппозицияны білдіреді. Бұл екіжақты категория саяси дискурс үшін және оның манипуляциялық қызметін айқындау үшін басты категориялар болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей қазақстандық зерттеуші Б.А. Ахатова өзінің «Политический дискурс и языковое сознание» атты монографиясында ақпарат пен манипуляцияның, ақпараттандырылғандықтың маңыздылығы туралы былай дейді: «саяси дискурс үшін ақпараттандырылған өте маңызды фактор болып табылады. Ақпаратқа қол жеткізу, оны басқара алу мүмкіндігі биліктің мәртебелік артықшылығын білдіреді. Ақпараттандырылғандық қоғамдық сананы манипуляциялау мен әсер ету құралына айналады. Саяси оқиғалар қолданыстағы әлеуметтік-саяси қағидаларға сәйкес түсіндіріледі, қауіп пен қатерді азайта отыра адамдардың түрлі қоғамдық-саяси жағдаяттарға деген реакциясын анықтайды» [5].

1909 ж.	Қала халқының саны 37000 адам (26 мың орыстар, қалғаны тараншы, доңған, сарт, татар, қырғыз өкілдері), мұнда 2100 тұрғын үй, 9 шіркеу, 4 мешіт, 18 оқу орны, кішігірім аудандық музей, 313 жұмысшы істейтін 66 зауыт пен фабрика бар. Қала кірісі 119515 сом, шығын 119113 сомды құрайды. Қаланың екінші және соңғы архитекторы Поль Гурдэ (1846-1914), қала елтаңбасының авторы.	ғимараттар, мұражайлар Тәуелсіздік және Тәуелсіздік таңы монументі, 1996ж Ахмет Байтұрсынов үй мұражайы, 1993 ж Ерекше табиғат нысандары: Хан Тәңірі шыңы, Шарын каньоны
Құрастырған автор, [3] негізінде		

Белгілі зерттеушілер Потанин, Пржевальский мен Семенов-Тянь-Шаньскийлердің экспедициялары осы қаладан басталды. 1856-64 ж.ж. Ш.Уәлиханов мұнда бірнеше рет келіп жұмыс істеді. Патша үкіметі Верныйды саяси жер аудару мекеніне айналдырды.

XX ғ басындағы революциялық өрлеу дәуірінде Верный халық арасында үгіт-насихат кеңінен жүргізілген қала болды. 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыста Жетісу өңірінің еңбекшілері ат салысты. 1918 ж. Верныйда кеңес үкіметі орнады. Қала тағы да Жетісу өңіріндегі саяси орталыққа айналды. 1918-20 ж. соғыста Майданның бас командованиесі орналасты. Қызыл әскер құрамалары жасақталды (кесте №3).

Кесте №3 - Алматы қаласының кеңес уақыты кезіндегі даму кезеңдері.

Кезең	Орын алған тарихи өзгерістер	Туристік тартымдылығы
1918ж. 2 наурыз	Қалада кеңестік билік орнатылады.	
1921ж. 5 ақпан	Аудан комитетінің салтанатты жиынында Верный қаласының атауын өзгерту туралы шешім қабылданды. Верный қаласы Алма – Ата деп аталынды.	Мұражайлар, қала құрлысы
1926 ж. 3 желтоқсан 1927 ж. 2 наурыз	Еңбек және Қорғаныс Кеңесі Түркістан – Сібір теміржолын салу жөнінде шешім қабылдады. ҚазАССР-ң ОСК-і астананы Қызыл-Ордадан Алматыға көшіруге шешім қабылдады.	Мұражайлар Қазақ театры көшіп келді
1930 жылы	Алматы әуе жолы ашылды, сөйтіп Қазақстан астанасы Мәускеумен әуе арқылы байланысқа ие болды.	Алматы әуежайы аяқ киім фабрикасы ашылды Ботаникалық бақ салынды 1932ж.
1929 ж.	Қала халқы 100 мың адамға жетті.	
1941-1945	Ұлы Отан соғысы жылдары қала аумағы үлкен өзгерістерге ұшырады. Алматы қаласына майдан шегінен 30 өнеркәсіп орны, 8 госпиталь, 15 жоғарғы оқу орны, орта кәсіптік білім беру жүйесі, 20-ға жуық ғылыми зерттеу институттары, Ленинград, Киев, Мәскеу киностудиялары Алматыға ауыстырылды. Алматы үш атқыштар дивизиясы (олардың танымалы 28-гвардиялық панфиловшылар дивизиясы), екі атқыштар бригадасы жіне үш авиациялық полк құрылды.	Өнеркәсіптік ғимараттар казахфильм киностудиясы, 28-гвардиялық панфиловшылар паркі
1962-1963 жж.	Алматы қаласы 1980 жылғы дейін төрт жоспарланған аумақ және сел жүретін аумақтарға үлкен өзгерістер енгізілді.	Медеу бөгеті
Құрылыста түрлендіру мен сәйкестіндіру архитектуралық тұрпаттың әр түрлі болуына себебін тигізді. Мектеп, аурухана, мәдени орталықтар, солардың қатарында Ленин атындағы Сарай, «Қазақстан» қонақ үйі, медеу спорттық кешені т.б. құрылыс орындары салынды. Қалада демалыс орындарын құруға, қалалық көліктің дамуына көңіл бөлінді.		Достық сарайы, Көктобе, Қазақстан қонақүйі
1981	Метрополитен жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді.	Қалалық метро
Құрастырған автор, [3] негізінде		

X-XIII ғ.ғ. Іле аңғарымен өткен Ұлы Жібек жолының тармағы жедел дамыған сауда аймағы болды. Алматы қаласының орнындағы қоныстар ірі қалалық қонысқа айналды. Егіншілікпен айналысқан дихандар да саудаға өнім шығарды. Бұл Қараханидтер дәуіріндегі экономикалық, мәдени өрлеу кезеңі еді. Қалалар саны да күрт өсті, мұнда халық көптеп қоныстанып, олардың аумағы да ұлғайды. Қалалар көшелі, жолды, су құбырлары мен көпірлері, моншалары бар қонысқа айналды. Ірі сауда орталықтары Тараз, Испиджаб сияқты Алматы да өрлеген қала болды.

1969 ж. табылған Весновка қонысы XI-XIII ғ. қалашығы, бүгінде Ботаникалық бақтың гүлзаралының астында қалды. Мұнда қыш құмыралар қоймасы табылған. Қыш құмыралардың арабша жазуы да болған. («ләм», «әліп»). Эль-Фараби көшесінен жоғары табылған Ремизов қонысы тау етегін ала орналасқан XI-XII ғ.ғ. қалашығы. Сонымен қатар орта ғасыр кезеңіне жататын төрткүл қалашықтар типінде салынған қамал-қорған орны Тереңқара қалашығы болған. Қорғаныс ретінде салынған қалашық айналасы терең ормен қоршалып, төрт құбыласында қарауыл мұнаралар болған. Бұл ортағасырлық құрылыстарға тән ерекшеліктер [6].

Әрине мұнымен Алматы тарихы аяқталмайды. Қала құрылысын салуда қолданылған материалдар құйма кірпіштер мен күйдірілген керамика кірпіштердің пайдаланылуы да мұнда халықтың мәдениетін оның тұрмысында қолөнердің деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Қазіргі Алматының көрінісі заман ағымына байланысты түрленген әдемі қала.

Көне Алматы жайлы ежелгі қаланың тұрмысы жайлы деректерді іздей отырып бүгінгі әсем қаланың кешегісі көз алдына ғажайып ертегідегідей елестейді. Қазақстанның бас қаласы ғылым мен мәдениет ордасының тарихын сақтаған қаланың өзі аңыз. Бұл Ұлы дала тарихының жарқын беті. Алматының тарихы тек бір мыңжылдықпен емес, адамзат өрлеуінің кезеңімен есетелуі керек.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Қазақстан энциклопедиясы, 2004 ж. 1 том 189-190 б
2. Ю. Прохоров, «История-лгунья: О названии г.Алматы», Новое поколение, 25.10.2002
3. ҚСЭ. Алматы, 1972 ж. 1 том 281-282 бет
4. [http://kitaphana.kz/ka/-Алматы қаласының тарихы \(дата обращения 23.10.18\)](http://kitaphana.kz/ka/-Алматы_қаласының_тарихы_(дата_обращения_23.10.18))
5. [http://almaty.gov.kz/page.php?page\\_id=41&lang=1](http://almaty.gov.kz/page.php?page_id=41&lang=1) (дата обращения 23.10.18)
6. К. Байпаков, «Қазақстанның ежелгі қалалары», А, 1998.
7. Бауржан Саков «Алматы — 1000 лет. Тысячелетняя молодость <http://almaty1000.narod.ru>

ӨОЖ 37.013.43

**Ұзақбаева С.А.,**  
п.ғ.д., профессор  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,  
Алматы, Қазақстан  
e-mail: sahipzhama1.a@mail.ru

#### **ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ**

**Түйін:** Мақалада этнопедагогиканың болашақ мұғалімнің ұлттық санасын дамытудағы рөлі қарастырылады. Этнопедагогиканың тиімділігі оның мазмұнына, мақсаты мен құралдарының сәйкестілігіне, олардың бірлігіне, жүйелі ықпалына, болашақ мұғалімге қойылатын жүйелі талаптарына байланысты. Бұл, ұлттық сана-сезімге, ана тілінің мән-мағынасын ой елегінен өткізуге, халықтың салт-дәстүрлері мен тарихын танып білуге бейімдеу-бағдарлау. Міне, осының бәрі ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елін, жерін сүйе білетін, ұлт намысын қорғайтын ұлтжанды азаматты қалыптастырады. Аталған қасиеттер өздігімен жетілмейді, олар жоғары оқу орны педагогтары жетекшілігінде ұйымдастырылатын іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады.

**Тірек сөздер:** этнопедагогика, этнопедагогизация, білім беруді этнопедагогизациялау, ұлттық сана, білім беруді гуманитаризациялау, ғылыми педагогика, этнопедагогикалық мәдениет.

**Uzakbayeva S.A.,**  
d.p.s., prof.,  
KazUIRandWL named after Ablai khan,  
Almaty, Kazakhstan  
e-mail: sahipzhama1.a@mail.ru

#### **THE ROLE OF ETHNO-PEDAGOGY IN THE DEVELOPMENT OF FUTURE TEACHERS' NATIONAL CONSCIOUSNESS**

**Abstract:** The role of ethnopedagogy in the development of the future teachers' national consciousness is presented in this article. Efficiency of ethnopedagogics depends on content, compliance of the purpose and means, their coherence, systematicity of their influence, clearness and the sequence of requirements which are imposed to future teacher. It is orientation to national consciousness, judgement of the place and a role of the native language, knowledge of national traditions, customs of history of native ethnos. They form the patriot, the citizen loving his homeland and the humanist with



national pride. These qualities are developed not from out of, but as a result of the pedagogical activity in higher education institution directed by the teacher.

**Keywords:** ethnopedagogics, etnopedagogization, education etnopedagogization, national consciousness, education humanitarization, scientific pedagogics, ethnopedagogical culture.

Бүгінгі білім беру аясында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы идеясын жүзеге асыру жағдайында өз мамандығы мен этнопедагогика негіздерін еркін меңгерген білікті және еңбек нарығындағы бәсекелестікке қабілетті мамандардың кәсіби этнопедагогикалық даярлығы проблемасының маңыздылығы арта түсуде. Оның маңыздылығы өз этносын, оның ұлттық мәдениетін жетік білетін мамандарға аса зор сұраныс пен студенттердің этнопедагогикалық деңгейі, олардың ұлттық мәдени дәстүрлерді жаңғыртуға, кеңейтуге және дамытуға бағдарлылығы арасындағы қайшылықтар өзекті болған сайын ерекше сезіледі. Аталған қайшылықтарды бүкіл тәрбие мен білім беру жүйесін бойлай өтетін ұлттық сананы жаңғыртудың бір формасы болып табылатын этнопедагогикаландыру арқылы шешуге болады.

Соңғы жылдары білім беруді этнопедагогикаландыру идеясы негізіне бірқатар ғалымдардың этносты ақпараттандыру тұжырымдамасы алынып жүр. Осы тұжырымдамаға орай, этностың басты міндеті - «оның мүшелерін өмірдегі тұрақсыздық пен белгісіздіктен ақпараттық тұрғыда қорғау» болып табылады [1, с.13].

Әдетте, адам әлеуметтік және табиғи-мәдени ортадағы өзгерістерге аса мән бере қоймайды. Ол этнос сияқты ерекше бір ақпараттық түсініктемені қажетсінеді. Адамға жалпыадамзаттық өркениетке ену үшін, ең алдымен кішігірім және тарихи тұрақтанған ортаға бейімделу қажет. Этностың рөлі өтпелі қоғамда, құндылықтың ескі жүйесі құлдырап, жаңасы әлі қалыптаса қоймағанда арта түседі.

Бүгінгі әлемде білім беруді этнопедагогикаландыру проблемасы барлық этностардың мәдени дәстүрлерін сақтап қалу үшін аса маңызды. Әрбір адам педагогикалық мәдениетті белгілі бір деңгейде бала жастан басқа адамдармен өзара әрекеттестікте меңгереді. Адамның өмірден алған тәжірибесінің үйлесімі, шынайы өмір тәжірибесі, нақты ұлттық ортадағы тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігі мұғалімнің кәсіби педагогикалық даярлығы барысында міндетті түрде ескерілуі қажет. Бұл, педагогика ғылымы мен халық педагогикасы ұсынған біріккен кеңістікте көрініс алуы мүмкін. Бұны «кәсіби-педагогикалық мәдениет» деп қарастырса болады [2, с.25].

Мұндай байланысты ескермей жоғары педагогикалық оқу орны кәсіби сауатты, қоғам мен білім-ғылымдағы және балалар ұжымындағы өзгерістерді дұрыс бағалай білетін педагогті қалыптастыра алмайды. Бұл тұрғыда, тек білім беру ғана ұлттық қызығушылықты үйлестірудің, мәдени этностарды қорғаудың, олардың өзара үйлесімділігін қамтамасыздандырудың құралы болып табылуы керек. Осындай педагогтің кәсіби даярлығының негізі болып, өз аясына этнопедагогикалық білімді жинақтаған педагогикалық мәдениет саналады.

Әрбір халықтың ұлттық санасының өсуі жағдайында, ресми және халық педагогикасы арасында кездесетін қарамақайшылықты жоюда этнопедагогиканың әлеуеті аса жоғары. Сол себепті этнопедагогика экономикалық, этникалық үдерістерге тән өзгерістерді дұрыс бағалай білетін кәсіби сауатты педагогтің қалыптасуын қамтамасыздандыруы қажет. Педагогтің кәсіби педагогикалық мәдениеті этнопедагогикалық және ғылыми педагогикалық мәдениеттен көрініс алады. Кәсіби педагогикалық мәдениеттің бұлайша көрініс алуы, бір жағынан, кәсіби педагогикалық даярлықты анықтайды, екіншіден, этнопедагогикалық және ғылыми педагогикалық мәдениеттің педагогикалық мәдениетпен тең құқыда болуын ескереді.

Этнопедагогиканың ресми педагогикадан айырмашылығы, ол дамыған тұлғаны олардың дәстүрлі дене, психикалық, әлеуметтік-мәдени, ой-өрістік қасиеттерінде қайта өңдемелеуден гөрі, адамзат дамуындағы уақыттың тездігіне қарай, қоғам мен адамды олардың болжамды жаңа қасиеттерінде қалыптастыруға аса назар аударады. Этнопедагогика жаңа әлеуметтік – экономикалық қатынастарға жеңіл бейімделіп, жаңа мазмұнмен толысады, ал ғылыми педагогика болса бұның бәрін баяу жүзеге асырады. Мұндай жағдайда білім беруді «этнопедагогикаландыру» әлеуметтік саясат пен мәдени-экономикалық стратегияның, білім берудегі нақты іс-шаралар жүйесі мен оқу-тәрбие теориясы үдерісінің ғылыми тұжырымдамалық негізі болумен бірге, өз жағдайында педагогика рефлексиясының жүзеге асырылуына ықпал етеді.

Білім беруді этнопедагогикаландыру көпқырлы және білім беруден аса бір ұқыптылықты талап ететін үдеріс, және ол жеке курстар немесе іс-шаралар түрінде жүзеге асырылумен шектелмейді. Бұл үшін педагогикалық білім беруді этнопедагогикаландырудың ерекше жүйесі қажет. Бүгінгі таңдағы әлеуметтік-педагогикалық тәжірибе, педагогикалық жоғары оқу орындарында мұндай жүйенің жоқ екендігін айғақтайды. Бірқатар педагогикалық жоғары оқу орындарында қалыптасқан кейбір тәжірибелер болса, ғылыми тұрғыда дәлелденбеген эмпирикалық негізге сүйенеді.

Алайда, мәселенің осындай көрініс алуына таңырқауға да болмайды, өйткені білім беруді этнопедагогикаландыру мәселесі еліміздің Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында талқыламалы мәселенің бірі болған. Соның нәтижесінде білім беру жүйесіне этнопедагогика пәні ендірілген. Нақтырақ айтқанда, 1993 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің шешімімен барлық жоғары оқу орындарына этнопедагогика пәні ендіріліп, арнайы этнопедагогика кафедралары ашылды, өкінішке орай бұл кафедралардың өмірі ұзаққа созылмады. Бес-алты жылдан кейін, ашылған кафедралар жабылып, этнопедагогика пәні болса оқу жоспарына біресе ендіріліп, біресе одан шектетіліп, тіпті болмаған соң 2016-2017 оқу жылының оқу жоспарының «негізгі пәндер» қатарынан мүлде алынып тасталды. Бірқатар оқу орындары бұл пәнді «Таңдау пәні» бөліміне ендіргендей болса, енді бірінің назарынан ол тыс қалды.

Ал кейбір оқу орындары 2016-2017 оқу жылынан бастап Абай атындағы ҚазҰПУ-нің педагогика кафедрасы

даярлаған бағдарламасы бойынша студенттерге «Мәңгілік Ел» пәнін меңгерте бастады. Бұл көрініс қарастырылып отырған мәселенің, әлі де болса, жүйелі бірізділікте шешімін таппай отырғанын дәлелдейді.

Егер, Ел Президенті Н.Назарбаевтың Жолдауларында көрініс алған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеяларға, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орын алған ұлттық сана төңірегіндегі ұсыныс – қағидаларға жүгінсек, мәселенің көкейкестілігі бұрынғысынан да арта түскенін көреміз. Мәселен, Президент «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», «... біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», «... ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» - деп бұл мәселеге аса мән беру қажеттігін ашық жариялайды [3, с.7].

Міне осы тұрғыдан алғанда этнопедагогика пәнінің тиімділігі, тіпті білім беруді келешекте этнопедагогикаландырудың тиімділігі арта түседі.

Әлбетте, этнопедагогиканың тиімділігі оның мазмұнына, мақсаты мен құралдарының сәйкестілігіне, олардың бірлігіне, жүйелі ықпалына, болашақ мұғалімге қойылатын жүйелі талаптарына байланысты. Бұл ұлттық сана-сезімге, ана тілінің мән-мағынасын ой елегінен өткізуге, халықтың салт-дәстүрлері мен тарихын танып білуге бейімдеу-бағдарлау. Бұның бәрі студентке тікелей әсер ете қоймайды, керісінше, оның қойылған талаптарға деген көзқарасы арқылы, оның өміріндегі шынайы әрекетті ықылас-ниеттерімен байланысты азаматтық ұстанымы, яғни «Мен» деген тұжырымдамасы арқылы ықпал етеді. Міне, дәл осы айтылғандар, ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елін, жерін сүйе білетін, ұлт намысын қорғайтын ұлтжанды азаматты қалыптастырады. Бұл қасиеттер өздігімен жетілмейді, олар жоғары оқу орны педагогтары жетекшілігінде ұйымдастырылатын іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады.

Біз қарастырып отырған проблема болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының басқа үлгіде болуын талап етеді, нақтырақ айтсақ, ол білім беру мекемелері аясымен шектелмеуі керек, керісінше, аймақтық органның этникалық мәдениетімен байланысты болғаны дұрыс.

Осы айтылғандардың негізінде, бүгінгі жалпы білім беретін мектепке арнап жаңа заман педагогін даярлау, педагогикалық жоғары оқу орындарынан студенттердің оқу мазмұны мен әдістеріне аса сапалы өзгерістерді ендіруді талап етеді, деп ой түйіндеуге болады.

Студенттердің этнопедагогикалық бағыттылығы казакстандық ғалымдардың бірқатар зерттеулерінде (С.Қалиев, С.Ұзақбаева, К.Бөлеев, К.Кожамметова және т.б.) сипатталады. Ғалымдар мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығының бірқатар компонентін (моральдық-психологиялық, әлеуметтік, теориялық, практикалық, әдістемелік, технологиялық және т.б.) саралап көрсетеді [4]. Олардың пайымдауынша, мұғалімнің этнопедагогикалық даярлық жүйесі нақты заңдылықтар мен принциптерге негізделіп, әрбір үдеріс соларға бағынуы керек. Бұл заңдылықтардың көрініс алуы оқытушылар мен болашақ мұғалімдердің нақты бір жағдайдағы біріккен саналы іс-әрекетіне байланысты, және мынадай идеялар түрінде көрсетіледі: мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығын дамыту этнопедагогикалық тапсырмаларды орындау барысында аса қарқынды дамиды; болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық іс-әрекетті меңгеру сапасы оқытушы мен студенттің белгілі бір мақсатқа бағытталған өзара әрекетіне байланысты; этнопедагогикалық даярлықтың негізінде мұғалімнің дербес ұйымдастырушылық іс-әрекеті көрініс алады; этнопедагогикалық біліктілік, ойлау мен мәдениет өзара байланыста және өзара келісімде жүзеге асады; мұғалімнің тұлғалық этнопедагогикалық қасиеттері жүйелі жұмыс барысында қалыптасады (мәдени ой-өрісін кеңейту, ұлттық мәдени шығармаларды халықтың рухани құндылықтары тұрғысынан бағалау, халық дәстүрлерін аялап, сақтауға бағдарлау және т.б.) [4, с.5-6].

Мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығын ұйымдастыруда: тұлғалық - бағдарлық, этнопедагогикалық білімнің жүйелілігі, теория мен этнопедагогикалық практиканың бірлігі, оқытудың этнопедагогикалық бағыттылығы, оңтайлылық пен мазмұндылық, интегративтік пен сабақтастық принциптері негізге алынады.

Осылайша, болашақ маманның этнопедагогикалық даярлығы біртұтас педагогикалық үдерістің бір бөлігі ретінде көрініс береді, білім беру мазмұны, формалары, құралдары мен әдістерінің бірлігі болашақ мамандардың рухани дамуын ынталандырады, ал оның басты міндеттері -тұғырлы этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру, дәстүрлі педагогикалық мәдениетті, халықтың тәрбиесіндегі тәжірибесін оң көзқараспен қабылдауға дағдыландыру, жоғары рухани қажеттілік пен қызығушылыққа баулу, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру, мәдениет диалогында өз орнын түсіне білуге бағдарлау болып табылады.

Этнопедагогикалық даярлық мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығының басқарылу үдерісінің мақсаты мен нәтижесі, біз оны мұғалімнің кәсіби даярлығы құрамдарының бірі ретінде қарастырамыз. Этнопедагогикалық даярлық – басқарылатын үдеріс, оған оның мына белгілері дәлел болады: мақсаттылық, құрылымдылық, жүйелілік, ұйымшылдық, тура және кері байланыстар. Үздіксіздік, яғни білім мен іскерлікті, этнопедагогикалық міндеттерді шешу тәжірибесін біртіндеп жүйелілікпен жетілдіру, толыққанды этнопедагогикалық даярлыққа қол жеткізудің маңызды шарты болып табылады.

Бірқатар ғалымдар этнопедагогикалық даярлықты жоғары оқу орнындағы оқу үдерісімен өзара әрекеттестікте қарастырады, мәселен: халық педагогикасының озық үдерістері жөніндегі білімдерді меңгеру, семинар мен практикалық сабақтарда бекіту және тереңдету, педагогикалық іскерлікті практика барысында жетілдіру, тәрбиесіндегі

халықтық дәстүрлерді жаңғыртуға байланысты озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, халық педагогикасы идеяларын пайдалану мақсатында зерттеу жұмысын жүргізу.

Этнопедагогика курсы осы міндеттерді шешуге бағытталады, онда ұлттық сана-сезім мен дүниетаным мәселелері, тұрмыстық мәдени қарым-қатынас дәстүрлері, балалар мен ересектердің түрлі әлеуметтік мәдени жағдайлардағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктері, халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік тәжірибесі ашып көрсетіледі. Практикалық сабақтарда ұлттық ойындарды, халықтың ауызекі, музыкалық шығармашылығы мен сәндік-қолданбалы өнерін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын пайдалану әдістемесі беріледі, көпұлтты ортаға толерантты қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары қарастырылады. Этномәдени тәрбиені қалыптастыру мәселесі бойынша студенттердің танымдық іс-әрекетін белсендендіру үшін әртүрлі жұмыс формалары пайдаланылады, мәселен: түрлі халықтардың педагогикалық көзқарастары, тәрбие әдістері мен тәсілдері бойынша әңгімелер, диспуттар; ұлт зиялылары өкілдерімен (композиторлар, суретшілер, жазушылар, дәрігерлер және т.б.) шығармашылық кездесулер, түрлі халықтардың тәрбие дәстүрлері бойынша этнопедагогика күндерін өткізу; эссе, рефераттар жаздырып, видеофильмдер көрсету және т.б. [5, с. 4].

Этнопедагогика пәнін жүргізу барысында оқыту міндеттерін тәрбие міндеттерімен сауатты байланыстыру және оларды студенттердің мінез-құлқында бекіту аса маңызды. Студенттермен ұлттық нигилизм мен ұлтшылдық мәселелерін де егжей-тегжейлі талқылап отыру қажет, өйткені, баланың, әсіре ұлтшыл, немесе өз тегін білмейтін «мәңгірт» болып өсуі болашақ тәрбиешілерге байланысты. Танымдық міндеттерді шешуде оқытудың диалогтық формасын пайдаланған тиімді. Мысалы, семинар сабағында студенттер ұлы ғұламалардың, ағартушы - педагогтардың, зерттеушілер мен жазушылардың ұлттық тәрбие педагогикасына «қосқан жеке үлесі» жөнінде олардың атынан шығып сөйлеуіне болады. Сабақты мұндай формада өткізу педагогикалық үдерісті жандандыра түседі және білімнің саналы түрде меңгерілуіне ықпал етеді.

Оқытудағы саралы тәсіл түрлі халықтардың мәдени дәстүрлерін білуге арналған тапсырмаларды құрастыруда жүзеге асырылады. Оқытудың дәстүрлі емес формаларын пайдалану педагогикалық үдерісті белсендендіріп, жандандырып қана қоймайды, сонымен қатар, студенттердің эмоционалдық қабылдауына әсер ете отырып, оларды халық шығармашылығы мен ұлттық педагогиканың бірегей әлеміне баурайды. Оқытудың нәтижелері, ең алдымен студенттердің мінез-құлқынан, олардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті принциптерін ұстануынан көрініс алуы керек.

Қорыта айтқанда, этнопедагогиканы жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімнің ұлттық санасын дамытуда пайдалану қажет. Сәті келсе, білім беруді этнопедагогикаландыру мәселесін де қолға алған жөн. Мәселенің шешімін осындай бағытта іздестіру Ел Президентінің «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларында көрініс алған ұлттық идеяны жүзеге асыруда көмектесетіні сөзсіз. Сонымен бірге, еліміздің келешегі – жас жеткіншектердің ұлттық санасының дұрыс қалыптасуы, өз ұлтының перзенті екенін мақтан тұта білуі, ұлтжанды азамат болып өсуі, кәсіби біліктілігі, этнопедагогикалық даярлығы жоғары, ұлттық санасы кемелденген мұғалімнен алған тәлім-тәрбиесіне байланысты екенін де ұмытпаған жөн.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Волков Г.Н. Этнопедагогизация современного образования // Мир образования, 1997, №2.-79с.
- 2 Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учебник для студентов средних и высших учебных заведений. М., Академия, 1999.-119с.
- 3 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.inform.kz.ru>
- 4 Ұзақбаева С., Қожахметова К. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. Алматы, Өнер. – 1998.-70с.
- 5 Ұзақбаева С. Қазақ халық педагогикасы. Алматы, «Глобус». – 2013.-453б.  
УДК 659.1.011.1

Шевякова Т.В.,

д.филол.н., Dr. hab., профессор кафедры  
послевузовского образования

КазУМОиМЯ им. Абылай хана,

Алматы, Казахстан, e-mail: David-src@mail/ru

#### ОСНОВНЫЕ МОДЕЛИ РЕКЛАМНОЙ КОММУНИКАЦИИ В МАСС МЕДИА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Аннотация:** В статье анализируются основные модели рекламной коммуникации в масс медиа Республики Казахстан. При этом реклама рассматривается как особый вид массовой коммуникации. Отмечается, что базовыми моделями рекламной коммуникации являются пять моделей общения: информативная, персуазивная, экспрессивная, суггестивная и ритуальная. Каждая из этих моделей (или одновременно несколько) может лежать в основе эффективной рекламной деятельности.

**Ключевые слова:** коммуникация, реклама, рекламная коммуникация, рекламные материалы, рекламный видеоролик, модель коммуникации, цель коммуникации, функции коммуникации, масс медиа, успешная коммуникация.

## ADVERTISING COMMUNICATION MODELS IN CONTEMPORARY KAZAKHSTAN

**Abstract:** In the article advertising communication models in mass media of the Republic of Kazakhstan are analyzed. In this case, advertising is considered as a special type of mass communication. It is noted that the basic models of advertising communication are five communication models: informative, persuasive, expressive, suggestive and ritual. Each of these models (or multiple) can be the basis of effective advertising activity.

**Keywords:** communication, advertising, advertising communication, promotional materials, promotional video, communication model, purpose of communication, communication functions, mass media, successful communication.

В настоящее время реклама занимает существенное место в масс медиа Казахстана. За последние десятилетия рекламный рынок Республики полностью сформировался и стабильно функционирует. Реклама играет важную роль в экономической, политической, социальной и культурной жизни казахстанского общества. «В условиях стабилизации и постепенного роста экономики Казахстана реклама стала спутником и катализатором происходящих в республике перемен»

В настоящее время реклама занимает существенное место в масс медиа Казахстана. За последние десятилетия рекламный рынок Республики полностью сформировался и стабильно функционирует. Реклама играет важную роль в экономической, политической, социальной и культурной жизни казахстанского общества. «В условиях стабилизации и постепенного роста экономики Казахстана реклама стала спутником и катализатором происходящих в республике перемен» [1, с.6].

Рекламу можно увидеть или услышать буквально повсюду: на телевидении, по радио, в прессе, в Интернете, на улице (на транспорте и зданиях, в магазинах) и пр. Потенциальные покупатели, можно сказать, окружены рекламой и находятся под ее постоянным воздействием. Реклама просто вездесуща. Согласно исследованиям, каждый имеет дело с рекламными объявлениями или рекламными роликами около 3500 раз в день [2, с.4].

Реклама является одним из наиболее распространенных способов, которые используются компаниями для просвещения и информирования клиентов о том, что определенный продукт или услуга были выпущены для продажи. Более того, хорошо организованная реклама побуждает потенциальных покупателей (или потребителей услуг) думать, что этот конкретный продукт или услуга лучше, чем другие, предлагаемые конкурентами, и покупатель сам без постороннего влияния пришел к данному заключению. Основная цель рекламы - разместить продукт или услугу на рынке, постоянно стимулировать клиентов и заставлять их чувствовать, что покупка этой вещи необходима. Грамотная реклама вызывает позитивные чувства и формирует соответствующее отношение к определенному бренду, провоцирует необходимость покупки, а также делает необходимым постоянное получение этой конкретной услуги или продукта.

Реклама может касаться конкретной деятельности производителя, а также обеспечивать клиенту возможность и доступ к информации. Реклама - важный элемент конкурентной борьбы. В настоящее время это самый эффективный способ достижения предполагаемой экономической цели производителя.

«Способность к быстрому охвату самых широких аудиторий, владение технологическим подходом проектирования превращает рекламу в важный фактор, трансформирующий всю систему производства, - отмечают Баймуханбетова Э.Е., Аширбекова Л.Ж., Тажиева С.К - Как средство трансляции культурной информации она выполняет проективную роль в усвоении личностью ценностей культуры в культурном обмене и в ее конкретных общественных типовых проявлениях. Реклама проецирует информацию, а опосредованно человека и общество. Обращаясь к повседневным сферам поведения, реклама утверждает понятные и стереотипные представления о человеческих отношениях, не требуя от человека усилий на преодоление самого себя она обращается к жизненным инстинктам, срабатывающим как условия постоянного жизнеобеспечения» [3].

Общеизвестно, что слово «реклама» восходит к латинскому слову «reclamare», где префикс «ге» означает «снова», а «clamare» - «кричать». Интернет-версия Britannica Encyclopaedia описывает рекламу как тип убеждающей коммуникации, которая состоит из всех действий и методов, используемых для привлечения внимания к услуге или продукту [4]. Стоит отметить, что реклама, как правило, - это сообщение, адресованное многим респондентам. Это и позволяет относить ее к массовой коммуникации.

Реклама не может существовать без общения. Благодаря словам, звукам и изображениям люди могут обмениваться информацией, убеждениями или идеями. Коммуникация и язык играют ключевую роль в успехе рекламы, потому что обе они передают идею производителя, который манипулирует и заставляет получателей рекламы покупать свои продукты или услуги. Некоторые считают, что реклама - это своего рода развлечение для глаз и ума. Иногда ее называют украшением современной жизни или даже искусством. Другие убеждены, что реклама незаконно вторгается в сознание граждан, чтобы убедить что-то купить, навязать людям товары и услуги, заставить действовать как другие [5]. Реклама дает готовые решения, навязывает получателям свою форму

и содержание, тем самым превращает человека в «животное потребления» [6, с. 220].

Реклама создается в форме информационного влияния или сообщения, которые передаются определенным лицом или компанией, как правило, заинтересованными в продвижении своей продукции. При этом информационное влияние оказывается систематически и направлено на массовую аудиторию, которая потенциально может стать потребителем.

Реклама - это «особый вид коммуникационного процесса предприятия с рынком, который может принимать форму одно- или двух- и более ступенчатого (уровня) общения. Сущность одношаговой модели коммуникации (...) выражает косвенную и массовую взаимосвязь между участниками процесса коммуникации: отправителем и получателем информации» [7, с. 285].

Для того чтобы утверждать, является процесс общения успешным или нет, необходимо выявить, все ли необходимые элементы представлены в процессе коммуникации Согласно теории коммуникации К. Шеннона и У. Уивера [8], такими элементами следует считать:

- источник - это источник информации, который создает одно сообщение или последовательность из нескольких сообщений;
- канал - носитель, который используется для передачи сигнала между передатчиком (отправителем) и приемником (получателем);
- пункт назначения - что-то или кто-то, для кого сообщение предназначено;
- сообщение – информация (заявление, концепция, идея или послание), которая передается и отправляется получателю в визуальном (письменном) или аудиальном (устном) виде;
- отправитель - человек - передатчик, который влияет на сообщение, для того чтобы создать сигнал, подходящий для передачи по любому каналу;
- приемник (получатель) - тот, кто получает сообщение, кто реконструирует сообщение из сигнала;
- энтропийные элементы (шум) – внешние факторы, влияющие на качество передаваемого сообщения; они могут быть как положительными, так и негативными;
- обратная связь – ответная реакция получателя на сообщение.

Применительно к рекламной коммуникации теория Шеннона позволяет выстроить следующую коммуникативную модель:

- источник - рекламная кампания определенного продукта или услуги,
- канал - любой носитель, используемый для передачи сообщения (например, телевидение, радио, газета и т. д.),
- сообщение - содержание рекламы в визуальной или устной форме,
- отправитель - тот, кто проводит рекламную кампанию,
- получатель - тот, кто получает содержание этой кампании,
- обратная связь может проявляться в виде активности потребителей рекламируемых услуг и товаров.

Энтропия в процессе рекламной коммуникации проявляется в случае возникновения технических проблем при передаче рекламного сообщения, а также при ошибках в проведении рекламной кампании.

Данная модель представляет общую схему рекламной коммуникации, которая в каждом конкретном случае проявляется по-разному, что обусловлено использованием различных форм и техник общения.

Широкое разнообразие форм общения людей может быть в значительной степени систематизировано с помощью пяти моделей общения: информативного, убеждающего, выразительного, наводящего на размышления и ритуального [9]. Моделирование поведения субъектов коммуникации в разных коммуникативных ситуациях важно для понимания особенностей коммуникативной деятельности. Под термином «модель» нами понимаются системные настройки или символы, которые воспроизводят основные свойства оригинала.

Основные модели коммуникации отличаются друг от друга, прежде всего, коммуникативной целью, задачами, которые решаются в процессе общения.

В информативной (когнитивной) модели коммуникации реализуется цель передачи информации от одного к другому субъекту коммуникации.

В убеждающих моделях коммуникации заключается взаимное влияние субъектов друг на друга через систему логических доказательств.

Главная цель выразительных (экспрессивных) моделей коммуникации - передача чувств, оценка, маркеры понимания друг друга.

Наводящее на размышления (суггестивное) общение имеет своей целью предоставление внушающего или вдохновляющего эффекта.

В ритуальной модели коммуникации реализуется задача создания системы психологической поддержки правил и отношений, существующих в том или ином обществе, или даже отдельной социальной группе.

Нетрудно заметить, что все эти коммуникативные модели достаточно легко обнаруживаются в современной рекламе.

Анализ казахстанских рекламных материалов разных типов показал, что в основе современной рекламной коммуникации лежат следующие модели:

1. Когнитивная (информативная) модель коммуникации.

Ее цель - передать адресату информацию и расширить информационный фонд потребителей.

Условия успешной коммуникации: использование познавательных способностей партнеров в диалоге, их интеллектуального потенциала и установки доступа к информации.

Формы коммуникационных процессов: отчет о деятельности; отчет о результатах деятельности; информация о принципах понимания или способах решения проблемы; информационное сообщение о каких-либо фактах и явлениях действительности; информационно-аналитические показатели.

Технологические особенности организации коммуникативных действий: фокус на предмет информации; рационализация представления; логически безупречный аргумент; завершенность всех выдвинутых позиций; подробное описание причинно-следственных связей.

Например, когнитивная модель коммуникации лежит в основе следующих рекламных объявлений: «50% СКИДКА на осенние ботинки в салонах обуви AIT (FABIANI)!\», «Большой выбор обогревателей в «Мечте». Рассрочка на ВСЁ!».

2. Персуазивная (убеждающая) модель коммуникации.

Цель - вызвать у аудитории определенные чувства и сформировать некоторые ориентации и отношения.

Условия успешной коммуникации: поддержка восприимчивого адресата (получателя), его эмоциональная культура.

Формы коммуникационных процессов: декламация, поздравления, прощальные слова; комплименты и пр.

Технологические особенности организации коммуникативных действий: зависимость от эмоционального адресата, рассмотрение контраргументов и критическое положение одного партнера против другого, эмоциональное отношение к предмету общения.

Такая модель коммуникации обнаруживается в следующих рекламных текстах: «Какие стереотипы мешают быть успешным? Читайте журналы в mobi press! Первые 3 дня БЕСПЛАТНО, далее – 30 тг/д!\», «Алматы, с днем рождения! Скидки в магазинах «Мечта» с 14 по 16 сентября!\», «В Mon Amie -30% на Luxe ко Дню Учителя! 3-9.10. За счастьем в Mon Amie!\»; «Поздравляем с праздником Наурыз и дарим скидку 15% с 24.03 по 25.03. Подробности в магазинах ЕССО».

3. Экспрессивная (выразительная) модель коммуникации.

Цель - передать чувства, эмоции, сформировать общее психоэмоциональное отношение и на его основе поощрять партнера к различным формам социального действия (как индивидуального, так и массового).

Условия успешной коммуникации: зависимость от эмоционального состояния адресата; стремление изменить отношение (активное и реактивное) к стимулирующему воздействию эмоций на волю, экстенсивному, художественному и эстетическому воздействию; зависимость от механизмов социально-психологического выражения.

Формы коммуникационных процессов: истории о собственном опыте и чувствах, связанных с предметом коммуникации; мотивированное побуждение; анализ возможных последствий.

Технологические особенности организации коммуникативного действия: краткость, ситуационно-определяемая и яркая жестикация; демонстративные позы, голосовая интонация, акцентуация и аффектация; увлечение искусством подкрепления.

Экспрессивная модель коммуникации представлена в рекламном видеоролике об автомобиле TOYOTA – «Управляй мечтой!». В видеоролике два автомобиля данной марки «танцуют» на площадке, залитой водой, под хорошую музыку. Видео и звуковой ряд вызывают у аудитории положительные эмоции, приятные эстетические чувства, формируют общее положительное психоэмоциональное отношение к рекламируемому товару.

4. Суггестивная (наводящая на размышления, предположительная) модель коммуникации.

Цель - оказать вдохновляющее влияние на изменение мотивации ценностных ориентаций и установок личности.

Условия успешной коммуникации: не критическое отношение одного партнера к другому, предложение с низким уровнем спроса; наличие партнеров по внушению, которые бы взяли на себя коммуникативную роль воспринимающего (коллективное воздействие).

Формы коммуникационных процессов: воздействие на мотивационную сферу сознания посредством определения предложения, предложения со ссылкой на авторитет; предложение посредством персонализации; предложение по предупреждению и пр.

Технологические особенности организации коммуникативного действия: зависимость от наводящих потенциалов коммуникационного партнера, постоянное осмысление внушаемых установок, формирование привлекательности как необходимого компонента в наводящем диалоге, интонационное стимулирование внушаемой информации; дистанционное управление эмоциональным стрессом.

Суггестивной является модель, лежащая в основе многих рекламных видеороликов, представляющих косметику, средства для ухода за волосами и т.п. Как правило, эту косметику предлагают известные личности, утверждающие, что они предпочитают именно этот бренд. Например, Линда Нигматулина пользуется краской для волос Garnier Color Naturals, а Баян Есентаева - шампунем Pantene. Асель Сагатова выбирает американскую косметику AVON. Не удивительно, что потребители зачастую выбирают ту же продукцию, что и наши звезды.

5. Ритуальная модель коммуникации

Цель - консолидировать и поддерживать нормы отношений, обеспечивать психорегуляцию социальной психики в больших и малых группах.

Условия успешной коммуникации: украшение окружающей среды, канонизация действий и фокусировка на алгоритме их исполнения, церемониальный характер взаимодействия и его сосредоточение на бинарном воздействии (одновременно на восприятие и выполнение ритуала);

Формы коммуникационных процессов: ритуальные действия, церемонии, обряды, ритуальные комплексы.

Технологические особенности организации коммуникативных действий: опора на национальные, территориальные, профессиональные традиции и нормы коммуникации, предварительное заключение конвенции о порядке ритуала, сосредоточение на внутренней ценности ритуала, театрализация коммуникативного поведения.

Ритуальная модель коммуникации представлена в рекламном видеоролике «Настоящий немецкий хлеб в Алматы». Известный казахстанский певец Нурлан Абдуллин покупает немецкий хлеб в супермаркете, запах хлеба заставляет его перенестись в баварский паб и исполнить немецкую национальную песню вместе с его посетителями.

Данная модель лежит и в основе рекламного видеоролика Каспий Банка «Добьемся успехов вместе с независимым Казахстаном!». Видеоряд опирается на национальные и территориальные символы (степь, небо, солнце, всадники на скакунах, беркут, аксакалы и др.), содержит последовательную смену кадров, представляющих прошлое и настоящее Казахстана. При этом демонстрируется некая театрализация коммуникативного поведения - массовость действия, национальные костюмы, флэш-мобы.

К ритуальной модели коммуникации близка по сути перформативная модель, поскольку она основана на ритуалах. Ритуалы - важный компонент в жизни любого общества. Они содержат символическое выражение коммуникационного сообщения. Перформативная коммуникация часто характеризуется театральностью с ее правилами и ролями. Под ее влиянием происходят как культурные, так и политические события. Как перформативную коммуникацию, на наш взгляд, можно рассматривать, например, «День Баурсака», который ежегодно отмечается в Алматы в сентябре. В этот день проходит демонстрация народных обрядов, посвященных сбору урожая, детские конкурсы, конкурс домохозяек, конкурс на «Лучший урожай яблок года», выступления национальных культурных центров и знаменитых гостей, концерт звезд эстрады, зарядка с олимпийскими чемпионами. И для всех - бесплатное угощение: 50 тысяч баурсаков и горячий чай. «День баурсака» стал традицией, со своими церемониями и ритуалами, пропагандирующей национальное блюдо, его своеобразной рекламой.

Нередко рекламная коммуникация представлена несколькими моделями одновременно. Так, например, в рекламе «Осень – время перемен! Натуральные материалы и инновационный комфорт в новой коллекции осень – зима. Приходите всей семьей в ЕССО!» содержится когнитивная, персуазивная и суггестивная коммуникация.

Подчеркнем, что в рекламной коммуникации достаточно широко используется визуальная коммуникация. Подавляющее большинство рекламных материалов визуализировано. В них, наряду с перечисленными моделями коммуникации, представлена и визуальная модель. Это телевизионная и печатная реклама, интернет-реклама, наружная реклама, а также разного рода рекламные SMS и MMS.

Таким образом, можно утверждать, что эффективность рекламы и высокая степень ее воздействия на массовую аудиторию определяется тем фактом, что в процессе реализации рекламной деятельности используется целый комплекс коммуникативных моделей с разнообразными целевыми установками, формами, технологическими, лингвистическими и паралингвистическими особенностями.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Экономико-статистический анализ рекламной деятельности в Казахстане и перспективы развития рынка информационных услуг». – Режим доступа URL: [www.almau.edu.kz/upload/pdf/](http://www.almau.edu.kz/upload/pdf/) - (дата обращения 15.10.2018).
2. Teutsch, D., Handbook of Communication, - Bradford Book, 2008.
3. Баймуханбетова Э.Е., Аширбекова Л.Ж., Тажиева С.К. Современное состояние и перспективы развития рекламного рынка в Казахстане. - Вестник КазНУ им. Аль Фараби, Алматы, 2015 - <https://articlekz.com/article/15279> - (дата обращения 15.10.2018)
4. Britannica Encyclopaedia, <https://www.britannica.com/topic/advertising>, - (дата обращения 15.10.2018)
5. Stanton, W.J., Fundamentals of marketing. - McGraw-Hill, 1984 .
6. Packard, G.C. Evolution of the Cleidoc Egg Among Reptilian Antecedents of Birds, Department of Zoology and Entomology, Colorado State University, Fort Collins. - Colorado, 1980.
7. Altkorn, J., Podstawy marketingu, Instytut Marketingu, Kraków, 2004
8. Claude E Shannon, Warren Weaver. The Mathematical Theory of Communication. University of Illinois Press, 1998.
9. Панфилова А.П. Теория и практика общения. - М.: Издательский центр «Академия», 2012, - 288 с.

**«Шеттілдік білім беру: озық тәжірибелер, инновациялар және болашағы»  
V Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары  
12-13 қараша 2018 жыл**

**Материалы V Международной научно- практической конференции  
«Иноязычное образование: опыт, инновации и перспективы»  
12-13 ноября 2018 год**

**Proceedings of V International scientific and practical conference  
“Foreign Language Education: Best practices, Pedagogical innovations and Perspectives”  
November 12-13, 2018**

**Редакционная коллегия:**

Саханова А.Н., д.э.н., проректор по научной и инновационной деятельности КазУМОиМЯ им. Абылай хана  
Тусубаева Ж.М., к.п.н., КазУМОиМЯ им. Абылай хана  
Дерижан И.М. д.п.н., профессор Бургаского свободного университета (Болгария),  
Хасанов Б. магистр истории, PhD докторант Университета Манчестера (Великобритания).

Издательство не несет ответственности за содержание авторских материалов и не предоставляет гарантий в связи с публикацией фактов, данных, результатов и другой информации

Подписано в печать 07.11.2018 г.  
Формат 70х90 1/16. Объем 40 п.л. Заказ № 645. Тираж 500 экз.  
Сверстано и отпечатано в издательстве «Полилингва»  
при КазУМОиМЯ имени Абылай хана



Издательство “Полилингва” КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200  
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 24-09  
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru